1921 жылғы қыркүйектен шыға бастады

# АҚИҚАТ

ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ–САЯСИ ЖУРНАЛ

Журнал 1976 жылы Халықтар Достығы орденімен, 2002 жылы Қазақстан Журналистика Академиясының «Алтын Жұлдыз», 2008 жылы Қазақстан Журналистер Одағының сыйлығымен марапатталды

№12, ЖЕЛТОҚСАН, 2014

## МАЗМҰНЫ

**ЗАМАНХАТ**

**Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ. Қазақ өкпесі...3**

**ІЗГІЛІКТІ ҚОҒАМҒА БАРАР ЖОЛДА**

**Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ. Нұрлы жол – болашаққа бастар жол...4**

**ҰЛЫТАУДАН ӨРГЕН ҰЛАҒАТ**

**Ғарифолла ЕСІМ. Ұлытау – билік ордасы...10**

**Көпсекбай ТӨЛЕБАЕВ, Дәулет ЖАЙНАҚОВ, Шаймұрат ӨТЕПБЕРГЕН. Халыққа қарата айтылған сөз...16**

**КЕЛЕЛІ КЕҢЕС**

**Жания ӘБДІБЕК. Ақпараттық кеңістікті қалай қорғаймыз?...17**

**КЕЛЕЛІ КЕҢЕСКЕ ОРАЙ**

**Қуандық ШАМАХАЙҰЛЫ. Ақпараттық қауіпсіздік, кибер соғыс және БАҚ жауынгерлері...23**

**Айдос САРЫМ. Ақпараттық кеңістіктің бұйдасын бос жіберу – қазақ элитасы үшін үлкен күнә...28**

**ЕРКІН ОЙ МІНБЕРІ**

**Сейілбек МҰСАТАЕВ. Қазақтың «Біздікі» және «өзгенікі» деген ұстанымы неге соқтырады?...33**

**МӘНІ ЖОҒАЛМАҒАН МАҚАЛА**

**Секен ДОРЖЕНОВ. Дүниеқорлық: жақсы ма, жаман ба?...41**

**ОЙТОЛҒАҚ**

**Әбдірашит БӘКІРҰЛЫ. Қазақтың ұлттық зиялылығының дағдарысы...45**

**ТАРИХИ ТАНЫМ**

**Әлімғазы ДӘУЛЕТХАН. Бүкіл Қытайды үш ғасыр билеген мажурлар және дағұр-Солұндардың (Евенкілер) аянышты тағдыры...49**

**Арман ӘУБӘКІР. Ғұрыптық кешендердің тарихи кезеңдердегі этносемантикалық сабақтастығы...54**

**БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН – 120**

**Жолтай ӘЛМАШҰЛЫ. Бейімбеттің биігі...61**

**АҚЫН АҚЫН ТУРАЛЫ**
**Төреғали ТӘШЕНОВ. Мінуардың жан әлемі.....70**
**МЕНІҢ ҰСТАЗДАРЫМ**
**Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ. Заңғар Засурский.....73**
**КЕЛБЕТ**
**Раушанбек ӘБСАТТАРОВ, Әміржан ШАЛТЫКОВ. Дарынды ғалым-заңгер, қайраткер, ұлағатты ұстаз.....78**
**Қайсар ӘЛІМ. Плазма физикасының атасы.....82**
**НАРЫҚТЫҢ ЖҮГІН НАР ТАРТАР**
**Ардақ БӨКЕЕВА. Миллионер Дінмұхамед Ыдырысов өзінің бизнесін қалай орнықтырды.....86**
**ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ, ОРАМДЫ ОЙ**
**Нұрмахамбет АЙТУҒАНОВ. Жасанды түрде, қолдан жасалынып отырған мәлімет мемлекетті алдау, көзбояушылық.....92**
**ТОСЫН ОЙ**
**Құдияр БІЛӘЛ. Дәстүрлі дін тағылымы.....97**
**БОЯМАСЫЗ ӨМІР**
**Мұқият ҚОЙШЫБАЙҰЛЫ. «Балық ауыз, бақа тілдес» тілі шұбар, ділі жетімдер бұны түсіне ме?.....101**
**КӨЗҚАРАС**
**Қосылған ӘБЖАНОВ. Телесериалдардың тәлімі қандай?.....104**
**ҒАЛЫМ МІНБЕРІ**
**К. БЕГАЛИНОВА, Г. ҚАСЫМБАЕВА. Қазақстандық білім беру және тәрбиелеу жүйесінің рухани және этномәдени аспектілері.....106**
**Үмбетхан СӘРСЕМБИН. Түркі-қазақ мәдениетінің тарихи кеңістігіндегі Қожа Ахмет Иассауи даналығы.....108**
**ЖУРНАЛ ЖЫЛНАМАСЫ**
**«Ақиқат» журналында 2014 жылы жарияланған материалдардың тізімі.....111**
**Журналдың орысша, ағылшынша мазмұны.....116**

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ ЖӘНЕ ШЫҒАРУШЫ:**
**«Қазақ газеттері» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**
**Бас директор – Редакторлар кеңесінің төрағасы Жұмабек КЕНЖАЛИН**

**БАС РЕДАКТОР: Аманхан ӘЛІМҰЛЫ**

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ: Ораз ҚАУҒАБАЙ, Қыдыралы ҚОЙТАЙ (редактордың орынбасары – жауапты хатшы), Серікқали ХАСАН.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС: Сарбас АҚТАЕВ, Есберген АЛАУХАН, Әділ АХМЕТОВ, Бүркітбай АЯҒАН, Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ, Раушанбек ӘБСАТТАРОВ, Ғарифолла ЕСІМ, Әбіш КЕКІЛБАЕВ, Уәлихан ҚАЛИЖАН, Ғалымқайыр МҰТАНОВ, Нұрлан НЫҒМАТУЛИН, Серік ПІРӘЛИЕВ, Кенжеғали САҒАДИЕВ, Қуаныш СҰЛТАНОВ, Ерлан СЫДЫҚОВ, Кеңес ҮШБАЕВ, Әбдісағит ТӘТІҒҰЛОВ, Бектұр ТӨЛЕУҒАЛИЕВ, Зарема ШӘУКЕНОВА.

«ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ» ЖШС-нің облыстардағы өкілдері: Жанғабыл ҚАБАҚБАЕВ *(Ақтөбе облысы)* – 8-713-2-55-31-48, Батырбек МЫРЗАБЕКОВ *(Қарағанды облысы)* – 8-710-2-90-19-73, Толымбек ЫБЫРАЙЫМ (*Астана*) – 87013457938 Оразалы ЖАҚСАНОВ (*Қостанай облысы)* – 87772307184.

**Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ**

# ҚАЗАҚ ӨКПЕСІ

**Қамсыз жатқан қазақтың көңіліне соңғы кезде ғана кіре бастады. Басқа келген нәубеттің қайдан келгенін, кімнен болғанын біле алмай, әркімнен көріп өкпелейді. Пайдаланып отырған жерін мұжыққа алып берді деп үкіметке өкпелейді. Қазақ жерін қазыналық етуге неге көнген өткендерге өкпелейді.**

**Төменде қазақ өкпелеуінің жөні бар ма, жоқ па – соны жазбақпын.**

Біздің заманымыз – өткен заманның баласы, келер заманның атасы. Атадан қалған мирасымыздың жайы мағлұм, балаға бұл қалыпта тұрып не мирас қалдырмақпыз, оны болжауға да артық әулиелік қажет емес. **Көп жұртта да ғылым, өнер кем, бәрі қарайлас тең заманда қазақ та қалт-құлт етіп өз алдына хан болып жүрді. Хандары да, халқы да ғылым өнерді керек қылмаған. Бірімен бірі жауласып, басқа берекелі жұмыс ойланбаған. Өзге жұрттар ілгері басқанда, қазақ кері басқан. Ханы надан, халқы надан жұрты мықты мемлекеттің жанында өз алдына хан болып тұруға көп күш керек екен. Ол күш алтыбақан ала ауыз қазақта болмаған.** Хан басын қарашаға теңгеру жеңіл болмаса да, өз алдына жұрт болып тұра алатын болмаған соң, хандарымыз халқыменен Россияға қосылған.

Қазақ жерінің қазыналық болғанына өкіну – білмегендік. Әуелі – қазыналық етемін дегенде көнбеске шара жоқ. Екінші, жер өзінде болмаса, қазаққа пайдалы емес, бәле болар еді. Жер өзінде болған естек жұртын көрмей жүрміз бе?! Жері көп, малы көп естек көрінбейді ғой. Шаруа жерімен бай, жерінен айырылған соң, жұмыс біткені. **Естекті жерден жұрдай ғып түбіне жеткен надандық пен жалқаулық. Шай, шекер, шүберектей болмашы нәрсеге сатып, естектер жерін тауысты. Жерден айырылып, шаһар шаһарға тозып, тентіреп кетті, кетпегені кедейліктен жүре алмайды. Тұрған шаһарының көшесін сыпыратын, қорасын тазалайтын, отынын жаратын, боқтығын таситын о ғайри қара жұмыс қылатынның бәрі болмаса, көбі естек.**

Қазақтың естектен надандығы да, жалқаулығы да кем емес. Жер өзінікі болса, қазақ естектің істегенін істемейді деп кім айтар?! Айтатын адам болса, тыңдауға бармын, істемейді деп айтуға жоқпын.

**Қазақтың әлі күнге жерден қол үзбей отырғаны – жер қазыналық болғандықтан. Бүгін тойғанына мәз болып, ертеңгісін ұмытатын қазақ бүгін жерін сатып тойып, ертең тентіреп кетер еді. Жер жалдаған қазақ аз ба? Жер жалдаудан тартынбағандар сатудан да тартынбайды. Жер қазыналық болған соң сата алмады, жалдаудан тартынып қалған қазақ аз шығар?!** Қазақ облыстарындағы мұжық қалаларының көбін хакім қондырған жоқ, қазақ өзі қондырған. **Естектер сықылды шай, қант, шүберекке қызығып, жер жалдап, мұжықты ішіне кіргізген өзің емес пе?! Өзің қондырсаң дұрыс та, хакім қондырса бұрыс па? Өткендердің көзіне қырау түскеніне өкінбей, өз көзіңе түскен қырауды аршып қара. Асқа өкпелеген балалардай құр бұлтиғаннан ештеңе өнбейді. Іс оңғы басарлық қылығың жоқ. Амалыңды түзет, түземесең ешкімге кінә қойма. Беті жаманның айнаға өкпелеуі жөн бе? Ниеті жаманның Аллаға өкпелеуі жөн бе? Талап жоқ, үміт мол халықпыз. Үмітіміздің көбі қошқар, қасқырдың үміті сықылды! Өзім жатсам екен, керегім өзі кеп тиер болса екен дейміз. Оны Алла да, адам да қабыл көрер ме?!** Еңбексіз егін шықпайды, терселең терің тегін қалмайды. Телміріп алған теңгеден, тер сіңдіріп алған тиын жұғымды. «Қараған қарап қалар» деген қазақта жақсы мақал бар, бірақ, ол мақалды ескеретұғын қазақ жоқ. Қарап жатқанда табылатын болса, ғылым, өнер баршасы қазақта болар еді, олардың бірі де көрінбейді.

Ата жолдасы надандық, өнерсіздік қазақтан айырылатын емес. **Надандықтың кесапаты әр жерде ақ маңдайымызға тисе де, ата жолдасымыз болған соң, біз де қиып айырылмай ақ келеміз. Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесапаты. Сонда да, соны ғылым өнерден артық көреміз. «Алланнан ойбайым тыныш» дейтін қазақ, ғылымыңнан надандығын тыныш көреді. Не шара бар?**

**Дүниеде теңге – теңдік, кемге – кемдік, азды көпке теңгеретін ғылым мен өнерді, елсізді елдіге теңгеретін жоқты барға теңгеретін ғылым мен өнерді керек қылатын қазақ аз. Теңдікке қолы қалай жетсін?! Қатерлі жерде қаперсіз отырдық. Өзімізге өкпелемесек, өзгеге өкпелер бет жоқ.**

**«Айқап» журналы №1,1911 жыл**

**Үстіміздегі жылдың 11 қараша күні Елбасы, «Нұр Отан» партиясының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалық етуімен партия Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысы болып өтті. Отырыста Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына өзінің кезекті Жолдауын жариялады.**



# НҰРЛЫ ЖОЛ – БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ

## Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауы

**Құрметті қазақстандықтар!**

Бүгінде бүкіл әлем жаңа сындармен және қатерлермен бетпе-бет келіп отыр. Әлемдік экономика әлі де жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыс салдарынан айыға қойған жоқ. Қалпына келу өте баяу және сенімсіз қадамдармен жүруде, ал кейбір жерлерде әлі құлдырау жалғасуда. Геосаяси дағдарыс пен жетекші державалардың санкциялық саясаты әлемдік экономиканы қалпына келтіруде қосымша кедергілер туындатуда.

Мен өзімнің тәжірибемнен алдын ала сезіп отырғанымдай, таяудағы жылдар жаһандық сынақтардың уақыты болады. Әлемнің бүкіл архитектурасы өзгереді. Барлық елдер осы күрделі кезеңнен лайықты өте алмайды. Бұл шептен тек мықты мемлекеттер, жұдырықтай жұмылған халықтар ғана өтетін болады. Қазақстан, әлемдік экономиканың бір бөлшегі және геосаяси қысымның эпицентріне тікелей жақын орналасқан ел ретінде, барлық осы үдерістердің теріс ықпалына тап келеді. Нәтижесінде не болып жатқанын біз көріп отырмыз: әлемдік нарықтарда баға құлдырауда және тұтастай алғанда, экономикалық өсім баяулауда.

Халықаралық валюта қоры мен Дүниежүзілік банк тарапынан 2014 және одан кейінгі екі жылда әлемдік экономиканың дамуында болжам төмендеу жағына қарай қайта қаралғаны белгілі. Сондықтан кейбір позицияларды жедел түрде қайта қарап, сондай-ақ, алдағы кезеңдердің жоспарларына түзетулер енгізу қажет. Бізде ырғалып-жырғалуға уақыт жоқ. Бүгін айтылатын шараларды 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап жүзеге асыру керек. Біз теріс үрдістердің алдын алу үшін барлық ықтимал шараларды жедел қабылдауға тиіспіз.

Бүгін менің тапсырмам бойынша Үкімет белсенді жұмысқа кірісіп кетті. Біз 2015 жылға арналған республикалық бюджеттің параметрлерін қайта қарадық. Бұл дұрыс, өйткені, біздің экспорттық шикізат ресурстарына бағаның құлдырауы бюджеттің кіріс бөлігіне қаржы түсуін төмендетуге алып келуде. Бірақ, соған қарамастан, Үкімет алдына оңай емес, алайда, нақты міндет – барлық әлеуметтік міндеттемелерді толық көлемінде қамтамасыз ету міндеті қойылып отыр.

Дағдарыс жағдайларында, әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғанындай, экономикалық саясатты қайта бағдарлаулар жүріп жатыр. Қолдауды экономикалық өсім мен жұмыспен қамтуда аса үлкен мультипликативті тиімділік беретін салалар алуы тиіс. Мұндай тәжірибе бізде бұған дейін болған. Біздің 2007-2009 жылдардағы дағдарысқа қарсы табысты шараларымызды еске алсақ та жеткілікті. Көріп отырғандарыңыздай, өмір біздің жоспарларымызға түзетулер енгізуде.

Және біз партияның тұғырнамасын бүгінгі күн шындығы тұрғысынан қарай отырып жаңа мазмұнмен толықтыруға тиіспіз.

Менің тапсырмам бойынша Үкімет дамудың жаңа ауқымды бағдарламасын жасауды аяқтады. Бүгінде, алдымызда тұрған сын-қатерлерге жауап бере отырып, мен Қазақстанның «Нұрлы Жол» Жаңа Экономикалық Саясаты туралы жариялаймын. Мен 2015 жылға арналған халыққа жаңа Жолдауымды осыған арнаймын. Ол контрциклды сипатқа ие болады және біздің экономикамыздағы құрылымдық реформаларды жалғастыруға бағытталады. Бұл нені білдіреді?

Сыртқы нарықтардағы жағдай оңтайлылығымен ерекшеленіп, мұнай мен біздің экспорттық өнімдерімізге баға айтарлықтай жоғары деңгейде болған жылдары біз шикізат экспортынан түскен табыстарды Ұлттық қорға бағыттап келдік. Ұлттық қордың негізгі міндеттерінің бірі біздің экономикамыздың сыртқы естен тандырулар алдындағы орнықтылығын, оның ішінде, табиғи ресурстарға баға төмендеген жағдайда да, жоғарылату болып табылады.

Осы жылдардың бәрінде шикізат өндіру мен одан түскен табыстарды біз осы Қорға салып келдік. 10 миллиард долларды біз 2007-2009 жылдардағы дағдарысқа қарсы күреске бағыттадық. Қалған ақшаны ішіпжеп және жұмсап қойған жоқпыз, сақтадық және көбейттік. Қазір біз осы резервтерді пайдалануға тиіс болатын кезең туындап келеді. Бұл қаржы қиын уақыттарды еңсеріп, экономикамыздың өсімін ынталандыруға көмектесетін болады. Бұл ресурстар қысқа мерзімдік шараларға арналмаған. Олар экономиканы әрі қарай қайта құрылымдауға бағытталатын болады. Нақты айтқанда, көліктік, энергетикалық, индустриялық және әлеуметтік инфрақұрылымдарды, шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталады.

Ақпан айында Ұлттық қордан экономикалық өсім мен жұмыспен қамтуды қолдау үшін 2014-2015 жылдарға 500 миллиард теңгеден екі транш бойынша 1 триллион теңге бөлу туралы шешім қабылданған болатын. Басталған жобаларды аяқтау және аса өткір мәселелерді шешу үшін Үкіметке Ұлттық қордан 500 миллиард теңге көлеміндегі екінші транш қаржысын мына мақсаттарға бағыттауды тапсырамын.

Бірінші. Шағын және орта бизнесті, сондай-ақ, ірі кәсіпкерлікті жеңілдікпен несиелеуге қосымша 100 миллиард теңге бөлу қажет. Бұл тамақ және химия өнеркәсібіндегі, машина жасаудағы, сондай-ақ, қызмет көрсетулер саласындағы жобаларды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Екінші. Банк секторын сауықтыру және «жаман» несиелерді сатып алу үшін 2015 жылы Проблемалы несиелер қорын қосымша 250 миллиард теңге көлемінде капиталдандыруды қамтамасыз етуді тапсырамын.

Үшінші. Жаңа инвестициялар тарту үшін тиісті жағдайларды жақсарту қажет. Осы мақсатта 2015 жылы «құрғақ порттың» бірінші кешені құрылысын аяқтауға, «Қорғас-Шығыс қақпасы» және Атырау мен Тараздағы «Ұлттық индустриялық мұнай химиясы технопаркі» арнайы экономикалық аймақтары инфрақұрылымдарына 81 миллиард теңге бағыттауды тапсырамын.

Төртінші. Бұған дейін бөлінген 25 миллиардқа ЭКСПО-2017 кешені құрылысын жалғастыруды несиелеу үшін 2015 жылы қосымша 40 миллиард теңге бөлуді тапсырамын.

Бесінші. ЭКСПО-2017 қарсаңында бізге Астананың көліктік инфрақұрылымын дамыту туралы ойластыру қажет. Астана аэропорты осы жылдың өзінде-ақ өзінің максималды өткізу қабілеті – 3,5 миллион адамға жетеді. Сондықтан оның әлеуетін ұлғайту үшін 2015 жылы жаңа терминал құрылысы мен ұшу-қону жолағын қайта жаңғырту үшін 29 миллиард теңге бөлуді тапсырамын. Бұл өткізу қабілетін 2017 жылға қарай жылына 7,1 миллион жолаушыға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

**Құрметті қазақстандықтар!**

Экономиканы дамытуда жаңа сыртқы тәуекелдерді есепке ала отырып, бізге іскерлік белсенділік пен жұмыспен қамтуды ынталандыру үшін жаңа бастамалар қажет. Жаңа Экономикалық Саясаттың Тұғыры мен бүгін жарияланғалы отырған Инфрақұрылымдық дамудың жоспары болады. Ол 5 жылға есептелген және қатысуға 100-ден астам шетелдік компаниялар ниет білдіріп отырған ҮИИДБ-ны жүзеге асырудың

Екінші бесжылдығына сәйкес келеді. Жалпы инвестициялық портфель 6 триллион теңгені құрайды, мемлекеттің үлесі – 15 пайыз.

***

Қазақстан – ұшқан құстың қанаты талатын ұлан-ғайыр аумақтың иесі. Сондықтан, аталған жоспар орасан қаражат пен еңбекті, аса ауқымды жұмысты қажет етеді. «Елдің өркенін білгің келсе, жолына қара» деген қағида қалыптасқан. Барыс-келіс пен алыс-берісте жол қатынасы айрықша маңызға ие. Көне замандарда ірі қалаларымыздың көбі Ұлы Жібек жолын жағалай қоныс тепкен.

Қазір де қайнаған тіршілік күре жолдардың бойында. Жол – шын мәнінде өмірдің өзегі, бақуатты тірліктің қайнар көзі. Барлық аймақтар теміржолмен, тасжолмен, әуе жолымен өзара тығыз байланысуы керек. Астанада тоғысқан тоғыз жолдың торабы елорданың жасампаздық рухын тарататы өмір-тамырға айналуы тиіс. Аймақтардың өзара байланысын жақсарту елдің ішкі әлеуетін арттырады. Облыстардың бір-бірімен сауда-саттығын, экономикалық байланыстарын нығайтады. Ел ішінен тың нарықтар ашады. Осылай, алысты жақын ету – бүгінгі Жолдаудың ең басты түйіні болмақ.

***

Бірінші. Көліктік-логистикалық инфрақұрылымдарды дамыту. Ол макроөңірлерді хабтар қағидаты бойынша қалыптастыру аясында жүзеге асырылатын болады. Оның үстіне, инфрақұрылымдық қаңқа Астанамен және макроөңірлерді магистральды автомобиль, теміржол және әуе жолдарымен шұғыла қағидаты бойынша өзара байланыстырады. Бірінші кезекте, негізгі автожолдар жобасын жүзеге асыру қажет. Бұлар Батыс Қытай – Батыс Еуропа; Астана – Алматы; Астана – Өскемен; Астана – Ақтөбе – Атырау; Алматы – Өскемен; Қарағанды – Жезқазған – Қызылорда; Атырау – Астрахань.

Сондай-ақ, елдің шығысында логистикалық хаб және батысында теңіз инфрақұрылымын құруды жалғастыру қажет. Батыс бағытта Каспий порты арқылы экспорттық әлеуетті арттыруға Құрық портынан ауқымды паромдық өткел және Боржақты – Ерсай теміржол желісі ықпал ететін болады. Үкіметке Қытайдың, Иранның, Ресей мен ЕО елдерінің «құрғақ» және теңіз порттарында терминалдық қуаттар салу немесе жалға алу мәселесін ойластыруды тапсырамын.

Екінші. Индустриялық инфрақұрылымдарды дамыту. Инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру құрылыс материалдарына, көліктік-коммуникациялық, энергетикалық және тұрғын үй-коммуналдық салалар үшін өнімдер мен қызмет көрсетулерге үлкен сұраныс тудырады.

Осыған байланысты, біріншіден, жұмыс істеп тұрған арнайы экономикалық аймақтарда инфрақұрылымдар қалыптастыру жұмыстарын аяқтау керек. Үкіметке және әкімдерге оларды нақты жобалармен толықтыру бойынша жедел шаралар алу қажет. Екіншіден, өңірлерде ШОБ өндірісін дамыту мен қосымша инвестициялар тартуға бағытталған жаңа индустриялық аймақтар салу мәселесін ойластырған жөн. Туризм үшін инфрақұрылым – жеке бағыт. Оның басты басымдығы жұмыс орындары санын көптеп құру мүмкіндігі болып табылады. Мұнда бір жұмыс орнын құру өнеркәсіпке қарағанда 10 есе арзанға түседі.

Үшінші. Энергетикалық инфрақұрылымдарды дамыту. Өткен 5 жылда энергетикада индустрияландыру бағдарламасы шеңберінде үлкен жұмыстар жүргізілді. Соған қарамастан, магистральдық желілердің шектеулілігі елдің оңтүстік өңірлерінде электр энергиясының, орталық және шығыс облыстарында табиғи газдың тапшылығын туындатып отыр. Екі жобаға назар салу керек. «Екібастұз – Семей – Өскемен» және «Семей – Ақтоғай – Талдықорған – Алматы» бағыттарында жоғары кернеулі желілер салу қажет. Бұл қазақстандық электр стансаларының елдің барлық өңірлерін теңдестірілген энергиямен қамтамасыз етуіне мүмкіндік береді.

Төртінші. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық пен су және жылумен қамтамасыз ету желілері инфрақұрылымдарын жаңғырту. Инвестицияларға жалпы қажеттілік қаржыландырудың барлық көздерінен 2020 жылға дейін жыл сайын ең азы 200 миллиард теңге бөлгенде кем дегенде 2 триллион теңгені құрайды.

Бүгін ТКШ-ны жаңғыртуға инвестициялар салуға Еуропа Қайта құру және

даму банкі, Азия даму банкі, Ислам даму банкі, сондай-ақ, жеке инвесторлар үлкен қызығушылық танытып отыр. Ұзақ мерзімді инвестициялық тарифтер ұсыну арқылы олардың барынша тартылуын қамтамасыз ету қажет. Тарифтердің айтарлықтай ұлғаюына жол бермеу үшін ондай жобаларды мемлекет қосымша қаржыландыруы керек. Осыған байланысты жылу және сумен қамтамасыз ету жүйелерін жаңғырту қарқынын жеделдету үшін бюджетте қарастырылған қаржыға қосымша жыл сайын 100 миллиард теңге бағыттау ұтымды болмақ.

Бесінші. Тұрғын үй инфрақұрылымдарын нығайту. Агломерациялар қалыптастыру айтарлықтай тұрғындар ағынымен қатарласа жүреді. Бұл еңбек нарығы мен қалалардың инфрақұрылымына, соның ішінде, тұрғын үй қорына қысым туғызады. Сондықтан жалға берілетін тұрғын үй құрылысына көзқарасты қайта қараған жөн. Мемлекет әлеуметтік жалдамалы баспананы салып, оны тұрғындарға сатып алу құқын бере отырып, ұзақ мерзімді жалға ұсынады. Баспананы тікелей, делдалдарсыз және несиеге барынша төмен пайызбен ұсыну оның сатып алу құнын арзандатуға мүмкіндік береді. Бастапқы жарнаның болмауы мен ипотека үшін төмен пайыздар баспананы қазақстандықтардың көптеген жіктері үшін қолжетімді ете түседі. Сондықтан 2015-2016 жылдар ішінде жалға берілетін тұрғын үй құрылысын қаржыландыруды қосымша 180 миллиард теңге сомасында ұлғайтамыз.

Алтыншы. Әлеуметтік инфрақұрылымдарды дамыту. Бірінші кезекте, бұл – апатты мектептер мен үш ауысымда оқыту проблемаларын шешу. Бұл – біздің Сайлауалды тұғырнамамыздың негізгі индикаторларының бірі. Үшжылдық бюджетте қарастырылған қаржы бұл проблеманы 2017 жылға дейін шешуге мүмкіндік бермейді. Сондықтан Үкіметке қосымша 70 миллиард теңге бағыттауды тапсырамын. Балалар бақшасының жетіспеушілігі – басқа мәселе. Мектепке дейінгі мекемелерде орындар тапшылығын түбегейлі қысқарту үшін 3 жыл бойы қосымша 20 миллиард теңге бағыттауды тапсырамын. Әкімдер жеке секторды тарта отырып, бұл жұмыспен барынша айналысуы тиіс.

Индустрияландыру бағдарламалары шеңберінде базаларында ғылымның экономика салаларымен және мамандар дайындаумен байланысы қамтамасыз етілетін 10 ЖОО анықталды. Осы мақсаттарға 2017 жылға дейін 10 миллиард теңге бағыттай отырып, осы жоғары оқу орындарының материалдық-техникалық базасын қалыптастыруды тапсырамын.

Жетінші. Шағын және орта бизнес пен іскерлік белсенділікті қолдау бойынша жұмысты жалғастыру қажет. Бүгінде Ұлттық қордан ШОБ-ты қолдауға және несиелеуге бағытталған 100 миллиард теңге толықтай игерілді. Бұл 4,5 мың жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді. Бұл қаржыға сұраныс ұсыныстан 23 миллиард теңгеге асып түсті. Бизнесті 10 жылға бар-жоғы 6 пайызбен несиелеудің бұрын-соңды болмаған шарты жасалды. Мұндай шарттар біздің елімізде бұған дейін болған емес. ШОБ-ты экономикалық өсімнің драйвері ретінде дамыту және оның үлесін 2050 жылға қарай ІЖӨ-нің 50 пайызына ұлғайту бойынша жұмысты жалғастырған жөн. Сондықтан шағын және орта бизнес үшін 2015-2017 жылдары жалпы сомасы 155 миллиард теңге несие желілерін АДБ, ЕҚДБ, Дүниежүзілік банк есебінен тиімді пайдалану қажет.

**Құрметті қазақстандықтар!**

Әлемдік экономикадағы жағдай мынадай, дағдарысты жағдайларда алға қойған мақсаттарға қосымша қаржы ресурстарынсыз қол жеткізу айтарлықтай күрделі.

Кезінде Ұлттық қордың не үшін құрылғанын қаперлеріңізге салғым келеді. Оның басты міндеті – тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз ету және экономиканы сыртқы қолайсыз жағдайлардан қорғау. Дәл қазір біздің осы қорымызды қажетке жарататын кез келді. Қазақстан өзге елдердің қателіктерін қайталамай, экономикалық өсім үшін ішкі қорын барынша тиімді пайдалануы тиіс.

Мен Ұлттық қордан 2015-тен 2017 жылға дейінгі кезеңге жыл сайын қосымша 3 миллиард долларға дейін бөлу жөнінде шешім қабылдадым. Үкіметке бір апта мерзімде Ұлттық қордан қаржы бөлу үшін тиісті шешім дайындауды және 2015 жылға арналған республикалық бюджет жобасында

қажетті қаржыларды ескеруді тапсырамын. Сондай-ақ, Үкімет қажетті шаралар қабылдап, осы қаржылардың тиімді әрі оңтайлы пайдаланылуын қамтамасыз етуі керек.

Мен құрған комиссия қаржының тиімді жұмсалуын қатаң қадағалап, жеке өзіме баяндап отыратын болады. Әр теңге үшін қатаң сұрау болмақ. Барлық әкімдерге айрықша жауапкершілік жүктеледі. «Нұр Отан» осы жұмысқа белсенді араласып, барлық деңгейлерде қатаң партиялық бақылау орнатуы тиіс.

Ұлттық қор инвестициялары экономиканың тиісті салаларында міндетті құрылымдық реформалар жүргізумен қоса-қабат жүруі тиіс. Ол үшін жобаларды халықаралық қаржы ұйымдарымен бірлесіп жүзеге асыруды қамтамасыз ету қажет. Мәселен, Дүниежүзілік банк, Азия даму банкі, ЕҚДБ және ИДБ қазірдің өзінде 90 басымдықты жобаға 9 миллиард доллар шамасында бөлуге дайын. Қаржыларды бөлу инвестициялық белсенділікті қолдауға, халықтың табыстары деңгейі төмендеуінің алдын алуға және жаңа жұмыс орындарын ашуды ынталандыруға бағытталған. Нәтижесінде қысқа мерзімді және орта мерзімді перспективада экономиканың тұрақты өсуі қамтамасыз етіледі.

Біздің білім беруді, денсаулық сақтауды, ауыл шаруашылығын дамыту бағдарламаларымыз жалғаса береді. Бұл туралы алдағы жылы Үкіметтің алғашқы кеңейтілген отырысында нақты әңгіме қозғайтын боламыз. «Нұрлы Жол» Жаңа Экономикалық Саясаты – әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына бару жолындағы біздің ауқымды қадамымыз.

Бүгінде табысты жұмыс істеу үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған. Әкімшілік реформа жүргізілді, Үкімет пен атқарушы биліктің жаңа құрылымы жұмыс істеуде. Әр министр не істеу керек екенін біледі. Біз басқарудағы қосарланушылық пен қажет емес буындарды жойдық. Әкімдер өкілеттіліктің қажетті деңгейіне ие болды. Өңірлерде бәрі бар – бағдарламалар, ресурстар, қаржы құралдары. Әркім өз жұмыс учаскесі үшін жауап береді. Тек білекті сыбанып, іске кірісу қажет.

«Нұрлы Жол» Жаңа Экономикалық Саясаты біздің экономикамыздың таяу жылдардағы өсімінің драйвері болады. Тек жол құрылысы арқылы ғана жаңадан 200 жұмыс орны құрылады. Ал бұл халықтың жұмыспен қамтылуын және табыстарының өсуін білдіреді. «Нұрлы Жол» цемент, металл, техника, битум, жабдықтар өндіру мен соған сәйкес қызметтер сияқты экономиканың басқа да салаларына мультипликативті әсер етеді. Жолдар – Қазақстан үшін өмір желісі. Біздің кең байтақ жерімізде жолдар бойында әркезде де өмір пайда болған және дамып отырған. Біз Астанадан барлық жақтарға автомобиль, теміржол және авиациялық магистральдар тарайтындай көлік желісін құруға тиіспіз. Жүректен тарайтын артериялар сияқты. Күннен тарайтын шұғыла сияқты.

Қазақстандықтар салатын жаңа магистральдар біздің экономикамыз бен қоғамымызды жаңартады. Олар біздің еліміздің барлық түкпірлерін орталықпен берік байланыстырады. Жүк тасымалы жеделдейді және ұлғаяды. Ел арқылы транзит көлемі артады. Біздің азаматтарымыз заманауи және сапалы автомагистральдармен жүріп, кез келген өңірге қауіпсіз және тез жететін болады. Әлеуметтік инфрақұрылым жақсарады, жаңа және заманауи мектептер мен ауруханалар жоғары сапалы қызметтер көрсетеді. Нәтижесінде ол әрбір қазақстандықтың әл-ауқаты мен өмір сапасында көрініс табады. Ал ең бастысы – осының бәрі болашақ ұрпақтың байлығы ретінде біздің жерімізде қалады.

**Құрметті қазақстандықтар!**

Алда үлкен де жауапты жұмыстар тұр. Толысқандықтың жаһандық сынынан өту үшін біздің топтаса білуіміз қажет. Біз барлық қазақстандықтар арасындағы сенімді нығайтуға тиіспіз! Бір-бірімізге тағатты болуымыз керек! Бұлар – Қазақстанның болашағына кілттер. Этносаралық келісім – өміршеңдік оттегі. Біз дем алған кезде оны байқамаймыз, ол өздігінен болады – біз тек өмір сүреміз. Бірлігіміз бен этносаралық келісімді біздің өзіміз сақтауға тиіспіз. Оны біз үшін ешкім ешқашан сырттан келіп жасамайды. Біздің жастарымыз жаңа, тәуелсіз елде өсіп келеді. Бүгінгі буын 90-шы жылдардағы этносаралық соғыстар мен қақтығыстарды, күйреуді көрген жоқ. Сондықтан көпшілігі

Қазақстандағы тұрақтылық пен қолайлы өмірді туғаннан солай болуға тиіс сияқты қабылдайды.

Тұрақтылық пен келісім дегеніміз не? Ол отбасылық әл-ауқат, қауіпсіздік, баспана. Бейбітшілік – әке мен ана қуанышы, ата-аналар денсаулығы және біздің балаларымыздың бақыты. Бейбітшілік – тұрақты жұмыс, жалақы және ертеңгі күнге деген сенім. Бейбітшілік пен тұрақтылық – күн сайынғы еңбекпен қорғап, нығайтуды қажет ететін жалпыхалықтық жетістік. Мен жастар – біздің болашағымыздың тірегі дегенді әркез айтып келемін. Мемлекет жаңа буынның алдында барлық есіктер мен жолдарды ашты! «Нұрлы Жол», міне, біздің креативті ырғақты жастарымыздың күш-жігер жұмсап, құлаш сермейтін тұсы осы!

Алдағы жылы біз Конституцияны қабылдаудың және Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылуының 20 жылдығын салтанатты түрде атап өтеміз. Осы даталарды атап өте отырып, бізге қазақстандықтарды рухани тұрғыда бұрынғыдан да гөрі күштірек, топтасқан және бұрынғыдан да бетер тағатты ету маңызды. «Қазақстан, тек алға!» атты біздің басты қағидатымыз тарихтың жаңа жауапкершілікті орамында жаңаша үн мен неғұрлым терең мағынаға ие болатынына менің сенімім мол. Баршаларыңызға біздің Отанымызды бұрынғыдан да зор биікке көтеретін жаңа шыңдарға қол жеткізуде табыстар тілеймін!

**Қадірлі халқым!**

Біз Жалпыұлттық идеямыз – Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы Жолға айналдырдық. Қажырлы еңбекті қажет ететін, келешегі кемел Нұрлы Жолда бірлігімізді бекемдеп, аянбай тер төгуіміз керек. Мәңгілік Ел – елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. Ол «Қазақстан-2050» Стратегиясының ғана емес, XXI ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры! Жаңа Қазақстандық Патриотизм дегеніміздің өзі – Мәңгілік Ел! Ол – барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құндылығы.

Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де Мәңгілік Ел деген құдіретті ұғымға сыйып тұр. Отанды сүю – бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесіңді қосып, дамыту және кейінгі ұрпаққа аманат етіп, табыстау деген сөз. Барша қазақстандықтардың жұмысының түпкі мәні – осы!

Мәңгілік Ел идеясының бастауы тым тереңде жатыр. Осыдан 13 ғасыр бұрын Тоныкөк абыз «Түркі жұртының мұраты – Мәңгілік Ел» деп өсиет қалдырған. Бұл біздің жалпыұлттық идеямыз мемлекеттігіміздің тамыры сияқты көне тарихтан бастау алатынын көрсетеді. Жалпыұлттық идеяны өміршең ететін – Елдің бірлігі. Ауызбіршілік қашқан, алауыздық тасқан жерде ешқашан да жалпыұлттық идеялар жүзеге асқан емес. Қазақстанның шыққан шыңы мен бағындырған биіктерінің ең басты себебі – бірлік, берекесі.

Біз тұрақтылықты бағалай білгеніміздің арқасында бүгінгі табыстарға жеттік. Ешкімді кемсітпей, ешкімнің тілі мен ділін мансұқтамай, барлық азаматтарға тең мүмкіндік беру арқылы тұрақтылықты нығайтып келеміз. Біздің кейінгі ұрпаққа аманаттар ең басты байлығымыз – Ел бірлігі болуы керек. Осынау жалпыұлттық құндылықты біз әрбір жастың бойына сіңіре білуге тиіспіз.

2015 жыл – ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы. Қазақ хандығының 550 жылдығын, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығын, Ұлы Жеңістің 70 жылдығын атап өтеміз. Осынау тарихи белестер Жаңа Қазақстандық Патриотизмді ұрпақ жадына сіңіруде айрықша рөлге ие. Біз 2015 жылды Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы деп жариялadық. Елдің тұтастығы мен бірлігі, татулығы мен тыныштығы ең басты назарда.

Ел бірлігі – біздің барша табыстарымыздың кілті. Тұрақты дамудың қазақстандық моделі бүгінде бүкіл әлемге үлгі. Тәуелсіздігіміздің 25 жылдық мерейтойын және халықаралық ЭКСПО-2017 көрмесін табысты өткізіп, еліміздің әлеуетін әлемге паш етеміз. Ұлы жолдағы сапарымыз сәтті, болашағымыз жарқын болсын! Баршаңызға «Нұрлы Жол» Жолдауын жүзеге асыруда табыс тілеймін!



**Ғарифолла ЕСІМ,**
**академик, жазушы,**
**қоғам қайраткері**

# ҰЛЫТАУ–БИЛІК ОРДАСЫ

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Ұлытау төріндегі «Хабар» журналисіне берген сұхбатында: **«Тарихын білмеген ұлттың болашағы да бұлыңғыр. Мысалы, керемет үлкен еменнің тамыры терең болмаса, ол дауылға шыдап тұра алмайды. Сондықтан, тарихымызды таныту үшін қазір көп нәрсе жасап жатырмыз. Сондай тарихтың куәгері – Ұлытау. Оны білуіміз керек»** – делінген. Сөз мағынасы байыппен бағдарлағанда ашылмақ.

Ұлытау. Мұсылман жұрты тауды «Ұлы» демейді. Ұлы деген тек Жаратушыға лайық. Теңі, теңдесі жоқ жаратушы – Алла Тағаланы ғана қазақтар «Ұлы» деп мойындаған. **Ұлытау өңірін аралаған адам «Хан Ордасына» соқпай өтпейді. Бұл жерде қазіргі тілмен айтқанда қазақ хандарының барлығының дерлік инаугурациясы өткен. Тарихқа аты белгілі хандарды ақ кигізге көтеріп, хан сайлап, олар халқына адал қызмет етуіне ант берісқен. Шетел термині инаугурацияны қазақ «Ұлықтау» деп атаған. Хан Ордасының басты мағынасы хандарды ұлықтау болған. Бұл дәстүр сірә, Жошы ханнан басталса керек. Жошының хан болып ұлықталуы да осы Ұлытау өңірінде өткен. Оның империясының астанасы Базар Орда қазіргі Жошы хан мазарының маңында болғаны тарихи дерек. Осы айтылған мәселелерден түйін шығарсақ, біздің қазір «Ұлытау» деп жүрген өңіріміздің атауы тікелей Жошы ханға және одан тараған хандардың ұлықтауына қатысты, «Ұлытау» тауға емес, хандарды ұлықтауға қатысты мәселе. Ұлытау дегенде «тау» – зат есім, «Ұлық-тау» болса, ондағы «ұлық» сөзі – зат есім, «тау» – зат есімнен етістік тудыратын жалғау. Әрине, тілші мамандар, тарихшылар бұл жайға өз пікірлерін болжамдарын ұсынар. Оларды да тыңдап көрелік, бірақ, әсіресе, Кеңес заманында «Ұлықтау» деген сөз, оның ішінде « Хандарды ұлықтау» деген идеологияға жат түсінік болғаны анық. Сондықтан, «Қазан төңкерісіне» дейінгі әдебиеттерден Ұлытаудың қалай аталғанын сүзіп шыққан жөн. Ұлытау аңығы, тауға қатысты емес, тегіс өңірге қатысты түсінікті. Бір кездерде қазақ тілінің сингорманизм заңына сай «Ұлықтау» болғандықтан Ұлытауға айналып кеткенге ұқсайды.**

Хан Ордасын басында осы өлкенің тарихын білетін азаматтар бір ауыздан Хан Ордасында Жошыдан тараған хандардың бәрінің осы өңірде ұлықталғанын, тіптен, соңғы хан Кенесарының да осы жерде ақ кигізге көтеріліп, хан атанғанын және осы рәсімнің бүгінгі күнде де жалғасы барын айтумен болды. Бұл жай назардан тыс қалатын іс емес және оның маңызы тек Ұлытау өңіріне ғана емес, бергісі қазаққа, арғысы Жошы әулетіне қатысты айтулы оқиға. Сондықтан, Ұлытау сөзіне байыппен қарасақ, оның мағынасы, астары саясатта, мемлекеттік басқару жүйесіне ата дәстүрімізге қатысты. **Ұлықтау деген мойындау, мойынұсыну деген мағына береді. Бұл саяси ұғым. Бұл мемлекеттің құрылуы немесе мемлекетті басқарудың бір қолдан екінші қолға өтуі. Ең бастысы осы рәсімге бергі тарихта (Жошы хан заманынан бергі дәуірде) қазақ руларының басшылары тегіс қатысып,**

**Ұлықтау рәсімімен сайланған ханға сенім білдіріп, ант берісіп тарасқан. Сондықтан, Ұлытау өңірі қазақтың үш жүзінің барлық руларының басын қосқан киелі өлке. Бұл бізге жеткен аңыз, хикая, әңгімелерде, дастандарда мейлінше баяндалған. Қазақ халқы өзінің саяси тұлғаларының ұлықталған өңірін қасиетті деп санауы табиғи жағдай. Жоғарыда айтылған сұхбатында Елбасы былай деген еді: «Кезінде мен Астана болатын жер іздегенде Ұлытауды көрейін деп әдейі келдім. Қазақ жерінің нағыз орта тұсы екені рас. Бірақ, қазіргі заман талабымен қарасақ, бұл жерде не су, не жол, не әуежай жоқ. Бұл жерге қыруар қаражат керек болар еді. Бірақ, қасиетті мекен ретінде бағалана береді. Міне, темір жол, басқа да жолдар салынып жатыр. Келешекте туризм орталығы болып, халқымыз келіп тәу ететін қастерлі жер болып қала береді. Мұнда Жошы ханның Ордасы болған деп те айтады. Жошының қазасын естірткен кезде «Ақсас құлан» деген күй шыққан. Бұл мекеннің осындай кереметтерін тани білуіміз керек».**

Бұл өлкенің керемет жәдігері – Жошы хан мазары. Осы өлкеге алғаш сапар шегіп, Жошы мазарына келгеннен бергі уақытта мені бір сауал мазалай берді. Неге Жошы хан мазары Жезқазған өңірінде? Әлемнің билеушісі Жошы ханның мәңгілік мекені неліктен осы өңір болған? Бұл мазар, әрине, Шыңғыс ханның келісімімен салынған. Сонымен бірге, баласы қаза болғанда Шыңғыс ханның бұл өлкеге келмеуі де мүмкін емес. Шыңғыс хан және Жошы хан туралы шығармалардың әр түрлі мүдделерге сай жазылғаны белгілі. Себебі, Шыңғыс хан империясы көптеген халықтардың, мемлекеттердің тағдыры болған. Жошы Шыңғыс ханның тұңғыш және сүйікті, келешегінен үміт күткен баласы. Әке қайғысы туралы ел аузында аңыз боп қалған «Ақсақ құлан» күйінен көп нәрсені аңғаруға болады.

Шыңғыс хан кім? Сөзсіз ақылды, көреген адам, шебер қолбасшы, айлалы саясаткер, есепсіз мол әскері бар қолбасшы. Әскерге не керек, қару қажет. Осы сәтте ойыма осы өңірдің қазіргі атауы Жезқазған орала кетті. Бұл жерде не көп, жез көп. Жез деген не? Ол алтыннан кейін, тіптен, оның орнына да жүретін металл. Құнды металл. Байлық. Шыңғыс ханға қажетті – байлық. Жүз мыңдаған қалың әскерді жебе, найза, қалқандарын жезбен жабдықтап, әдемі әшекейлігін былай қойғанда, жарқ-жұрқ етіп айбын беретін жауынгерлердің сауыт-саймандарын жарақтау ісі Жезқазған аймағында мүмкін болған. Мұндай бай өлке қайда бар. Сондықтан, Жошы хан осы өңірді өзінің ата қонысына айналдырған (Сан ғасырлар өтсе де, жез өңдіру ісі бұл өлкеде әлі сарқылған жоқ). Бұл мәселенің әскерді жасақтауға қатысты жағы, екінші жағы жез өңдіру империяға қажетті байлық көзі болған.

***

**Жұртшылық Ұлытау деп осы өңірдегі тауды атайтын көрінеді. Елбасы сұхбатында: «Мұнда тұрған тау- аумағы 200 шақырым қырат таулар. Ең биігі – Әулиеата деп аталады, 1100 метр. Одан ағып жатқан бұлақ Әулиебұлақ деп аталады. Осының бәрін ата-бабамыз бекер атамаған ғой» дейді. Жергілікті халық Әулиеата тауды - Әулиетау деп те атай береді екен. Шынында да бұл қасиетті тау, мұнда кезінде бір-бірімен жауласқан Алтын Орданың ханы Тоқтамыс пен Ноғай Ордасының әміршісі Едіге қатар жатыр. Бұл жағдай таудың қасиетті екендігін білдіретін айғақ. Ұлытау өңірі елдіктің символы. Көзі тірісінде бірбірімен жауласқан екі тарихи тұлғаны ұрпақтары оларды Әулиетауға қатар жерлеген. Сондағы мақсат не? Мақсат елдің тұтастығын сақтау. Тұтас түркі жұртын бөлшектемеу. Осы биік мақсатты кейінгі ұрпақтарға өнеге ету. Міне, Ұлытау өңірінде осындай биік армандар орындалған және оны орындаған бізге аты беймәлім кемеңгерлер өмір сүрген. Осы тұста менің ойыма, Түркиядағы бір университет ауласында Сұлтан Баязитпен қатар Әмір Темірдің бейнесі қойылғанын көргенде:**

**– Бұл қалайша, екеуі жауласпап па еді, сұлтан Баязиттың Еуропаға жорығын тыйып, оның басын кесіп**

**алған осы Ақсақ Темір емес пе еді? – дедім. Сонда, түркі ағайындарының айтқаны:**

**– Ол сол заманның әңгімесі. Бізге олар түрік жұртының қаһармандары, – деді. Мен мұндай биік мағыналы сөзді естимін деп ойламап едім.**

**Осы түсініктің куәсі ретінде шексіз далада бірін-бірі қуып, жауласқан Тоқтамыс хан мен Ер Едігенің Әулие тауда қатар жатуы тарихтан қалған ұлағатты ата дәстүр.**

***

Бұл өлкенің екінші кереметі – Алаша хан мазары. Мүмкін, дұрысы, Алаш-хан мазары. Алаш – ұран. Ол Жошы хан заманында қалыптасқан ұран. Сондықтан, халық Алашты Жошының әкесі деп атаған. Шыңғыс ханды Алаш хан деп, яғни, оның есімін ұранға айналдыру дәстүрі қалыптасқан деп топшылауға әбден болады. Жошы хан қыпшақ елінің билеушісі болғандықтан, ол өзінің мемлекетіне жаңа ұран алды, ол әке идеясы немесе әкесін идеяға, оның есімін ұранға айналдыру мақсатында «Алаш» деген ұран алған болар. Алаш қыпшақ жұртының дәстүрінде бар сөз. Рулардың ұрандарына назар салсаңыздар, бәрі кісі есімдерімен, яғни, бабаларын ұранға айналдырған. Осы мағынада алсақ, алаш деген Шыңғыс ханның тағы бір есімі, лақап аты. Шыңғыс хан да лақап ат емес пе, өз есімі Тэмуджин. Бұл есімді әкесіне Жошы немесе оның атақты ұлдары Бату сияқтылар беруі ықтимал. Осы бағытта ізденіс жасап көрген дұрыс болар деген ойдамын.

**Алаш қазақтың ұраны. Ол жөнінде Сұлтанмахмұт Торайғыров анық айтқан. Оның «Алаш ұраны» деген өлеңінде мынадай жолдар бар:**

***«Алаш» туы астында, күн сөнгенше сөнбейміз,***
***Енді Алашты ешкімнің қорлығына бермейміз.***
***Өлер жерден кеттік біз, бұл заманға жеттік біз.***
***Жасайды Алаш, өлмейміз, жасасын «Алаш», жасасын!***

**Қазақ миллэтінің ұраны – Алаш. Бұл текті ұран,** Жошы дәуірінен келе жатқан жауынгерлік ұран. Қазақ лексикасында (дүниетанымында) үлкен адамның есімін тура айтпау дәстүрі бар. Майданда Шыңғыс хан деп, оның тура атын айтпай Алаш деп ұрандау қисынға келеді. Сірә, осы дәстүр, оның зиратына көшкен. Шыңғыс хан жерленуі, зираты туралы сөз көп, соның көбінің негізі шикі. Шыңғыс хан менің зиратым болмасын дегені негізсіз. Сірә, ол менің зиратым тура өз атыммен аталмасын, деген өсиет қалдырса керек, оның бүркеншек есім – Алаш.

Әлемдік жихангер Шыңғыс хан есімін мәңгілікке қалдырмақ болып жанталасып, жан алып, жан берген адам. Зираты белгісіз жан тарихтан жойылмақ, аты өшпек. Шыңғыс хан ондай тұлға емес, ол мәңгілікке атым қалсын деген өркөкірек санамен өткен адам. Табылған ақыл. Ол зиратын ұран болған есімімен қалдыруға шешімді не өзі, не балалары қабылдаған. Мәселе енді ол қандай жер болуы керек. Мұнда да қисын бар мәңгілік қай жер, ол сөзсіз қазыналы ұрпақтары өсіп-өніп, көркейетін мекен болуы керек. Және тұңғышы, отыз жасында қаза болған Жошының қасында болғысы келуі де табиғи жағдай; осы қисынға сүйенсек, Жошы мазарының маңында Базар-Орда қаласы тұсындағы Алаш хан мазары атақты Шыңғыс хан зираты. Болжауыма негіз болған тағы бір дәлел бар, ол осы өңірдің бүге-шігесіне дейін жетік білген, академик Қаныш Сатпаевтың пікірі. Ер Едіге туралы 1927 жылғы зерттеуінде **«... тегінде Алаша хан деп ел аузы атақты Шыңғыс ханды айтып жүруі мүмкін десе, 1941 жылғы мақаласында Алаша хан деп жүргеніміз Шыңғыс хан екендігін кесіп айтады»** (*Қараңыз: Ұлытау, «Фолиант» Астана, 2006. 118 б.*)

Ел аузында Шыңғыс ханның, яғни, Жошының әкесі Алаш хан екендігі туралы Алашорда қозғалысына қатысушы Отыншы Әлжанов «Дала уәлаяты» газетінің 1897 жылғы 13-14 және 18 сандарында жариялаған мақаласында Шыңғыс хан деп жүргеніміз Алаш хан деген тұжырым жасаған, бұл мәтінде Жошы ханның қазасын әкесі Шыңғыс ханға күйші

Кетбұға естіртеді.

*«Уа, иеміз Шыңғыс хан!*
*Добыра не деп жырлайды,*
*Сарнап даусын қырнайды,*
*Құлағың сал осыған...*
*Ақсақ құлан, қу құлан,*
*Қияннан қашқан ту құлан,*
*Қиырсыз құба далада,*
*Аңда жүрген балаңа,*
*Кез болып бір қашыпты,*
*Белден белге асыпты.*
*Ақсақ құлан, Жошы хан,*
*Елсіз құба далада,*
*Қат-қат құбыр салада,*
*Мекендеп өрген, өрбісіп,*
*Ордалы құлан жосыған.*
*Қуып ақсақ құланды,*
*Мінгені тұлпар құнан-ды,*
*Ордалы үріккен құланға*
*Құйғытып ойнап қосылған,*
*Өлім деген Тәңір ісі,*
*Сол қу құлан, ту құлан,*
*Балаң өлді – Жошы хан!*

**Нансайшы, ханым осыған!»** (*көрсетілген кітапта 114-115 бетте*).

Бұл оқиға Ұлытау өңірінде болған, содан ел аузында, халық жадында сақталған.

**Сөз орайына қарай, Алашорда деген ұғымға назар салсақ, ол Алаш және Орда деген сөздерден құралған. Алаш – ұран, Орда дегеніміз мемлекет. Екеуі де Шыңғыс хан заманынан кейін белгілі болған түсініктер, салыстырыңыз: Базар-Орда (Жошы мемлекетінің астанасы), Алтын орда, Ақ орда, Ноғай ордасы, Қазақ ордасы, Алаш-орда бәрінің ұраны Алаш болған.**

***

Шыңғыс хан даңқты қолбасшы, алып империя құрған саясаткер. Оның жорықтары нәтижесінде талай қалалар қиратылып, жермен-жексен етілгені де шындық. Көркейіп тұрған Дешті Қыпшақ мемлекеті жойылып, өзгеше күйге түсті. Бірақ, анығы сол – оның қалың әскерін құрғандар, кейін «қазақтар» деп аталған найман, қаңлы, керей, үйсін, дулат т.б. болды. Империяның тілі түркі тілі болған деген деректер бар. Алтын Орда негізінен қыпшақ тайпаларынан құралған мемлекет. Сондықтан, қазақтардың (оның құрушы тайпалардың) тарихын тереңнен қозғағанда Шыңғыс хан біздің төл тарихымыздың басты кейіпкері, бұл аз ба? Шыңғыс ханның астанасы Қарақорым, бұл қай тілдегі қаланың атауы? Қазақта қара деген үлкен, қуатты деген түсінік бар, мысалы қара нар, қара күш иесі, тіптен, Қара теңіздің атына назар салсаңыз. Ол үлкен, мол теңіз дегенді білдіреді, ал, Қорым деген ертеден келе жатқан түркі сөзі. Қазақтар Қорым деп адамдар тұрған мекенді атайды. Сонда, Қарақорым деген үлкен қала деген түсінікті білдіреді. Енді, ойланайық. Әлемді билеген Шыңғыс хан өзінің астанасын, одан кейінгі ұрпақтары астана еткен қаланың атын (елді мекенді) неге Қара+Қорым деп атаған? Бұл Шыңғыс хан империясының ресми тілі – түркі тілі болғандығының айғағы.

Біздің тарих әлем әміршісінің өрісіне қатысты болып отырғаны шындық. Содан болар, 1907 жылғы Ресей ауыл шаруашылық Бас Басқармасының бастығы Крюков **«Қырғыз-қайсақтар Шыңғыс хан мен Ақсақ Темірдің тікелей ұрпақтары. Олар жер бетінен жойылуға тиіс»** – десе, Ресейдің Министрлер Кеңесінің төрағасы П.А.Столыпин: **«Шыңғыс ханды біз монғол дейміз.Нағыз монғолдар – мына қырғыз-қайсақтар. Олар сол Шыңғыс ханнан тарағандар»** – депті, ол да. Бұл пікірлерде шындық бар. Жошы ханнан бергі дәуірде қыпшақтар (қазақтар) оның тұқымдарымен біте қайнасып кетті, Керей мен Жәнібек өздерін алғашқы қазақ дегендер, қазақ болу осы хандардан басталады емес пе? **Қазақ деген азамат, яғни, мемлекетке қатысты қолданылған ұғым. Азамат болу қазақ болу деген мағынаға ие болған. Қазақтар ұл балаларына «азамат» деп ат қоюы тегін емес екендігін Шоқан Уәлиханов та айтқан.**

Сонымен, қазақ халқының төл тарихының кейіпкерлері.Шыңғыс хан, Жошы хан, Ақсақ Темір, Бату хан (Сарайшықта жерленген), онымен аралас-құралас та болған Александр Невский, Украина халқы ұлт перзенті деп жүрген Мамай, Алтын Орда ханы Тоқтамыс, Ноғай ордасының әміршісі Ер Едіге, бәрі-бәрі біздің

тарихтың басты кейіпкерлері. Және осы аталғандардың бәрі қасиетті Ұлытай өңіріне тікелей қатысты тарихи тұлғалар. Ұлытау өңірі тұнып тұрған төл тарихымыз, керемет қасиетті мекен.

***

Терең тарихы болған халықтың бүгінгі сауатты ақпарат ғасырында «Қазақ деген халықтың мемлекеті болмаған, деу сауатсыздық па, әлде мақсатқа лайықталған идеологиялық айла-шара ма? Осы жайларды алдымен өзіміз қазақтар анықтап алуымыз қажет. Қазіргі ұрпақ тарихи сабақтастықтың «қыл көпірінде» отыр. Тарихты бар деу де, жоқ деу де бүгінгі ұрпақ қолында. Ұрпақтың қатерлі шешімге келмесіне кім кепілдік бере алады. Кеңес заманында: **«Біз көшпенділер болғанбыз, нағыз қазақ тарихы қазан төңкерісінен бастау алады. Біз феодализмнен капитализмді айналып өтіп, социализмге бірден жеткенбіз» – деген сандырақ сөздерді маңдай алды деген ғалымдарымыз айтып та, жазып та келген.** Тарихты феодализм, капитализм, социализм деген ұғымдар арқылы түсіндіру мағыналы нәтиже бермеді, себебі, қазақ халқы басынан феодализмді өткермеген *(осы туралы мақаланы пайдалану керек)* .

**Тарих қай заманда болмасын тәрбиені және білімді қажет етеді.**

**Екеуі бірігіп бастарын түйістіріп барып тарихи ғылымды қалыптастырады.**

**Тарихи тәрбие өрістері: миф, аңыз, хикая, ауыз әдебиеті, фольклор.**

**Тарихи білім осыларды негізге ала отырып жүйеленеді, сұрыпталады, сөйтіп барып, ғылымға айналады. Бірақ, осы тұста тарихқа кенеттен келіп қосылып, оның ағысын өзгертуге барынша күш жұмсайтын саясат, идеология дейтіндер болады.**

**Тарихи онтология әмбебап ұғым, ол халықтың әдет, дәстүрінде, ділінде, дінінде, тілінде, тұрмыс-тіршілігінде табиғи жүріп жатқан құбылыстар. Міне, осы тарихи онтологияға саясат үнемі де көлденең келіп, түзетулер, тіптен, түп-тамырымен қопару әрекеттерін жасап отырады.**

**Бүгінде қазақ халқының, мемлекеті болмаған деушілер бөгде саяси мүддеге қызмет етушілер.**

**Тарихи онтологиямызға зер салсақ большевик ғалымдардың саяси ойрандары да қауіпті әрі залалды болды. Олардың мақсаты қазақ халқын жойып, біріккен совет халқы деген ұғым қалыптастырмақ ниетте болды. Қазақ халқы дегенді атауға болмайтын заман туды. Бәрі Совет халқы, ал, қазақ тек ұлт қана. Ұлт деген халық емес, халықтың ерекшелігі ғана деп насихатталды. Мысалы, мәдениетте мынадай анықтама берілді, совет халқының мәдениетінің мазмұны социалистік, рухы интернационалистік, түрі ұлттық. Сонда, қазақ ұлты деген бір түр, ол келе-келе жойылып, бір экономикаға, бір идеологияға, бір мәдениетке, бір тілге (орыс тілі) негізделген Совет халқы толық қалыптасқанда қазақ ұлты мүлдем жойылып кетпек, осылай деп арнайы коммунистік партия бағдарлама қабылдады. Ол коммунистік насихаттың саяси бағдарламасы болып саналды, коммунизм орнағанда бірыңғай интернационализм болмақ, қазақ ұлт ретінде жойылмақ, олай болса, қазірден бастап қазақ болудан арыла бастау қажеттілігі саяси науқанға айналды. Сол заманның «қаратаяқтары», партия, кеңес басшылары тайлы-таяғымен қазақ болудан бас тарту ісіне кірісіп, балаларын, немерелерін орыс мектептеріне оқытып, олармен орыс тілінде сөйлеуді жаңа заман талабы әрі мәдениеттілік деп санады. Осы психология, өкінішке орай, күні бүгінге дейін сақталып келе жатқаны да шындық.**

Қазақ болуға, әлі де сенімі жоқтар бар. Тарихи тәрбиенің, тарихи білімнің қажеттілігі де ауадай.

***

**Бүгінде бөгде ақпарат беттерінде де қазақтардың мемлекеті болмаған деген түсініктер жиі кездесіп жүр. Бұл арандатушылық. Қазақтардың**

**арғы тегі түркі жұрты болса: Түрік қағанатын, одан бергіде Дешті Қапшақ мемлекетін қайда қоямыз. Сөз болып отырған Жошы хан және оның ұрпақтары билік жүргізген Базар Орда, Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Орда, Ноғай Ордасы, Қазақ Ордасы деген аса қуатты мемлекеттер болғанын қайда қоямыз. Қазіргі политология лексикасына салсақ, Орда мемлекеттің типі. Орданы хан басқарады. Одан әрі өзге басқару институттары құрылады: әскери аристократия, билер билігі, рутайпалар көсемдерінің институты т.б.**

**Жошы хан және оның ұрпақтары басқарған дәуір: XIX ғасыр басында мүлдем аяқталды. Патша жарлығымен 1822 жылы хандық басқару жүйесі жойылды. Содан, Ресейдің бодандығы басталды. Міне, осы кезде XIX ғасырдан бастап, қазақ мемлекеттігінен айрылды. Қазақ даласы губернияларға бөлшектелді. Губернаторлар тікелей Ресей патшасына бағынышты болды. Хакім Абайдың «қайран елім, қазағым» деп айтқан дәуірі осы. Қазақ жұртының келесі дәуірі – Кеңес заманы. Бұл кезде мемлекеттік құрылымның аты бар, заты жоқ болды. Барлық билік толығымен Москваның қолында болды. Елді коммунистер басқарды.**

**Қазақ халқының жаңғырып, қайтадан мемлекет құру тәжірибесі 1991 жылдың 1 желтоқсанынан басталды. Қазақ халқы өз ішінен Президент сайлады, оның ұлықтау рәсімі болды. Бұл Хан Ордасында үздіксіз болып келген хандарды ұлықтаудың үзілген жалғасы еді, яғни, бұл ренессанстық құбылыс. Қазақ мемлекеті қайтадан жаңғырды. Тәуелсіз Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшесі, өзге елдермен құқықтық тең дәрежедегі зайырлы мемлекет.**

***

**Елбасы Ұлытау туралы сөзін түйіндей келе: «Біздің елдігіміз, қазақ жұртының арғы түбі ғұндардан басталады. Ғұндардан кейін көк түріктерге жалғасады. Одан кейін Алтын Орда орнығады. Сөйтіп, хандық дәуірге ұласып, кейін біртіндеп тәуелсіздікке келіп тіреледі. Осындай үлкен тарихымыз бар. Жастарымыз оны білу керек. Біз кеше ғана пайда бола қалған халық емеспіз.Ұлытау ғұндардың да, көк түріктердің де, Алтын орданың да орталығы болған жер. Өзінің тұрған жері Қазақстанның кіндік ортасы.**

**Ұлытау өте қасиетті жер. Ұлытау деп аталуының өзінің тарихи мәні бар. Қазақтың ен даласының қай шетіне барсаң да осындай қасиетті жерлер табылады. Шығысқа барсаң – Берел қорғаны, Орталыққа келсең – қалмақтармен соғысқан Аңырақай өткен жер, Батысқа барсаң – Алтын орданың хандары тұрған Сарайшық сияқты қасиетті мекен бар, Оңтүстікке барсаң – Түркістан тұр. Қазақстанда осындай қасиетті жерлер көп. Дегенмен, Ұлытаудың орны бір басқа. Біздің жастарымыз оны біле бермейді. Біз өз тарихымызды жаңадан игеріп, біліп жатқан елміз. Қазақтың тарихы өте бай. Оны білуіміз керек. Қазақтың көп дүниелері атадан балаға ауызекі түрде беріліп келген»** дейді.

Елбасының төл тарихымыз туралы осындай жүрек жарды сөздеріне орай айтар түйінім: қазіргі мектептерде, жоғарғы оқу орындарында оқытылып жүрген «Қазақстан тарихы» деген пәннің аталуы және баяндалуын дұрыс деп есептемеймін.

Мектептерде, Жоғарғы оқу орындарында оқытылатын пәннің аталуы «Қазақ елі мемлекетінің тарихы» *(История казахского государства)* деп аталуы керек.

Тәуелсіз елдің жастары қазақ елінің мемлекетінің тарихын оқып, патриот боп өсуі табиғи жағдай.

Ұлытау бар заманда Ұлықтау өңірі – билік ордасы болып, қазақ елінің нағыз патриоттарын тәрбиелеп өсіретін киелі кіндік мекені болып қала бермек!

# ХАЛЫҚҚА ҚАРАТА АЙТЫЛҒАН СӨЗ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев әр облыста, әр ауданда кездесу кездерінде сөйлеп жүр. Ал, қасиетті Ұлытауда табиғат аясында, саябақта халыққа қарата кемеңгерлікпен сөйлегені бұл құбылыс. Мен ол кісінің айтқан әр сөзіне мән беремін. **Нұрекеңнің Ұлытауда Тәуелсіздікті ұлықтап, ұлттық сана рухты дәріптеп, ағынан жарылып айтқандары қазір елдің жүрегінде тұр. Қашанда біздің ұлттық рухымыз мықты болуы керек. Біз өз дінімізді ұстанып, өз тілімізде сөйлесуге тиістіміз.** Елбасы сөзінде Ата Заңымызға жазылған «Мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деген бапты тағы да текке қайталап айтқан жоқ. Олай болса, мұны терең түсінуге тиіспіз. «Тілді қолданып батыл сөйлеуіміз керек. Тілдің майын тамызып сөйлеп, басқа жұртқа үлгі болуымыз керек» деген сөзді дәл Ұлытауда, қазақтың ежелгі Дала билік ордасында айтқаны көрегендіктің белгісі. **Мен өзім қазақ мектебін бітірдім, әдебиет, тарихқа өте жақын адаммын. Мамандығым инженер болса да «рухани әлемді» бірінші орынға қоямын.** Сондықтан, Нұрекеңнің Ұлытаудағы айтқандарын қолдап, елді бірлікке, ізгілікке және ынтымаққа шақырамын.

**Көпсекбай ТӨЛЕБАЕВ,**
**ҚР Мемлекеттік**
**сыйлығының иегері.**

### НҰРЕКЕҢ АЙТҚАН БЕЙБІТШІЛІК ОРНАСЫН

Қазір әлем алай-дүлей сойқанды, даудамай мен шайқас-жанжалды бастан кешіріп жатыр. Оған Украинадағы соғыс куә. Араб елдерінде «Мәңгілік соғыс» жалғасып, күнде қан төгілуде. Ресей болса империялық ұстанымын ашық білдіруде. **Осындай алмағайып заманда Елбасының Ұлытауда сөйлеп, көшбасшы ретінде қауіп-қатерді сездіріп, ұлттық рухты көтеріп, тілшіге сұхбат беруі ол кісінің шын мәнінде көреген саясатшы екенін дәлелдесе керек.**

Әлем қазір ауыр экономикалық жағдайды бастан кешіруде. Біздің ежелгі көршілеріміз Қытай мен Ресей ғой. Әсіресе, Ресей қазіргі жағдайда экономикада дағдарысты, саясатта өктемдікті сездіруде. Екі алып елдің ортасында жатқан біздің жағдайымыз қалай болады. Бұған Елбасы Ұлытаудағы сөзінде: **«Сондықтан, қиын жағдайға қалмау үшін алды-артымызды ойлап, қадам жасауымыз керек. Мұның ақырын күтуіміз керек. Дүниеде қандай соғыс болса да, ылғи келіссөзбен бітеді, ылғи бітімгершілікпен бітеді»** деп жауап береді. Бұл сөзді шын көрегендік дер едім. Мен өзім құрылыс саласы бойынша кәсіпкер болғандықтан Нұрекең айтқан бейбітшілік тез орнаса екен деп тілеймін.

**Дәулет ЖАЙНАҚОВ,**
**«Абақ-Жайнақ» ЖШС-нің**
**директоры**

### ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ ҰЛАҒАТТЫ ІС

Қазақтың өткен тарихындағы даналарымыздың бәрі ұрпақ қамын ойлаған. **Ата-мекен Отанды сүюді өсиет еткен. Ұлытауда ұлағатты әңгіме айтып, сұхбат берген Елбасы Отан сүйгіштік тәрбие жөнінде ерекше айтты.** Болашақ ұрпақ біздің асты алтын, үсті күміс қазына даламызға мәңгілік ие болуы тиіс. Ол үшін әрине, Отан сүйгіштік, патриоттық тәрбие керек. Бұған байланысты Нұрекең көрегендік әңгіме-сұхбатын: **«Мысалы, Отан деген үлкен ұғым, Отанды қорғау дегенде, әрине, адам баласы алдымен өзінің шаңырағын ойлайды. Әкеңдішешеңді, бауырларыңды, немерелеріңді ойлайсың. Сол жүрекпен, сол тілекпен отанды қорғайсың...»** деп жалғастырады. Елбасы аузынан шыққан бұл сөз ұстаз, тәлімгерлер үшін тәрбиелік қағида, өсиет болуға тиіс. **Мен өзім білім ордасында еңбек еткендіктен ұлттық тәрбиеге ерекше мән беремін. Ал, Елбасымыздың Отан сүйгіштікке байланысты Ұлытауда айтқан сөзінде зор мән бар екенін білуге тиіспіз.**

**Шаймұрат ӨТЕПБЕРГЕН,**
**ғылым кандидаты, Абай атындағы**
**ұлттық университетінің оқытушысы.**



**Жания ӘБДІБЕК,**
**журналист**

# АҚПАРАТТЫҚ КЕҢІСТІКТІ ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙМЫЗ?

***Тәуелсіздік жылдары биліктің басты назарында экономика мен саясат болып, басқа қоғамдық мәселелердің екінші орынға ысырылғаны белгілі.Әрине, осы ұстанымның жемісті болғаны рас, еліміз дамудың тұрақты жолына түсті, мақсаты мен бағыты айқын мемлекеттердің біріне айналды. Алайда, бұл ұстаным қоғамдық қатынастардағы кейбір мәселелердің бұйдасын бос жіберіп алған секілді. Мәселен, ақпараттық саладағы кейбір кемшіліктер бет бақтырмай барады. Елдегі шетелдік ақпараттың еркін ағыны және оның салдары қоғамдық санаға кері әсер етуі, елдегі қазақ және орыс тілдеріндегі ақпараттық дискурстың арасында идеялық бірліктің болмауы, осы олқылықтарды экстремистер мен сеператистердің өз мақсаттарына пайдалануға ұмтылуы т.т.с. Сондықтан, бүгінгі таңда ақпараттық қауіпсіздік мәселесі күн тәртібіне шығып отыр. Мемлекеттің кіндік ұлты бола отырып, ақпараттық кеңістіктігімізді өз қолымызға алып, етек-жеңін жиып, ұлт пен елдік мүдде үшін қызмет етуді міндеттейтін уақыт жетті. Оның үстіне, ақпараттық саланы бос ұстамау керектігін көрші елдердегі саяси ахуал да дәлелдей түсті. Қараша айында Алматыда өткен медиақұрылтайдың бүтіндей ақпараттық қауіпсіздікке арналуы жақсы бастама екенін айтып өту керек.***

***Бүгінгі таңда елімізде 252 электрондық БАҚ, 146 телерадио компаниясы, 88 телекомпания, 58 радиокомпания, 98 кабелді оператор, 1364 газет, 522 журнал, 64 ақпараттық агенттік жұмыс істейді. Алайда, бұл масс-медиа ішкі нарықтағы ақпараттық сұранысты толығымен қамтамасыз етіп, еліміздің ақпараттық саясатын дұрыс жүргізіп отыр ма? Ақпараттық кеңістігіміздегі ұмтылыс мен ұтылыс қандай? Бұл туралы белгілі мамандар редакциямыздың «Келелі кеңесінде» бас қосып, қызу ойталқы өткізді. Оған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, журналистика факультетінің профессоры, журналистика теоретигі Кәкен Қамзин, «Ұлт тағдыры» қозғалысының жетекшісі Дос Көшім, журналист Есенгүл Кәпқызы, философ Әбдірашит Бәкірұлы және «Ақиқат» журналының бас редакторы Аманхан Әлімұлы қатысып, ақпараттық қауіпсіздік мәселесі туралы орынды ой пікірлерін айтқан еді.***

**– Әлемде өркениетті елдердің ақпарат арқылы өз идеяларын өзге елдерге сіңіруде шеберлігі байқалып отыр. Осындай қарама-қайшы процестер жүріп жатқан кезеңде ақпараттық кеңістігіміз қорғалған деп айта аламыз ба? Премьер-министр Кәрім Мәсімов Қазақстан жұртының 50 пайызы ресейлік ақпараттық кеңістікте отыр деген деректі алға тартады (http://kapital.kz/). Бұл ненің көрсеткіші? Елдегі БАҚ-тың ішкі сұранысқа сай ақпарат тарата алмауы ма, әлде мемлекеттің ақпарат саясатының әлсіздігі ме?**



**Аманхан Әлімұлы:**
–Ақпараттық қауіпсіздік мәселесі туралы сөз қозғағанда, ең алдымен үшінші дүниежүзілік соғысқа тоқталып кеткен жөн. Үшінші дүниежүзілік соғыс ақпарат

құралдары: баспасөз жарыққа шыққан кезден басталған. Мұны қандай да бір деңгейде «майдан» деп есептесек болады.



**Әбдірашит Бәкірұлы:** – «Ақпараттық қауіпсіздік» елдің стратегиялық мәселесі болып табылады. Ақпараттық қауіпсіздік мәселесі туралы айтқанда, мынадай екі мәселе алға шығады. **Біріншіден,** ақпараттық кеңістіктің техникалық тұрғыдан қорғалуы, **екіншісі** психо-физикалық ақпарат қорғанысы деп аталады. **XX ғасырдың екінші жартысынан бастап әлемде ақпарат майданы күшейе түсті және үздіксіз жүріп жатыр. Бұл термин өте күрделі құбылыстардың жиынтығын бейнелейді. Біріншіден, ақпарат мемлекеттің идеологиялық негіздерін үйрету, қоғамның дүниетанымына әсер ету арқылы мемлекеттің саяси бағытына төңкеріс жасау. Мемлекеттің ақпарат арқылы әсер етуі астыртын майдан түріне жатады. Сондықтан, ақпараттық қауіпсіздікті қорғау әр мемлекет үшін өте қиын.** Ақпараттық қауіпсіздік мемлекет тарапынан өте жоғары интеллектуалды қабілетті талап етеді. Өкінішке орай, біздің билік осы деңгейден көріне алмай отыр. Ол экономикалық, әлеуметтік мәселелерге қарағанда, ақпараттық қауіпсіздік мәселесін әлсіретіп алды.

Бізде шеттен келіп жатқан ақпараттың мазмұнына ешкім мән бермейді, сараптамалар жоқ. Дамыған мемлекеттер әр уақытта мұны өзінің қадағалауында ұстап отырады. Қауіп төнуі мүмкін жайттардың бәрін алдын алып, көптеген зерттеу институттары осы бағытта жұмыс жасайды. Қазақстан бүгінге дейін өзінің әлеуметтік, рухани, мәдени келбетін қаншама анықтап алған десек те, бұл мәселелерде кемшіліктер жоқ емес. Бар. Біздің қазір ақпараттық қауіпсіздік мәселесін көтеріп отыруымыз себебі де содан. Өйткені, біз өзге елдің ақпараттық ағынының әсерінде қалып жатырмыз. Ал, қоғамды былай қойғанда, мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ететін құрылымдардың өздері бұл мәселеде едәуір кемшілікке жол беріп отыр.



**Дос Көшім:** – Менің ойымша, ақпараттық қауіпсіздік төңірегінде туындап жатқан мәселенің барлығы саясатқа келіп тірелетін секілді. Осындай жағдайға өзіміз жеткіздік. 90-жылдардың басында тәуелсіз БАҚ саны күрт арта бастады. Тіпті, біздегі басылымдар саны Мәскеудегі газет-журналдардан да асып түсті. Кейін белгілі бір «себептерге» байланысты бәрі жабыла бастады. Ақпараттық кеңістіктің бүгінгідей әлсірегеніне де тәуелсіз басылымдардың негізсіз жабылуы себеп болған секілді.

Үлкен мемлекеттер ақпараттық қауіпсіздік мәселесін осыдан 10-15 жыл бұрын күн тәртібіне қойған. АҚШ пен Ресей арасында ақпараттың байланыс мәселесіне қатысты ресми кездесулер де өтті. Әр мемлекет өзінің ақпараттық кеңістігін сақтау үшін нақты заңдар мен құжаттар қабылдады. Осыдан бір жыл бұрын Ресейде ақпараттық байланыс туралы бағдарлама қабылданып, ақпараттық саясатты жүргізудің нақты жоспары жасалды. Керек десеңіз, кейбір шетелдік басылымдардың енуіне тосқауыл қойылды. Ал, біздегі ақпараттық кеңістіктің кемшілігінің бір көрінісі «Комсомольская правда», «АиФ-Казахстан» секілді басылымдар біздің қаражатқа Ресейдің идеологиясын таратуда. Олар 20 пайыз Қазақстанның кейбір мәселесін жазғанымен, 80 пайызы Ресейдің идеяларын тірек еткен мақалалар басады. Бұл мәселе ойланарлық жағдай. Олар өздерін өзге ел-жұртта солай ұстай ма? Қайдам...

Соңғы уақытта, дүниежүзінде ақпараттық қауіпсіздік мәселесінің көтерілуі заңдылық секілді. Ақпараттық кеңістікті қазір теріс күштердің бәрі: діншілдер, экстремистер,террористер, сеператистер пайдалануға кірісті. Бұл әлемдік деңгейдегі жаңа проблема. Бір ел азаматтары өзге елдерде болып жатқан соғыстарға қатысуы, әлеуметтік желілер арқылы арандатушы ақпараттар таратып, көтерілістердің болуы – ақпараттық кеңістіктің жүгенсіздігінен туындауда.



**Есенгүл Кәпқызы:** – Ақпараттық қауіпсіздік туралы арнайы білім беруді мектептен бастау керек. Қазір мектептердің өздерінде екі түрлі ақпарат таралып, екі түрлі идеология жүргізіледі. Ақпараттық кеңістігіміздегі қауіптің бәрі осыдан басталады. Мектепте орыс тілінде тәрбие алып, орыс идеясымен сусындаған адам ешуақытта Қазақстанның патриоты бола алмайды. Кейбір әлеуметтік зерттеулерге сүйенсек, ел жастарының 70 пайызға жуығы Қазақстанға қауіп төнгенде қару алып күреспейді. Бұл өте қауіпті жағдай.

Еліміздегі стратегиялық объектілер: энергетика, әуе күштері, байланыс және БАҚ т.б. мемлекеттің өз қолында болуы керек. Біздегі заңға сәйкес, масс-медиа акциясының 20 пайызын ғана шетелдіктер сатып ала алады. Одан ары қарай сатылмауы керек екен. Бірақ, «СТС» компаниясы «31-арнаны» сатып алған соң, телеарнаның бүкіл ақпараттық саясаты орыс мүддесіне сай жүргізіліп кетті. Және «31-арнасындағы» мамандар сол акционерлері тарапынан нұсқаудан шыға алмайды. Кезінде «31-арнада» қандай жақсы хабарлар: «Дода», «Еркінсөз» т.б. қызықты болатын. **Сонымен бірге, қазіргі телеарналарда бірде-бір сауатты ток-шоу қалмады. Бәрі арзан ойын-күлкі, әртістер, ал, нақты сараптама жасайтын бағдарламалар жоқ. Бұл менің ойымша, үлкен кемшілік. Оны біреулер өз мүддесіне пайдаланып кетуі бек мүмкін. Біз елдегі телеарналардың ақпараттық сараптамалық хабарлардың үлессалмағын анықтау үшін мониторинг жүргіздік. Сонда 90 жылдары және 2000 жылдары сараптамалық хабарлардың үлесі 50-60 пайыз болған. Ал, қазір керісінше, көңіл көтеруші бағдарламалардың үлесі 90 пайыз, ал, саяси сараптамалық хабарлар 10 пайызға дейін түсіп кеткен. Бұл нені аңғартады? Біз сыни пікір айта алатын, ой түйетін жастарды емес, кез-келген жағдайға жеңіл көзқараспен қарайтын, екі ән айтқан адамды жұлдыз санап, табынатын күйге жеткізеді. Жастар өзіндік пікірі бар саясаткерлер мен басқа да қоғамдық қайраткерлерді білмей өсуі мүмкін.**

**Еліміздегі сараптама жасайтын КСЗИ секілді институттардың барлығы сараптамалық зерттеулерді орыс тілінде жүргізеді.** Біз тарихи жадымызды күшейтпей – ақпараттық қауіпсіздікті сақтай алмаймыз. Біріншіден, біздің ұрпаққа өзіміздің қандай мемлекет болғанымыз туралы санасына сіңіру қажет. Қазақ хандығының 550 жылдығына байланысты көп жайттарды қайта қарау керек. Біз қазақтың тарихына, жүріп өткен жолына тәуелсіздік тұрғысынан тарихи баға бермей жатып, ақпараттық қауіпсіздік туралы айту бекер секілді.

**Дос Көшім:** – Жақын арада Петропавлда тіл мәселесіне қатысты дөңгелек үстел өткіздік. Сонда тіл маманы, мұғалім тіл туралы жақсы ойлар айтып отырып, Украина мәселесіне келгенде мүлде өзгеше көзқараста сөйлеп кетті. Сонда байқағаным, бір шаңырақтың астында, бір кемеде жүзіп келе жатқанымызбен, кез келген оқиғаға беретін бағамыз екі түрлі екен. Бір мемлекетте өмір сүріп отырып, саяси оқиғаларға екі түрлі баға беруіміз орыс тіліндегі ақпарат жұмысы мен идеологиясының жемісі. Бұл өте қауіпті мәселе.



**Кәкен Қамзин:** – Бүгінгі көтеріліп отырған мәселе өте ауқымды. Бұл тек Қазақстан мемлекетіне, қазақ ұлтына қатысты емес. Біз, адамзат баласы, қайда бара жатырмыз? Прогресс жолына түстік пе? Бірбірімізді түсіне аламыз ба? Осы әлемдік кеңістіктегі Қазақстанның орны қайсы? **«Шекара деген территориялық категория ма?» деген мәселелерді еске аламыз. Территориялық ұғым тек қана жерге байланысты емес, біздің рухани, мәдени, ақпараттық кеңістікке де қатысты жайттар. Ақпараттық қауіпсіздік мәселесі теориялық жағынан да, практикалық жағынан да терең зерттеуді қажет ететін мәселе. Әсіресе, қазіргі кезде бұған экономикалық, мәдени, саяси мәселелер ықпал етеді. Бұл тек коммуникация, журналистикаға қатысты**

**мәселе емес.** Осы ретте Қазақстандағы зерттеушілер, Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты айтылды. Батыстағы футурологтар, саясаттанушылар бұл мәселені баяғыда зерттеген. Э.Тоффлер, К. Поппер ақпараттық қауіпсіздікті жаһандану тұрғысынан қарастырған. Жаһандану – жаңа әлемдік идеология, жаңа либерализмнің американдық нұсқасы. Елімізге ақпараттық қауіпсіздіктің әлсіздігінен бізге осы идеология еніп жатыр. Мына нәрсені атап көрсеткім келеді. Осыдан қорғану мәселесі қалай?! **«Біз тек технологиялық, мәдени сүзгілер арқылы қорғанамыз ба?»** деген мәселе алдымыздан шығады. **Менің ойымша, жалпы халықты ағартудан бастау керек. Бізде 90 жылдардағы ақпараттық дүмпу қазір жоқ, керісінше, ақпараттық жайма-шуақтық орын алған. Мүлгу бар секілді. Міне, сондықтан, ақпараттық кеңістіктегі бізге төніп тұрған қауіпті халыққа жеткізу үшін халықты ояту қажет. Бұрындағы қару-жарақтың көптігінен, аштық, экологиялық және техногендік апаттардан қорқатынбыз. Ал, қазір алдымызда кесе-көлденең шығып тұрған – ақпараттық қауіп-қатер. Ақпараттық қауіп адамның санасына, психикасына әсер етеді.** Қазіргі ақпаратты жүйелеудің орталықтары Батыста болсын, Ресейде болсын осы мәселемен айналысып отыр.

**Біздің елде ештеме жасалып жатқан жоқ деп ауызды құ шөппен сүртуге де болмас. Біздің президент БҰҰ-ның бір жиынында ақпараттық кеңістікті реттеу туралы сөз сөйлегені бар. Бірақ, оның қаншалықты пәрменді болғаны, елдің көкейін жетіп, әлемдік саясаткерлердің көңілінен шыққаны өз алдына бір мәселе. Сонымен қатар,Елбасы Малайзия сапарынан кейін Малайзияда гуманитарлық пәндер ана тілінде, ал, жаратылыстану ғылымдары ағылшын тілінде оқытылатынын айтты. Осы пікірден идеологияның тұтқасын ұстап отырғандар бір қорытынды шығару керек еді. Өйткені, гуманитарлық пәндер дүниетанымды қалыптастырады. Менің ойымша, бұл жайтты білім бағдарламасына енгізу керек еді.** Біз ЖОО-да қазір Болон үдерісі, Англо-саксон жүйесі бойынша оқытып жатырмыз, ал, бұл түбінде қайда апарады деген мәселе көкейден кетпейді. Бұл да ақпараттық қауіпсіздікке қатысы бар мәселе. **Қазір журналистиканы зерттеп жүрген мамандар, «ақпараттық журналистика басым болуы керек» деген пікірді алға тартады. Менің ойымша, бұл қисынсыз. Біз адам баласы болғаннан кейін рухани дүниелер: мәдениет, әдебиет мәселелер көрініс табуы керек. Журналистиканың тек ақпараттық сипат алуы біздің ақпараттың кеңістігімізді жүдету деген сөз. Еш уақытта көркемдік, эмоция және аналитикасыз журналистика алға баса алмайды. Екі салада да ақпарат бар.** Тағы бір мәселе англо-саксондық мемлекеттер ақпараттың қауіпсіздікті жаһандану тәсілімен біржақты игеруге көшті. Соны бізге тықпалай бастады. Біз осыған көндігіп келе жатқан секілдіміз. Біздің қарсы шығатын идеологиялық мүмкіндігіміз болса да, енжарлық па, әлде ұлттық мінездің салдарынан ба, біз осыған әбден төселіп алдық.

**Біздің қазақтың бағы да, соры да бірнеше тілді меңгеруі: қазақ, орыс және шет тілін біледі. Өйткені, тіл білу арқылы өзгенің идеологиясын тез сіңіріп аламыз. Жан-жақты оқимыз, білеміз. Сөйтіп, Батыста қалай, біздің ұлттық менталитет қалай деген екіұшты сұрақтар көкейімізде тұрады. Орыстілді қазақтардың соры: өз тарихын, белгілі тұлғаларын, теориялық және практикалық еңбектерді білмейді. Өйткені, тілді меңгермеген немесе ауызекі тілден аса алмайды. Сондықтан, Қазақстанның ғылыми өрісінде инновация, жаңалық жоқ деп ойлайды. Сөйтіп, басқа идеяларға қосылып кетеді. Мұны айту себебім, біз ағартушылық мүмкіндігімізді әлі де еселей түсуіміз керек.** Қазақтың дарынды перзенті, бірден бір халықаралық журналисі Әнуар Әлімжанов ағамыз: **«Қазақ үшін ағартушылық дәуірі әлі біткен жоқ»** деп айтатын. Осы сөз қазір де маңызын жойған жоқ.

**Аманхан Әлімұлы:** – Қазақ тілінде және орыс тілінде жазатын журналистер туралы жақсы әңгіме қозғалды. Орыс тілді журналистер тек «өз алаңдарында

ғана ойнайды». Мәселен, олар қазақтілді басылымдарда қандай мәселелер жазылып жатқанын білмейді. Ал, қазақ журналистері орыс басылымдарында не жазылып жатқанын біліп, бағыт-бағдар ұстанып отырады. Сөйтіп, талдап, талқылауға келгенде екі жақты пікір айтады. Бір кездері қазақтілінде шыққан мақалаларды орыс тіліне аударып басатын «Дайджест» деген басылым бар еді. Сонда қазақ басылымдарының көтеріп жатқан мәселесін оқып, орыстілді қауым таңқалған. Қазақ басылымдары экономика, саясат мәселелерін жаза алмайды деп ойлауы мүмкін. Бірақ, олай емес. Орыс басылымдары әлемдік қалыпқа, нақты айтқанда Ресейдің қалпына түсуге ұмтылады. Ал, қазақ басылымдары әлемдік кеңістікке өзіндік ойды апарғысы келеді. Бірақ, оған көмектесіп жатқан билік жоқ.

Қазір электронды басылым жасау мәселесі көтеріліп жатыр. Меніңше, бұл асығыс жасалып жатқан шара. Мұндай ақпараттық кеңістіктегі қадамды біздің географиялық жағдайымыз көтермейді. Халықтың сауаты да оған жете бермейді. Қағаз басылымды құрту деген сөз ақпараттық қауіпсіздіктегі ең қатерлі нәрсе. Яғни, біз жарты оқырманды сауатсыз қалдырайын деп отырмыз. Өйткені, бұл процеске біздің орта жастан жоғары аудитория дайын емес, жастар дайын болғанымен санасы қалыптаспаған. Сондықтан, мемлекет басылымдарды электронды нұсқаға айналдыруға келгенде өте сақтықпен, салиқалылықпен карауы керек сияқты. Бұл тұста эволюциялық даму қажет, асығыстық болмауы тиіс. Ақпараттық қауіпсіздік мәселесінің бір ұшы осында деп ойлаймын.

**– Ақпараттық кеңістігімізді қалай қорғауға болады?**

**Әбдірашит Бәкірұлы:** – Дөңгелек үстелдің барысында айтылған ойдың барлығы бір қорытындыны сұранып тұр. Ол – ақпараттық қауіпсіздік мемлекет билігінің шешіміне тікелей байланыстылығы. Профессор Кәкен Қамзин айтып кеткендей, англо-американдық либерализм қазір әлемді жаулап жатыр. Сол ақпараттық жүйе бізге, яғни, Қазақстанға еніп келе жатыр. Осыдан сақтануға тиіспіз.

**Дос Көшім:** – Меніңше, бізде екі жол тұр. Егер, біз демократиялы мемлекет болатын болсақ, ақпарат бостандығы болуы керек. Бұл бір жол – шетелдің ақпаратты шектеу мәселесі. Екіншісі – оны жүзеге асыру. Меніңше, шектеудің пайдасы болса да, ол жолмен ешкім де қазіргі түпкі мақсатына жетіп жеңбеген. Мысалы, Ресейден келіп жатқан көптеген бұқаралық ақпарат құралдарының ішінде теріс бағыттағыларға тыйым салып, Қазақстанға жібермеу мәселелерін көтеру керек. Ал, басқа кез-келген нәрсені шектей беруге қарсымын. Бірақ, біздің бұқаралық ақпарат жүйесі соған жауап бере алатындай күшті болуы тиіс. Мысалы, олардың жүргізіп отырған жұмыстарын сараптайтын адамдар шығу қажет. Олардың ойларындағы арам пиғылды аңғарып, жұртқа ой тастау керек. Біріншіден, біздің журналистер қауымы, саясаттанушылар, әлеуметті зерттеушілер, біз осыған дайынбыз ба?! Екінші мемлекет соған мүмкіндік бере ме?! Ертең соны айтқан журналистерді қудаламайды ма?! Міне, осы екі мәселені шешіп алу керек.

**Кәкен Қамзин:** – Аманхан қағаз форматты басылымдар туралы мәселені көтерді. Бұл қағаз басылымдар батыста да, Америка да, Англияда да тоқтаған жоқ. Электронды басылым дамыды, онлайн журналистика дүниеге келді екен деп ешкім де қағаз басылымнан бас тартпады. Бұл – біріншіден. Екіншіден, Абай.кз порталы «Қағаз басылымды газеттер керек пе?» деген сауалнама жүргізіп жатыр. Сауалнаманың нәтижесінде қазір қағаз басылымдарды қолдаушылар көп.Бұл қағаз басылымдардың әлі де біздің мына ақпараттық кеңістіктен кете қоймайтынын көрсетеді.

Дос Көшімнің пікірін жандандыра түсейін. Бізде 90 жылдарда қарсы насихат болатын. Жириновский сияқтыларға бірден не телевизия, не қағаз басылымдар арқылы қарсы пікір айтылатын Ал, қазір, 2000 жылдардан кейін сол үрдістің қайда кеткені түсініксіз. Неліктен жойылып кетті?! Оған біздің журналистер де, саясаткерлер де дайын. Кез-келген уақытта жауап бере алады, олардың интеллектуалдық дәрежесі де жетеді. Міне, осы нәрсені бізде есте ұстауымыз керек.

Ең **бірінші** қазақ үшін қазір не керек?!

Меніңше, қазақ үшін ең бірінші демографиясын көтеру керек. **Екінші** – тарихымыз бен тіліміз. «Фейсбукт» әлеуметтік желісінде қазақ тарихынан көптеген суреттер жүр. Олар Алтын орда дәуірінен бастап, күні бүгінге дейін орыс және батыс суретшілерінің салған туындылары. Оларды жүйелеп, «Суреттер тарихы» деген оқу құралын шығарса. Оны мектептер, ЖОО-на, өзге республикаларға, ондағы қазақтар қоныстанған аймақтарға тарату керек. Сонда жастар ел тарихын біледі. Кезінде өзге елдерге билік жүргізгенімізді өз көзімен көреді. Міне, ақпараттық кеңістікті қорғаудың бір жолы осы болады.

Тағы бір айта кететін нәрсе, бізде гуманитарлық мәселелерді, әсіресе, ақпараттық кеңістікті қорғау, ақпараттық қауіпсіздік мәселесіне байланысты зерттеулер тапшы. Болған күннің өзінде практика жүзінде енгізіліп жатқанын байқамадым. Сондықтан, біздегі санаулы зерттеу институттарының өз міндеттері болуы тиіс. Біріншіден, ақпараттық сала даму заңдылықтарын зерттеу керек. Және қорытынды шығарып, ұсыныс ретінде біздің газет-журналдарға, радио мен телевизияға, яғни, біздің билікке жеткізу керек. Екінші, ақпараттық қауіпсіздік қазіргі тіршіліктің маңызды екенін сол зерттеулер арқылы дәлелдеп шығу керек. Үшінші ақпарттық кеңістікті қорғаудың әдістері мен өлшемдерін, критерийлерін жасап шығаруға тиіспіз. Қазақстан ұлттық ақпараттық кеңістікті қорғаудың осындай үш мәселесін алға қоюымызға болады.

**Есенгүл Кәпқызы:** – Онлайн-басылымдар туралы пікірімді айта кетсем. **Біріншіден,** жалпы қазақ халқының ресми санақ бойынша 44 пайызы ауылды аймақта тұрады. Оның 90 пайызы қазақтар. Ал, ауыл-аймаққа интернет жеткен жоқ. Сондықтан, болар ауылдық жердегі жұмысы бар, көзі ашық деген адамның өзі электронды почта мен сайтты ажырата алмай отырады. Сондай жағдайда отырғанда қазақ бұқаралық ақпарат құралдарын жауып, интернетке көшіру дұрыс емес. Оған көшу үшін әуелі, біз халықты дайындаудан бастау керек.

Тағы бір айтатын дүние, қазір интернет те радио, телевизия сияқты тәрбие құралына айналып барады. Жас, мектеп жасындағы балалардың өзінде кем деген бірнеше әлеуметтік желіде өз парақшасы бар. Бізде тағы бір мәселе тұрады, Дос аға айтып кеткендей, біз интернетті пайдаланушы адамға не бере аламыз деген сауал туындайды. **Интернетті жақсы жағынан және де кері жағынан пайдалануға болады. Сонда бізде қазақ контент (мазмұн - автор) бар ма дегенде, аузымыз тағы да күйіп қалады. Бізде жоқ емес, алғашқы қадамдар бар. 2008 жылдан бері қазақ тілді контентті дамытуға деген оң қадамдар жасалуда. Бізде мақсат пен идея бар да, бірақ қолдау тапшы болып отыр. Былтыр қазақша сайттар форумында, «Қазконтент» өкілдері «Біз 400 сайттың тұсауын кескелі жатырмыз» деп ауыз толтырып айтты. Ал, бүгінде сол ашылған сайттар қайда кеткенін білмейміз. Сол кезде біз жоқтан бар жасағанша, бар дүниеге қолдау көрсетуін өтінген едік.** Тіпті, бүгінде балаларға қажетті қазақ тілінде ақпараттар, мультфильмдер жоқтың қасы. Қызығы, жақында мектеп жастағы балаларымыз «Хэллуиндарыңыз құтты болсын!» деп бір-бірін құттықтап жүр. Бұл шетелдік ақпараттардың біздің балалардың санасына сіңіп жатқанын, ғаламторды жаулап алғанын көрсетеді. **Сондықтан да, біздің алдымызда «интернетті қазақ контентімен қалай толтырамыз?» деген үлкен мәселе тұр.. «Әдебиет» порталы Ikitap секілді пайдалы бағдарлама жасады. Бірақ, ол тым аз. Мысалы, әлі күнге дейін қазақтардың өзіндік электронды почтасы, интернетті дамытуды кешенді бағдарламасы жоқ. Тағы бір мысал, интернетте орыс тілінде кез-келген ақпарат жаза бастасаңыз, сіздің әрбір сөзіңізді дұрыстап береді. Неге интернеттегі қазақ тілінің осы деңгейге жеткізбеске? Біз осыған көңіл бөлмей отырмыз. Сондайақ, біз осы күнге дейін google-аудармаға қазақ тілін енгізе алмадық...**

Дариға Назарбаева бастап, жыл сайын Халықаралық орыс журналистерінің конгресін өткізеді. Неліктен халықаралық қазақ журналистерінің конгресін жасамасқа?! Қазақ жастарының жақсы идеялары жеткілікті. Оны жүзеге асыру үшін мемлекет тарапынан қолдау жасалып, кедергі болмаса игі еді.



# АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК, КИБЕР СОҒЫС және БАҚ ЖАУЫНГЕРЛЕРІ

**Қуандық ШАМАХАЙҰЛЫ,**
**ҚР мәдениет қайраткері,**
**халықаралық журналист**

Қауіпсіздік мәселесін сөз еткенде біз ең алдымен «соғыс» деген ұғымды көз алдымызға елестетеміз. **Қазір соғыссыз, бейбіт заман. Ешкім қару асынып, танктерін айдап, ұшақпен бомбалап шекарамызды бұзып келіп, басып алып жатқан жоқ. Бірақ, бұл жау-жардан мүлде адамыз деген сөз емес. Есесіне мылтықсыз майдан қызып тұр. Қазіргі соғыс бұрынғы соғыстан өзгерек. Бүгінгі әлем оқ атпай отарлайтын ақпараттық соғыс заманы.**

***Жаңа дәуірдегі компьютерлік, ақпараттық-желілік «соғыстың» басты ерекшелігі – ол тыл мен майданға бөлінбейді және онда шекара жоқ. Сондықтан, дәстүрлі соғыстарға қарағанда қаржы аз жұмсалғанымен қаупі мен зардабы ұшан-теңіз. Себебі, бұл соғыста адам баласы көпе-көрінеу оққа ұшып, шейіт болып, жарақат алып, мүгедектікке айналмаса да сананы улайтындығымен бұрынғысынан әлде қайда қатерлі. Тән жарасын емдеуге болады, ал, жан жарасы мен рухани мүгедекті сауықтыру қоғам үшін аса қымбатқа түсетінін ерте бастан түсінуіміз керек.***

Қазіргі ақпараттық технологияның көптеген пайдасы мен артықшылықтары бар. Оны әуелгі кезекте санамалап өтейік: **Бірінші,** жеделдік, **екінші,** экономикалық тиімділігі мен үнемділігі, **үшінші, а**лыс қашықтықтан қызмет көрсете алатындығы, **төртінші, а**қпарат тарату мен қабылдаудың тұтастық сипаты, **бесінші, а**қпаратқа қол жеткізу, оны тұтыну мүмкіндіктің кеңдігі т.с.с. Осындай артықшылықтары мен игіліктеріне қарамастан ақпараттық технология арқылы атқарылатын қоғамдық түрлі қызметтер елеулі қауіп-қатерді де тудырып отыр. Осы себептен, қоғамдағы пайдалы іс-қызметтердің ырғақтылығын қамтамасыз ету, ықтимал шығын мен залалды азайту, инвестициялық тиімділік пен бизнес мүмкіндіктерін кеңейту үшін ақпараттық түрлі қауіп пен зауалдардан қорғану қажеттілігі туындайды.

**Жалпы, қазіргі таңда ақпараттық қауіпті айналып өте алмайтындай күрделі кезеңде өмір сүріп отырмыз. Ең бергісі, жеке компьютеріңіздегі маңызды ақпаратыңыз өшіп қалса, бір өзіңіз ғана емес оның зардабын ұжымыңыз, оған қатысты өзге де мекемелер тартады. Ал, егер мемлекеттік басқарушы органдардың бірі ондай жағдайға ұшыраса, оның барлық құрылымдары жаппай ауырпашылыққа тап болады. Елдің басты мәселелерін шешетін буындардың аппараттарындағы ақпараттардың ұрлануы, өшірілуі тіпті төтенше оқиға саналмақ. Себебі, ондай жағдай қоғам мүддесіне, ұлттық қауіпсіздікке, елдің тәуелсіздігі мен дербестігіне де елеулі нұқсан келтіреді.** Олай болса, ақпарат дегеніміз белгілі бір ұйымның құнды мүлкі мен құрылғылары секілді іс-қызмет жүргізуге, жұмыстың қалыптылығын үйлестіретін негізгі капитал болып саналатындықтан, ол – міндетті түрде қорғалуы қажет. Бұрын біз ақпаратты қағаз бетіне түсіріп, сақтап, өзгеге таратып келдік. Қазіргі таңда компьютер, интернет желілерінің қолданысқа кеңінен енуі оны электрондық, онлайн түрдегі ресурс ретінде сақтап, таратуға көштік.

Бүгінгі таңдағы ақпараттық жүйе аса күрделі әрі синтездік сипатта көрініс табатындықтан кейде адам факторынан тыс

қауіптерді де тудыратын болды. Қазіргі әлем елдерінің байланыс пен қарым-қатынас құралы – Интернет болғандықтан оған ірілі-ұсақты миллиондаған жүйе өзара тіркеліп, қосылады. Нәтижесінде, қыруар уақыт пен шығын үнемделгенімен қаскөйлердің қылмыстық жолмен пайда табуына да мүмкіндік беріп отыр. Сондай-ақ, алапат қиратуларды әкелетін зиянды бағдарламалар да интернет арқылы кең таралып жатыр. **Интернетте мемлекеттік шекара мен шектеу атаулы болмайтындықтан ақпараттық қауіпсіздік мәселесі – бірер ұжым, аймақ, құрлық немесе жеке бір мемлекеттің ғана проблемасы емес. Бұл шын мәнінде, бүкіләлемдік өткір мәселеге айналды. Компьютер, ақпараттық-желілік соғыстың зардабына келсек, табиғи апаттан кем түспейтін жайы бар. Тіпті, оны жаппай қырып жоятын атом, ядролық қарудың ықтимал қаупімен де салыстыруға болады.** Ақпарат – әскери командалауға (бұйрық) да ауадай қажет екенін білеміз. Егер, ақпарат болмаса, бес қаруы сай қандай керемет жасағың да тырп ете алмай қалады. Олай болса, компьютер, ақпараттық-желілік жүйедегі қауіпсіздік мәселесі қорғаныс саласында да елеулі рөлге ие болады.

**Жаңа ғасырда ғылым мен технология қарыштап дамудың биік белестерін бағындырды. Коммуникация, ақпарат алмасу мүмкіндік пен жеделдік мейлінше артып, көз жетпес алып әлемді барынша «кішірейтіп» алақанымызға салып берді. Нәтижесінде, еларалық, ұлтаралық байланыс мейлінше ығайып, қоян-қолтық араласып «доспен» де, «дұшпанмен» бетпе-бет келетін болдық.** Ақпараттық соғыстың сипаты, шеңбері, аланы компьютерлік техника, бағдарламамен қамтамасыз ету секілді уақытпен жарыса дамып отыр. Даму барысында жаңарып, өзгеріп барған сайын күрделене түсуде. Осының өзі істі қалыпты түрде жүргізудің, қауіптің алдын алудың техникасы мен тәсілдерін қысқа мерзімде жедел жасап жетілдіруді талап етіп отыр. **Ақпараттық техника құралдарына, желілерге, бағдарламамен қамтамасыз ету қызметтеріне қасақана шабуыл жасау – ұлттық қауіпсіздікке, қорғаныстық қабілетке зауал төндірумен қатар елімізге қарсы қолданылатын күрес пен текетірестің бір түрі екендігін де жоққа шығара алмаймыз. Компьютерлік, ақпараттық-желі арқылы жүретін соғыстың құралы ядролық шайқаспен салыстырғанда оның қамтитын аумағы, мерзімі, зардабы мен шығыны тобымен емес, жаппай қырып күйрететін сипатты танытып отыр. «Жаппай қырып-жою» қаруының түрі ретінде ендігі жерде ақпараттық жүйені де жатқызбасқа лаж жоқ.**

Компьютерлік, ақпараттық-желі соғысының өзіндік шабуыл түрлері бар. Атап айтқанда: **Бірінші,** E-mail (электрондық пошта) хат түріндегі шабуыл; **екінші,** DOS-шабуыл; **үшінші,** компьютер вирустарының шабуылдары. Оның салдарынан:

*** Ақпараттық қорлар зақымдалады;**

*** Ақпараттық қызмет үзіледі;**

*** Ақпаратты олжалау, ұрлау орын алады.**

Технологиялық прогрестің тағы бір жетістігі болып саналатын әлеуметтік желілердің (facebook, myspace, biznetwork, ВК т.с.с) де пайдасы мен зияны бірдей болып отыр. Оның салдарынан азаматтарымыз жеке құпияларынан айырылумен қатар кері әрекеттерге, қылмысқа, бейберекеттікке, діни секталарға да тартылып жатыр. **Ақпараттық қызметті үзіп тастайтын шабуылдардың да зардаптары баршылық. Зерттеушілер ұсынған мәліметке қарағанда, улы кодтардың 60 пайызын АҚШ және Еуропа одағы елдері, 25 пайызын ҚХР, 15 пайызын өзге елдерінен жіберіледі екен. Бұл тек біздің ел үшін ғана қауіпті құбылыс емес. Улы кодтардың белсенділігі барған сайын артып келе жатқандығы ғаламдық проблема. Бұл трансұлттық деңгейдегі ұйымдасқан қылмыс болғандықтан онымен бүкіл әлем болып күресіп, ақпараттық қауіпсіздікті күшейтуді талап етеді.**

Ақпараттық қауіпсіздік мәселесін айтқанда одан БАҚ саласын тыс қалдыра алмаймыз. Мынандай бір әңгіме бар. Ресей-

Грузия соғысы тұсында бір дамушы елдің телеарнасы бір күні Ресейді жақтаса, келесі күні Грузияны жақтайды екен. Осылай алма кезек жүре берген. Себебін білуге барғандарға белгілі болғаны, телеарнада екі аудармашы кезектесіп жұмыс істейді екен. Бірі – Ресейде білім алған орыс тілді, келесісі – АҚШ-та білім алған ағылшын тілді. Ақпарат көзі қайдан болса, көзқарас та содан бастау алады ғой. Негізі, оқиға орнында өз тілшісі болып, әр ел әлемге өз терезесінен қарағанға не жетсін. **Ал, біздің ақпарат құралдардың қай елде қанша тілшісі бар? Әрине, санамалап бере алмаймыз. Ары кетсе, 2-3-ден аспайды. Негізінен, қазіргі редакциялар мен телекомпаниялардың басты дерек көздері – ресейлік агенттіктер. Сонда, әлемге әлі де болса Ресейдің терезесінен қарап, баға беріп отырмыз. Түптеп келгенде, сөз бостандығы дегеніміздің өзі бұлжымайтын дәл дерек пен шынайы ақпараттан өзге ештеңе емес.** Барды бар, жоқты жоқ деп қана айтатын, дерекке өз көзқарасымыз бен субьективтік пікірімізді тықпаламайтын болсақ тәуелсіз журналист деген сол. **Кейде оппозициялық басылымдарды тәуелсіз баспасөз деп ұғамыз. Ол да қате! Олар бар болғаны, балама ақпарат пен өзге көзқарас білдіруші топтар. Ол да керек. Қоғамда пікіралуандығы болмаса, «бір дауыспен, бір әнмен» алысқа шаппаймыз. Оған мысал – жетпіс жыл жырлаған «әніміз» бүгін қай бұрышта қалды?** Сондықтан, журналист үшін ең қымбаты деректің дәлдігі мен ақпараттың шынайылығы, оқиғаның боямасыз көрінісі. Қалғаны, үгіт-насихат, саяси қырт әңгіме. **Ендеше, ақпараттық қауіпсіздік мәселесін сөз еткенде БАҚ-да жұмыс істейтін мамандарды даярлау ісіне әдістемелік тұрғыдан шұғыл бетбұрыстың жасалуы талап етіліп отырғанын естен шығармауымыз керек. Ол үшін ең алдымен ондаған жылдар бойы қолданылып келген, ішінара әлі де өз күшін жоя қоймаған кеңестік жүйесінің көне тәсілдерінен түбегейлі бас тартып, әлемдік қалып (стандарт) үлгілерін қабылдағаннан басқа жол жоқ. Себебі, қазірдің өзінде білікті медиа-бизнесмендердің, БАҚ саласы менеджерлерінің жоқтығынан еліміз баспасөзі нарығында жарнаманың 49 пайызын ресейліктер иемденіп отыр. Бұл ресми мәлімет бойынша ғана. Ал, іс жүзінде одан көп болуы да мүмкін. Осыншама табыстан көпе-көрінеу айырылып отыруымыздың өзі медиа-бизнеске бейімделген мамандардың жеткіліксіздігінде болса керек.**

Диплом алып жатқан мамандар көп болғанымен, оның бәрі БАҚ талаптарын қанағаттандырмайтыны да рас. Сондықтан, батыстық, америкалық озық тәжірибеге сүйенсек, ұтылмайтынымыз анық. Білім берудің батыстық үлгісінің озық болуының мәні мынада:

*** журналистік білім беру ісінде тәжірибеге басымдық беретіндігінде;**

*** студенттің өз бетімен еңбек етуіне, шығармашылық еркін ой мен іскерлік қабілеттілігін дамытуларына қолайлы жағдай тудыратындығында.**

Алайда, журналистік жоғары білім берудің әлемдік қалыптарын (стандарттарын) жүзеге асыруда елеулі қиындықтар бар. **Ең алдымен ЖОО-ның материалдық базасының сын көтермейтінін атап айтуға тиіспіз. Оның сыртында көптеген университет ректорлары журналистика мамандығының өзіндік ерекшеліктері мен маңыздылығына айтарлықтай мән бермейді де. Соның салдарынан тәуелсіздік жылдарында ашылған факультет, кафедраларда журналистика саласы бойынша білім беруді қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімін даярлаудың деңгейінде ғана қарастырды.** Тіпті, жасырмай айтқанда, журналистика мен филологияны айыра білмейтіндер де баршылық. Олар қоғамда БАҚ-тың, журналистиканың рөлінің барған сайын өсіп келе жатқандығымен, оның демократиялық зайырлы қоғамда «төртінші биліктің» дәрежесіне көтерілетін ықпалымен, қазіргі жаһандану кезеңінде ақпараттық майданда ашық соғыстың басталғанымен, оның өзі ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды бір бөлігі екендігімен санаса бермейді. Сонымен қатар, жергілікті университеттердің

журналистика кафедраларын айтпағанда Астанадағы ЕҰУ-нің өзінде білікті мамандар жеткіліксіз. Сондықтан, мамандық пәндерін өзге саланың адамдарына, көбінесе журналистиканың теориясы мен практикасынан бейхабар адамдарға беріп қоюы жоғарыда айтқан ойды нақтылай түседі. Мұндай жағдайда не істеу керек? Әрине, студенттердің өз бетімен жеке ізденулері арқылы олқылықтардың орнын толтыруға тырысудан өзге амал жоқ. Оның ең бір тиімді түрі – сапалы оқулықтар мен журналистика саласы бойынша жарыққа шығарылған ғылыми-зерттеу еңбектерді білім беру ісіне кеңінен тиімді пайдалану. Әсіресе, студент жастардың журналистика теориясы мен тарихының іргелі туындыларымен етене танысуларына, зерттеп, зерделеулеріне аса ден қою қажет болады. Себебі, олар университет қабырғасында жүргенде оқулықтар мен оқу құралдарын қазіргі заман талаптарымен байланыстырып пайдалануға дағдыланбаса, ертеңгі күні БАҚ-қа барған соң әртүрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді қорытуға қабілетсіз болмақ. Шын мәнінде, ғылыми-зерттеу, талдау-сараптау тәсілдерін ерте меңгерген журналистер көбінесе БАҚ саласында өз қабілеттіліктерін тез таныта алады.

**Журналистиканың зерттеу материалдарының түп нұсқаларын жалпылама түрде ішкі және сыртқы деген екі объектіге бөлуге болады. Жаһандану дәуірінде өз деңгейімізді әлемдік үрдіспен салыстыру, өзіміздің қай тұста жүргенімізді бажайлау, өзгелерден үйрену міндетті түрде қажет етіледі. Оның сыртында, сыңаржақ идеологияның құрсауынан құтылған Қазақстан бүгінде сыртқы әлемге өз болмысымен танылды, ашық қоғамға қадам басумен қатар көптеген игі бастамаларға да мүмкіндік ашып отыр. Қазіргі таңда әлемнің кез келген елінің кітап-құралдарын интернет желісі арқылы пайдалануға, білім беру әдістемелерімен танысуға мүмкіндік бар. Сондай-ақ, қазақ журналистикасы да өзінің даму кезеңдерінде сан қилы зерттеу туындыларын жарыққа шығарды. Алайда, көп жағдайда журналист ғалымдар өздері зерттеген салалары бойынша ғана оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеп шығарумен шектеліп жүр. Журналистиканың теориясы, баспасөз дизайны, журналистика менеджменті, тележурналистика теориясы мен тәжірибесі, медиабизнес, фотожурналистика, БАҚ заңдары мен құқық негіздері секілді көптеген салалар бойынша оқулықтарды айтпағанның өзінде ғылыми мақалалардың өзі өте сирек кездеседі. Оның өзіндік себептері бар. Айталық: оқу процесіне күнделікті араласып жүрген ғалымдардың оқулық жазып әзірлеуге уақыттары жоқ; оқулық жазуға ниеттенген авторларға көрсетілетін қолдау жоқ, атап айтқанда, жазған еңбегі үшін қаламақы төленбейді, өндірістен қол үзіп шығармашылықпен айналысуына мүмкіндік жасалмайды; жазған оқулықтары мен оқу құралдары университеттердің баспаханаларында көп уақыт кезек күтіп, кешігіп жатады. Сондай-ақ, ғылыми кеңестер тақырып бекіткен тұста ең өзекті әрі зерттелмей жатқан тың салаларға жіті көңіл бөлмейді. Бір кездері баспасөз тарихына көбірек ден қойған болса, бүгінде «пәленшекеңнің публицистикасы», «түгеншекеңнің редакторлығы» секілді қамтитын аясы тар, маңызы төмен тақырыптармен тым ұсақталып кетті. Сондықтан, алдағы уақытта журналистика мамандығы бойынша магистранттар мен докторанттарды қабылдағанда, олардың тақырыптарының өзектілігіне жіті көңіл бөлінуі аса қажет.**

Аталмыш жайлардың бәрі де болашақ журналистерді сапалы әрі қажетті оқулықтармен қамтамасыз етуге елеулі кедергі келтіріп отыр. Бүгінде журналистика теориясының тұжырымдамалары мен практикалық қызметтерінің тәсілдерін реформалау қажеттіліктері туындап отырғанда ескі жүйе тұсында жарық көрген оқулықтармен студенттерді алдаркату қисынсыз. **Кеңес одағы тұсында жарық көрген, бір идеологияның тар шеңберінде тұншықтырылған, әлемдік озық ойдан алшақ, көбінесе компартияның**

**кезекті съездері мен пленумдарының шешімдерінен ұзын сонар сілтемелер жасалған, құрғақ уағыздардан тұратын оқу құралдары мен әдебиеттерді қазіргі жастардың талғамдарына сай келеді деуге еш негіз жоқ. Сөйте тұра, оған балама оқулықтар ана тілімізде жасалып үлгермегендіктен ЖОО-ның көп лекторлары сол оқулықтарды немесе Ресейдің әдебиеттерін қолдануға мәжбүр болып жүр.**

Журналистика мамандығына арналған оқулықтардың жалпы мазмұнының өзі студенттердің шығармашылық ой өрістерін кеңейтуге, сөйлеу және жазу мәдениеттерін арттыруларына ықпал етерліктей, оларды ақпарат алу жолындағы алғырлыққа, батылдыққа баулитындай бағытта және жалпы базалық білім беретін пәндермен сабақтасарлықтай болуға тиіс. **Оның сыртында журналистика факультеттерінде сөйлеу және қарым-қатынас мәдениеті, кәсіби этика, эстетика, әлеуметтік психология, саясаттану, экономика, құқықтану секілді пәндердің сапалы оқытылуына айрықша назар аударылуымен қатар, журналистерді дәл осы салалардың базасында даярлау қажет деп білеміз. Журналист-құқықтанушы, журналист-экономист, журналист-саясаттанушы, журналист-бағдарламашы, т.с.с. қос мамандық бойынша даярласа, тіпті тиімді болар еді.**

Тәуелсіздік жылдарында жарық көрген оқулықтардың көбінен тәжірибелік іс қызметке қажет ақыл-кеңестерді, бүгінгі БАҚ тыныс-тіршілігінен жанды мысалдар мен жан-жақты мол мағлұматтар беретін тың ізденістердің ізін өте аз көреміз. **Сондықтан, ЖОО-дағы әріптестеріміз Ресей оқулықтарына ғана бір жақты сүйеніп келеді. Осы орайда АҚШ журналистикасының тәжірибелік іс қызметке бейімделген, қысқа да нұсқа, күрделі ұғымдардың өзін қарапайым тәсілмен ұтымды түсіндірген, көңілге қонымды әрі тартымды оқулықтарын аударып, қолданысқа енгізудің аса пайдалы екендігін атап айту ләзім.**

**Журналистика саласы бойынша отандық ғалымдарымыз бен әдіскерлеріміздің туындылары баршылық. Оны жоққа шығарудан аулақпыз. Алайда, олардың бастырған оқулықтарының таралымы аз болғандықтан, бір ғана оқу орнының аясынан шыға алмайды, өзге әріптестерге жетпейді. Сонымен қатар, журналистика саласы бойынша шығарылған оқулықтарға, кітаптарға, әдістемелік еңбектерге рецензиялар жазылмайды, талдаулар жасалмайды, мерзімді баспасөз арқылы насихатталмайды.**

Сөз соңында, Білім және ғылым министрлігінің назарына үш маңызды ұсынысты жолдаған жөн деп білеміз: ***Біріншіден,*** журналистік білім беретін ЖОО-да қолданылатын оқулықтар мен әдебиеттер басып шығарумен тікелей айналысатын редакциялық алқа ұйымдастырылса. Олар баспаға әзірленген оқулықтармен алдын ала танысып, жарыққа шығарылуына рұқсат беретін механизмді қалыптастырса. Мұндай шағын штатты Астанадағы республикалық «Оқулық» ғылыми-тәжірибелік орталығының бөлімі етіп ашуға да болар еді. ***Екіншіден***, журналистиканың мемлекеттік стандартына, білім беру саласына бақылау жасайтын білікті журналист маман инспектор тағайындау, министрлікте тұрақты жұмыс істету қажет; ***Үшіншіден***, журналистерді қазіргідей қызыл тіл безеп, құрғақ уағыз айтуға бейімдейтін мамандықтың базасында емес, керісінше, экономика немесе заң факультетінің тікелей бөліміне айналдырып өзгертсе, сондай-ақ, жеке факультет емес, керісінше, университеттің дербес, дара кафедрасы етіп қайта жасақтаса, қазіргі БАҚ-дың талаптарына сай келетін сапалы мамандар даярлап шығаруға мүмкіндік туады. Сонда ғана БАҚ менеджменті жолға қойылады және шынайы қоғамдық пікірді қалыптастыратын, ақпарат нарығында бәсекеге қабілетті журналистер қалыптаспақ.

Сайып келгенде, сапалы дайындалған мықты журналист мамандар еліміздің ақпараттық қауіпсіздігін сақтай алады деп білеміз.



**Айдос САРЫМ,**
**саясаттанушы**

# АҚПАРАТТЫҚ КЕҢІСТІКТІҢ БҰЙДАСЫН БОС ЖІБЕРУ – ҚАЗАҚ ЭЛИТАСЫ ҮШІН ҮЛКЕН КҮНӘ

***Әлемдік процестерге көз жүгіртсек, масс-медиа қарқынды дамып, жаһандық ақпарат ағыны толассыз жүріп жатыр. Бұл процесс тоқтауы мүмкін емес. Ал, ең бастысы Қазақстанның ақпараттық кеңістігі осы әлемдік ақпарат ағынының бір бөлігі, секторы. Сондықтан, оның дамуына арнайы бағытын айқындап, концепция жасау күн тәртібінен туындап отырған қажеттілік.Осы орайда, әлеуметтік медиа арқылы Қазақстанның қоғам жол сілтеушісі, белгілі саясаттанушы Айдос Сарыммен ақпараттық қауіпсіздік мәселесін талқылаудың орайы түскен еді. «Ақпарат – идеялар ағыны. Ал, біздің елге жат пиғылдағы идеяларға тек иммунитетті идеямен ғана тойтарыс беруге болады. Және бір күннің шаруасы емес. Бір ақпаратты теріске шығару үшін кейде ондаған жылдар қажет болады», – деді саясаттанушы Айдос Сарым. Қазақтілді ақпараттық кеңістік идеяларға тойтарыс бере алатын деңгейде ме?***

**– Қазіргі таңда Қазақстанның ақпараттық қауіпсіздігі мәселесі жиі көтеріліп жүр. Неліктен?**

– Бүгінгі қолданыста жүрген ақпарат туралы заңнама, оның ішіндегі ақпараттық қауіпсіздік мәселесі 90 жылдардың нарығына бейімделген болатын. Сол кездің түсінігі мен жағдайына сай жасалған еді. Бірақ, ол кезде интернет кең таралмаған кез және бүгінгідей ақпараттық соғыс, текетірес деген мәселелер жоқ болатын. Одан бергі уақыт ішінде Қазақстанның ақпарат нарығында үлкен өзгерістер болып жатыр. Қазіргі кезде ақпарат қоғамға әсер ететін үлкен күшке айналып отыр. Әйтсе де, қазіргі ақпараттық текетірестер жүріп жатқан кезеңде елімізге шетелдік ақпараттың ықпалының жүруіне көз жұма қарауға болмас. Сондықтан, қазіргі уақыт талабына сай тың идеялар мен концепциялар керек.

***Қазіргі көрші елдердегі саяси мәселелер ақпарат нарығында жаңа қауіп-қатерді туындатып отыр. Себебі, бүгінгі Ресейдің ресми телеарналары жүргізіп отырған саясат біздің ұлттық мүддемізге қайшы келуде. Мәселен, қазақ мемлекетін жоққа шығаруы т.б. Одақтас бола тұра, мұндай ақпараттық шабуылдан қалай қорғануымыз керек деген сұрақ туындауы заңдылық. Өкінішке орай, біздің ақпаратқа жауапты ішкі құрылымдар жауып тастау, тыйым салу секілді әрекеттерден ары аса алмай отыр.*** Мәселен, Қазақстанға қарсы пікір жариялаған «Медуза» деген ресейлік сайтқа Қазақстан оқырмандары кіре алмайтындай тосқауыл қойды. Бірақ, ол сайтты қараудың өзге жолдары да бар. Яғни, ақпараттық қауіпсіздікті осындай жолмен қамтамасыз ету деген бос сөз. Мұндай жабу, тосқауыл қою деген саясат еш нәтиже бермейді. Ол бүгінгі тыныштық үшін керек болуы мүмкін.

**– Ақпараттық кеңістіктегі «иммунитетті қалай қалыптастыруға болады?**

– Ақпарат – идеялар ағыны. Ал, біздің елге жат пиғылдағы идеяларға тек идеямен ғана тойтарыс беруге болады. Ол бір күннің шаруасы емес. Бір ақпаратты теріске шығару үшін кейде ондаған жылдар қажет болады. Мысалы, Қазақстанда шекара болмаған деген ақпаратты жоққа шығару үшін том-том кітап жазып, кино түсіріп, талай мақала жазылуы керек шығар. Және бұл нәрсе қазақтың өзін өзі жұбатқанын көрсететін секілді. Қазіргі кезде Ресейдің ақпарат нарығына: телеарналарына шығып, баспасөзінде жарияланып жүрген тарихшысы, саясаткері бар ма? Жұбатудың мұндай

жолын шетелдіктердің былай қойғанда, өз ішіміздегі өзге ұлттар және басқалар оны тыңдап, көріп жатқан жоқ. ***Анджей Вайда деген поляктың әйгілі режиссері: «Тарихи жады мен сана, тарихи оқиғалар тек қана сол туралы тың кинолар түсірілген кезде ғана қоғамдық пікірге айналады» деген. Бізде соңғы 10-12 жылда құбылыс болар қандай кино түсірдік? Осы тұрғыда бізде тиянақты жұмыс жасалған жоқ.***

**– Ақпараттық кеңістікте БАҚ арасында идеологиялық бірлік бар ма?**

***– Қазақстанның ақпараттық кеңістігі орыстілді және қазақтілді дискурсқа бөлініп отыр. Ал, осы екі әлемге қалай тиянақты, идеологиялық өнім бере аламыз? Біздің қоғамның үлкен бөлігінің санасын, ойлау жүйесін қалыптастырып отырған орыс әлемі, яғни, Ресей телеарналары, интернет-сайттары.*** Бұл процесс қаншалықты дұрыс?! Егер, ресейлік ақпараттың ағыны осылай жүре беретін болса, онда біздің телеарналарды Омбы, Орынбор, Томск жаққа өз арналарын қосып, тепе-теңдік принципке көшу керек. Қандай болса да, еліміздегі 22 телеарнаны Ресейдің кабельдік жүйесіне енгізуіміз керек.

**– Бірақ, бұл жайт, ресейлік кабельді арналарға шек қою еларалық текетірестік туындатпайды ма?**

– Мұнда тек ұстанымның мәселесі ғана тұр. Осыны дұрыс жеткізе алсақ болды. ***Ақпараттық қауіпсіздік немесе ақпараттық кеңістікті қорғау дегеніміз шетелдік БАҚ-ты өшіріп тастау деген сөз емес. Ал, оның салдары қандай болатыны, неге апаратынын алдымен ойлану керек. Егер, осындай ойланбаған, жүйеленбеген саясатқа барып, ақпарат мәселесі қоғамдық ушықтыратын болса, бұл қазіргі қазақ элитасы үшін кешірілмес күнә болар еді. Біздің елде шетелдік ақпараттардың үлес-салмағы әр түрлі. Ақпараттық кеңістікте тепе-теңдік жоқ. Мәселен, қырғыздың, өзбектің телеарналарын көре алмаймыз. Қытайдағы Шыңжанның өзінде үш қазақ телеарнасы бар. Неге соларды қарамасқа? Мүмкін, тың ақпарат, жақсы идеялар бар шығар?!***

Тағы бір мәселе, ақпараттық тәуелсіздік деген кезде «символдық» ұғымдарды ұмытпауымыз керек. Мәселен, бірер жыл бұрын басталып, тыйылып қалған латын әліпбиі мәселесі қайтадан алға шығуы керек. Өйткені, әліпбиді ауыстыру ұлт тағдырына әсер ететін құбылыс. Әрине, бұл қадамға жақсы дайындықпен бару керек. Оның салдары әр түрлі болуы да мүмкін. Бірақ, егер тәуелсіз ұлт боламыз десек, осы мәселені қайта көтеруіміз қажет. Бұл қадам болашақ ұрпақтың ақпараттық тұрғыда тәуелсіз болуы үшін жасалған үлкен қадам болар еді. Латын қарпіне көшуді кейбіреулер Ресейдің ақпаратына қарсылық деп қабылдайды. ***Латын қарпінің мәселесі тек қазақ тіліне қатысты. Ақпараттық тәуелсіздікке жасаған ең үлкен қадам осы болмақ. Себебі, болашақ ұрпақ бүгінгі орыс әлемінен алыстайды. Тоқ етерін айтқанда, бүгінгі күннің ақпараттық заңнамасы қазіргі кезеңнің ақпараттық қауіп-қатерінен қорғауға пәрменсіз. Қазіргі міндет, біздің ақпараттық кеңістікті болашақ үшін дайындау.***

**– Өзіңізге белгілі, ақпараттық кеңістік тек технологиялық тұрғыда үлкен әлем. Осы ақпараттық кеңістікті сыртқы күштердің әсерінен қорғау үшін қандай қадамдарға бару керек?**

***– Қазақстанда арнайы ақпараттық тұрғыдан қауіпсіздікпен қамтамасыз ету саласында мықты мамандар жоқтың қасы. Соңғы кездегі жүріп жатқан әлемдегі саяси қайшылықтар біздің саяси доктриналарымызды қайта қарап, жазып шығуға мәжбүрлеп отыр. Сәйкесінше, XXI ғасырдағы ақпараттық дәуірдегі, интернет заманындағы техногендік және технологиялық қауіптерге дайын болатын жаңа мүмкіндіктер мен кәсіби мамандарды дайындау керек.*** Яғни, біздің әскердің белгілі бір бөлігі ақпараттық шпионаж, ақпараттық шабуыл, вирустар, ақпараттық жүйелерді қорғау т.б. төтеп бере алатындай күш керек. Сарапшылардың пікірінше, Қазақстанның ақпараттық кеңістігін түгелімен жаулап алу үшін дайындалған 50-60 маманмен, 40-60 млн. АҚШ Доллары көлемінде қаражат жеткілікті. Біздегі ақпараттық жүйелер, ұялы операторлар және т.б. жүйелерді құрту үшін жоғарыда айтылған күш жетіп жатыр. Мұндай ресурс көршілеріміздің екі-үшеуінде бар. Бір Қытайдың өзінде мыңдаған маман ақпараттық шабуыл, кибершабуылға дайындалып отыр. Сондықтан, ақпараттық қауіпсіздік саласына салғырт қарауға болмайды. Ендеше, біздің ақпараттық кеңістікке, қауіпсіздікке жауап беретін заңнама, сыртқы саяси доктрина және ұлттық қауіпсіздік мәселелерін қайта сараптап, қамтылмай қалған тұстарын қайта қарап, толықтыру керек.

**– Біздің елдегі ақпараттық кеңістікке шетелдік ақпарат ағынының толассыз келуі Қазақстан ақпарат саласының әлсіздігін болмаса сұранысқа ие еместігін көрсетпей ме?**

– ***Жоғарыда айтып өткенімдей, шетелдік телеарналарды жауып тастау арқылы біз ақпараттық қауіпсіздік мәселесін шеше алмаймыз. Ол үшін біздің өзіміздің БАҚ-дары бәсекеге қабілетті, сапасы жоғары болуы керек. Менің түсінігімде, Қазақстандағы телеарналар бір-бірімен ешқандай бәсекеге түспейді, қоғамның назары үшін жұмыс істейтіндері кемдекем. Телеарналар өз функциясы, яғни қоғам үшін қызмет ету керектерін ұмытпаулары тиіс. Әрине,ол үшін сөз бостандығы, ашық, плюралистік ұстаным керек екені тағы белігі. Сондықтан, ақпараттық кеңістігімізге еркіндік беру керек. Және өзіміздің санамызды үйрету қажет.*** Бізде инновация керек деп жатыр. Бірақ, инновация демократиясы әлсіз, тұйық елде дамымайды. Ол тек бәсекелестік қайнап тұрған жерде ғана инновация болады. Біздегі БАҚ-та қайнап жатқан идея, қызып жатқан тірі процесс жоқ. Қайта қитұрқы пікір айтатындарды жолатпауға тырысады. Қаратізім саясаты айналып келгенде қоғамды тұйықтай түседі. Ақпараттық саясат дегеніміз өз заңдылықтары мен қайшылықтары бар саясат болуы керек. Олай болмаса ақпараттық тәуелсіздікке қол жеткіземіз деу бос әурешілік.

**– Ақпараттық қауіпсіздік мәселесі туралы билік не деп жатыр? Халық қалаулылары бұл туралы қандай пікірде?**

– Соңғы уақытта ақпараттық қауіпсіздік мәселесі жиі айтылып жүр. Әсіресе, шетелге кетіп жатқан, сепаратистік, террористік бағытты ұстанғандар өзге ақпарат ықпалында кеткендер. Бұл мәселе Парламентте қойылып жүр. Менің ойымша, ол бірнеше сатылы парламенттік тыңдауларда талқылануы тиіс. Бұл әдеттегі үкімет сағаты мамандар өз ойын айтып, яғни қарама-қайшы пікір айтылса да, осы мәселені төтесінен қойып, үлкен жиын жасау керек сияқты. Бәрін егжей-тегжейлі, ашық түрде талқылау керек. ***Әлемде бірдебір ел өзінің ақпараттық кеңістігін өзге елдің құзырына беріп қоймаған. Біздің елдің ақпараттық кеңістігі «феномен». Қанша жерден одақтас болсақ та, біздің елдің өзіндік ерекшелігі, мақсат-мүддесі, өз ішкі мәселелері бар. Бүгінгі ақпараттық кеңістіктегі кейбір мәселелер қазақ қоғамын*** *тітіркендіріп, оның наразылығын тудыруда. Егер, ресейлік ақпарат легін тоқтатын болсақ, елдегі орыс азшылығының наразылығын тудыратыны тағы рас. Сондықтан, мәселенің басын ашып алу керек.* Біздің елде орыстілді аудиторияға бір идеология, қазақтілді аудиторияға өзге идеология жүргізіп жатыр. Осының салдарынан елдегі шынайы саясат жоғалып кетеді. Мемлекет те үлкен механикалық аппарат секілді, оның басқарушы тетігі бір ғана бұйрықты орындайды. Бұл да сол секілді жағдай. Сондықтан, ондағы ақпарат та біржақты, бір пайымнан туындаған ақпарат болуы керек.

**– Еліміздің ішкі тұтастығын нұқсан келтіріп, іріткі салатын ақпаратты таратушыларға қалай тосқауыл қоюға болады. Мәселен, Қазақстан туралы негативті пікір айтып жүрген Тайшыбеков секілділердің тірлігіне қалай қарсы тұра аламыз?**

– Бұл жағдайда екі жол бар. ***Біріншісі,*** сол Тайшыбековтың әрекетін біздің Қылмыстық кодекс бойынша тексеріп қарайтын болса, ішінде заңға томпақ келетін талай тұстары бар. Жақында ғана мемлекеттік прокуратура арнайы сепаратизмге қатысты мәлімдеме жасады. Осыған қарамастан, Тайшыбеков азаматтарды ашықтан ашық Домбасқа барып, соғысуға шақырған болатын. Енді заң бойынша, Қазақстан азаматтарын мұндай соғыстарға үгіттейтіндер он жылға дейін сотталуы мүмкін. Мемлекетке, оның тұтастығына, егемендігіне қайшы, ұлтараздық наразылықты тудыру секілді мәселелер бойынша Қылмыстық кодекстің бірнеше баптары бар. Менің ойымша, мұндай іріткі салушыларды жазаға тарту саяси мәселелерге еш әсер етпейтін жағдай. ***Екінші жолы,*** ел азаматтарының 90 жылдары қолданған бейресми саясаты. Мұндай елде іріткі тудырушыларды елге сыйдырмай, ығыстырып шығару. Қазір шетелдерде Қазақстанға қарсы саясат жүргізіп жатқандар сол тоқсаыншы жылдары елден аластатылғандар. Бұл сол кездегі биліктегілердің, құқық қорғау органдарының бейресми саясат еді. Дәл қазір бұл саясатты жүзеге асыруға толық мүмкіндіктер бар. Егер, Қазақстанды мойындамайтындар болса, жолы ашық. Бұл әлемде қолданылып жатқан жаза. Мемлекеттің саясатына, заңына томпақ келетін идея айтқаны үшін жазаға тартылу заңды процесс.

**– Біздің ақпараттық кеңістіктің әлсіздігі**

**жат пиғылдағылар оңтайлы пайдаланып отырған секілді...**

– Сөзсіз! Себебі, дін жолына түсіп, Сириядан бірақ шыққандары сол жақтың ақпаратын сіңіргендер, ал, солтүстіктегілер Ресей-Украина конфликтісінде Ресейдің не Украинаның позициясын жақтайтындар бар. Бірақ, Қазақстан тарапы бұған нақты ұстанымы, яғни, өтіп жатқан соғыстың Қазақстанға қатысы жоқ екені және оны біздің ешқайсысын қолдамайтынымыз ақпараттық салада да орын алуы керек. Егер, қазақтілді БАҚ антиресейлік бағытты ұстанса, орыстілді басылымдар ашықтан ашық антиукраиндық саясатын жақтап отыр. Бірақ, екеуі де Қазақстан азаматтары және бір қоғамда өмір сүріп отыр. Біздің елдегі қазақтілді және орыстілді БАҚ осы кезге дейін мемлекеттік тіл, ұлттық саясат және осы екеуінің төңірегінде туындайтын мәселелер бойынша айтысатын. Қазір осындай мәселелер саны артып келе жатыр. Және белгілі бір уақыт өткеннен кейін бұл текетіреске айналуы мүмкін.

**– Келесі жылы бірқатар БАҚ жекешелендіріледі деген сөз бар. Биылдың өзінде кейбір басылымдар қысқарып, веб нұсқаға көшірілді. Бұл процесс еліміздегі ақпараттық кеңістікке қалай ықпал етуі мүмкін?**

– Соңғы жиырма жылдың ішінде Қазақстандағы баспасөз бен баспа нарығы ешуақытта нарық заңдарына бағынып көрген емес. Олар субсидия мен нұсқамаға қарап отыр. Қазақтілді басылымдардың біразы мемлекетке қарайды. Ертең шынайы нарық жағдайына жіберетін болсақ, нарық сынына өткені ғана қалады. Қазір сапалы мазмұны, рейтингісі жоғары, таралымы үлкен басылым некен-саяқ. Егер, келесі жылы біраз басылым жекешеленіп, нарық жолына түсетін болса, бәсекелестік пайда болуы ықтимал. Әрине, өзіміздің әріптестер болғандықтан, бір жағынан қысқаруы өкінішті. Бірақ, бізге шынайы нарық жетпей отыр. Қай басылым қызық, оқырманы көп, журналистері мықты болса, сол басылым ғана ақпараттық кеңістікте қалар еді.

**– Басылымдардың интернет нұсқаға көшірілуі аймақтардағы ағайын үшін қолжетімді ме?**

– Қазір мынадай үрдіс қалыптасып отыр. Басылымдардың интернет нұсқаларының болуы аймақтардағы оқырмандардың газет-журналдарға жазылуға деген ынтасын құртып отыр. Жақсы материалдарды интернеттен оқып алатын күн туды. Шетелдерде арнайы жазылу деген ұғым жоқ. Күнделікті басылымдарды дүңгіршектерден алып оқиды. Тіпті, кейбір мемлекеттерде күніне екі рет басылатын газеттер де бар. Біздің еліміздің аумағы үлкен болғандықтан, мүмкін ауылды жерлерге жеткізіп беру әлі керек шығар. Екінші жағынан ауыл үшін интернет тегін болғаны дұрыс секілді. **Тағы бір мәселе, егер газет-журнал шынымен қызықты болса, оқырман өзі келіп сатып алатын жағдайға жеткізу керек. Бізде көп жағдайда дүңгіршектерден бума-бума болып қайтып жатады. Ол үшін әрине, ең алдымен қызықтың материалдар жариялау қажет. Бұл нарыққа тәуелденуге апарады, ал, нарыққа тәуелділік ізденіске, ізденіс бәсекеге апарады. Бәсеке тың тақырыптарға алып келеді. Шынын айту керек, бүгін халықты ұйықтататын, жақсы сөз айтатын заман емес. Керісінше, халықты оятатын, тыным бермейтін ақпарат заманы. Егер, біз осыны философиялық, психологиялық тұрғыда дұрыс жүзеге асыра алмайтын болсақ, ақпараттық нарығымыз дамымайды. Анығы осы.**

Бүгінгі қазақ редакцияларында мүлгу бар. Редакциялардағы ішкі жемқорлық қазақ ақпараттық кеңістігінің әлеуетін тарылтады, дамуға шек қояды. Мұндай нәрселерді көріп отырған журналистің ізденуге де зауқы соқпайды. Сондықтан, мемлекеттің ішкі ақпараттық қауіпсіздігі туралы айтқан кезде жекелеген редакция ішіндегі олқылықтарды айтпаса тағы болмайды.

**– Кейбір сарапшылар, Қазақстанның ақпараттық кеңістігі 20-30 жылдан кейін түгелімен қазақ тілінде болады деп болжауда. Сіздің ойыңыз қалай?**

– Бұл болжамды біз 5-10 жыл бұрын айта бастағанбыз. Уақыт өзі соған келе жатыр. Қазір қазақтілді интернет кеңістігінің даму қарқыны күшті, оқырмандары сергек. Коммерциялық журналдар пайда болуда. ***Біздің елде орыстілді басылымдар мен қазақтілді газет-журналдар бәсекеге түсіп отырған жоқ. Арасында екі тілді де меңгерген және екі әлемді байланыстырып отырған аз ғана топ бар. Бірақ, екі дискурстың өз ақпараты, мамандары бар. Бірақ, бір өкініштісі, біздегі жарнама нарығы тек орыстілді арнаға жұмыс істейді. Жыл басында елдегі қаржылық сауаттылықты анықтау үшін әлеуметтік зерттеу жүргізілді. Қарапайым қаржы***

***мəселесіне байланысты сұрақтар қойылды. Сонда, оңтүстік аймақтар: Маңғыстау, Қызылорда, Шымкент өңірлерінде қойылған сұрақтарға жауап берушілердің саны 5 пайызға жақын.*** Бұл елдегі нарықтың бəрібір орыстілді кеңістікке кетіп қалатынын көрсетсе керек. Жарнама нарығында, жарнаманы өлшеуші нарықта да бəсекелестік пайда болуы керек.

**– Ақпараттық кеңістіктегі пропорционалдық туралы айтып берсеңіз. Мəселен, телекөрсетілімдердегі қазақ жəне орыс тілдері 50/50. Елдегі медиакомпанияларды шетелдіктер тек 20% ғана иемдене алады. Бірақ, осы пропорционалдық қаншалықты сақталып отыр?**

– Бұл тепе-теңдіктің сақталмауы біздің мемлекеттің олқылығы, қателігі деп есептеймін. Біздің прокуратура, Ақпарат министрлігінің назарда ұстап отыратын бірден бір мəселесі 50/50 сақталуы. Телеарналар қазақтілді аудитортияға бағытталғанмен, орыстілді азшылықты да жоғалтқысы келмейді. Қазір телеарналардың қазақтілді телеаудитория, əсіресе, жастарға деген қызығушылығы жоғары. **Қоғамда байқала бермейтін тенденциялар көп. Бірақ, тепе-теңдіктің бұзылуы субъективті факторлерге: телеарналардың менеджерлеріне, басшылығына келіп тіреледі. Егер, олардың соңғы 10-15 жылда ауыспағанын ескеретін болсақ, олар өздеріне үйреншікті тəсілдермен, түсінікті тілде саясат жүргізгісі келеді.**

Екіншіден, телеарналар арасындағы шынайы бəсекелестіктің жоқтығы олардың аудиториясын құралдардың қисықтығы осындай қисық нарық тудырып отыр. Менің ойымша, 50/50 деген тепе-теңдікті ешбір арна сақтап отырған жоқ. Бұл осы көрсеткішке сайма-сай болсын дегенді білдірмейді. Бұдан жоғары не төмен болуы мүмкін. Бірақ, біздің телеарна басшыларына ұғындыра алмай жүргеніміз қазақ тілінде ең кем дегенді 50% көрсетілім сақталуы керек. Яғни, 50 пайыздан төмен болмау керек. 60-70 пайыз болуы керек. Себебі, Қазақстанның 70 пайызы қазақтар.

**– Сөзіңіз аузыңызда, қазақтың саны 70 пайызды құрайды, неге телеарналардағы тілдік тепе-теңдікті 70/30 деп заңмен бекітпеске?!**

– Қазіргі таңда заңи тұрғыдан белсенділік танытудың қажеті жоқ шығар. Бейресми нарық саясаты болады. Егер, еліміздегі бүкіл телеарналардың қазақ тілінде сайратып қоятын болсақ, қазақстандық аудиторияның назары бірден орыстілді арналарға кетіп қалуы мүмкін. Оларды жоғалтып алуымызға болмайды. Шығар бір жол, орыс тілінде болса да, өзегі қазақша, қазақы мəдениетке сай айтылатын дүниелер болуы керек. Бұл ойды жүзеге асыруға болады. Себебі, біздегі телеарналар мемлекетке бағынады. Жəне басшылықтары мемлекеттен келетін сигналға өте сергек қарайтын адамдар. Айналып келгенде, ақпарат саласындағы диспропорциялар, олқылықтар, кемшіліктер биліктің рейтингіне кері əсер етіп жатыр. Сондықтан, ақпараттың сауатты болуы билік үшін де маңызды болуы керек.

**– Əңгімемізді түйіндей келе, ақпараттық қауіпсіздікті қалай қамтамасыз ете аламыз?**

– Əлемдегі соңғы тенденцияларға сай ақпараттық соғысты кім жеңе алады, жеңіс те, ықпал да, қоғамдық пікір соның жағында болып отыр. Жаңа дəуірдің соғысы қиян-кескі соғыс емес, жойқын қару мен белгілі бір топтың арасындағы қақтығыс. «Гибридтік соғыс» деген жаңа термин пайда болуда. Оны ескеретін болсақ, **біріншіден,** біздің ақпаратымыз өзіміздің нарығымызды түгелдей қамтамасыз ете алатын нарық болуы керек. Сондықтан, ақпараттық кеңістігімізді нығайтамыз десек, біріншіден, отандық ақпарат өз нарығымыз бен ішкі сұранысты түгелдей қамтамасыз ету керек. **Екіншіден,** əлемге шыға алатын деңгейге көтерілуі ауадай қажет. Біздің журналистер, ғалымдар, қоғамдық белсенділер əлемдік нарыққа шыға білуі тиіс. Сонда ғана, біз ақпараттық тұрғыдан əлемге жақындай түсеміз. Шетелдің аудиториянын Қазақстан туралы оң көзқарасын қалыптастыруға күш салуымыз керек. «Қазақстан» дегенде Ауғанстан, Пəкістан секілді дамуы шектелген ел емес, спорты, мəдениеті дамыған ел деп қарап, болашақта үлкен алпауыт елдер бізге ара түсуі мүмкін. Əлеммен байланыс күшейген кезде, сол елдердің қоғамдық пікірі біздік жаққа шығуы ықтимал.

**– Əңгімеңізге рахмет!**

**Сұхбаттасқан Жания ƏБДІБЕК.**



**Сейілбек МҰСАТАЕВ,**
**саяси ғылымдарының докторы,**
**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ**
**Саясаттану кафедрасының**
**профессоры**

# ҚАЗАҚТЫҢ «БІЗДІКІ» ЖӘНЕ «ӨЗГЕНІКІ» ДЕГЕН ҰСТАНЫМЫ НЕГЕ СОҚТЫРАДЫ?

## немесе халық пен биліктің «біз» және «олар» болып жіктелуі

### Талдауға арқау болған жікшілдік

Адамзат тарихының кез-келген кезеңіндегі қоғамдық қатынастар мен әлеуметтік жіктелудің (*стратифика-ция*) негізінде жатқан **«біздікі» және «өзгенікі»** дейтін әмбебап психологиялық айқындауыштар болып табылады. Адам баласы тумысынан жікшіл. **Біздің жіктелетін белгіміз көп: ұлтымыз, дініміз, тіліміз, еліміз, жынысымыз, жасымыз, кәсібіміз т.с.с. толып жатыр. «Біз-өзгелер» болып жіктелу қоғамның дамуына ғана емес, түрлі соғыстарға да, қуанышпен қатар, қайғы-қасіретке де, өрлеу мен құлдырауға да, жалпы, адамның бүкіл өміріне өзінің әсерін тигізіп келеді. «Біз-өзгелер» жіктелісінің егемен елдігімізге ықпалы қандай деген мәселе азамат ретінде баршамызды ойландырып, толғандырары сөзсіз. Саясаттанулық тұрғыдағы талдауға осы жікшілдік мәселесінің кейбір өзекті тұстары арқау болып отыр.**

### Ұлттың өзін-өзі айқындауындағы «біздікі» және «өзгенікі» ұстанымы

Алғашқы қауымдық құрылыстағы ру-тайпалық тәртіптің де, одан кейінгі дәуірлердегі діни, мәдени, ұлттық ерекшеліктердің де астарында **«біздікі-өзгенікі» дихотомиясы** (*грекше «ди» - екі, «томия» бөліну, жарылу*) жатыр. Адам баласының психологиялық тұрғыда **«біздер» және «өзгелер»** болып жіктелуі түрлі соғыстармен қатар, геноцид (***грекше «ген»*** *– тек, ұрпақ,* ***«цид»*** *– өлтіру, қырып-жою*), нәсілшілдік, апартеид (***африкаанс тілінде «шеттету, бөлу»***), **дискриминация (*латынша «бөлу», «түртпектеу»*), ксенофобия (ксено - *бөтен,* фобия – *қорқыныш*), исламофобия (*мұсылмандардан қорқу*), синофобия (*қытай атаулыдан қорқу*), шовинизм (*француз солдаты Николя Шовеннің есімімен байланысты туындаған ұлттық астамшылықты, өзге ұлттарды дискриминациялау мен қанауды білдіретін ұғым*), антисемитизм (*семит тіл тобындағы еврейлерге қарсылық*),** экстремизм, терроризм сияқты толып жатқан жағымсыз «фобиялар» мен «измдер» адамзатқа қарсы жасалатын қылмыстардың да бірден бір себебі.

Әлеуметтік психологияны зерттеуші ағылшын ғалымы Гарри Тэджфел **«біздер-өзгелер»** жіктелуінің әсерінен туындайтын ерекше құбылысты сынақ жүзінде айқындап, «топ іштілік фаворитизм» (***In-group favoritism)*** және «сыртқы топқа (***out-group***) бағытталған агрессия» деген ұғымдарды ғылымға енгізген. «Топ іштілік фаворитизм» (***грекше «favor» - игі ниеттілік, тілектестік***) деген ұғым – өзің мүше болып табылатын қандай да бір топқа тілектес бола отырып, қарсылас бөгде топқа (***аут-груп, сыртқы топқа***) «мысық тілеу» болуды, оған қайтсе де нұқсан келтіруді білдіретін топаралық

мінез-құлықтың құйтұрқы стратегиясы. **Алайда, қарсылас екі топқа да ортақ, топ үстілік жалпы мүдде мен құндылықтар туындайтын болса, онда топ іштілік фаворитизм өзінің мәнін жоғалтады. Мысалы, бір елдің ішіндегі түрлі аймақтың спортшылары команда-команда болып өзара жарысқа түссе, жанкүйерлер де аймақтық белгімен тілеулестік білдіріп, аймақаралық қарсыласу мен бәсекелестік қызады. Ал, әлем чемпионатына немесе олимпиадаға жолдама алған ұлттық құрама жарысқа түссе, ел ішіндегі барлық аймақтардың жанкүйерлері дереу бірігіп, бүкіл елге ортақ команданың тілеуін тілейді. Тап осы теңеуді ел азаматтарына да қатысты қолдануға болады: ел халқын құрайтын әр адам, қандай ұлттың немесе қай діннің өкілі болмасын, өзі азаматы болып табылатын мемлекеттің мүддесін көздеп, қорғауы тиіс. Бүкіл елге ортақ құндылықтар тұрғанда, жалпыұлттық һәм халықтық мүдденің даңғыл жолын соқпақтай тар топтық мүддемен көлденең кесуге тырысу – ақылға сыймайтын іс.**

Осы жердегі баса назар аударарлық жәйт – ұлт мәселесіне келгенде, топ іштілік фаворитизм теріс пиғылдың туындауына ықпал етуі жиі кездеседі. Бұған қандай да бір елдің ішіндегі диаспора өкілдері өздерін өздері мекендеп отырған елдің азаматы ретінде идентификациялаудың орнына, шет елдегі тарихи отандарымен, нәсілдік немесе ұлттық тегімен айқындап, өзге елдің мүддесін көздеп кетуін жатқызсақ болады. **Мәселен, кейбір диаспора өкілдері күнде қасында жүрген, араласқұралас болып кеткен өзінің жерлес отандастарын, кіндік қаны тамған отанын «бөтенсініп», «аут-груп» ретінде санайтыны жасырын емес. Оның есесіне, басқа елдегі, өзі мүлдем таныпбілмейтін қандастарын «біздікілер», яғни, «менің ин-групым» деп айқындап, өзге елдің сойылын соғып, намысын жыртуға даяр. Сәйкесінше, ондайлардың идентификациясы да керісінше, тәні басқа елде жүргенімен, жан-жүрегі басқа елді аңсайды. Шетелдегі қазақ бауырларымыздың көк байрақты Қазақ еліне бүйрегі бұрып тұратыны сияқты, өзімізбен отандас өзге ұлттардың диаспораларына да өзіндік топ іштілік фаворитизм тән.** Яғни, «**біз**» дейтін «**ин-груп фаворитизм**» мен «**өзгелер**» дейтін «**аут-груп агрессиясының**» орындары ауысып, бөгделену орын алады. Мұндайда халық даналығы «**Қасқырды қанша қолға үйретіп, мәпелеп асырасаң да, бәрібір орманға қарап ұлиды**» дейді. Психологиялық бөгделенудің нәтижесінде азаматтық идентификацияның дағдарысы туындайды. Ұлт саясаты осындай дағдарыстардың алдын алып, ұтымды шеше білуі тиіс. «**Біз-өзгелер**» ұстанымының азаматтық өзін-өзі айқындауды тығырыққа тіреуі соғыс (***екі ел арасындағы немесе бір ел ішіндегі азаматтық соғыстар***) кездерінде де орын алатын қиын жағдай. **Яғни, соғыстың аты соғыс, азаматтығы басқа болғанымен, бір ұлттың немесе бір тіл тобының, бір діннің өкілдері бір-біріне қарсы қару кезеніп, оқ атуға мәжбүр болады. Ал, соғысудан бас тартып, топ іштілік фаворитизмге берілу – туып-өскен өз елінің заңды азаматы бола тұра, өзге елге тілеулес болумен тең. Онда Отаныңды сатқан болып саналасың, өзіңнің азаматтық парызың мен арыңның алдында сатқын, азғын болып шығасың. Өкінішке орай, азаматтық соғыстар өршіген араб елдерінде, «гибридтік соғыс» жүріп жатқан Украинада мұндай қайшылықтар жаппай орын алуда. Атам қазақтың «Ішіңнен жау шықса, екі көзің сонда шығады» деуі тегін емес: ел ішінде «біз» және «өзгелер» болып жіктелуге жол беруге болмайды, себебі, оның аяғы жақсылыққа әкелмейді. Мұндай жіктелуден «бізің» де, «өзгең» де сорлап, азап шегеді, нақақтан қан төгіліп, адам өміріне қауіп төнеді, құқықтар мен бостандықтар жаппай бұзылады.** Сондықтан да, мемлекетіміздің ішкі істеріне арам пиғылды сыртқы күштердің қол сұғуына жол бермей, бірін «өзіміз», екіншісін «жауымыз» деп, халықты тілге,

дінге бөлетін арандатушылық жымысқы әрекеттерді ешбір тайсалмастан қатаң тыйып тастауымыз керек. **Мейлі ол жириновскийшіл айдап салушы идея болсын, Лимонов пен Штыгашев сияқтылар сандырақтап айтқан шағыстыру болсын немесе теріс идеялы топ іштілік фавориттердің, яғни, ішімізден шыққан кейбір «шұбар жылан» шовинистердің сепаратистік, экстремистік пиғылдары болсын, дер кезінде орнына қойып, ондай ылаң салушыларға тиісті жауап пен жазаны бере білуіміз қажет.** Қоғамды өзіндік ағзамен (организм) теңесек, ауруды асқындырмай, уақытында ем-дом қабылдау науқас ағза үшін аса қажет шара болып табылады. Кез келген елдің ішінде оның біртұтас халқы, яғни, азаматтары ғана бар, оны бөліп-жаруға ешқашан да жол беруге болмайды. Әрбір қазақстандық азамат осы ақиқатты саналы түрде ұғынса ғана жұмылған жұдырықтай болып, **«Біз – Қазақстан азаматымыз, қазақстандық халықпыз»** деп, бірігіп іс-қимыл жасайды, бейбіт елде бірге өсіп-өнеді. Мемлекет халқының идентификациясы дұрыс болса ғана қоғамдық келісім орнап, саяси тұрақтылыққа қол жеткізуге болады. **Яғни, ел азаматтары шығу тектерінің қандай екеніне қарамастан** (*ұлты, діні, жынысы, әлеуметтік жағдайы т.б.*) **өздерінің тағдырларын тұрып жатқан мемлекет пен сол мемлекеттің негізін қалап отырған төл** (*титулды*) **ұлттың тағдырымен тікелей байланыстырып, азаматтық сана-сезіммен өзін өзі айқындауы тиіс. Бұл жерде ерекше атап өтерлік мәселе – мемлекет құрушы төл ұлттың топ іштілік фаворитизмге бой алдырмауы. Қазақ ұлты мұны үнемі есінде ұстауы тиіс: тарихи дәстүрі теренде жатқан рушылдық, кейінірек пайда болған жершілдік, нарық туындатқан әлеуметтік теңсіздік сияқты жікшілдіктің түрлері топ іштілік фаворитизмге арқау болатын, жоқ жерден «өзге қазақты» іздететін, ұлттық сана-сезім мен ішкі бірлікті бұзатын деструктивті факторларға жатады. Абайламасақ, мұндай жікшілдік түрлері қазақ ұлтын іштен ірітіп, бір-бірін «біздің адам» және «өзгенің адамы», «бөтен» деп алалайтын, өзара аңдысқан қарсылас топтарға бөліп жіберуге қабілетті. Елбасымыздың ұсынысымен Қазақ елінің ұлттық идеясына айналған Мәңгілік ел деңгейіне жету үшін қазақтар алдымен өзінің ұлттық идентификациясын мықтап алуы тиіс: ұлттық сана-сезімін, ана тілін, өзіндік ділі мен дінін нығайтып, ұлтшыл-мемлекетшіл идеология қалыптастырып, титулды этнос ретінде ішкі бірлігін күшейтуі қажет. Жұмылған жұдырықтай, біртұтас титулды ұлт қана мықты ұлттық мемлекет құра алады, елдегі өзге ұлттардың диаспораларын ұйыстырып, біртұтас халыққа айналдырады.** Егемендік пен мемлекеттілік сонда ғана нығаяды, ел халқында өзара сенімділік пен отаншылдық сезімі арта түседі. Қазіргі алмағайып заманда тар ұлттық мүддені ысырып қойып, жалпыұлттық мүддені, азаматтық сана-сезім мен халықтық ұстанымды, ұлттық идея мен мемлекетшіл идеологияны дамытқан ел ғана өзінің тәуелсіздігі мен егемендігін, территориялық тұтастығы мен конституциялық құрылысын сақтауға қабілетті. Халқының ауызбіршілігі бар, ынтымағы жарасқан бірегей ел ғана терроризм, экстремизм, агрессия, экспансия, ғаламдану, дағдарыс сияқты толып жатқан жаһандық сипаттағы қауіп-қатерлердің бәріне төтеп бере алады.

### Халық және билік: «біз» кім, «олар» кім?

**Адамдарды ежелден қызықтыратын тақырыптардың қатарында халық пен биліктің қарым-қатынасы ерекше орын алады. Саяси ілімдер тарихында бұл мәселені талқыламаған ойшыл жоқ болар. Тарихи даму барысында биліктің де неше түрі туындап, тіптен, оны арнайы зерттейтін кратология ғылымы да қалыптасты.** Жалпы алғанда, халық пен биліктің арақатынасын басқару мен бағыну психологиясынсыз көзге елестету мүмкін емес. **Билік психология-**

**сы** халықты өздеріне сендіру, көндіру, мәжбүрлеу, мойындату негізінде басқаруға негізделсе, **бағыну психологиясы** билеушілерге үміт арту, сену, көну, ынталану нәтижесінде олардың айтқанын істеп, бұйрықтарын орындаумен анықталады. Сәйкесінше, бұл арақатынаста да **«біз»** және **«олар»** дейтін антогонистік жіктелу өте ерте кезден қалыптасқан. **Бағзы заманнан бері билік пен халықтың қарым-қатынасы көрінбейтін баррикаданың екі жағындағы қарсыластарға ұқсайды.** Сондықтан да, ежелгі дәуірден қазіргі кезеңге дейін биліктің жақсысы мен жаманын, дұрысы мен бұрысын іздеу барысында оның сан-алуан түрлері туындады. Бірақ, биліктің қаншама түрлері болғанымен, адамзат қауымының басым бөлігі демократиялық билікті таңдап, демократиялық саяси жүйені қалады. **У.Черчилль бұл тұрғыда: «Бұл күнәһар әлемде басқарудың көп түрлері қолданылды және әлі де қолданыс табар. Демократияның кәміл еместігін бәрі түсінеді. Түрлі уақытта оқтын-оқтын қолданылғандарын қоспағанда, демократия – басқарудың ең жаман формасы деген ой дұрыс айтылған»** ***деп, демократияның да кемшіліктері көп екенін, бірақ, өкінішке орай, одан жақсысы жоғын айтқан.*** Антикалық дәуірдегі афиналық демократия мен римдік республикадан бастау алатын халықтық басқару түрі дами келе, бүгінгі күнге дейін жетіп отыр. Тіпті, кейде, республика (***латынша res*** *– іс,* ***publica*** *– бұқара, халық*) мен демократия (***грекше демос*** *- халық,* ***кратос*** *- билік*) құдды бір егіз ұғым сияқты қабылданады. Қазіргі кезде БҰҰ мүше 193 мемлекеттің 140 ресми түрде республика саналса, олардағы биліктің қайнар көзі халық деп танылған. Бұл елдер демократиялық құндылықтарға сүйенеді, заңнамалары да адамның құқықтары мен бостандықтарын барынша қорғауға бағытталған, толып жатқан демократиялық институттар қызмет атқарады. Сөйте тұра, өздерін демократиялық республикаға жатқызатын елдердегі демократияның деңгейі әркелкі. Таңқаларлығы сол, олардың бәріндегі басшылыққа алынатын құндылықтар мен ұстанымдар, қолданыстағы заңнамалары, қызмет атқарушы саяси институттары мен лауазымдары, қысқасы, мемлекетке қатысты белгілерінің бәрі бірдей және демократиялық сипатта (***президент, парламент, конституция, үкімет, сот, сайлау т.б.***). Бірақ, іс жүзіндегі нәтиже әртүрлі: бірінде демократия күшті, екіншісінде әлсіз, енді бірі демократияның атын жамылған биліктің өзге түрімен басқарылуда. Әлемге әйгілі «The Economist» апталық экономикалық журналы дүниежүзінің 167 еліндегі демократияның деңгейін 5 топтағы (***сайлау әділдігі және пікір әр-алуандығы, азаматтық бостандықтар, үкіметтің қызметі, халықтың саясатқа қатысуы, саяси мәдениет деңгейі***) 60 түрлі көрсеткіштермен анықтап, **Economist Intelligence Unit** атты рейтинг жасап, жер жаһанға жариялайды. Оны басқаша, «Демократия индексі» деп те атайды. Демократия индексі бойынша рейтингке кірген елдер үлкен төрт топқа бөлінген: **Бірінші,** толыққанды демократиялық елдер; **екінші,** жетілмеген демократиялы елдер; **үшінші,** өтпелі режим жағдайындағы елдер; **төртінші,** авторитарлы режим орнаған елдер. **Толыққанды демократиялық елдердің қатарында негізінен Еуроодақ** (*әсіресе, Скандинавия елдері*), **АҚШ, Канада, Австралия, Жаңа Зеландия, Жапония, Оңтүстік Корея сияқты 25 ел тұр. Сонымен қатар, Коста-Рика, Маврикий, Мальта, Уругвай сияқты елдер де толыққанды демократияға қол жеткізіпті. Тағы бір қызық нәрсе, толыққанды демократиялық елдердің бәрі бірдей республика емес, олардың ішінде конституциялық монархиялы елдер де баршылық, бірақ, олардың барлығына ортақ ерекшелік – парламенттік демократияның болуы.** Әрине, Демократия индексінен бізді қатты қызықтырғаны посткеңестік кеңістіктегі тоталитаризмнен демократияға өткен елдердің рейтингісі болды. Сөйтсек, ТМД елдерінің көрсеткіші төмендегі кестедегідей екен:

| Толыққанды демократия | | |
|---|---|---|
| — | | |
| **Жетілмеген демократия** | | |
| 34. | Эстония | 7.61 |
| 42. | Литва | 7.24 |
| 47. | Латвия | 7.05 |
| 67. | Молдавия | 6.32 |

| Өтпелі режим | | |
|---|---|---|
| 80. | Украина | 5.91 |
| 93. | Грузия | 5.53 |
| 106. | Қырғызстан | 4.69 |
| 114. | Армения | 4.09 |

| Авторитарлы режим | | |
|---|---|---|
| 122. | Россия | 3.74 |
| 139. | Әзірбайжан | 3.15 |
| 141. | Белоруссия | 3.04 |
| 143. | Қазақстан | 2.95 |
| 151. | Тәжікстан | 2.51 |
| 161. | Өзбекстан | 1.72 |
| 161. | Түркімения | 1.72 |

**Economist Intelligence Unit рейтингіне сүйенсек,** ТМД аумағында толыққанды демократиялы ел жоқ, жетілмеген демократиялы төрт ел, өтпелі режимдегі төрт ел, авторитарлы режимдегі жеті ел бар екен. Демократия индексі бойынша Қазақстан 167 елдің ішінен 143 орын алып, авторитарлы елдердің қатарына қосылыпты. Бұл рейтингтің көрсеткіштеріне талдау жасамас бұрын, мына ерекшелікке назар аударуымыз керек: демократияның жағдайы бір аймақтағы бір елде ғана нашар болып тұрған жоқ, бұрынғы Кеңес Одағының құрамында болған елдердің тең жарымы авторитарлы, ширегі әлі өтпелі жағдайда тұр. **Бұдан қандай қорытынды жасауымызға болады? Посткеңестік халық демократияның не екенін, яғни, халық билігі деген ұғымның мән-жайын әлі толық түсінбейтін сияқты. Адам өзгермей, қоғам өзгермейді. Махатма Ганди айтқандай, «Әлемді өзгертемін десең, өзіңнен баста».** ***Ширек ғасыр уақыт өтсе де, кеңестік тоталитарлық жүйенің кезінде қалыптасқан сыңаржақ ойлау стереотипі халықтың саяси санасына әбден сіңіп, қасаң болып қатып қалғаны сонша, күні бүгінге дейін біздің халық өзін «біз» деп, билікті «өзгенікі» деп бөтенсінеді. Себебі, халқымыз демократиялық даму жолын таңдағанымен, оның мәні мен мазмұнын білмейді. Бейнелеп айтсақ, қандай да бір жаңа бұйымды қолданар алдында оған қоса берілетін нұсқаулығын*** *(инструкция)* ***оқып таныспасаңыз, ол бұйымның не үшін жасалғанын, қалай пайдалану керектігін, пайдасы мен зияны қандай болатынын білмей дал боласыз. «Өзім білемге» салып, бұра тартсаңыз, не жаңа бұйым бүлінеді, не өзіңіз зардап шегесіз. Тап сол сияқты, демократияның да қыр-сырын біліп, меңгеру керек. Біздің қоғамның басты кемшілігі – демократияны әркім өзінше түсініп, әр адам өз білгенін істеуге көшті.*** Қит етсе билікті кінәлап, «Демократия жоқ!» деп, билікті сынап-мінегіш болып алды. Ал, сонда халықтың сынынан көз ашпайтын билік қайдан шықты? Демократиялық қоғамдағы билік сайлау барысында халықтың дауыс беруімен, ерікті түрде, еркін сайланған халықтың өкілдерінен жасақталатынын, сәйкесінше, билік өкілдік жолмен халықтың атынан жүзеге асырылып отырғанын біле бермейді. Демократияның басты механизмі саналатын сайлауға салғырт қарап, абсентеизмге салынып, сайлауларға қатыспайды, дауыс беруге бармайды, нәтижесін қадағаламайды. Демократияда билікке халықтық бақылау жасаудың мүмкін екендігін, халықтың сенімін ақтамаса өкілеттікті қайтарып алуға болатынын, сөз бостандығы бар екенін ойлап, бастарын қатырмайды да. **Заманында Цицеронның өзі «Республиканың әлауқаты азаматтардың мінез-құлқында жатыр» деген екен. Демократияны халық билігі деп білсек, бізде оның дамымай отырғанына ең алдымен халқымыздың өзі кінәлі. Бұл жерде үйреншікті әдетке басып, бас салып билікті кінәлаудың қажеті жоқ, Жозеф де Местр «әр халықтың өзіне сай үкіметі бар» деп әділін айтқан.**

Халық пен биліктің **«біз»** және **«олар»** болып жіктелуінен халық ақырындап саяси өмірден бөгделенеді, ал, билік болса, бірте-бірте халықтан алшақтап, ажырай түседі. Осыдан келіп, халық билігі саналатын демократия өзінің мәнін жоғалтып, автократия, бюрократия, олигархия, плутократия, монархия, криптократия сияқты **«архиялар»** мен **«кратияларға»** өзгеріп сала береді. Сондықтан да, елімізде демократияны дамытамыз десек, ең алдымен халықтың саяси санасын дұрыстауымыз керек. **Социалистік лагерь елдерінің қатарынан шықса да, қазір әлемдегі толыққанды демократиялық елдердің рейтингісінде 17-ші орын алатын Чехияның алғашқы президенті Вацлав Гавел «демократияның жұмыс істеуі үшін білім беру жүйесіне көп назар аудару қажет. Бұл күшті экономикалық жүйенің негізін салады, сондай-ақ, бұл күшті саяси жүйе үшін де берік негіз болады» деп тұжырымдап, чехиялық азаматтардың бойында демократиялық саяси сана мен мәдениетті қалыптастыруға әу бастанақ бар күшін салған.** Демократиялық құндылықтарды насихаттау мен санаға сіңіру ісіне барлық саяси әлеуметтендіру институттарын жұмылдырған. Нәтиже көп күттірген жоқ, Шығыс Европа елдерінің ішінен тек Чехия ғана толыққанды демократиялы елге айналды. Қазақстан да чехиялық тәжірибеден үлгі алып, демократияны жоғарыдан, яғни, билік тарапынан жасалатын жолдау, бағдарлама, нұсқаумен ғана емес, төменнен, яғни, халықтың санасезімінен, азаматтық бастамашылығы мен саяси өмірге қатысуын дұрыс жолға қоюмен де дамытуы керек. Демократия өзіндік қоғамдық құрылыс саналады, олай болса, кез келген құрылыстың бастауы берік іргетастан бастап қаланатынын ұмытпайық. **Демократияны дамытуға барлық саяси әлеуметтендіру институттарын тартып, қоғамдық ғылымдардың әлеуетін кешенді пайдалануымыз қажет. Мысалы, бір ғана саясаттанудың әлеуетін дұрыс қолданып, мектептің жоғары сыныптарынан бастап, арнаулы және жоғары оқу орындарында жаппай міндетті түрде оқыту арқылы демократиялық саяси сана мен мәдениетті қалыптастыруға, азаматтарды саяси қатысуға жан-жақты дайындауға болар еді. Саяси өмірге қатысудың негіздерін игеріп, саяси құқықтар мен бостандықтар, сайлау, саяси партия, өкілеттілік, мемлекет, билік түрлері мен бөлінісі, саяси жүйе, азаматтық қоғам, идеология сияқты басты ұғымдарды білетін саяси сауаты бар азамат демократиялық қоғамның дамуына бір кісідей үлес қосары сөзсіз. Біздің бұл айтып отырғанымыз жай ғана ұсыныс емес, қоғамдағы саяси сауатсыздықтан туындап отырған өткір қажеттілік, билік осыны дұрыс түсініп, тиісті саяси шешім қабылдап, оқу бағдарламаларына өзгерістер енгізер деп үміттенеміз.** Қоғамның саяси санасы мен саяси мәдениеті дұрысталса, халық пен биліктің арасындағы **«біз»** кім, **«олар»** кім дейтін жіктелу жойылып, оның орнын «Биліктің қайнар көзі халық» деген конституциялық қағида басады. Сонда ғана Қазақ елі толыққанды демократиялық мемлекеттердің рейтингісіне ілініп, Елбасымыз межелеген әлемдегі дамыған отыз елдің қатарына қосылуға мүмкіндігі арта түсер еді.

### Командалық-кландық жіктелудегі «біздікілер» мен «өзгелер»

**Саясат әлеміндегі «біздер» және «өзгелер» болып жіктелудің жағымсыз түрлеріне «команда» және «клан» болып топтасу жатады. Бұл өзі барлық мемлекеттерде орын алып отырған келеңсіздік, тек кейбірінде оның ауқымы тар әрі астыртын болса, кейбір елдерде командалық-кландық жікшілдік кең ауқым алып, ашық жүретін деңгейге жетіп отыр. Командалық-кландық жүйені оның басында тұрған көшбасшысыз көзге елестету мүмкін емес, яғни, қандай да бір лидер өзінің төңірегіне мүдделес топты жинайды, ал, мүдделі топ лидерді пір тұтады. Бұл жерде де, жеке тұлғалық «Мен» дейтін сана-сезімнің эгоистік мақсат-мүддесіне сай келетін, «Біздікі» деп қабылдайтын топты айқындап, соған қосылуға тырысатын өзіндік идентификация жатыр. Қарапайым**

**өмір жағдайында адамдардың басым бөлігінде «Ортақ өгізден оңаша бұзау артық» дейтін өзімшіл, жеке тұлғалық сана-сезім басым болады. Бірақ, өмірдің өтпелі немесе дағдарысты кезеңдерінде, ауыр жұмыс немесе жауапты қызмет жағдайларында, қоғамдағы кернеу күшейген сәттерде жеке адам тек өз күшіне сеніп алысқа бара алмасын сезінеді. Басына қиындық түскен адам айналасынан тірек боларлық, өзіне көмек беретін адамдарды іздеп, жеке-ше әлеуметтік және психологиялық көкжиегін кеңейте бастайды.** Осылайша, жеке тұлға өзінің **«Мен»** дейтін шектеулі сана-сезімін бұзып-жарып, өзін саналы түрде қандай да бір қауыммен немесе топпен байланыстыруға жанталаса кіріседі. Мұндай процесті кезінде Карл Густав Юнг психикалық инфляция (***латынша «inflation»*** — *үрлеу, көпірту, кеңейту*) деп атаған. Яғни, жалғыз жүрген адам өзінің жеке тұлғалық шекараларын кеңейте отырып, мүдделес адамдар тобын табу арқылы сол топтың ішінен өзіне қорғаныс, тұрақтылық пен жаңа мүмкіндіктер табуы арқылы жеке идентификациядан топтық идентификацияға өтуі. Осылайша, бір топ ауқымында жағдайы жасқарып, өзін қауіпсіз сезінген сайын, жеке тұлғалық шекаралар да қалыптан тыс ұлғайып, топтық гиперидентификацияға ұласады. **«Жалғыздың даусы шықпас, жаяудың шаңы шықпас»** деген мақал мұндай адамдардың ұранына айналып, жеке тұлға өзін топтан тыс жайсыз сезінетін, топсыз өмір жоқ сияқты көретін психологиялық тәуелділікке ұрынады. **Қазақстанда әкім ауысса да, министр ауысса да артынан бүкіл командасының еріп жүруін психологиялық тұрғыда осы-мен түсіндіруге болады. Ал, топтық мүддені басшылыққа алғандар үшін ұлттық мүдденің құны көк тиын екені белгілі жәйт. «Сенген қойым сен болсаң, күйісегенің бар болсын» демекші, халықтың сеніп тапсырған аманатына қиянат жасап, демократияны жеке бас-тарын байытуға пайдаланып жүрген «командалар» Қазақ елінің көсегесін көгертпесі де белгілі. Әкімдіктер мен министрліктердің қаншама лауазым-ды тұлғалары сыбайлас жемқорлық фактісі бойынша ұсталып, қылмыстары дәлелденіп, бас бостандықтарынан, мал-мүлкі мен атақ-дәрежесінен айы-рылып жатыр. Сонда да тоқтам жоқ. Коррупция дендеген еліміздегі аяныш-ты жағдай қасқырға қой баққызған күлкілі көріністі көзге елестетеді. Өйткені биліктегі командалық-кландық құрылымдардың «бізі» мен «өзге бөтені» мүлдем бөлек.**

Әлеуметтік құрылымдарды зерттеген австриялық қоғамтанушы Альфред Шютц гиперидентификацияға бой алдырған инди-вид топқа кірмейтін өзге қоғам мүшелеріне сенімсіздікпен қарап, бүкіл қоғамды жаудай көріп, үнемі қорғаныс жағдайында жүретінін көрсеткен. **Әсіресе, топтық-командалық гиперидентификацияға ұрынған адамдар үшін дәл өздері сияқты топтарға біріккен гиперидентифи-кациялы «өзгелер» жаудай көрінеді. Ғалымдардың пікірінше, кез келген топаралық жанжалдардың, командалық тартыстар мен кландық «соғыстардың» астарында осындай психикалық ойлау ерекшеліктері жатады екен.**

Саясаттағы **«команда»** құбылысын алғаш байқап зерттеген неміс қоғамта-нушысы Макс Вебер болды. Ол **«Саясат әуестік және мамандық ретінде»** атты еңбегінде батыстық демократиядағы мына бір ерекшелікке мән береді: сайланған президенттің тілеулес командасы немесе сайлауда жеңіп шыққан саяси партияның ұйымдасқан бір топ белсендісі мемлекеттік биліктің шешуші тұтқаларынан түрлі жоғары лауазымдарға ие болады. Сөйтіп, бүкіл билік ым-жымы бір командалық басқаруға өтеді, мұның соңы коррупцияның кең етек жаюына әкеліп соғады деп көрсеткен. Милован Джилас та саясаттағы осындай келеңсіз құбылысты зерттеген. Ол **«Жаңа тап», «Жетілмеген қоғам»** атты еңбектерінде билік басына келген лидер-мен бірге еріп келген команда өз кезегінде көптеген ұсақ командаларды туындататы-нын айтқан, яғни, лидердің командасына мүше әр чиновник өзінің жеке командасы болуын қалайды, одан төменгі лауазымды тұлғаның да өз командасы бар. Осының нәтижесінде, мемлекеттегі бүкіл билік «жаңа билеуші таптың» қолына өтеді, бұл қоғамның жетілмей қалуының басты себебі деп көрсетеді. **Сондықтан да, батыстық ғалымдар саяси лидер мен билеуші**

**партияның команда құруын қауіпті үрдіс санап, бюрократиялық аппараттағы шенеуніктерді кәсіби маман ретінде карауды, кәсіби мемлекет құруды ұсынды. Команда мен клан жүргізген саясатта алдымен топтық мүдде жүреді, ұлттық мүдде оның көлеңкесінде қалып қояды. Кезінде «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасының бір мұраты – кәсіби мемлекетке қол жеткізу болатын, солай бола тұра, әлі күнге дейін командалық-кландық құбылыстан арыла алмай келеміз. Елбасымыз қаншама рет ескертсе де, әкім-қараларымыз командалық психологиядан бас тартпай келеді, билік басында бірнеше кландар бар екені де қоғамдық пікірде көп айтылады. Соның зардабынан сыбайлас жемқорлық өршіп тұр, коррупциямен күрескен сайын бұл қоғамдық дерт асқынып бара жатқан сияқты.** Transparency International халықаралық ұйымы жыл сайын коррупцияны аңғару индексі (**Corruption Perception Index**) бойынша әлемдегі 180 елдегі сыбайлас жемқорлықтың деңгейін анықтап, нәтижесін жариялайды. 2012 жылы Қазақстан коррупция деңгейі бойынша 180 елдің ішінде 133 орында болса, 2013 жылы 140 орынға түсіп кеткен. Бұл ұйымға сенбесек, онда тағы бір басқа ұйым – TRACE International ұйымының 2014 жылғы көрсеткіші бойынша Қазақстан коррупция деңгейі бойынша 197 елдің ішінен 141 орын алған. Көрсеткішіміздің төмендеп кетуінің мәнісі мынада: біз коррупциямен күресіп жатырмыз, бірақ, басқа елдер де қарап отырған жоқ қой, олар да күресуде. Коррупциямен күресте жақсы нәтижеге қол жеткізген өзге елдер алдымызды орап кетуінен біздің рейтингіміз кері кетіп, төмен қарай сырғудамыз. Бұдан қандай ой түюімізге болады? **Қазақстандағы коррупциямен күресу айтарлықтай тиімді емес деген сөз, себебі, біз коррупцияның себептерімен емес, оның зардаптарымен ғана күресіп келеміз. Еліміздің коррупцияға қарсы күресу стратегиясын жетілдіру қажет, коррупцияға арқау болып отырған себептерді жоймасақ, сыбайлас жемқорлықты жеңу жоқ. Ең алдымен командалық-кландық жүйеге ойсырата соққы беріп, мемлекеттік биліктің ашықтығына, мөлдірлігіне, біріздігіне қол жеткізуіміз қажет. Екіншіден, мемлекеттік сатып алу мен мемлекеттік тапсырыс беру жүйелерін қайта қарау қажет. Бұл салада олқылықтар өте көп, сыбайлас жемқорлыққа себеп боларлық кемшіліктер жетіп артылады. Түрлі тендерлер мен байқаулардың қалай өтетінін, «откат» пен «ставканың» не екенін, мемлекеттік тапсырыстың, атқарылған жұмыстарды өткізу мен қабылдап алу процесі қалай жүретінін білмейтін қазақстандық жоқ шығар. Үшіншіден, мемлекеттік шенеуніктердің мәртебесі мен әл-ауқатын көтере отырып, жауапкершілігі мен адалдығына қол жеткізуді ойластыру қажет. Шенеуніктеріміз командалық ауыстүйіске, күн көрістің қамына алаңдамай, өздерінің атқаратын жұмыстарын уайым-қайғысыз, асқан жауапкершілікпен, кәсіби түрде атқаратындай етуіміз керек.** Мемлекеттік қызметке іріктеу жүйесін де жетілдіре түсу қажет. Барлық жағдайы бола тұра сұғанақтық жасап, коррупциялық қылмыс жасаса, қайсы «команда мен кланда» екеніне қарамастан, аямай жазалап, арам жолмен жинап-терген мал-мүлкін мемлекет пайдасына тәркілейтіндей етсек... Шенеуніктің «Біз» дейтін идентификациясы команда емес, өзінің елі, халқы, ұлттық мүддесі болатындай жағдай жасай білсек қана шенеуніктер ұлттық мүддені ойлайды, жұмысын адал атқарып, жемқорлықтан аяғын тартатын болады.

### Мәселенің әлқиссасы

**Қазақстан қоғамында орын алып отырған көптеген проблемалардың астарында «біз» және «өзгелер» деген психологиялық жіктелу жатыр. Ондай жіктелудің болуы адамның табиғатына тән, өмірдегі жіктелу бұрын да болған, қазір де бар, ертеңдері де бола бермек. Бірақ, ұлттық мүддеге қатысты, ұлтымыздың, мемлекеттілігіміздің болашағына қатысты мәселелерде «біздер-өзгелер» жіктелісіне орын жоқ. Дамыған әрі демократиялы Мәңгілік ел боламыз десек, Қазақстан азаматтары өздерін «Біз» біртұтас халықпыз, ал, бұқара мен билік «Біз» біргеміз деген демократиялық тұрғыда идентификация жасап, билік басындағылар «Бізді» команда немесе клан емес, отаным, өз елім, туған халқым деп түсінуі тиіс.**



**Секен ДОРЖЕНОВ,**
**саясаттанушы**

# ДҮНИЕҚОРЛЫҚ: ЖАҚСЫ МА, ЖАМАН БА?

*«Нәпсінің құлына айналғандар тәнін де, жанын да ластайды». Сократ.*

**Дүниеге қызықпайтын оны жинамайтын, жек көретін пенде де жоқ емес пе? Алайда дүниеқорлықты ылғи жаман десек, әділетті бола қояр ма екен? Жұрттың бәрі тек қана тамағын тауып ішіп, киім киіп қана, ештеме жинамай өмір сүре берсе, онда да бірсәрі. Қойылып отырған сұраудың жауабы да түсінікті болар еді. Үйленіп отбасын құрағаннан кейін, әркім шамасына қарай дүние-мүлік, дәулет жинайды. Ол тіптен жақсы қасиет болып есептелінеді. Тезірек құралғандар қашанда мақтауға ылайықты болған. Сондықтан да, қазағым: «түстік өмірің болса мал жи» дегенді айтқан. Абай атамыз: «Әрбір жинақылықтың түбі – кеніш» екенін ескерткен. Олай болса, адам баласы түгел дерлік белгілі бір дәрежеде дүниежанды болғаны емес пе? Адам дүниені неге жинайды?**

**Біріншіден,** бала-шағасының тұрмыстық керек-жарағын қамтамасыз етсем деген ниеттің болуы; **екіншіден,** өзінше баспаналы болып, жұмыстан соң дем алып, қонақ күтіп,.. деген сияқты мүмкіншіліктер жасауға қаражат жинау; **үшіншіден**, еңбекке уақытша жарамай қалғанда (тіптен он күндеп; айлап) ешкімге алақан жаймау қамы; **төртіншіден**, отбасында, той-томалақ, өлім-жітім болғанда, соған тиісті қаражатым болса екен деген тілек; **бесіншіден,** туған-туысқанның, жолдас-жораның жақсылық-жаманшылықтарына жәрдем (қосымша) жасау пейілі; **алтыншыдан**, өзің дүниеден өте қалғанда артыңда **«мал да қалсын, тал да қалсын»** дегендей бала-шағаға қолдан келгенше материалдық жағдай жасап кетуге ұмтылу. **Сондықтан да, данышпан қазағым: дүниенің соңына түсемін деп, адамгершіліктен жұрдай болып қалмау үшін, таза еңбегімен, білімімен, іскерлік қабілетімен жиналған аздыкөпті дәулетіне қанағат ету жағын кімнің болса да есте шығармауды талап етіп отырған. «Бала-шағаның қамы» деген пердемен араны ашыла бермесін деген қазағым: «дүниеге келген әрбір нәрестенің ырыздығын құдай өзі жаратады, өзі береді», «әкенің малы балаға мал болмайды» – дегенді де қатты ескерткен. Ал, Исламның қасиетті Құран кәрімі болса: «біріңнің малыңды бірің нақақ жеп кетпеуді** *(4-сүре, 29 аят)»* **сендер бақдәулеттің бәсекесіне түсіп жүрсіңдер»** *(102; 1-2),* деп одан аулақ болғанға үндейді.

Дәл қазіргі біздің жағдайымыздағыдай, әртүрлі қылмыс, күнә жолдарымен дүние-мүлікті жинап алып: **«біздің дәулетіміз де, әулетіміз де жеткілікті. Бізге азап жуымайды»** (34,35) деп күпірлік жасағандарға, Алланың түбі бір қарғысы сөзсіз тиетіндігінде қатаң ескертеді. Қазекем болса, «дәулетке мас болған айықпайды» деген қауіпті де естен шығармауды жөн көрген. **Шынында да, табан ақы, маңдай термен келген байлыққа ешкім де мас бола бермейді, ал, оны арамнан жинаса, мас болудың да, құтырудың да әкесі сонда. Сөйтіп түптің түбінде бір азғындайды да. Осындай жағдайларды ескерген елім: «көп асқанға бір тосқан» боларын да білген. Әлбетте, елдің бәрі бірдей халықтың аталы сөзімен, талабымен ғана өмір сүрмегендіктен, дүние жинауда адамгершілік шегінен шықпайтын шекараны елдің бәрі біле бермеген де, білсе де оны әмісе құптауды жөн көрмеген. Сол себепті халық дүниеқорлықтың жақсы емес екендігін қанша ескерткенімен, күлкіге мазаққа айналдырғанымен** *(Плюшкин Қарабай образдары жасалғанымен)* **байлық соңына түсушілік кімге де болса көп уақытта** *(кейде әділетсіз де)* **«дүниеқор» деген атты тануға мәжбүр еткен. Бірақ, бала-шағаның, отбасының мұқтажына ғана емес, одан жүз, мың есе асып тасып жататын байлық табан ақы маңдай термен, білімділік, іскерлік қабілетімен, үнемділікпен, ұқыптылықпен қаражат атаулыны көзін тауып жұмсаумен қо-**

**сылған үстіне қосылып, ондаған тіптен жүздеген жылдар бойы, ұрпақтан-ұрпаққа қор жиналса, оның атын «дүние», «қор» демегенде не дейміз? Жалпы, баюға ұмтылу ниетінде** (*болшевиктік көзқарастарды былай қойғанда)* **жаман ештеме де жоқ. «Кедейдің байға, байдың құдайға жетсем дегені», тіптен, әлеуметтік прогрестің ең мықты деген қозғаушы күштерінің бірі екені де белгілі емес пе?** Олай болса, жоғарыдағыдай дәулет, байлық жолдарын қуғандарға дүниеқорлар деп кінә тағу әділетті бола қоя ма екен? Сондықтан, олардың бұл қылығын *адал, адами дүниежандылық* десек болмай ма?! **(*Бұл жөнінде қараңыз: Гаухар Исаева. «Казахстан: рэкет, мошенничество, сутенерство». Алматы, Аль-Фараби, 1995*).** Олай болса, жоғарыдағыдай дәулет, байлық жолдарын қуғандарға дүниеқорлар деп кінә тағу әділетті бола қоя ма екен? Сондықтан, олардың бұл қылығын адал, адами дүииежандылық десек болмай ма? **Ал, байлық мақсатындағы ойтілек, пейіл, қанағат дегеннен жұрдай, қоғамдағы заңдарға қарсы жолдармен, өркениеттілік, адамгершілік принциптерінің талаптарынан мүлдем алшақ, қасқырша шауып бас салып, тіптен, ну тоғайдағы** (*джунглидегідей)* **әлсіздің күштіге жем болатын тәсілімен іске асып жатса, оның аты тойымсыз, арам, жыртқыштық – дүниеқорлық делінсе әділетті болмай ма?!** Қашанда негативті жәйттерге, көріністерге келгенде, алдыңғы жүлдені бермейтін республикамыз, әлде де ТМД-да көш басында келе жатқандаймыз. **Ал, қазіргі біздің өтпелі кезеңдегі жағдайдағыдай, аяқ астынан, яғни, 2-3 жылда-ақ, ұрлап-жырлап, алдап-арбап, қорқытып-үркітіп пара алып, неше түрлі үйлер салып, коттеджер салып, астана облыс орталықтарынан бірнеше жерден пәтер сатып алып, оларды жалға беріп** *(ешбір салық та төлемей)*... **байлығын қоярға жер таппай енді сатып алуға тіптен тікұшақ, ұшақ іздеп, жеркөкке сыймай, аран дегеніңіз ашылған үстіне ашылып, «ашыққаннан құныққан жаман екенін», әсіресе, билік тұтқасындағылар жаппай дәлелдеп, әйгілеп жатса, оның аты жоғарыда сөз етілген екінші анықтамаға, яғни, адами дүниежандылық дегенге ешбір ауызың бармайтын жыртқыштық, нәпсісіздік емей немене? Жалпы, өтпелі кезеңдік жыртқыштық дүниеқорлықпен большевиктік биліккұмарлық бір-бірінен ажырамас біртұтас құбылыс болса керек-ті. Сондықтан да, жыртқыштық дүниеқорлық дегеніміз – большевиктік биліккұмарлық, ал, большевиктік биліккұмарлық дегеніміз – жыртқыштық дүниеқорлық десек қозғалып отырған мәселенің бірталай жағы түсінікті бола ма деймін.**

Дүние-байлық деп есі кеткендер, негізінен өте сараң болып келеді.

Солай аталып қалам ба деп, жыртқыштық-дүниеқорлық жолына түскендер: той жасағанда, құда түскенде, ас бергенде, өлік жөнелткенде көрер көзге тек мақтану мақсатымен дүниеңізді «шашып» жібергені болмаса басқа уақыттарда кедей-кепшіктерге, мүсәпірлерге рақым жасау дегеннен жұрдай тегінде. **Себебі: еңбексіз, қылмысты жолдар мен табылған, жиналған дәулетте адамдылық исі ешқашан болмаған, болмайды. Оған нақтылы бір ғана мысал, 1917 ж, Қазан төнкерісінен кейінгі байлардан жыртқыштықпен тартылып алынған, жиналған большевиктік дүниеқорлық дәлел емес пе? Сол себепті де АҚШ-тың Мәриленд университетінің профессоры Мансур Олсен «саяси бюроны мемлекеттің байлығын үнемі талаушылыққа салған отырықшыл бандит»** ***(«Известия» 1995, 18-сәуір),*** деп өте әділ атаған. Большевиктер партиясының қаймағы – саяси бюро осындай болған соң, өзгелерінің кім екені белгілі емес пе? Соның нәтижесінде КОКП орталық комитетінің бас секретарынан бастап, аудандық бірінші хатшыларға дейін патшалардың, хандардың жағдайында өмір сүрді де, қалың ел, Ресей профессоры Д. Волкогонов айтқандай **«XX ғасырдағы крепостнойлықта, кедейлікте, құлдықта, жалпы сорлылықта күн кешті. Ал, КСРО ыдырап, КОКП тараған соң барлық сатыдағы «көсемдерге» жасалынған ерекше жағдай «жойылғаннан соң» олар қараптан қарап отырып жұмақ тұрмысынан айрыла сала ма, сондықтан жалма-жан қой терісін жамылып, әкім болып шыға келіп: «біздің де күндіз-түні ойлайтынымыз халықтың қамы»** дегенді жалғастырып, бұлбұлша сайрап тек жеу, жұту дегеніңізді он, жүз, тіптен мың есе үдетті емес пе? Ойлағандары тек халықтың қамы болса, неге көпшілік ел-жұртпен басшылар арасындағы тұрмыс жағдай айырмашылығы қазірде де жермен көктей, жұмақ пен тозақтай. Себебі Кеңес өкіметінің кезінде бар байлық мемлекеттікі, халықтікі делінгенімен, ол тек номенклатура деп аталған паразит үстем таптың қолына шоғырланды. Енді болса, бұрынғы партократтарымыз, бандократтарға *(әп жыландарға)* айналып мемлекеттік мүліктерді мейлінше тездетіп өз меншіктеріне көшіруде. Адамзат тарихында ешбір елде, ешбір жерде ешқашан

болмаған түпсіз аран Кеңес Одағындағы кейбір дүниеқоңыздардың көмейінен ашылып сала берді. **Большевиктік, өтпелі кезеңдік жыртқыштық дүниеқорлық үдеп тұрғанда материалдық жоқшылықта отырғанда, көп балалыларға жаны ашымайтынын 74 жыл көзіміз көргенде, өзі туған халқы осылай аш құрсақ жалаңаш-жалпы отырғанда Ресейден, басқа мемлекеттерден артистер шақырып, олардың толық қалталарын одан әрі де қалыңдатып жатқан әсіре қызылдар – дүниеқоңыздықтың жаңарған бір түрі. Ал, нысапты адами дүниежанды байлар қашанда, қай елде де бар. Олар мешіттер, шіркеулер, мектептер, ауруханалар, кітапханалар, мұражайлар, жетімдер үйлерін салдырып қана қоймай, оларға ауық-ауық материалдық жәрдемдер беріп отыр ғой.**

Тағы бір айта кететін жәйт. Дүниемүлікті, байлық атаулыны кейбір адам бақыттың бір түрі деп келген. Бізде бүгінгі күнде осы ойға, тіптен, зиялы атаулылардың да көпшілігі ден қойған сияқты. Материалдық жағдай орташа болса да (*мұның да деңгейін анықтаған ешкім жоқ*) алтынды металдың бір түрі деп қана есептеген, валютаны қағаз деп қана қараған, байлық атаулыны қазақ атамдай «қолдың кірі» деп санаған қанағатшыл адамдар да өзін бақыттымын деп білген. Рас, ондай адамдар қашанда аз болған. **Кейінгі 3-4 жылда пайда болған миллионер, миллиардер адамдардың барлығы дерлік өздерін бақытты санамайтындығы, байлық – бақыттылықтың белгісі еместігін дәлелдесе керек-ті. Нравалық, адамдық көзқараспен қарағанда, әр түрлі жан түршігерлік амал айлалар мен миллионер болып алып, арамнан жиналғанын іші білетіндер: «ақыры не боламын!» – деп қайғырып ұйықтай алмай депрессияға, жүйке дерттеріне ұшырап жүргендер, міне, бақытсыздардың бұларда бір тобы.**

Байлыққа да, билікке де құныққпайтын, тіптен, оларға қызыға да қоймайтындар бақытты ғана емес, ұлы да ма деймін. Себебі, жер бетіндегі ұлы деп есептелінген адамдардың, тіптен, ешбірінің артында аса материалдық байлық та қалмаған ғой. **Айта кететін бір жәйт, ел басқарғандар, зиялылар қашанда адамзат тарихында дүниемүлікдепөліпөшпегендіктенадамгершілік үлгісін көрсете білген ғой. Жыртқыштық дүниеқорлық жаппай орын алған қоғамда адамгершіліктің *(сөз жүзінде ғана болмаса)* исі де болмайтындығы заңды! Және де мұндай қоғамда жақсы келешек болады деу, жұқалап айтқанның, өзінде нағыз утопия.** Жыртқыштық дүниеқорлық жолына жаппай түсушіліктің түбі үлкен трагедияға апарады-ау. Дана халқым: **«өзі тоймастың көзі тоймас», «жақсы арына құл, жаман – малына құл», «жақсыны арман аздырар, жаманды құлқын тоздырар», «құзғын ас таңдамайды»**, деп мұндай қорқаулардың түбі жақсылыққа әкелмейтінін бұдан жүздеген жылдар бұрын-ақ ескертпеп пе еді? Қанша уақыт өтсе де осы аталы сөздер неге ескірмейді? Бұл сұраудың төңірегінде ойналатын басшылар бар ма? Бар болса, неге онша сезілмейді? **Арамдық пен жыртқыштық дүниеқорлық арасындағы ажырағысыз табиғи, органикалық біртұтастық та көңіл бұратын жәйт *(Әлбетте екеуінің арасында айырма да болар, ол жағын философтар анықтар)*. Бала-шағаға жетерлік тамақ, ас, киім-кешек, үй-жай мәшине болған соң, соған қанағат етсе, ешкімді алдамаса, арбамаса, пара беруге мәжбүрлемесе, біреуге қол ұшын бергені үшін ақша, алтын дәметпесе. Жалпы, қазағымның: «өз нәпсісін жеңген батыр» деген аталы сөзінің астарында да, адалдықта жатқан жоқ па? *(Айтпақшыдай: «ақ жүрсең, тоқ жүресің, домаланып көп жүресің!» дегенде мақалымыз бар ғой).***

**«Дүниеге тойдым жетеді!»** дегенді екінің бірі айта бермейді. Дегенмен де, өзінің бар қабілетін халқына, көпшілік үшін жұмсадым деп жүргендер **«барына қанағат тұтпаса»**, ел-жұртта өсіп келе жатқан ұрпақ та азғындық жолға түсе бермей ме? Оның арты не болады? Сократ айтқандай: **«тәні де, жаны да ластанған адамдардан тұратын қоғам»** орнайтындығы даусыз. Капитализмді **«іріген, шіріген қоғам»** деп жүргенімізде, өзіміз сондай болып шықпадық па? **Ақыры бірер процентті байлар болмаса, әлеуметтің көпшілігінің әл-ауқаты төмен. Жоғарыда айтылған дүниеқорлық ниетіміз бұдан ары жалғаса берсе, ірігеннің де, шірігеннің де әкесі сонда болар.**

Тегіс дүниеге ерекше қызығып, оны қуып кете берсе, іргелі ел болуымыз да неғайбыл бола ма деймін. Себебі, айуандық тойымсыздық жолына түскен кісілер үшін **«ел, отан»** деген ұғымдар болмайды. Тек **«байлық», «дәулет»** деген нәрселер өмірдің мақсатына айналады да, сол жолда кімді де болса сатуға барады. Абай атамыз: «тегінде адам баласы, ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ» деп дәлелді-ақ жазған, бірақ, оны есіне сақтағандар тым аз болып отыр.

Байлығының, табысының көзін біліп, одан салық алып отыру үшін іргелі мемлекеттердің барлығында декларация жақсы

жолға қойылған. Бізде ол әзірге өмірге онша енбей отыр. Жоғарыдағылар: «арам жолмен байып жатқандар тойып алсын!» деп отырған болулары керек. **Нысапсыздардың тойғанын күтсек, адам баласының көзінің топырықтан басқаға қанағаттанбайтынын есептесек, сірә, көп күтеміз ғой. Сайып келгенде дүниеге тойымсыздық жер бетіне мыңдаған қанды трагедияларды, Рим, Британия, Ресей, КСРО империяларын туғызды. Бұлардың тарихына үңілсек, ашкөздікке салынған үлкен мемлекеттер де топырағына да тоймаған.**

КСРО ыдыраған соң, егемендік алғаннан кейін бізде кейбір адамдардың пейілі өзгеріп, дүниеқорлық дерті қаулап өсті. Себебі, **біріншіден**, кезінде қанша жерден жек көрсек те, капитализм өмірімізге дендеп еніп, қолдан келгендері жан-жақтан қамтып қалу үстінде, қысқасы кейбір адамдардың арасында «билік қайда болса, дүние-мүлік сонда!» деген солақай принцип етек алып барады. **Екіншіден,** бәрі бір орталыққа бағынып отырған кезде, ашығын айтайық Мәскеуге жазып жүріп, әйтеуір бір шырылдаған шындықтың түбіне жетіп, сирек болса да әділетті шешім қабылданатын еді... **Үшіншіден,** «социалистік» деп аталған қоғам «буржуазиялық» деп аталған қоғам асып бара жатқан түгі де жоқ. Олай болатыны социализм о баста миллиондаған адамның қанымен орнаған ар-ұят, иман, адамгершілік, ақиқат, әділеттілік ... деген өте сирек еді. **Төртіншіден,** адамзат тарихының мыңдаған жылдардан бері қарай қалыптасқан нравалық гуманистік талаптары коммунизм құрушылардың моральдық кодексімен алмастырылып өмір сүргендігімізден «советтік» делінген адамдардың көбінде бұрмаланған, бұзылған мінез-құлық, көзқарас, принциптер қалыптасты. **Ұрлап, пара алып отырып** *(қолынан ұстап алмасаң)* «шіміріқпей» **ұрлаған, алған жоқпын, «көрмедім» деу ауызша, телефон арқылы берілген бұйрықтарынан, нұсқауларынан мүлдем бас тарту, түрлі супер топастарды әлдебір таққа отырған туыс, ағайын, жекжаттың арқасында «жасырын» қолдап, көкке жеткізіп отырғанын мойындамау... сөйтіп, артында сенері болған соң ойына келген көргенсіздікті оңды-солды жасау. Мұның бәрін жасырып, жапқанымен, айдан анық көрінген де, қазірде де көрініп отыр. Гете айтқандай:** ***«Сама эпоха чудовищно громоздит свои преступления и представляет их напоказ».*** **Бұл ойға ешкім ештеңе қоса алмаса керек-ті.** Тек, апырау «өзімнен кейін не болса сол болсын!» деген психология үстемдік ете берсе: «өліп-тіріліп, арұяттан безіп, нысап дегеннен жұрдай болып жинап жүргеніңіз бір күні қатты шашылмас па екен? **Болу да, толу да түбінде бір асып төгілуде болмаушы ма еді? Мыңдаған өмір жылдарынан алынған осындай ұлттық данышпандық ойларымызды да шынымен ұмыттық па?** Бұлтылдатпай айтсақ, жалпы «советтік» деген құрылым табиғатты да, қоғамды да, адамның ойлау жүйесін де, мінез-құлқын да мүлдем бүлдіріп, аздырып, уландырып біткен. Соның нәтижесінде, осының бәрінің бастаушысы, іске асырушы болған КОКП биліктен кеткенімен, қой терісін жамыла қойған оның әртүрлі дәрежедегі, сұрқиялықтан алдына жан салмаған көсемдері «билікте тұрғанда жыртқыштықдүниеқорлық дертінен айығуда» мүмкін емес, «Қорыққан бұрын жұдырықтайды» дегендей билік басына құзғын қарғалардай үймелей толып алған тоғышарлар: «ерте жарықта қамтып қалайық» деген пиғылын ашықтан ашық іске асыруда. Қашанда өзінің қабілетіне, күшіне сенген адамдар мұндайды ешқашан істемесе керек-ті. Біздегі қалыптасып, орын алған большевиктік, необольшевиктік, дүниеқорлық тарихта ешбір болмаған құбылыс. Адамзат тарихында өтпелі кезеңде әркім-ақ қамтып қалғанға тырысқан. Бірақ, дәл біздікіндей көрсеқызар, қомағай, тәсілмен, өз мемлекетінің ішінде отырып алып байлықты жұта беру деген ешбір елжұрттың тарихында кездеспеген кесел.

Адамнан да, көз жастан да, қарғыстан да құдайдан да именбейтін, қорықпайтын *(тегінде: «Құдайдан қорықпағаннан қорық» деген сөз бекерден шықпаған ғой),* жендеттердей болған, айығуы қиынға айналған жыртқыштық-дүниеқорлық жолына түскен айдаһарларға жол беріп, билікте отырғандар *(жемтіктес, сыбайлас болғандықтарынан ғана болу керек)* бүкіл республиканы зұлымдық ордасына айналдырар ма екен деген де қауіп ел ішінде жоқ емес-ті. **«Адамның құлқы түзелмей, құлпы түзелмейтінін» еске алсақ, өркениеттілік, прогресс атаулыларға біз бұрылған сайын, олар алыстап бара жатыр ма? Қалай?** Дегенменде, зиялы қауым тегіс, қалың ел-жұрт, большевизм әкелген жер жүзінде болмаған дүниеқорлықтан ауылын алыс ұстаса, ат төбеліндей болған дүниеқорлық жолына түсіп, дәулет азғындығының даңғылымен кетіп бара жатқандар нені бүлдіріп жіберер дейсің?

«Үмітсіз – шайтан» деген емес пе.

*«У мен дерт» кітабынан, 1997 ж.*



# ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ЗИЯЛЫЛЫҒЫНЫҢ ДАҒДАРЫСЫ

**Әбдірашит БӘКІРҰЛЫ,**
**«Ақиқат» журналы**

**Қазақстан тәуелсіз мемлекет атанғалы үздіксіз реформаларды бастан өткеріп келеді: алғашқы кездегі реформалар социалистік жоспарлы экономикадан капиталистік нарықтық экономикаға өту кезеңі, яғни, «өтпелі кезең» деп аталды. Араға ондаған жылдар салып, біз өтпелі кезеңді аяқтадық. Одан кейінгі басталған реформалар мемлекетті жетілдіру мен экономиканы әртараптандыру бағытта жүрді. Қоғамның рухани өмірі де назардан тыс қалған жоқ: білім және мәдениет саласында ірі жобалар қабылданып, жүзеге асырыла бастады. Осы өзгерістерге назар аударсақ – осыған дейінгі жүргізілген реформалардың барлығы дамуға арналған деуге болады. Сондықтан, қарапайым қисынға жүгінсек, мұндай – үдемелі дамуды қамтамасыз етіп отырған мемлекетте – «тоқырау», «дағдарыс» деген қауіптің «заты түгілі аты жоқ» болуы тиіс еді. Бірақ, қоғамда қазіргі жағдайына деген көңіл бөлушілік ұдайы өсіп келеді:** Ендеше, біздің де еліміздегі «адамдық факторлармен» өлшенетін көрсеткіштерге назар аударуымыз бекерден бекер емес сияқты. Мысалы, «көлеңкелі экономика», «көлеңкелі саясат», «коррупция», «қылмыс» және тағы басқа келеңсіздіктерді тізбелемей-ақ, адамның ең қымбат нәрсесі – «өз өміріне қол жұмсау» (ғылыми айналымда – «суицид») «адамның шарасыздықтың шарықтау шегіне жетіп, ол үшін өмір сүрудің мән-мағынасының толық жойылуы» деп ұғар болсақ, онда өзіне қол жұмсау фактілерінің шамадан тыс көбейіп кетуі: а) **адамдардың тұрмыс жағдайының қиындап кетуін; ә) қоғамның моральдік-психикалық тұрғыда депрессиялық жағдайға тап болғанын; б) мемлекеттің қоғам алдында кетік-кемшілікке жол беруін; г) адамдардың өз болашағына деген сенімінің сұйылуын, арманы мен қиялының күйреуін; ғ) қоғам мүшелерінің «жаттануын», яғни, қоғамның қатігезденуі мен оны немқұрайлылық жайлап алуын; д) қоғам мүшелерінің өмір қиындықтарымен бетпе-бет қалуын; д) қоғамда денсаулық пен білім беру жүйесінің дағдарысын, оның осы фактілерінің алдын алуға қауқарсыз болып қалуын; е) шынайы өмірдің «ақпараттық өмірден» алшақтауын және тағы басқа көптеген келеңсіздіктер туралы хабар береді.** Сөйтіп, бұдан түсінген адамның бір ғана «суицид факторынан» қоғамның шынайы жағдайы туралы көптеген астарлы мағлұмат алуына болатынын көреміз.

Әрине, біздің құрметті оқырманымыз бұл жерде мынадай: **«Автор неге әр адам үшін жағымсыз, тіптен, қорқынышты құбылысқа шұқшия қалды?»** деген сұрақ қоюы мүмкін. Бірақ, оның да өз жөні бар, себебі, мұндай фактілердің көбейіп кетуі, ең алдымен, қоғамның экономикалық депрессияға ұшырауынан бұрын, оның моральдік азғындауынан туындайды. Яғни, бұл – қоғамның зиялылық институтының «жалаңаштануын» білдіретін факторлардың бірі. Мысалы, классикалық әдебиетте өткен ғасыр басындағы «ұлы депрессияда» бұл құбылыстың АҚШ-та жаппай орын алғаны, ал, орыс классикалық әдебиетінде рухани күйзеліске түскен орыс интеллигенциясы арасында «өз еркімен өмірмен қоштасу» кеңінен етек жайғаны жан-жақты бейнеленген. Оның үстіне, ондай қадамға өмірге өте сезімтал, бойында тумасынан зиялылық ұялаған субьект (тасымалдаушы) адамдар жиі баратынын ескерсек – бұл құбылыс **«қоғамның зиялылық дағдарысы»** деп атауға тұрарлық құбылыс болып шығады. Сондықтан, бұдан көп қателік таба қоймаймыз.

**Енді, тікелей тақырыпқа көшерден бұрын «зиялы», зиялылық» ұғымдарының мағынасына түсініктеме бере кету қажет. Өйткені, әрбір халықтың «зиялы» мен «зиялылық» туралы түсінігі бірдей емес,**

**өйткені, бұл ұғымдардың мәні ұлттық мәдениеттен бастау алатындықтан – олардың мазмұны әрқашанда ұлттық сипатта. Ал, біз оны қазақ дүниетанымына сәйкес қарастыруымыз керек.** Біраз жылдар бұрын менің баспасөзде **«Зиялы зиялы емес, әділеттің ақ туын ұстаған зиялы»** атты мақалам шыққан-ды. Сонда, мен осы ұғымдарға ұлттық тұрғыда анықтама беруге тырыстым. Содан бері зиялылық тақырыбында көптеген мақалалар мен зерттеулер шығып жатыр. Бірақ, мен олардан зиялылықтың «ұлттық құндылық» тұрғысында берілген анықтамасын кездестіре алмадым. Сондықтан, қазір сол мақаладан үзіндіні алға тартамын: **біріншіден,** «зиялы адамдар қоғамға қашан да керек – оларсыз қоғамның өмірі сұр. Зиялылар – тарихи процесс барысында өмірде орнығатын жақсы мен жаманды, дұрыс пен бұрысты елеп-екшеуден өткізіп отыратын қоғам сүзгісі, халық даналығы мен дәстүр-салтын ұрпақтан ұрпаққа жалғастырушысы. Қазақ халқы алдымен осы талапты орындауға қарымы бар тұлғаларын ғана зиялы қауым қатарына қосқан. Яғни, қазақ танымында **«зиялы» ұғымы қашанда ел мен жер, ұлт, мемлекет, отбасы, ұрпақ ұғымдарымен ұштасқанда ғана – өзінің төл мағынасына ие бола алады. Халықты ақыл-ойымен, дуалы сөзімен аузына қарата алатын адам – ұлттың бар асыл қасиетін бойына жинақтаған, оның мұңын мұңдай, жоғын жоқтай білетін адам деп түсініледі. Екіншіден,** елімізге нарықтық қатынастар еніп, мемлекет пен қоғам, қоғам мен индивид арасында нарықтық экономикалық қатынастар (капитал қатынасы) үстем бола бастағанына қарамастан, қазіргі қазақ қауымында **«зиялылықтың»** бұл ұғымы әлі де мағынасын жойған жоқ. Сонымен, зиялы деп қазақта кімді айтады? Қазір де **зиялы деп – шығармашылық қабілетті, өмірлік тәжірибесі мол, көргені көп, дүйім жұртты соңынан ілестіре алатын, ұлт пен қоғам алдындағы жауапкершілігін айрықша сезінетін, өздері де өмірдегі мақсаттарының ұлтымен тығыз байланыста екенін айқын ұққан жандарды атау сақталып отыр.**

Бұл анықтаманың ерекшелігі ретінде мұндағы **«зиялылық»** ұғымын **«интеллигенция»** ұғымынан бөліп қарауға деген талпынысты атап өтер едім. Шынында да, қазақ түсінігінде «зиялы адам» қолында дипломы бар интеллигенция емес. Әрине, «қазақ зиялылығы» оқу мен білімді терістемейді. Қайта, ол зиялылықтың ажырамас құрамдас бөлігі саналады. Соған қарамастан, қазақ зиялылығының мағынасы одан кеңірек, тек **«ұлттық мәселе»** деңгейінде айтылса ғана – өзінің төл мағынасына ие болып шығады. Онсыз – оқу да, білім де бос сөз! Сол себепті де «қазақ зиялылығы», көп жағдайда, қазақтың «тектілік» ұғымымен астарласып жатады. Яғни, «**қазақ зиялысы» – ілім-білімді игеріп қана қоймаған, ол алған білімін, жігері мен қайратын, ақылын өзінің қараған қара басының қамына емес, халқының игілігіне жарата білген текті адам»** дегенді білдіреді. Мұнда бұл екі ұғымның, яғни, **«зиялылық»** пен **«тектіліктің»** арасы ажырамаған – екеуі біртұтас конструкция құрып тұр.

Біз кейде «Совет заманын» қатты сынға алуға бейімбіз. Мүмкін, қазіргі дүбара күйден арыла алмай жатуымыздың себебін содан іздейтін болармыз... Бірақ, **«бір жамандыққа – бір жақсылық»** демекші, Кеңес үкіметі қазақты «ауылдық резервацияда» ұстауының арқасында оның мәдениеті мен өнерінің қазақы қалыпта дамуына жол ашылғанын ескермей кетуге болмайды (***Ол «резервация» болмағанда біз өз ұлттық құндылықтарымыздан әлдеқайда тез қарқында ажырап қалар едік***). Мәселен, сол кездегі қалалық ортада дамыған мәдениет өзінің мазмұны жағынан ауыл қазағының түсінігіне сәйкестендіріліп, әдебиет, кино, театр секілді өнер салалары сол бағытта дамып отырды. **Әрине, ұлттық ойлауда жоғары білім беру жүйесі арқылы реттелетін белгілі бір «идеологиялық стандарт» болды. Бірақ, уақыт өте келе, олардың арасынан іріктеліп қоғамға танымал «жүзден бір жүйрік» шығатын. Қазіргі тілмен айтқанда – «элита». «Элита» арасында ойын жетер жеріне жеткізе айтатын, сөзі өткір ақын-жазушылар мен өнер адамдарының беделі ерекше болды.** Айтары жоқ, тура сол заман талабы тұрғысынан, қазақтың ол ұлттық «элитасы» өз міндеттерін адал атқарды – ұлтының нағыз жаршылары, зиялылары бола білді. **Сондықтан, «зиялылық» қазақтар қалың ұйысқан ауылдық жерлерде әлеуметтік институт ретінде танылып, ол халықтың зиялы адамдарға деген зор құрметіне, сұранысына жол ашты. Сөйтіп, қоғамда олардың үніне құлақ түретін, өмірін үлгі тұтатын орта қалыптасты. Миллиондаған тиражбен**

**шыққан кітаптар, кинолар және басқа туындылар сол ортаға қызмет етті. Соның арқасында зиялылар халықпен жүйелі түрде тілдесіп отырды.**

Бірақ, бүгін, тәуелсіздікке қол жеткізген уақытта, кезінде кеңестік билік қалыптастырған, уақтысында қазақ мәдениетінің қарқынды дамуын қамтамасыз ете алған **зиялылық қалпының (стандартының)** быт-шыты шықты. Пародокс?! Қалайша? **Біз тәуелсіздікті армандағанда тәуелсіздік идеясын халық санасында рухани бекітуші, яғни, жаршысы зиялы қауым болады деп күтпеп пе едік? Ендеше, қазір не себептен зиялылықтың қажеті болмай қалды? Осы сұраққа жауап іздеу барысында қоғамның көптеген келеңсіз құбылыстары атойлап алдан шыққандай болды. Мысалы, жоғарыда біз реформалар туралы айта келе, олардың көбі шала орындалған дедік. Сол реформалар сияқты, зиялылыққа тікелей қатысы бар мәдени реформалар да декорациялық сипатта қалып қойды.**

Біз, «Мәдени мұра» бағдарламасы басталар алдында барлық ауылдар мен шағын қалалардағы кітапханалар мен мәдени ошақтарды жою арқылы «зиялылықтың алтын көпірін» қиратып алдық. Енді, оны қалпына келтірмей жатып «Мәдени мұра» деген үлкен жобаны аяқтадық дей аламыз ба? Мысалы, коммуникативті мүмкіндігінен ажырап қалған ол жерлердің қазағы осы реформалардан кейін «мәдениеттеніп» кете алған жоқ. Қайта керісінше, қазақы діл мен зиялылығын коректендіруші генераторы – ауылды «колхоз», ондағы ұлттық болмысты сақтаушы «аккумулятор» халықтың мәдени деңгейін «мәмбетизм» деп Астана төрінен күлетін жағдайға жеттік! Ал, театрда – арзан күлкі мен дарақы қалжың, кинода – атыс-шабыс-секс әлдеқашан нормаға айналып кетті... **Бір мезгіл көшедегі жастардың әңгімесіне құлақ түрсеңіз – олардың бар өмірі кафеде өтіп жатқандай әсер аласыз... Бұрынғыдай театр алдында шоқ гүлін ұстап қыз күткен жігіттер қайда кетті?.. Спектакльдер мен оқыған кітаптарын талқылап, таласып жататын студенттік орта қайда кетті? Оның орнына кафелерде темекінің көк түтініне орана билеген жастар келді... Мен осылай дей отырып «Мәдени мұра» қажеттілігін терістемеймін, оны әр адам қолдана алмайды демеймін. Мені ұлттық санада романтикалық сарынның өшіп бара жатқаны толғандырады,** ***«мәдениетті қоғамда мәдениеттің жетіспеушілігі»*** **өріс алып бара жатқаны мазасыздандырады...** Осының бәрі **қазақ зиялылығының** тоқырауынан белгі береді. Себебі, «армандауға қабілетті халық» «нарцицизмге» шалдыққан, халықтан бөлек – «өз күнін өзі көріп жатқан» билікке керек болмай қалды! Қазір оны **«оптимистік трагедия»** деп бағалаған артық емес.

**Зиялылықтың дағдарысы қоғамда көптеген келеңсіздіктерді тудырады. Мақаланы жазу барысында белгілі публицист Жұмаш Көкбөрі (*фейсбуктегі аты*) өз парақшасында:**

***– «Осы таяуда ғана бүгінде белгілі ел азаматтарының бірімен бүгінгі таңда Қазақстанда қалыптасқан саяси және әлеуметтік жағдай туралы әңгімелесуіме тура келген еді. Аты-жөнін атамауымды өтінген ол ағамыз: – Жұмаш, Қазақтың бүгінгідей ауыр жағдайға тап болып отыруына, ең алдымен, ұлтымыздың өзі кінәлі. Қазақ – өзінің Ұлттық рухын жоғалтып алған ұлттардың қатарына жататынын неге мойындамаймыз? Бүгінгі таңдағы Қазақтың бойындағы басты кемшіліктер мыналар:***

**1. Ащы да болса ақиқатын айтсақ – біздің Қазақ ауызбірлігін жоғалтқан ұлт.**

**2. Мақтаншақтық пен жөнді-жөнсіз мақтануға тым әуес ұлт.**

**3. Қазақ қанша жерден қонақжай, қолы ашық жомарт ұлт десек те, өзгеге шектен тыс емешегі үзіліп тұратын Қазақ өзіне келгенде тастай қатты, кейде мейірімсіз.**

**4. Қазақ – тым бойкүйез ұлт. Ол өзі айтқандай: «еріншектің – ертеңі таусылмас» дегенге сай ұлт. Ұлттың енжарлығы басым болып кетті.**

**5. Биліктің алдында құрдай жорғалауға әзір тұратын, қорқақ, жасық, жағымпаз ұлт екеніміз де рас.**

**6. Қазақ әділетсіздікке қарсы шыға алмайтын тартыншақтығын қазақтың қорқақтығына жатқызуға болатын шығар?**

**7. «Қазақтың өзге жұрттан сөзі ұзын» деп данышпан Абай айтқандай, ұлтымыздың бос сөзге әуестігі, ауыздыға сөз бермейтін сөзшеңдігі, бәрінің ақыл айтуға даяр тұратыны, бірақ, өзі ешкімнің ақылына құлақ түрмейтіні де қазақтың еңсесін көтеріп, есін жиюына көп кедергі**

**болуда»** деп жазыпты (**Жұмаш КӨКБӨРІ, 09.11.2014 жыл**).

Әрине, мұны айтқан авторлардың пессимизмімен келісуге не келіспеуге болар. **Бірақ, мұнда көптеген шындықтың ұшқыны бар екені рас: мысалы, кейбіреулер қазақтың «ру», «жүз» дегенін алға тартып, қазақты «басы бірікпейтін халық» деп кінәлайды. Бірақ, олар шын мәнісінде бұның қазақтың «ұжымдасып өмір сүру» ділінен туындайтын құбылыс екеніне назар аудармайды: бір замандарда табиғатпен, сыртқы жаулармен үнемі бетпе-бет келетін көшпенді халықтың «руласып», «жүздесіп» өмір сүруден өзге амалы қалмаған. Бірақ, отырықшы халыққа айнала бастағаннан бері қазақ үшін «ру» мен «жүз» төңірегінде ұжымдық топтасып өмір сүру маңызын жоя бастады. Ал, қазір ол қазақтың «ұлт» болып қалыптасуына кедергі болып қана қоймай, сонымен қатар, ол «қазақ зиялылығын» да күйретуге көшті десе болады!** Себебі, ұжымдық өмірге құрылған «көшпенділік» келмеске кетсе де, ол санадан өшкен жоқ – санада әрбір қазақ әлі «көшпенді»! Міне, осы жерде «зиялылықтың дағдарысына» тікелей қатысы бар бір түйткіл бар. Енді, соған тоқталайық: **«Көшпенді» деген сөз – көш-қон degenмен шектелмейді. Көшу-қону оның сыртқы мағынасы ғана. Ал, оның «ішкі мағынасын» сол «өмір сүру тәсіліне» байланысты туындайтын менталдылықтан, яғни, халықтық ділден іздеу керек. Көшпенді өмір сүру – қатал өмір, жауынгер өмір. Ал, ондай өмірге «сенімді серік», «шыншылдық пен турашылдық», «әділеттілік», «үнемшілдік пен қанағат», «жауынгерлік пен батылдық» және т.с.с. қасиеттер қажет. Ол өмірде адамның адамды алдай алатындай аярлыққа жол жоқ. Өйткені, табиғатты алдай алмайсың! Оның үстіне онда Ұлы Ұстаз ретінде өз заңынан айнымайтын дүлей күштің (*стихияның*) өзі тұр. Міне, осы дүниетаным бұрынғы қазақтың бойына да, ойына да сіңген болатын. Отырықшылану кезеңіне өткенде ол қасиеттер «бойдан кетсе де, ойдан кете қоймаған» күйге түсіп көмескіленді.** Бұл қазақтың **ОЙЫ** мен **ТІРЛІГІ, СӨЗІ** мен **ІСІ** арасындағы алшақтыққа алып келді. Жоғарыда айтылған мәселелер осыдан туындайды. **Ал, бүгінде ол «екіжүзділіктің» жарқын көрінісін зиялы қауым арасынан жиі кездестіретін болдық. Себебі, қазақ ұжымшыл болғандықтан ЗИЯЛЫСЫ мен БАТЫРЫНА қарап өскен ел. Сол әдетпен үнемі бас көтерер тұлғасын іздейді. Өкінішке орай, ол жоқ. Өйткені, «көшпенді рухтан ажыраған» Зиялы халықпен байланысын үзген – оның «мұңын – мұңдап, жоғын – жоқтауды» ауырсынады. Керісінше, ол билік дастарханының балдай дәмін бір татқан соң – тіптен де маужырай түскендей... Міне, сөйтіп, бұл фактор да «қазақ зиялылығы» тоқырауының ең маңызды факторларының біріне айналғанын көреміз. Нәтижесінде – ұлттық мүдде қорғансыз қалуда, халықтың тобырға айналу қаупі бой көтеруде... Не істеу керек?**

Осы қауіптің алдын алу үшін үш жақ: **Халық, Билік және Зиялы қауым өзара келісімге келуі тиіс**: 1. **Билік** – Халық пен Зиялы қауым арасындағы «алтын көпірді» қалпына келтіреді; 2) **Зиялы қауым** – «зиялылық институтының» жұмысын жандандыруға, оны мемлекетті дамытуға ықпалды тетікке айналдыруға уәде етеді; 3) **Халық** – «ұлттық мүдде» үшін **Билік** пен **Зиялы** қауымына сенім білдіруге, онымен бірге жұдырықтай жұмылып баянды болашақты құруға кепілдік береді.

Бірақ ол да бір жағдайда ғана жүзеге асады: **а) Билік жүргізетін саясат ұлттың (мемлекеттің) ұлы мұратын мақсат етсе ғана; ә) ал, Зиялы қауым бүгін өзекті (актуалды) болып тұрғанымен, ертең мәнін жоятын өткінші эпизодтық жалған құндылықтардан билікті сақтандырып тұра алса ғана; б) осы бірліктің және өзара түсіністіктің нәтижесінде ұзақ мерзімге бағытталған, халқын жұдырықтай жұмылдыруға қабілетті идеологияға қоғамның қолы жетсе ғана!** Болмаса бұл айтылғандар бос қиял болып қала береді. Әзірше, қоғамға аса қажет «зиялылықты» бауырына басып тұншықтырған, оның міндетін өз мойнына артқан авторитарлы жүйе – мақсатына жетудің орнына, керісінше, **«зиялылықтан»** алшақтай түскенін, **«зиялылыққа»** қабілетсіз болып шыққанын өкінішпен айтуға мәжбүрміз... Ал, оның себептері ше? Ол, әрине, өз алдына бөлек әңгіме!



# Бүкіл Қытайды үш ғасыр билеген мажурлар және дағұр-Солұндардың (Евенкілер) аянышты тағдыры

**Әлімғазы ДӘУЛЕТХАН,**
**Ғылым және білім министрлігі Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты**

Қоғамдық ғылымдар саласында әр ел ғалымдары әр дәуірде, әр түрлі атпен дәйектеп келген аты шулы патшалықтың бірі Чиң патшалығы болатын. 1644-1911 жылдар аралығында бүкіл Қытайға билігін жүргізген бұл патшалықты құрып негізін қалағандар бұған дейінгі Қытайды билеген әулеттік патшалықтар сияқты ешқашан да Қытай нәсілді халықтардан шыққан емес. Арғы жағын айтпағанның өзінде әйгілі Тәбғаш хандар билеген «Таң патшалығы» (618-907) ыдырағаннан кейін шаңырақ көтерген Лияу (907-1125) қара қытай немесе Кидан патшалығын құрғандар Түңғұс текті тобалар мен хұндардың арасынан шыққан кидандар еді. 1032-1227 жылдар аралығында салтанат құрған «Батыс Шия» мемлекеті негізінен таңғұттардың билігіндегі патшалық болды. 1115-1234 жылдар аралығында салтанат құрған «Жиң» (Алтын) хандығы да тұңғыс-таңғұт-тибеттіктер мен қытайлардың билігіндегі патшалық еді.

**Шыңғыс хан мен оның ұрпақтары бүкіл әлемнің жартысын билеген дәуірдегі Қытайдың жағдайы біршама түсінікті. Ресми тарих бойынша айтқанда 1279-1368 жылдар аралығында салтанат құрған «Юан патшалығының» негізін қалап ғасырға жуық билік жүргізген де Құбылай мен оның тақ мұрагерлері болатын. Құбылай тақ мұрагерлері арасындағы билік таласы мен олардың моңғолдық дәстүрден қол үзіп қытайланып, қытайшыл болып кетуінің салдарынан биліктен айырылып қалды. Билік қытайлар құрған Миң хандығының қолына өткендей болғанымен Қытай бір тұтас империялық қуатынан айрылып бірнеше иелікке бөлініп, өз ара қырқысып жатты. Бұл аралықта Халқа моңғолдары мен Жоңғариялық моңғол тайпалары да күшейіп Миң хандығы бақылауынан әлдеқашан шығып кеткен болатын.**

XV ғасырдың бас кезінде ұлы қорғанның Шығыс солтүстігіндегі тұңғұс текті Жұржұттар бас көтеріп, зор күшке айналды. **Жұржұттар дегеніміз, біздің эрамыздан бұрынғы 200-жылдар шамасында Хұндардың құдіретті билеушісі Мете қаған талқандап, жойып жіберген прото моғол-тұңғыстардың ұрпағы болатын. Олардың аман қалған біраз бөлігі У Хуаң, Шәнби тауларын паналап, өсіп-өніп ол таулардың атымен Ухуаң-Шәнбилер деген атпен Қытай Орда жазбаларына түскен. Біздің заманымыздың басында Хұндардан бақ тайды. Хан патшалығы оңтүстіктен, шығыс солтүстіктен Ухуаң-Шәнбилер, батыстан Үйсіндердің сұрапыл соққысына тап болып күйрей жеңілген хұндар батысқа үдере қоныс аударған тұста бос қалған ұлы қорғанның сыртындағы бүкіл өңірге Ухуаң сәнбилер келіп орнығып қалды. Қытай жазба деректерінде б.з. III-V ғасырынан бастап бұл халықтардың аты Шидан-Кидан түрінде және Жуан-жуан, Жужан (***бауырымен жорғалаушылар, құрттар т.б.)*** **түрінде кемсітілген мағынада қағазға түсе бастады.**

Жужан (Жуан-жуандар) VI ғасырдың

орта шеніне дейін түріктерді темір қорытушы құлдар ретінде бодандықта ұстап келді. Ал, түріктің ел қағаны 552-жылы көк түрік қағанатын құрардан бұрын жужандардың 50 мыңдық адамын өзіне қосып алып Жужан патшалығын тізе бүктіргеннен бастап бір бөлім жужандар бағынбай батысқа үдере көшіп Қап тауына дейін шығандады. Жаңа жерде оларды ауарлар (жер ауып келген дегенді білдіреді) деп атады. Ал, шығыста өмір сүретін Жужан-Жұржыттардың бір бөлегі ұлы қорған маңына, шығыстағы байырғы атамекеніне ығысып кетті. Жылдар өте келе Жужан-Жүржіттердің жан саны көбейіп күшейе бастайды. 1616-жылы олардың басшысы Нұрқаш (1559-1626) елінің басын қосып, «Соңғы Жин» хандығын құрады. Астанасы Хатуала (Шинйаң) қаласы болады. Ал, 1636 жылы оның баласы Хуаңтайжий патшалығының атын «Чиң» (1) деп атап, астанасын Бейжин қаласына көшіреді. Содан бастап, ол бүкіл Қытай жерін өзіне бағындырып, 1644 жылы әйгілі «Чин патшалығын» құрып шығады. Тарихта оның аты бірде «Манжу го», бірде «Манчиң хандығы», бірде Манжур-Қытай патшалығы, кейде Қытай богда хандары деп түрліше аталып келді. **Осы арада Чиң патшалығының «Бүкіл Қытайды бірлікке келтіруі» деген тіркеске аздап түсініктеме бере кетудің қажеттілігі туады. Өйткені, Қытай тарихшылары әр кезде жазған тарихи, әдеби оқулықтар мен ресми тарихтарында және әр түрлі сөздіктерінде ғылымға да, тарихи шындыққа да үйлесе бермейтін ұлы державалық пиғылда жазылған анықтамалар мен түсініктемелер жиі беріледі. Басқасын былай қойғанда соңғы 15-20 жылда жазылған тарих оқулықтары мен сөздіктерінде [2] мынадай мазмұндар қайталана беріліп жатады. 1994 жылы құрастырылған «Тарихи білім сөздігінде: «Чиң патшалығының алғашқы кездегі шекарасы батыста Памир тауынан өтіп, терістікте Балқаш көлінің солтүстік жағасына жетіп, солтүстікте Сибирямен тұтасты, шығыс терістікте Хилұңжияң (Уссурий өзені) өзенінің солтүстігіндегі сыртқы Хинган тауы мен Куне (Сахалин) аралына дейін барып жетті...» [3] деп ашық жазады.**

Баршаға мәлім болғанындай, бұл дәуірде Манжурлар құрған «Чиң патшалығынан» мүлде тәуелсіз әлде неше мемлекеттер өз алдында дербес, терезесі тең мемлекеттер ретінде өмір сүріп жатпап па еді? Басқаны айтпағанда, 1679 жылға дейін ұйғырлар Жаркент қаласын астана еткен құдіретті «Жаркент-Саиидия хандығын» құрып шығыста Құмұлға дейінгі аумақта бір тұтас мемлекет болып тұрмап па еді. Ал, Чиң патшалығының алғашқы кезінде-ақ Қытайдың батыс солтүстігін тұтастай билей бастаған уалалар (кейінгі ойраттар) құрған жоңғар хандығы қалайша Чиң патшалығына бағынышты делінбек? **Қытай тарихшылары мен филологтарының мәселені бұлай қоюында алысты көздеген ұлы державалық мақсат бар болатын. Атап айтқанда, мәселе біз қарастырып отырған Шығыс Түркістан жерін басып алған 1758-1759 жылғы отарлық жаулаушылықты ақтап алудың тарихи негізін қолдан жасауға ұрыну әрекетінде жатыр. Чиң патшалығының бұл реткі жаулаушылық жорығы қытайдың ресми тарихында** *«Чиң патшалығының Шиңжияңды бірлікке келтіруі»* немесе *«... Чиң династиясының (1616-1911) Тәңіртауының оңтүстігі мен солтүстігін қайтадан бірлікке келтіруі (1759 жылы)*, деп **жазылуын қалай түсінуге болар екен? Бұған қандай тарихи дәлел, нақтылы құжат пен жауап беруге болады? 1759 жылға дейінгі мыңжылдықта қытайлар немесе Чиң патшалығы қашан, қай жерді иелеп, билігін жүргізген екен? Тәуелсіз көршілес елдер арасындағы барыс-келіс, алыс-беріс, сый-сияпат, тарту-таралғы ұсыну дегендер ежелден қалыптасқан дипломатиялық үрдіс қой. Кейде, тіпті, қалыптасқан геосаяси жағдайға қарай бір елдің басшыларының екінші бір елден әскери көмек сұрауы да әбден қалыптасқан еларалық қалыпты жағдай. Біз бүгінгі қалыптасқан мемлекеттік шекаралардың дауын қоздырайық деп отырған жоқпыз. Әйтсе де, ол шекаралардың қандай әділетсіз, қанды со-**

**ғыстармен қалыптасқанын жақсы біле тұра күштілердің сызған сызығымен ғана жүріп, солар астамшылықпен жаздырған тарихты малданып отыра алмаймыз.**

Чиң империясының Орда тарихшыларының бірі Вей Юан «Қасиетті соғыстар» деген кітабында бұл басқыншылық соғыстарды: **«...Империяның беделін көрсеткен, варварларға сабақ болған әрекет болды. ...Жоңғария мен Қашқарияны күшпен империяның құрамына қосып алу заңды әрекет, өйткені Қытайдың бұл территорияларға ие болуға ерекше тарихи құқы бар» [4]** – деп мадақтайды. Мінеки, империяның астам тарихшысы осылай асқақтап сөйлейді. Ал, осы империялардың (қытайлық, шетелдік) жер-жебіріне жете жамандап, лағнат айтатын коммунистік Қытай тарихшылары неге әділетті сөз айта алмайды? Олардың «әділетті» сөздері мынадай болып шығады: **«…Мемлекетіміз шекарасының маңайын тыныштандыру, мемлекеттің тұтастығы мен тыныштығын бұзуға тырысқан бұзақыларды тәртіпке шақыру мақсатынан туындаған әскери әрекет» [5]. Бұған не деуге болады?**

Қытай жылнамалары мен қоғамдық ғылымдарында сонау ерте заманнан бері еш өзгеріссіз қолданылып келе жатқан, тарихи шындыққа мүлде үйлеспейтін, Қытай империясының көршілеріне жасаған шапқыншылық жорықтарын ақтап, заңдастыру үшін ойлап табылған «жазалау жорығы» және «бүлікшілерді тыныштандыру әрекеті» деген сөз тіркестері бар. **Бұл тіркестер 2000 жылдың алдындағы Орда хаттамаларында қалай қолданылса, билік басына келгеніне жарты ғасырдан асқан коммунистік Қытай елінің тарихшылары да дәл солай қолданып келе жатқанына таңдануға болар еді. Бірақ, ұлт мәселесінде, ұлттардың азаттық жолындағы қанды күрес тарихын жазуға келгенде құлдық, феодалдық, капиталистік, социалистік қытайдың саяси көзқарасында еш айырма болмағандығына көзіміз жеткендіктен, ендігі жерде оған таңдана алмаймыз. Коммунистік қытай тарихшылары Чиң империясының қанды қол диктатор патшасы Гау Зұңның** (*Орда жыл есебі бойынша Чиан Лұң деп аталған, 1736-1795*) **жария, құпия жарлықтарынан бізден көрі мол хабардар.** Залым патшаның жарлығымен миллионнан астам жоңғар қалмақтары қылыштан өткізіліп, бүкіл Жоңғар даласы бір-ақ жылдың ішінде қаңырап бос қалды. Ендігі жерде қазақ халқы **«Шығыстың сары айдаһары»** атанған тойымсыз Манчиң патшалығы мен тікелей шекараласып қалды. Қазақ хандығына да қауіп-қатер төне бастады деген сөз. Бос қалған Жоңғар даласы үшін Чиң патшалығы мен қазақ хандығы арасында іштей теке-тірес басталды. Әзіргі қытайдағы қазақтардың арғы ата-бабсы XVIII ғасырдың соңына ала өзінің ежелгі ата-мекені болған Алтай-Тарбағатай, Іле өңіріне біртіндеп жылжи қоныстануын бастаған болатын. Гау Зұң патшаға керегі **«адамсыз Жоңғария, адамсыз Қашқария»** еді. Ол сондықтан ішкі Қытай мен қиыр шығыстағы Манжур-Моңғол ру-тайпаларын Жоңғарияға жаппай қоныс аудартуға белсене кірісіп кетті. Іле, Тарбағатай, Алтай тарихында әр дәуірде әр түрлі рөл ойнаған көші-қон жөнінде аздап тоқтала кетудің реті бар сияқты.

Чиң патшалығы бүкіл Шығыс Түркістанды басып алғаннан кейін 1762 жылы өзінің ең жоғарғы әскери-әкімшілік билік органы болған **«Іле Жиянжүн мекемесін»** құрады, ол патшалық Ресейдің генерал губернаторлығы сияқты мекеме еді. Ұланбайтақ территорияны тек тұрақты әскермен ұстап тұру қиындығын сезген Гаузұң патша бала-шағасымен тұрақтап тұратын әскериленген елді-мекендер құруға жарлық береді. Сөйтіп, 1763 жылы алғашқы Дағұр-Солұн (Евенкілер) қосыны Манжуриядан жолға шығып, 1764 жылы көктемде шамамен 1214 адам Ілеге жеткен [6]. Ал, екінші реткі қоныс аударушылар 1765 жылы жазда Ілеге келіп жетеді. Бұлар Іле Жиянжүн мекемесіне төте қарасты атты батальон болып жасақталып «Батхын Солундағұр Йықы» (батальон) деп аталады [7]. Содан бастап Солұн-дағұрлардың Іле-Тарбағатайдағы әскери-жандармдық өмір тарихы басталады. **Бұл өңірде әр кезеңде басталған жергілікті халықтың ұлт-**

**азаттық көтерілістері тұсында Солұндағұрлар отаршыл патшалықтың ең сенімді қарулы күші ретінде пайдаланып отырылды. Патшалық Ресей қазақтарды қалай пайдаланған болса, Чиң патшалығы оларды дәл солай пайдаланып жергілікті халықты аяусыз қанады әрі қарулы бақылау орнатып отырды. Бірақ, осы бір шағын ғана бақытсыз халық Манжур-Қытай отаршылдарына қол шоқпар бола жүріп, ең ақырында ұлт ретінде жойылып қытайланып кетті. 1911 жылғы әйгілі «Щиңхай төңкерісі» арқылы монархиялық Манчиң хандығы аударылып тасталғаннан кейін билік толығымен қытайлар қолына өтіп Манжұрлар биліктен бір жола шеттетілді. Олар ендігі жерде жалдамалы аудармашы, сақшы, тыңшылық жұмысқа жегілетін болды.**

Әсілі тұңғұс текті Манзу (Манжулер) 1644 жылы құрған Чиң патшалығының барлық жоғары лауазымды әскери, әкімшілік қызметкерлері негізінен Манзулар болғанымен кеңсе қызметкерлері, ғылым-білім саласы, қатардағы әскерлер мен кішігірім офицерлер қытайлықтар болды. XIX ғасырдың екінші жартысынан былай қарай бұл үрдіс айқындала түсті. Біз, сондықтан, Чиң патшалығы Манжу-Қытай папатшалығы деп, ал, Шығыс Түркістандағы билікті Манжу-Қытай отаршылдығы деп атау тарихи шындыққа сай келеді деп қараймыз. Манжур-Қытай билігі дәуірі дегеніміз Шығыс Түркістан жерін 1759 жылғы бірінші реткі жаулап алудан басталып, 1912жылы монархиялық Манчиң хандығы аударылып тасталғанға дейінгі 153 жылды қамтиды. Бұл дәуір қытайдағы қоғамдық ғылымдарда «Чиң династиясы дәуірі» деп аталады. Шығыс Түркістандағы «Чиң династиясы дәуірі» кей жағдайда 1759 жылдан 1864 жылға дейінгі ғасырға жуық уақытты қамтитын отарлаудың алғашқы кезеңі ретінде қарастырылса, 1864 жылдан 1912 жылға дейінгі 48 жылды отарлықтың екінші – соңғы кезеңі ретінде қарастырылады. Жалпылама бұлай қарастыруда тұрған еш нәрсе жоқ сияқты көрінгенімен 1864-1880 жылдар аралығында Шығыс Түркістанда болып өткен аса маңызды тарихи өзгерістердің мәні әдейі елеусіздендіріліп тасталғандай болатыны да ақиқат. Сондықтан, алдағы бөлімдерімізде ол туралы арнайы тоқталатын боламыз. Біз, әзірше, 153 жылдық «Чиң династиясы дәуірі» дегенді үш кезеңге бөліп қарастырмақшымыз. Нақтылап айтқанда ол: **бірінші кезең** – 1759-1864 жыл аралығындағы Манжур-Қытай отаршылдығының ең ауыр, ең қара түнек кезеңі, яғни отарлық жүйенің қалыптасып, орнығуы мен жергілікті халықтың үлкенді-кішілі қарсылығын аяусыз басып-жаншу арқылы біршама тыншу кезеңі болды. **Екінші кезең** – 1864-1880 жылдар аралығындағы бүкіл халықтық, бүкіл Шығыс Түркістандық ұлт-азаттығы көтерілісі барынша күшейіп Шығыс Түркістан аумағында отаршыл Манжу-Қытай үстемдігін аударып тастап үлкенді-кішілі дербес хандықтар билік құрған кезең. **Үшінші кезең** – 1878-1880 – жылдары генерал Зо Зұңтаң басқарған Манжур-Қытайдың шапқыншы армиясының қанды қырғынынан кейін бүкіл Шығыс Түркістанды екінші рет қайта жаулап алуынан бастап 1912 жылғы «Шиңхай көтерілісі» арқылы монархияның аударылып тасталуымен аяқталды. Бірақ, Шығыс Түркістан халқы қытайлық отаршылдықтың милитаристік дара билігі кезеңін бастан өткеруге мәжбүр болды. Біз бұл бөлімде осы үш кезеңде дүниеге келген ұйғыр әдебиетіне жалпылама мынадай сипаттама беруді жөн көреміз.

**Бірінші кезеңге тән басты ерекшелік – негізінен қоғам өмірінде, саяси, экономикалық жақта кейбір өзгерістердің барлыққа келуінен байқалады. Ендігі оқу-ағарту саласында Манжуша, Қытайша оқу талап етілді. Қытайлармен көбірек араласқан Құмұл, Тұрпан, Қашқарларда сол тілдерде білім алған алғашқы оқымысты зиялылар тобы пайда болды. Ал, Алтышаһардағы білім іздеген жастардың біразы Бұхара, Үнді, Кабул, Ирак қатарлы елдерге барып оқып, Исламдық білім негіздерін жетік меңгеріп халқына өнер-білім дәнін шаша бастады. Соның нәтижелерінде Тұрпан, Күшәр, Қашқар, Жаркент, Хотан қатарлы қалаларда оқу-ағарту, дәрігерлік**

**ілім, қол өнері, көркем өнердің дамуы байқалды. Алайда, отаршылдық бұғау тұмшалаған қоғамда өзгеріс, жаңару дегендер тек шартты түрде ғана айтылмаса, түбірлі жаңғыру мүмкін емесі белгілі.** Шығыс Түркістанды басып алған Чиң патшалығы әлемдік даму үрдісінен барынша артта қалған, тежеусіз әскери билікке сүйенген мешеу феодал озбыр өкімет болды. **Шығыс түркістандықтармен бұл отаршыл билік арасындағы негізгі қайшылық кейбір тарихшылар дәріптеп жүргендей таптық қайшылық емес, ұлттық қайшылық, езілген ұлттармен отарлаушы өктем ұлттың арасындағы бітіспес қайшылық болатын. Шығыс Түркістанның езіліп-қаналған халқы қат-қабат зорлыққа тап болды. Олар Манжу-Қытайлардың, сосын олардың жергілікті итаршылары болған феодал бектермен, байып құдайын ұмытқан діни жоғары жіктегілердің аяусыз қанауына тап болды.**

«Шиңжияңның жергілікті тарихы» атты оқулықта жазылғандай 1850 жылдардан былай қарай отаршыл өкіметтің халықтан жинап алатын алым-салығы 65 түрге жеткен. Адам өмір сүріп, тіршілік етуге қанша нәрсеге мұқтаж болса соның бәрінен салық алатын жағдайға жеткен. Мәселен, мақта бажы, сауда бажы, шәй бажы, кездеме бажы, жан басы бажы, жер бажы, шөп бажы (жайылым), тұз бажы, азаматтық бажы, әскерлік бажы, су бажы, астық бажы, қан бажы, бастықтар бажысы, шерік бажы, т.б. Бұған жергілікті атарман-шабармандар өз бетімен жинайтын бажыларды қосқанда халықтың күн көріс көзі мүлдем бітеліп өлуден басқа жол қалмайды.

Құлдырауға бет алған Чиң империясы Шыңжаңда тұратын әскерилер мен мансаптыларды қаржыландыруға шарасыз қалғандықтан 1862 жылдан былай қарай «жылу жинау» дегенді ойлап тауып, ұйғыр, дұңған ауқаттылары өкіметке ақшалай жылу тапсырса мансабын жоғарлатуға, жаңа мансап беруге ресми рұқсат беретін болды. Сөйтіп, мансапты сатып алу заңдастырыла бастады. Ол туралы мынадай дерек келтіруге болады: **«Шиңжияңдағы мансап сатып алу істерін ақыры Чиң патшалығы үкіметі іштей құптады. Әрі «ұйғырлардан жылу бергендерді сыйлау ережесін» жариялап, әр дәрежелі мансаптың сатылу бағасын анық белгіледі» [8].** «Күн бір жауса, терек екі жауады» демекші мансап сатып алған обыр итаршылар өз халқына қасқырша шауып, қан қақсатты. **Біз қарастырғалы отырған Чиң патшалығы отаршылдығының алғашқы кезеңінде осындай зорлық-зомбылықтарға шыдай алмаған ұйғыр халқы 1764 жылғы Үштұрпандықтардың көтерілісінен бастап 1864 жылғы Іле шаруалар көтерілісіне дейінгі бір ғасырда көптеген үлкенді-кішілі көтерілістерге шығуға мәжбүр болды.**

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Тарихи білім сөздігі, Шиңжиянның халық баспасы, Үрімжі, 1994, 851-852 б.б. (884б.)

«Чиң Қытай сөзі, қытайдың «Шинхуа Зыдиян» атты сөздігінде бұл таңбаға 7 түрлі түсінік берілген. Негізгі мағынасы – тұнық, мөлдір, таза-пәк, адал,кіршіксіз т.б. Нұрқаш құрған «Соңғы Жин» патшалығына оның мұрагері Хуаңтайжы әдейілеп Қытайдың осы сөзін таңдап өз патшалығына ат етіп алған.

2. Шиңжиянның жергілікті тарихы, Шиңжиян жоғары мектептері бір тұтас қолданатын оқулық, Үрімжі, 1999, Шиңжиянның қысқаша тарихы, Үрімжі, 1983, тарихи білім сөздігі, Үрімжі, 1994, т.б.

3. Тарихи білім сөздігі, Үрімжі, 1994, 852-853 б.б. (884 б.)

4. Вей Юан, Шең Ужи (Қасиетті соғыстар), Тайбей, 1962, 125 б.

5. Шиңжиянның қысқаша тарихы, Үрімжі, 1983, 437 б. (618 б.)

6. Гобул Бардын, Шиңжияңдағы Дағұр ұлты, ұлттар баспасы, 1998, 39 б.

7. Сібе ұлтының батысқа көшуінің жалпы баяны, ұлттарды зерттеу журналы, 1981, №2.

8. Шиңжияңның жергілікті тарихы, оқулық, Шиңжиянның Дашуе баспасы, 1999, Үрімжі, 426 б. (618 б.).



# ҒҰРЫПТЫҚ КЕШЕНДЕРДІҢ ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕРДЕГІ ЭТНОСЕМАНТИКАЛЫҚ САБАҚТАСТЫҒЫ

**Арман ӘУБӘКІР,**
**Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының PhD докторанты**

Қазақстанның кез келген аймағынан үлкенді-кішілі ғұрыптық кешендер және олардың басты атрибуттары тас мүсіндер (көне түрікшесі бәдіздер) жиі кездеседі. Дегенмен, культтік кешендер Орталық Қазақстанда молынан ұшырасады. **Академик Әлкей Марғұланның айтуынша, тас мүсіндер Торғай өзені мен Ұлытау төңірегінен бастап, бүкіл Сарыарқаның жонымен күншығысқа қарай созылып, Алтай, Тарбағатай тауларына барып тіреледі. Оңтүстікте тас мүсіннің көбірек кездесетін жері Қаратаудың екі жақ бөктері, Бурылтау, Талас тауларының жазық іргесі, Алатаудың жазық алаңдары. Тас мүсіндер таулы өлкелердің жазық алаңдарында, өзен-судың (*Талас, Шу өзендері*) бойында кездесетіндігі анықталған. Тау мен су көшпелі қауым үшін қасиетті ұғымды білдірді, сонымен қатар, тау баурайында мүсін жасауға тау-тас керек болады. Расында да, зерттеу жұмысымыздың барысында, ғұрыптық кешендер негізінен тау немесе шатқал баурайында, өзен немесе терең арық бойында, ат шаптырып, ас беруге қолайлы жазық алаңқайда орналасатындығын аңғардық.**

**«Орталық Қазақстандағы тас мүсіндердің топографиялық орналасуында бірталай өзгешелік бар. Олар көбінесе қола дәуірінің ескерткіштері сақталған жерлермен қанаттас сақталып отырады. Қай жерде қола дәуірінің тас шарбағы кездессе, соның қасынан Түрік қағандығы кезінде орнатылған тас шарбақтар мен тас мүсіндер қатар тұрады. Атасу, Қарқаралы, Беғазы, Баянауыл тауларында сақталған тас мүсіндердің көпшілігі осы түрде кездеседі. Бұл, әрине, Түрік қағандығы кезінде жасалған тас шарбақ пен тас мүсіндердің қалыптасып өркендеуіне қола дәуірінің тастан жасалған ескерткіштері зор әсер еткенін көрсетеді»** дейді Ә.Х.Марғұлан [1]. Расында, қола дәуірі ғана емес, кейінгі сақтардың, сарматтардың, ғұндардың обалары мен қорғандарында көне түрік дәуірінің ескерткіштері көптеп кездесетіндігі қайран қалдырады. Бұдан шығатын қорытынды, түрік дәуірінің көшпелі қауым өкілдері өздерінің байырғы ата-бабаларының жатқан жерін білуі, ата-бабалары жатқан жерге өздерінің де жерленуін қалауы бек мүмкін. Жоғарыда атап өтілгендей, табиғаттың тамаша жерлері қасиетті ретінде балануынан бөлек, аруақтар мекені болғандықтан да ғұрыптық кешен орналасқан жердің киелі орын ретінде ұлықталуы заңды құбылыс.

**«Орталық Қазақстандағы тас мүсіндер қашан да болсын таулы бұйраттардың шығысқа қарай көсіліп жатқан жазық алаңында немесе өзен аңғарларының тау жақ етегінде кездеседі. Мұндай алаңдар ежелгі мал өсіруші тайпалардың қызықтап әуестеген жерлері болған. Халықтың ұлы мерекесі, өлген адамына ас беру, ат шаптыру, балуан күрестіру қашан да сондай жазық алаңда өткізілетін болған. Сондықтан, ондай жерлер халық аңызынан белгілі орын алып, ел есінде сақталатын, тарихи – шарбақ тас, мүсін тастар тұрғызылып отырған.**

**Сыртқы құрылысы бойынша тас мүсіндер екі түрде кездеседі: бір тобы граниттен жасалған төртбұрышты тас шарбақтың күншығыс жиегінде, екінші тобы үйген тас обалардың күншығыс жақ етегінде. Тас мүсіндердің бұлай кездесуі екі түрлі дәуірді көрсетеді: бірінші тобы VI-VIII ғасырлардағы Түрік қағандығы кезіндегі жұртшылық салтымен байланысты болса, екіші тобы VII-XIII ғасырлардағы Орталық Қазақстанды мекендеген Қыпшақ тайпаларынан қалған ескерткіш екенін білдіреді»** дейді Әлкей

Хақанұлы Марғұлан. Шынымен-ақ, тас мүсіндердің әр дәуірде әртүрлі жасалуы өте заңды нәрсе. Дегенмен, олардың негізгі ортақ белгілерінің бірі – күншығысқа қаратылғаны. **«Тегінде мұндай тас мүсіндер әрбір өлген адамның ескерткіші ретінде орнатылған, сондықтан олардың әр қайсысы әрбір өлген адамның келбетін бейнелейді деуге болады. Бұл сияқты жеке адамның келбетін бейнелейтін мүсіндер орхон жазуларында бәдіз деп аталған. Әрбір мүсінтас тұрған шарбақтардан шығысқа қарай созылып тік орнатылған тас бағаналардың тізбектері тұрады, оларды Орхон жазуларында балбал деген»** деп академик Ә.Х. Марғұлан ең алғашқылардың бірі болып балбал мен бәдіздің аражігін айырып беріп отыр. **Осы күнге дейін Қазақстан аумағында бәдіз тастарды балбал деп қате атау үрдісі қалыптасқан.** Содан соң бүгінге дейін көптеген ғалымдар балбал тастардың функциясын түрліше жорамалдап, әр тарапқа тартып келеді. Академик Әлкей Марғұлан осыдан 70 жылдай бұрын бұл мәселеге түйінді шешімін айтып кеткен екен. Ол кісі: **«Батырлар мен қолбасы көсемдер мүсіндерінің алдында самаладай тізіліп, балбалдар қатары суреттеледі. Ондай балбалдар саны кейде 200-ге дейін жетеді** (*Қазақстан аумағы бойынша 200-ге дейін жеткен балбалдар тізбегі анықталған, Моңғолияда 3 шақырымға созылатын 1000-дай балбалдар тізбегі болған –* **А.Ә.**) **Халық аузында сақталған тарихи аңыздар бойынша, ас беру тойына әрбір тайпалардың елшілері қатынасып, өлген адамның басына ескерткішті бірлесе отырып орнатқан, әр тайпаның өкілі салт бойынша бір-бір тастан қоятын болған. Демек, балбал тізбегінде қанша бағана тас болса, ол оны орнатуға қанша ру, қанша тайпа қатынасқанын көрсетеді. Әрбір тайпа өкілдері, әсіресе, атақты, не беделді адамдарының басына ескерткіш орнатуда көбірек жиналатын болған. Олардың көпшілігі құрмет көрсету үшін келсе, кейбіреулері бағыну белгісін білдіруге келген. Тас бағаналар тізбегінде мықты ұлыстар орнатқан балбалдар қашан да құрметті орында тұрады, демек, тарихи адамның портрет мүсініне жақын тұрады»** деп балбалдар тізбегінің қызметін айтқан. Одан бөлек, ол кісі **«Орхон жазуларындағы деректер бойынша Түрік қағандығының шарбақтарындағы бас балбалдар көбінесе қырғыз бен тардүш тайпаларынікі. Бұлар ол кезде ең мықты тайпалардан саналған»** деп бас балбалдың өте маңызды адамның қоятындығы айтып өткен [1].

Әлкей Марғұланның айтуынша, түрік дәуірінен қалған тас мүсіндердің ерекшелігі, олар қашанда әскери қарулармен (*қылыш, қанжар, жорық белбеу*), құты сауытпен бірге суреттеліп отырады. Қолбасы алыптар не батырлар құты сауытын әдетте оң қолымен көтеріп, сол қолымен белбеуіне сүйеніп не қылыштың сабын ұстап тұрады. Хан, бек, биге арнаған мүсіндерді шеберліктің бір талай жоғарғы сатысына жеткізіп, олардың айбынды, байсалды сазығыр түрін жақсылап келтірген. Оларға тән ерекшелік басындағы алтын айдары, құлағындағы сырғасы, қолындағы аса таяғы, беліндегі кісесі. Көне дәуірдің безеушілері бұл айтқан тәптіштерді аса қадағалап, көңіл күйінің шалқуымен келістіре безеген [1].

**Ғұрыптық кешендердің даралық сипатының қалыптасуы аруақты құрметтеу танымымен тікелей байланысты. Б.з.д. V мыңжылдық тарихы бар, бәлкім, одан әрі кететін тастағы петроглифтер, таңбалар, идеограммалар, пиктограммалар Ұлы түрік даласындағы қасиетті таулардан көптеп кездеседі.** Мұндай киелі орындар оңғанға (аруаққа) құрбандық шалып, ас беретін, Тәңірге мінәжат ететін жер ретінде қарастырылатындығын жоғарыда сөз еттік. **Мысалы, Алматы облысындағы Таңбалы шатқалында күн дидарлы Тәңір бейнесі, құрбандық шалып, Тәңірге табыну рәсімі тәрізді көріністер айқын сақталған. Тасқа таңбалар мен бейнелерді түсірудің өзі абыздардың (бақсылардың) қасиетті борышы болғандығын ескерсек, сонда абыз-бақсылардың рухани дәрежесінің беймәлім бір қыры да ашыла түседі. Кейіннен абыздардың тасқа таңба салу өнері кемелденіп, бәдіздік (***тасмүсін***) және қолданбалы бұйымдардағы ең жоғары деңгейдегі шеберлікке ұласқанын бағамдаймыз.** Академик Әлкей Марғұлан қазақ ғалымдарының ішінде алғашқылардың бірі болып Сарыарқадағы петроглифтерді зерттеп, топтастырып жинақ ретінде шығарған еді. Кейінгі кезде жартас суреттерімен жүйелі шұғылданып жүрген ғалымдарымыздың бірі – Зейнолла Самашев. Археолог Зейнолла Самашев **«Петроглифы Казахстана»** атты еңбегінде: **«на горностепных просторах Казахстана выявлены местнахождений петроглифов, десятки из которых представляют собой поистине древние святилища – долговременно функционировавшие сакральные центры сосредоточения духовной культуры человеческих сообществ. В этих своеобразных**

**храмах под открытым небом, где благодаря наличию комплекса почитаемых объектов – скал с пригодными для нанесения рисунков, водных источников, жертвенных площадок и т.д., совершались различные культово-мистериальные действия, приуроченные, вероятно, к важнейшим событиям календарного или иного цикла в жизни конкретных социумов и связанные с их религиозно-мифологическими представлениями»** – дейді [4]. Оның айтуынша, қазақ жеріндегі Ешкіөлмес, Баян Жүрек, Тамғалы, Құлжабасы, Сауысқандық, Арпаөзен, Қасқабұлақ, Қызылшын, Тектұрмас тәрізді таңбалы тастар кешені – бағы бабаларымыздың тәу ететін дала ғибадатханалары. Қазақ жеріндегі мұндай далалық ғибадатханалардың ең ерте уақытқа тәні саусақпен санарлық. Атап айтсақ, олар: Ақтау қаласы маңындағы Қосқұдық І, Қосқұдық ІІ кешендері, Ақтөбе облысына қарасты Шалқар ауданындағы Төлеубұлақ таңбалы үңгірлік кешені және Павлодар облысының Екібастұз ауданындағы Өлеңті шатқалы. Өлеңті кешенінің түбінде ХІХ-ХХ ғасырға дейін адамдар жерленген қазақ зираттарының болуы – бұл маңның мұндаға дейін қасиеттілік нышаны туралы түсініктің жойылмағандығын білдіретін тәрізді [4]. **Ас беруге, ат шаптырып, үй тігуге қолайлы жазық дала, үш әлемді (жоғарғы, ортаңғы, төменгі) біріктіруші заңғар тау, тау жыныстарынан сүзіліп шығып тазаланған, өзі де мәңгілік тазалықтың белгісі, тіршіліктің нәрі – өзен, тарылған тынысқа оттегін беріп, сая болар қасиетті ағаш – бұлардың бәрі де мыңжылдықтар бойы ғұрыптық кешендердің өзгермей, баз қалпынан еш айнымай келе жатқан «сырткы құрылымдары». Тау шатқалдарындағы таңбалы ғибадатханалардан да біз әлгіндей ерекшелікті аңғарамыз. Қазақ жеріндегі таңбалы тастардың ең ерте уақыты жөнінде белгілі археолог Зейнолла Самашевтың пікірі мынаған саяды: «Предположительное самые ранние символические знаки на наклонных площадках низких гротов-навесов могли появиться в мезолите, может быть, и еще раньше – в полелите, но не позже эпохи неолита»** [4] дегенге саяды. Ғалымның сөзінен көріп отырғанымыздай, тас дәуіріндегі адамзаттың алғашқы дүниетаным ошақтарының бірі қазақ жерінен табылып жатқандығы ұлттық мақтаныш сезімін тудыруы тиіс-ақ.

Геродот **«сақтар жерінде адам табынатын тасқа түсірілген Тәңірінің табан ізі бар»** деген. Расында, ондай тасқа түскен із Ұлытауда, Сарысу бойында, Теректі әулие тасында, Арғанаты тасында кездеседі. Бируни мен Казнивидің хабарлауынша, ондай тасқа түсірілген адам ізі қыпшақ пен Оғыз дәуірінде ерекше орын алады. Таңбалы тау шатқалдарында түрлі тайпалардың таңбаларының кездесуі – нақ сол жерде түрлі тайпалардың бас қосқандығын, олардың әртүрлі діни әрі ғұрыптық рәсімдердің бірлесіп атқарғандығын топшылауға жол ашады. Таңбалы тастардағы ру-таңба белгілері үлкен идеологиялық мәнге ие. Таңбалар рулардың ерекшеліктері, өзара туыстығы және тағы басқа мәселелерді анықтауға жәрдемдеседі [5] **«...Таңбалы тас көшпелі дала руларының бірлік-пәтуасына айғақ, тұтастығына белгі, ант беріп ауыз біріктірген орны екенін аңғартады. Жай аңғартып қоймайды, далалық көшпелі рулардың ерте заманда-ақ топтасып біріге бастағаны, ел болып бас құрағаны көрінеді»** дейді этнограф Ақселеу Сейдімбек **«Қазақ әлемі»** атты еңбегінде [6]. Ғұрыптық рәсімдердің көрінісі антикалық дәуірдегі алтын, қола және темірден жасалған, ағаштан ойылған тұрмыстық заттарда, әшекейлерде, марқұмды жерлеу және еске алу кешендерінде кеңінен орын алды. Ежелгі түркілердің ең жоғары құдіреті көк аспандағы Тәңір болып табылады. Байырғы тайпалардың көсемдері, қағандары тәңіртекті делініп, көктің ұлы саналған. Археолог Әбдеш Төлеубаев **«Тәңірге табынудың тамыры өте ерте замандардан келе жатыр. Аспан құдайын білдіретін Тәңір сөзінің «дингир» (тнгр) формасында сонау шумерлер заманынан келе жатқандығын ескеретін болсақ, онда Тәңір құдайына сену кем дегенде 5-6 мың жыл бұрын пайда болған діни жүйе»** дейді [7]. Ғалымның бұл пайымдауына жоғарыда атап өткен таңбалы тастардағы Тәңір бейнелері мен зооморфты жануарлар бейнесін қосыңыз. Табиғат аясында өмір сүріп, көк пен жердің, тау мен тастың, су мен нудың (ағаштың) қадірін түсінген ата-бабаларымыз күнді тіршіліктің көзі ғана емес, Тәңірдің жердегі белгісі, көзге көрінетін бейнесі деп таныған секілді. Бұл наным бойынша Көк Тәңірі көзге көрінбейді, алайда өзінің Күн тәрізді құдіреті арқылы адамдарға, жан-жануарларға жылу, өмір сыйлайды. Адам баласы әуелі табиғат құбылыстарына қайран қалады. Осы орайда Шоқан Уәлиханов мысалға келтірген **«Табыну – таңданудың аса биік түрі»** деген Карлейльдің сөзі орынды-ақ [8]. Табиғат құбылыстары зерттеліп қорытынды жасалады, сөйтіп, мыңжылдықтар бойы табиғаттың тынысынан

білім алады. Сөйтіп, оны қажетіне жаратады. Еуразия кеңістігіндегі ежелгі көшпелі және жартылай көшпелі түрік тайпаларында Күннің культі өте ертеден басталады. **Қола дәуіріндегі жерлеу орындарының үстіне салынған дөңгелек қоршаулар, сақтардың «мұртты» обаларының есіктерінің шығысқа қаратылып қойылуы мен кейінгі түрік даласындағы мүсінтастардың күншығысқа қаратылып тұрғызылуы, мұндаға дейінгі қазақ даласындағы киіз үйлердің есігінің шығысқа қаратылып тігілуі арасында үлкен сабақтастық жатыр. Есік обасынан табылған күн дидарлы алғашқы алтын адамның да киімі қызыл және сары түстен болса, алтыннан құйылған жапсырмаларындағы зооморфты образдар – аң-құс бейнесіндегі киелі күштер орын алған.** Алтын адамның тәжінің, алтын дулығасының артқы жағында тау басындағы арһар бейнесі құйылып, бас киімге жапсырылған. Сақтардан да, Қос өзен (Тигр мен Ефрат) аралығындағы мәдениет иелері шумерлерден бұғы, арһар бейнелі өнер туындылары көптеп ұшырасады. Шумерлерде, тіпті, жартылай адам, жартылай бұғы кейіпті ғажайып өнер туындылары ертедегі танымнан хабар береді. Ең ерте дәуірдегі петроглифтер санатындағы Өлеңті таңбалы шатқалында көркем бейнеленген бұғы бейнесін ұшыратамыз. **Таңбалы тастардағы құрбандық шалу, аңшылық және басқа ғұрыптық дәстүрлер көріністерінде ең көп кездесетін де – бұғы, арһар бейнелері екендігі ойландырады. 629 жылы Мың бұлақта (Меркіде) буддалық монах Сюань-цзян болған. Ол: «Цянь-цюань елді мекені 200 ли аумақты алып жатыр, оңтүстігінде басын қар шалған тау, қалған үш жағында теп-тегіс дала жатыр. Мұнда жер дымқыл, тоғайы қалың, көктем айларында, гүлдері безендірілген жібек мата секілді. Бұлақтардың саны мыңға жетеді. Сондықтан, ол жер осындай атауға ие. Әрі онда көл бар. Түрік қағаны жыл сайын осында келіп жазғы ыстықтан панапайды. Бұл жерде бұғылардың саны көп, олардың біразының мойнына қоңыраулар тағылып безендірілген. Бұғылар адамдарға көндігіп кеткені соншалықты, олар үркіп қашпайды. Түрік қағаны бұғыларды жақсы көргендіктен, оларды өлтіруге тыйым салған. Бұғыны өлтіргендер кешірілместен жазаланады. Осыған орай бұғылар табыны сақталып тұрған»** деді. Бұғыларға зияндық істеуге тыйым салынудың себебі, көне геноалогиялық түсінікке сәйкес бұғылар киелі саналған. Көне наным бойынша бұғы сәуле шашқан мүйізімен Күнді алып жүреді және түрік қағандары бұғыдан тарайды деген де наным болған көрінеді.

Ежелгі ғұн дәуірі, Көк түріктердің заманы, тіпті, кейінгі Моңғол империясына дейінгі түрік жұртының қағандары таққа отырып, ел басқарған орталығы Орхон бойындағы жазиралы кең алқап, бүгінгі Моңғолия аумағы екендігі баршаға мәлім. Осынау дүниенің төрт тарабына құлаш созған империяның астанасында киіз туырлықты жұрттың классикалық үлгідегі Тәңірге, киелі рухтарға, ата-баба оңғанына табыну кешендері өмірге келген еді. Мұндағы қағандарға, билеуші тап өкілдеріне арналған ғұрыптық кешендердің құрылымы (***бәдізтас, қорған, барық, бақатас, қойтас, бітіктас және т.б.***), семантикалық мәнмазмұны, қорғау және сақтау, қайта қалпына келтіру мәселелері толықтай шешімін тапты деп айту әлі ерте. Дегенмен, бұл тарапта тың ізденістер мен ғылыми жаңалықтар, қызықты болжамдар да баршылық [9]. Көшпелі ата-бабаларымызға тиесілі ғұрыптық кешендердің классикалық нұсқасы Түрік қағандығы дәуіріне тән екендігін баса айтуымыз керек.

Ерте антикалық дәуірдегі зооморфты дүниетаным Түрік қағандығы кезіндегі ғұрыптық кешендерден де жеткілікті дәрежеде көрініс табады. Сақтардың әлемге танылған «аң стилінің» сабақтастығы VI-VIII ғасырлардағы ғұрыптық кешендерден де байқалады. Қазіргі Моңғолиядағы Түрік қағандығының астанасы болған Өтүкендегі қағандарға арнап салынған ғұрыптық кешендердегі тасбақа, арыстан, қой тәрізді мүсіндермен қатар, тауешкі таңбасы, Күлтегін ұстынындағы құс бейнесі және тағы басқа зооморфты кескіндер ғалымдар тарапынан зерттелу үстінде. Алайда, ғалымдар тарапынан бұл зооморфты бейнелердің тамыры тым тереңде жатқандығына жеткілікті дәрежеде көңіл бөлінбей келеді. **Білге қаған, Күлтегіндердің әулеттік таңбасы – тауешкі [5]. Сақтар дәуірінде көп бейнеленетін арһар мен бұғы да, кейінгі қағандардың әулеттік, бәлкім, рулық таңбасы тауешкі де тауды мекендейтін аңдар санатынан болып табылады. Шатқал, үңгірлердегі петроглифтерден соң ерте дәуірлерге жататын ғұрыптық кешендердің маңызды бір түрі – бұғытас кешені.** Өте ыждаһаттылықпен әрі аса үлкен шеберлікпен салынған бағаналардағы бұғы бейнелері – бүгінгі ою-өрнектердің де бастауы тәрізді. **«В Центральной Азии «оленные» камни появляются в самом начале 1 тыс. до н.э. и по стилистическим особенностям, сделанным на них изображениям, генетически связаны с культурами эпохи**

**бронзы этого региона. Особенно их много в Монголии, где их зафексировано более 500 экземпляров. Здесь «оленные» камни встречены как в погребальных, так и в поминальных комплексах. Значительно меньше их в Забайкалье, Тыве, Алтае и Казахстане и севсем единицы обноружены в Северном Причерноморье. Они антропоморфны и, даже если изображение лица человека и пояса со всеми атрибутами на этих столбообразных камнях порй чрезвычайно схематичны или же вообще отсутствуют, но как раз «оленные» камни могут помочь восстановить духовную культуру прошлого»** [10] деп Н. Боковенко бұғытастың миссиясын тура айқындап жазып отыр. Қола дәуіріне тән бұғытастар Қазақстан жерінде сирек кездесетіндігі турасында айтқан Н. Боденконың пікірін жоғарыда келтірдік. Адамзаттық өнердің және дүниетанымның бастапқы қалыптасу кезеңінде қола дәуірі үлкен рөлатқарады. Қола дәуіріндегі Қазақстан аумағында ең белгілі табыну кешенінің бірі **«Беғазы-Дәндібай мәдениеті»** деген атпен белгілі. Әлкей Хақанұлы Марғұлан бұл ескерткіштер кешенін зерттеуге ыждаһатты көңіл бөлген болатын [3]. Академиктың сұрыптаған материалдары негізінде Беғазы-Дәндібай мәдениеті мен Моңғолия жерінде жиі кездесетін бұғытас кешендерінің өзара ұқсастықты аңғаруға болады. Мысалы, бұғытастар да, Орталық Қазақстандағы жалпақ бағана тастарда да (тастың ең жоғарғы бөлігінде) күн, ай белгілері ұшырасады. Бұл Еуразия кеңістігіндегі көшпелі тайпалардың ортақ дүниетаным негізінде дамығандығын айғақтай түсетін жайт.

**М.П. Грязнованың айтуынша, далалық эпостар, аңыз-әңгімелер, батырлардың ерлігін жырға қосу көшпелі қоғамда екі түрлі өнердің үлгісін өмірге әкелді. Олар: зооморфты және антропоморфты. Расында, бұғы тастардан уақыт өте келе зооморфты сипаттан ақырындап антропоморфты үлгіге ауысу процесі аңғарылады. Бұғы тастар кейінгі дәуірлерде марқұмның бетпішіні, дене сұлбасы кескінделетін бәдіз тасқа ауысқанын көреміз** [10].

Бұғының тауды мекендейтін аң екендігі белгілі. Ежелгі түрік тайпалары тау мен алып ағашты ежелден қасиетті деп білген. Обалардың, баскиімдердің, ошақтардың (күннен негіз алған от культі бөлек тақырыптың жүгі), баспаналардың (жылжымалы күйме, киіз үй) және тағы басқалардың тау сипатты (күн бейнесімен де ұқсастық аңғарылады) болып келуінің мәнісі тауды қасиетті деп санағандығында болса керек. Тау іспетті шоқтеректің (байтерек) киелігe телінуі бекерден бекер емес. Жер асты, жер үсті, көк аспанды байланыстырушы тау және шоқтерек (*алып ағаш*) көк түріктер дүниетанымы бойынша құрметті орынға ие екендігі туралы қытай жылнамашылары да мол деректер жазып қалдырған. **«Моңғолдың құпия шежіресінде»** Шыңғыс хан бастаған топтың кезекті бір жеңістен кейін әулие ағаштың түбінде аяқтары талғанша, аяқкиімдері жерге желінгенше билегендері жазылады [11]. Бұдан бөлек, шумерлердің де, сақтардың да ескерткіштерінде киелі ағаш кескіндері өте жиі көрініс табады. Этнограф Қалиолла Ахметжан қару-жарақтардың құрылысын, ою-өрнектерін жасауда «өмір ағашы» танымы қолданылатыны туралы жазады. **«Бұл көне түсінік бойынша әлем үш бөлікті тік, төрт бөлікті көлденең құрылымдардан тұрады. Тік бағытта (вертикаль) әлем үш қабаттан: жоғары (аспан, құдіретті күштер дүниесі), ортаңғы (жер беті, адамдар, жануарлар) және төменгі (жер асты, жер асты тіршілік иелері) дүниелерден құралады. Көлденең бойынша әлем төрт бөлікке: дүниенің төрт тарабына бөлінеді. Бұл әлем бейнесінің тернарлық құрылымы көшпелі халықтарда өте ерте дәуірлерде пайда болған, үш бөлікті космостық моделді скифсақтардың мифологиясында кездестіреміз. Мифологиялық космостың кеңістіктік-уақыттық моделі оның бел ортасы саналатын, үш дүниені бойлай өтетін әлемнің осі (кіндігі) арқылы бекітіледі. Көне мифтерде осы кіндік сызықты белгілейтін бірнеше рәміздер қалыптасты»** [12] дейді Қ. Ахметжан. Осы символдардың негізгісі – **«әлем ағашы»**, **«өмір ағашы»** бейнесі. Бұл ағаш әлемнің үш дүниесін, төрт тарабын жалғастырып тұрады деп түсіндірілді. Әрмен қарай Қ. Ахметжан былайша сөз қозғайды: **«Әлемдік ағаш «бәйтерек» дүниенің сакральды центрінде (кіндігінде) орналасқан да, үш дүниені жалғастыра тік жоғары бағытталған. Сондықтан, дәстүрлі дүниетанымда тік бағытталған заттардың бәрі сакральды болып, әлем ағашына изоморфты (ұқсас бейне) болады да, тік тұрған заттың бәрі (өсіп тұрған ағаш, діңгек, адалбақан, бақан, адам денесі және тағы басқалар) әлем ағашының алломорфты рәміз саналды. Ағаш сапқа орнатылып тік бағытталған қару да дәстүрлі мәдениетте әлемдік ағаштың символына айналып, ол да әлемдік ағаш сияқты медиативтік функциясын атқаратын. Сондықтан, қарудың (әсіресе, айбалта, найза, күрзі сияқты ғұрыптық мәнде**

**қолданылатын қарулардың) басындағы өрнектер – «әлем ағашы, өмір ағашы» өрнегінің түрлі варианттары. Қарудың сабы да «әлем ағашының» діңі ретінде (сап көбіне ағаштан жасалады) сол мәндес өрнекпен әшекейленген»** [12]. Бұл пікірге өз тарапымыздан қосарымыз, билеушілердің және бақсылардың қолындағы асатаяқ та «әлем ағашының» кішірейтілген моделі екені түсінікті. Үш әлемге билік жүргізетін қаған да, үш әлемнің тылсымын ұғатын бақсы да аса таяқ ұстауға құқылы саналған тәрізді. Бақсылардың жындарды бағындыратындығын, рухтармен тілдесетіндігін есіңізге алыңыз. **«При зачистке почвы вокруг могильной ямы одного из курганов рабочий-землекоп приподнял лежавшую в земле небольшую каменную плитку, и под ней сверкнули золотые горлышки какой-то посуды. Расчистив землю вокруг них, мы обнаружили, что здесь, в специально выкопанной ямке (размером 30х30 и глубиной 25 сантиметров), были поставлены на серебряном блюде четыре золотых сосуда»** [13].

Л.А. Евтюхова Оңтүстік Сібірден құпия қоймалардың ондағы алтын ыдыстар табылғандығын жазады. Оның «Южная Сибирь в древности» атты еңбегінде: **«Продолжая зачистку почвы по соседству с тайником, мы обнаружили ещё один тайник в такой же ямке. В нем лежало сильно помятое, согнутое пополам золотое блюдо и завёрнутые в войлок украшения поясного набора и конской сбруи из золота, бронзы и серебра. Надо сказать, что совсем рядом с последним тайником проходил грабительский подкоп в могильную яму; если бы он прошёл на 20 сантиметров левее, то мы уже не нашли бы лежавшие здесь замечательные вещи. Внимательное изучение почвы под курганной насыпью привело нас к новому открытию тайников в другом кургане, где также в стороне от могильных ям были обнаружены два тайника с ценными вещами. Открытые в тайниках вещи впервые знакомят нас с выдающимися образцами художественного производства из металла, сделанными руками местных кыргызских мастеров. Рассмотрим эти находки. В первом тайнике, как сказано выше, мы нашли четыре золотых сосуда. Один из них в форме узкогорлой бутылки с крышкой, весом 593 грамма, имеет одинаковую форму с глиняными сосудами, найденными прежде в других кыргызских чаатасах. Этот сосуд особенно ценен тем, что на дне имеет процарапанную древнетюркскую надпись на орхоно-енисейском алфавите. Она и следующая за ней прочитаны С.В. Киселёвым и в переводе означают: «Бэгское серебро мы дали». На другом золотом гладком сосуде в форме кувшинчика местного производства есть такая же надпись, гласящая: «Золото... дар Ача». Обе эти надписи чрезвычайно интересны, так как вскрывают данническое, зависимое положение народа от аристократии»** [13] делінген. Келтірілген мысалдан оқып отырғанымыздай, алтын ыдыстардағы жазулар бұл «құпиялы» қорғандардың абыздарға тиесілі ғұрыптық кешендерге келетіндігін аңғару қиын емес. Ыдыстағы жазулар да осыған меңзейді.

Өткендегі Түрік қағандығының ғұрыптық кешендерінен жерлеу орындары табылмады. Осыдан қағандық орталығының өзге аймақтардан дара сипаты аңғарылады. Алтай, Енесей, Талас ескерткіштерінде мұндай бірізділік байқала бермейді. Сақ, ғұн дәуіріндегідей ғұрыптық кешен мен жерлеу орны кейде бір жерде тоғысса, марқұмның кей жерлерде еске алу орны бөлек салынып, жерлеу нысаны бөлек әзірленетін тәрізді. Мәйітті өртеу ғұрпы жиі қолданылған, сондықтан, ғұрыптық кешендерден адам сүйегі табылмады деген көзқарастағы ғалымдар тобы бар екені жасырын емес. **Ғұрыптық кешендердегі ең маңызды ескерткіштің бірі – бәдіз тас. Сақтарда да марқұмның бейнесін мүсін етіп қашау дәстүрі болған. Бірақ, бұл өте сирек кездеседі (Жетісу обаларынан баржоғы үш мүсінтас табылған). Есесіне, ғұндар мен сарматтардың ескерткішінен мүсінтастарды жиі ұшыратуға болады. Қоладан, алтыннан құйылған көсемдердің, абыздардың бас мүсіндері туралы тарихи деректер мен нақты артифактілер де жеткілікті дәрежеде табылып жатыр. Бәдіз тастар қазақ даласына Ислам діні келгенге дейін орнатылған. Кейін діни танымның кейбір өзгерістеріне байланысты бәдіз тастардың орнына құлпытастар тұрғызыла бастайды. Түрік қағандығы тұсында мүсінтас қою дәстүрі кемелденген деңгейге көтерілді. Сақ обалары кейде шеңберленіп, кейде төртбұрыш формасында жалпақ тастармен қоршалып отырды. Тіпті, бағана тастармен қоршалған да обалар бар. Түрік қағандығы кезеңіне тиесілі ғұрыптық кешендерден шарбақтастардың көркем үлгілерімен ұшырасамыз. Тау шатқалдарындағы халыққа белгілі ежелгі таңбалар, суретті әңгімелер, көне жазулар, сақ, ғұн обаларындағы сирек те болса, табылып жатқан көне жазулар – жазу, жазбаша**

**ақпарат беру тарихымызды тереңдете түсері анық.** Түрік қағандығы кезінде бітік тастарға тұтастай жыр-дастандардың таңбалануы кездейсоқ болмаса керек. Мыңжылдықтар бойы қалыптасқан жазу дәстүрінің бірегейленген үлгісін Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк эпикалық жырларынан да айқын көреміз. **Бір ғажабы, осы күні де байырғы түрік бабаларымыз тәрізді марқұмға жоқтау айту, ескерткіш қою, ас беру дәстүрі жалғасын тауып келеді. Күлтегін жырларын бір жағынан бітік тастағы жоқтауға балауға болады. Ауызша айтпады демесеңіз, мұнда да оғланның ерлігі, игі істері әңгімеге арқау етілген. Анадолы түріктерінде қайтыс болған адамға «топырағы мол болсын!» деген тілек айтылады екен. Сақ қорғандары да мейлінше биік етіп (тау үлгісінде) көтеріледі. Неғұрлым топырағы биік болса, марқұмның о дүниедегі мәртебесі жоғары, мерейі үстем болады деген наным түрік ағайындарда сақталыпты. Ал, алғашқы алтын адамды табуға мол үлес қосқан археолог Бекмахамбет Нұрмұхамедов сақ қорғандарының биіктігіне орай әулеттің де беделі, мәртебесі айқындалады деп есептейді.** Жыл сайын марқұм басында ас беріліп, топырақпен оба көтеріліп отырған. Әр жылы сақ обасының беті бір қабат топырақ үйіліп, беті түрлі тастармен көмкеріліп, жабылып шығады. **Есік қорғанындағы алтын адам алты метр биік обадан табылғандығын айта кеткен жөн [14]. Біздіңше, сақ қорғаны кезіндегі обалардың қызметі түрік қағандығы кезінде балбал тастармен (тас бағана) ауыстырылды. Тас бағаналар қағанның әлеуметтік дәрежесін ғана емес, ел алдындағы абыройынан хабар береді.** Әрбір ру-тайпа көсемі балбал тастар орнатып, дүниеден қайтқан қағанға өз ықыластарын білдіріп, құрметтерін көрсеткен деген болжам жасаймыз. Балбал тастарды орнатуға байланысты ғалымдар ұстанымының сан тарапқа тартқан пікір қайшылықтарына қарамастан (*соғыста өлтірілген жаудың саны, ат байлайтын бағаналар және тағы басқа болжамдар*), қола дәуірі, сақ, ғұн обаларымен жүргізілген салыстыру нәтижесі бізді осындай ойға тоқтауға итермелейді.

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Маргулан А.Х. Сочинения в 14 томах. Т.3. Петроглифы Сарыарки. Гравюры с изображением вольчего тотема. Т.4. Каменные изваяние Улытау. /Сост. Д.А. Маргулан, Д. Маргулан /. Алматы. 2003.-50с. + вкл 246 с.

2. Марғұлан Ә.Х. Ұлытау төңірегіндегі тасмүсіндер // Ежелгі мәдениет куәлары. – Алматы, 1966. – 8-52 бб.

3. Маргулан А.Х. Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана. – Алматы, «Наука», 1979. – 360 с.

4. Самашев З. Петроглифы Казахстана. – Алматы, «Өнер», 2006. – 196 б.

5. Самашев З., Базылхан Н., Самашев С. Көне түрік таңбалары. Древнетюркские тамги. – Алматы: Abdi company, 2010. – 167 б.

6. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этно-мәдени пайымдау: оқу құралы. –Алматы, «Санат», 1997. – 464 б.

7. Төлеубаев Ә. Қазақстан археологиясының қола және ерте темір дәуірі мәселелері. I том. – Алматы, «Service Press», 2013. – 99-123 бб.

8. Қазақ бақсы балгерлері. Құрастырғандар: Дәуренбеков Ж., Тұрсынов Е. – Алматы, «Ана тілі», 1993. – 20-53 бб.

9. Самашев З., Базылхан Н., Баяр Д. Древнетюркские каменные изваяния Евразийских степей // Мәдени мұра. Культурное наследие. № 1 (22) қаңтар-наурыз. 2009. –Астана. – С. 30-39.

10. Қазақ даласының көшпенділері: Еуразиядағы скиф-сақ дәуіріндегі этноәлеуметтік-мәдени үрдістер мен қарым-қатынаста халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. – Астана, Президенттік мәдениет орталығы, 2008. – 134-146 бб.

11. Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. I том. Моңғолдың құпия шежіресі. – Алматы, «Дайк-Пресс», 2006. – 104-111 бб.

12. Ахметжан Қ. Қазақтың дәстүрлі қару-жарақ этнографиясы. Алматы, «Алматыкітап», 2006. 56-60 бб.

13. Евтюхова Л.А. Каменные изваяние Южной Сибири и Монголии // Материалы и исследования по археологии СССР. – М.,1952. №24. – 71-120 сс.

Акишев А.К. Искусство и мифология саков. – Алматы, «Наука», 1984. – 176 с



**Жолтай ӘЛМАШҰЛЫ,**
**филология ғылымдарының кандидаты**

# БЕЙІМБЕТТІҢ БИІГІ

## (Әдеби толғам)

**Бізге қымбат бір шындық**
(Қаламгер шығармаларындағы кезең картинасы)

**ХХ ғасыр басынан бері қарай қанатын кеңге жая түскен қазақ әдебиеті жайлы кеңінен толғап әңгіме қозғай бастасақ, сөз жоқ, бір-біріне ұқсамайтын екі түрлі әдеби бағытты (проза саласы бойынша) тез-ақ аңғаруға әбден болады. Бұл екі бағыттың екеуі де өз дәуірінде қолына қалам ұстаған барша қаламгерлерге үлгі ұсынды, өнеге көрсетті, бағыт-бағдар берді. Біз бұл пікірді соншалық сенімді көңілмен, барынша нық оймен айта аламыз.**

**Бұл екі бағыт-қандай бағыт?**

**Оның бастау-бұлағында кімдер тұр?**

**Енді, осы тұрғыда аз-кем сөз тарқатып, салалап айта кетелік.**

Өзінің жазба әдебиеті жан-жақты өркендеп, алғашқы толымды көркем шығармалары өмірге келіп, сүрлеу-соқпағы салына бастаған ұлт әдебиетінде әңгіме-повестерді былай қойғанда, тереңнен ой қозғаған кесек романдар да туындады. **Ең алғашқы романдар – «Қамар сұлу», «Қалың мал», «Жолдастар», «Тар жол, тайғақ кешу», т.б. жарыққа шыққан ХХ ғасырдың 20-30 жылдары ішінде бұрынғы қазақы жазба стилін өзінше дамытып, еуропалық нашықта ой өрбіткен, ой ағыны мен сезім тереңіне үңіліп, өзгеше көркем дүниелер жаза білген жаңашыл қаламгердің бірі – Мұхтар Әуезов еді. Қаламгердің «Қорғансыздың күні» атты алғашқы әңгімесінен бастап-ақ жазылу машығы ерекшеленіп шыға келді. Оны әуелгі кезде бірсыпыра сыншылар дұрыс қабылдап, енді бір тобы түсініңкіремей, сын айта бастағаны да жасырын емес-ті. М.Әуезов өзінің алған бағытынан еш айныған жоқ, ең аяғында «Абай жолы» секілді кең көлемді роман-эпопея жазып шықты. Мұнда да сол өзіне тән әдіс пен стиль қатаң сақталып қалып отырды.** Біз Әуезов ұстанған соны бағыт турасында бұдан бұрынғы мақала-зерттеулерімізде біршама сөз етіп, талдап-негіздеп жазған болатынбыз («Әуезовтің жұмбақ әлемі», А., 2005ж). Ендігі сөз-қазақы жазу машығынан алшақтамай-ақ, көп жүрегінен мейлінше орын алған ұлттық нақыштағы қаламгерлер тобы туралы, яки, екінші бағыт хақында болмақшы. Бұл бағыттың бастауында тұрған, әрине, бәрімізге де етене жақын, аз да саз, қысқа әңгімелердің шебері – Бейімбет Майлин.

Бейімбет шығармашылығы жайлы осы күнге дейін аз жазылған жоқ. Арнайы түзілген ғылыми-зерттеу еңбектері де жетерлік. Жазушы лабораториясын жіті көзбен сүзіп өткен филолог-ғалымдарымыз да баршылық. Біз ондай сүйектi-сүйекті еңбектер туғызған ғалым-зерттеушілеріміздің ой-пікірлерімен деңгей салыстырып, пікір таластырып және өзімізше жаңалық ашуды да мұрат тұтпадық. **Ойлаған ой, діттеген мақсат – ХХ ғасыр басында ұлт әдебиетінде қалыптасқан екі бағыттың бірінің көрнекті өкілі бола білген қарымды қаламгер шығармаларына терең үңіле отырып, жазған туындыларының замана шындығына үндестігін баса айту еді. Тағы да айтарымыз – бүгінгі арналы қазақ әдебиеті дейтін алып өзеннің бастау-бұлағында тұрған екі алыптың, екі бағыт ұстанған қос сөз зергерінің**

**өз кезеңіндегі ықпал-әсерін молынан аша түсіп, кейінгі әдебиетшілерге де ой тастай кету. Біз сол себепті де алдымен М.Әуезов шығармаларына көңіл көзімен үңілдік, өзімізше ой білдіруге тырыстық. Ал, ендігі кезек – Бейімбет Майлин жайында болмақ.**

***

Бейімбеттің жазушылық биігі дегенде алдымен ойға оралатыны – ол өз дәуірінің қатпар-қыртысына терең үңілген және сол кезеңнің қатал сыншысы бола білгендігі. Егер, артында қалған мол мұралары – әңгімелер топтамасын парақтап отырсаңыз, еш қиындықсыз-ақ кешегі аласапыран күндер шындығы көз алдыңызға дөңгеленіп келе қалады. **Жоқ, Бейімбет уақыт шындығын ғана суреттеп бере алған қаламгер емес, ол өз әңгімелері арқылы сол сұрапыл күндерді ащы әжуалап, сын садағына алған жазушы. Былайша айтқанда, өз заманындағы асыра сілтеу мен қисық-қыңыр істерді өмір суреттері арқылы астарлап күлкі етуші. Келеке етуші!**

«Сексен сом» әңгімесін алайық.

Кедей, жатақ Егеубайдың құлағына жайсыздау хабар жетті. Оны жеткізуші – Тынымбай. Кеше болған жиналыста тағы да салық жинайтыны айтылыпты. Әр адам басына – сексен сом. Міне, осы салықты ести сала, Егеубай ой құшағына көміледі. Онсыз да қарызға белшесінен батулы. Онсыз да сіңірі шыққан кедей. Ау, өкіметке несін бермек? Жаңа өмір дегеніңнің сиқы осы ма? Жанын қоярға жер таппай қиналған сорлы Егеубай... Ақыр аяғында оны комиссия шұғыл шақырып алып, «қолыңда бір атың мен сиырың бар екен, соның бірін өткізесің» дейді. «Ол қымбатырақ қой» деген уәжіне «артылғанын аласың» деген жауап алады. Егеубайда не қауқар бар, жалғыз атын өз қолымен комиссияға жетелеп алып келеді... Былай қарасаңыз, жәй ғана әңгіме. Ондай жағдайлар қай кезеңде болмаған және кімнің басында болмаған. Алайда...

**XX ғасыр басындағы «жаңа өмірдің» ең сұмдық ісі – кедейлерді осылай қыспаққа алғаны емес пе! Әуелі артель, сосын колхоз... ақыр аяғында малға кім ие, дүниеге кім кепіл деген мәңгілік сауал ел басына туды. Бай бар байлығын жоқ етті! Кедей мол дүниеге ие бола алмады. Замана астаң-кестең. Ешкім жауап бермейді, ешкім де кінәлі емес... Кеңес өкіметін көтермелеу ме? Жоқ! Байларды сынап-мінеу ме? Ол емес. Кедей-жатаққа күлу ме? Ол да емес. Шығарманың құпиясы не? Ол – уақыттың өз суретін, шынайы бейнесін бере білгендігінде. «Сексен сом» әңгімесі, міне, сондай кездің кермек шындығын алдыңызға тартатын ащы мысқыл, өткір әжуа.**

***

Кейінгі уақытта әдебиетшілер арасында **«Кешегі ашаршылық жылдарының ащы шындығы көркем шығармаларда тек қазір ғана жазыла бастады»** деген атүстілеу пікір қалыптаса бастапты. Бұл – ұшқары ой. Ашаршылық қырғыны туралы сол кездің өзінде-ақ қалам тербеп, жанды сурет жасай білген қаламгер – ол Бейімбет. Жазушының «Айт күндері» деген шағын әңгімесі бар. Жұрт айттап жүреді. Кейбір дүниесі барлар құрбандыққа мал шалып жатады. Былай қарасаңыз, мамыражай заман. Әркім өз бетінше тірлік жасауда.

**Үй көлеңкесінде ақ текесін терлептепшіп сойып жатқан Молдағалидың қасына Уәли келеді. Сол сіңірі шыққан Уәли:**

**– Сен маған тоқтыңды сатшы, – дейді.**

**– Ақша дабай.**

**– Күзде аларсың.**

**– Болмайды.**

**Уәли кеткен соң Молдағали текенің терісін жұдырықтап жатып:**

**– Аштан өлейін деп жүріп, айтта несі бар екен, алдап апарып сойып бір тоймақ қой, – деп күледі.**

**Міне, «біреу тоңып, біреу тойып секіріп» жатқан заман сиқы. Әрине, аш адамға айт не керек, құрбандық неменеге керек. Қу қарынның қамын ойлағаннан өзге не ой болсын басында!**

Аш, жалаңаш жүрген кісінің бір басынан қандай кемшілік, қандай білместік іздеуге болады? Тіпті, оның аузынан шыққан сөзін де, ойлаған ойын да талқыға салуға бола ма? Егер талқыға сала алатын болсақ, онда адам деген кім? Ол тіршілік қиындығында һәм аш-жалаңаш қалған жағдайда алдымен нені ойлайды? Нені айтады? Нені тілейді? Міне, бұл әңгіме бізді осындай

ойларға жетелеп әкете алғандығымен де құнды. Сосын да, Уәлидің әлгі әрекетіне күле алмайсың. Қайта Молдағалиды іштей жаратпай тұрасың.

**Бұдан басқа бір әңгімесі – «Күлпаш» деп аталады.**

**Күйеуі Мақтым – өте кедей. Үйде ішіп-жейтін түк те жоқ. Жалғыз ұл – Қалидың қарны қабысып қалған. Мақтым азық іздеп, үйден шығып кеткелі қанша күн. Әлі хабар жоқ. Осы екі арада сіңлісі Раушан келіп: «осы үйден өлігің шыға ма, тиіп ал ана Жұмағазыға» дейді. Жұмағазы-40-50 қарасы бар, бір ауылдың байы. Сіңлісінің жанашыр сөзі Күлпашты қатты ойландырады. Аштықтан, жоқтықтан құтылудың жалғыз жолы-осы. Бай адамға барса, жағдайы жақсарады. Одан өзге не керек! Ар, намыс, махаббат ойына да кіріп шықпайды. Оны ұмытқалы қанша уақыт! Ақырында, сол Раушанның дегеніне көніп, Жұмағазыға тоқал боп барады. Мақтым мен Қали үйде қалып қояды. Алайда, арада бірер ай өткенде алабұртып, ойға түсіп, бір-екі түйір етті алып, өзінің бұрынғы отына келсе... күйеуі мен баласы аштықтан бұратылып пеш түбінде құшақтасқан күйі жан тапсырыпты... Сол бір жылдарда қолдан жасалған аштық зобалаңы, міне, осылайша бір отбасының шаңырағын ортасына түсірді. Күлпаш жалғыз қалды. Енді, оған басқа таңдайтын жол да жоқ. Жалғыз сүйенері – Жұмағазы...**

Шағын ғана әңгімеде Б.Майлин ашаршылық жылдарының ащы шындығын сол қалпында, дәл суреттеп, алдыңызға молынан тарта салғандай.

***

Айранбай етікші бейнесі («Айранбай») бір жағынан күлкілі, ал, бір жағынан расында да мына өмірдің тым қатыгез, опасыз екендігін дөп басып көрсете алған. Өзінің жақыны Кемелбайдан бір кішкене қайыс сұрап ала алмаған соң, өзгеден не қайыр күтпек?

Өз қатыны – Раушанды сол үйге жұмсап жіберіп, құрқол келгенін көргенде ішінен үгітіліп, ашу-ызаға булығуы заңды да. Әңгіме соңында, сол Айранбай ойға беріліп, осыдан бір жеті бұрын ауданнан елге келіп сөйлеген инспектор пікірін амалсыз қоштағандай болды. «**...Кедей еңбегін бай жеген, инспектор сөзі рас...**» Содан соң, қатынына **«енді сен Кемелбайдың үйіне барма, құдай аштан өлтірмес» деп сөйлейді. «Кәмуниске жазылғандарды қазына асырайды дейді ғой, кәмуниске жазыламыз...»**

Шығарманың түйінінде Айранбай «Көкек» әнін шыркап отырады.

Осы көркем дүниеде былай қарасаңыз шығармаға өзек бола қоярлықтай оқиға да жоқ. Өмірдің бір сәттік көрінісі ғана. Ал, бірақ, сол қарапайым өмір – Бейімбет үшін өте маңызды тақырып. Терең ойға бастайтын тақырып.

**Дәл осы секілді тапқырлық оның «Түйебай» әңгімесінен де байқалады.**

**Шығарманың лирикалық кейіпкері (яғни, автордың өзі ме) Түйебай деген момындау, кедей отбасының баласымен молда алдына барып сауат ашпақшы. Молда өте қатал, сәл кешіксе дүрелеп, жанға батыра ұрады. Әсіресе, Түйебайды...**

**Сол Түйебай бір жолы қатты таяқ жейді де «енді шоқынып кетсем де молда алдына бармаспын» деп серт береді. Сол сөзінде тұрады. Арада біраз уақыт өткенде лирикалық кейіпкер байдың малын бағып жүрген сол Түйебайды ауыл жақта жолықтырады. Бұл ат үстінде, ал Түйебай... жаяу.**

**– Қойды неге ат мініп бақпайсың?-деген сауалға:**

**– Ат бермеді, – деп жауап қатады.**

**Жазушы әңгіме соңында осы Түйебайдың ат бермегені үшін байға қыр көрсетіп, «аштан өлсем де мал бақпаймын» деп айта алмағанын тұспалмен сездіреді. Қаламгердің астарлы мысқалы осы! Оны оймен ғана сезіне аласың.**

Адамдар арасындағы теңсіздік! Біреу бай, ал, енді, біреу – кедей. Бай байлығына басып, күпінеді. Кедей кіжінумен тірлік кешеді. Сондай кіжінушілердің бірі – осы Түйебай...

Ал, мінезі... Ол өз алдына бөлек әңгіме ғой.

***

**Кедейшілік кісіге не істетпейді!**

**Жоқшылық, шіркін кей-кейде кісінің ақыл-ойын матап, көзін шелдендіріп,**

**басып айналдырып қоятыны да өтірік емес.**

**Бейімбеттің Салқамбайы («Салқамбай тоба қылды») тап осындай жағдайды бастан кешкен бейбақ. Қызы Күләш 14-15-ке толғанда оған сырттан көз тігушілер көбейеді. Анаусы да, мынаусы да ақша ұсынып, «осы қызыңды бізге бер» дейді. Салқамбай әуелде бұл шаруаны ыңғайсыз көрсе де, ақша үстіне ақша қосып айта бастағандарға елітіп, қалай көнгенін де байқамай қалады. Сөйтіп, Мәлік деген бай кісіге 500 сомға тоқалдыққа береді...**

**Артынан үстінен арыз болып, сотқа шақырылады. «Қызыңды неше сомға саттың?», «Астыңдағы алаяқ атты қайдан алдың?» деген секілді мың түрлі сұрақтардың астына алады. Сасып қалған Салқамбай «ойбай-ау, мың, екі мың сомнан алған байлар әлі үйінде отыр ғой» деп соғады. Сондағы естіген жауабы: Әй, отағасы-ай, аңқау екенсіз ғой. Мың түгіл, он мың алса да, байларға білінуші ме еді... Олар сен құсап алаяқ ат мінбейді. Міне қалғанда да, олардың малы көп, қайдан алдың деп кім байланыспақшы...**

**Бәлелі әңгімеден әзер деп құтылған Салқамбай үйге қайтып келе жатып: «Байға құда болу, байға қол арту менің не теңім еді» деп қинала сөйлейтіні бар...**

**Тағы да әділетсіздік! Тағы да әлдінің істеген әр ісі оң, әлсіздің бар ісі де теріс.**

**Жазушы тірліктің ең бір қиылысқан жерін, күшті мен әлсіздің, бай мен кедейдің, бар мен жоқтың ара-жігін ажырата, кісіге ой сала баян еткен.**

***

Біз, шамасы, осы күнге дейін жазушы Б.Майлинді өз дәрежесінде, өз деңгейінде һәм өз биігінде сөз ете алмай келе жатырмыз-ау! Егер, Бейімбет шығармалары (*мейлі әңгімелері, мейлі көлемді дүниелері)* тереңінен талданып, мейлінше байқампаздықпен жазылар болса, міне, замана шындығы сонда жасырынып жатыр. Кезең кеселін, уақыт «ауруын» дәл осы Бейімбеттей ешкім де көрсете алған жоқ. **Күні бүгінге дейін Бейімбет әлемі өз құпиясын ашпай келе жатқаны – жазушының кінәсі емес, ол біздің салғырт мінезіміз. Кешегі ХХ ғасыр басындағы барша ауыртпалықтар мен асыра сілтеушіліктер түп-түгелімен Бейімбет шығармаларынан ойып орын ала білген. Оны көру үшін, әрине, жіті көз керек. Зерек ақыл керек. Байқампаз ынта қажет.** Біз бұл мақалада реалист-жазушының бірді-екілі әңгімелеріне ғана тоқталып өттік. Солай бола тұрса да, Бейімбеттің осы күнге дейін байқалмай келе жатқан бір құпиясы – заманмен үндестігі һәм кезеңнің куәгері екендігі ашыла түссе деген ниет болды.

ХХ ғасырдың бас кезіндегі ел өмірінің ақ-қарасын ажыратып, қатпарлы құпиясын молынан аша түскіміз келсе, ең алдымен Бейімбет Майлинді оқиық. Тереңдеп, түсініп оқиық.

**Замананың шынайы келбеті**
(Жазушының шығармаларындағы әйел теңдігі)

Әр қаламгер өз заманының, өз дәуірінің үлкенді-кішілі мәселелеріне сергек қарап, жіті құлақ түріп, жазған шығармаларында сол мәселеге өз көзқарасын білдіріп отыруы заңды құбылыс. Алайда, бұл екінің бірінің қолынан келе бермесі тағы да ақиқат. Ой мен ниет дұрыс болғанымен оның жүзеге асырылуы, әрине, әрқалай. **Біз білетін жазушы Бейімбет өз дәуірінің көзі мен құлағы бола алған десек, бұл сөзіміз шындық аулынан алшақ кете қоймас.**

Б.Майлин шығармаларындағы кеңінен орын алған тақырып – әйел теңдігі.

Кеңес өкіметіне дейін де, тіпті, кеңес дәуірінің алғашқы жылдарында да қазақ мұсылман әйелдерінің өз сүйгеніне бара алмай, еркінен тыс дүниеге сатылып кете беретін жағдайлары кеңінен орын алғаны белгілі. Он екіде бір гүлі ашылмаған жас қыздар елуден, тіпті, алпыстан асқан ересек еркектерге тоқалдыққа барып жатты. Бармасына болмады. Көнбесіне амалы жоқ-ты. Міне, осы тақырып – Б.Майлин дүниелерінен берік орын алып, көркем тілмен жан-жақты көрсетілді.

**«Зейнештің серті» деген әңгімесінде әуелі Асылбек деген еркекке алданып, енді болмағанда соған тиіп кете бармақшы қыздың (он бес жасар) аяқ жағында ес жинап, «қой, мұным бол-**

**мас, өз абыройым үшін күресейін» деп сотқа арыз беруі, сот мүшелерінің бұл ісін қолдауы іспетті жағдайлар бірінен соң бірі тізбектеледі. Мұндай өз намысын өзі қорғап, жоғарыдан әділдік іздеу секілді істер – қазақ даласында некен-саяқ. Жазушы жаңа дәуірмен бірге қазақ қыздарының сана-сезімінің ояна түсіп, өз тағдырын өздері ойлай алатын дәрежеге көтеріле алғанын айтпақ болған.**

«Қайнаға өтірік айтады» әңгімесіндегі ауыл қыз-қырқындарының жаңа заманға ұмтылып, оқу-білім алуға өз еркімен бас қоюы тағы да уақыттың соны лебін байқата алады. Осы шығармадағы Биқасап қатынның «қатындар оқуды қайтеді» деген қайнаға сөзіне қарсы шығып:

– **Қайнаға бекер айтады, біз оқымаймыз деп ешкімге сөз бергеміз жоқ! Оқытушы болса неге оқымайық! Мына қатындардың бәрі де оқимыз деп отыр...** – деп сөйлеуі психологиялық өзгерістерді байқата түскендей. Осы бір кішкене өмір суреті арқылы қаламгер қатындардың санасындағы сілкіністі, өзгеше тіршілікке ұмтылысты барынша дәл аңғартқан. Және жәй ғана аңғарту емес, сол күнгі отырыста еркектер жеңіліп, әйелдер жеңіске жеткенін көрсетіп береді.

**Бұл тұста жазушы әңгімесін екіжақты түсінуге де болатындай. Алдымен, Кеңес өкіметі талабына сай қазақ әйелдерінің еңсе көтеруі, ерлермен терезесі тең болуға ұмтылуы, өз арын өзі қорғап, өз сөзін өзі сөйлей бастауы секілді жалпыға тән жаңалықтардың бой көрсеткені. Сосынғы ой – жазушы жаңа өкімет атын малданып, қазақ әйелдерінің тым еркінсуі, тайраңдауы, ойына не келсе, соны айтуға бейімделе бастауы, қысқасы, елдегі бұрыннан қалыптасқан ізгі тәртіптердің бұзылуын ащына жеткізуі. Өзіңіз ойлаңыз, суреткер қай жағына басымдық береді? Осы әңгімелерді жазудағы алтын діңгек – асыл ой қайсы?**

Милицияға жұмысқа тұрған Құрымбай серінің (**«Құрымбайдың жігітшілігі»**) ендігі бар арманы – ел аралап, қай үйде сұлу, пішінді, тартымды қыз болса, соларды әурелеп, өмірді сүргісі-ақ келеді. Бірақ, қай ауылды араласа да, істің сәті түспейді. Не қыз шешесімен жатады, не болмаса көрші үйге кетіп қалады. Әйтеуір, реті келе қоймайды.

Кезекті бір ауылға жол түсіп, Құрымбай бастап, Кебекбай атқосшы қостап, қона жататын кезді жазушы әдемі үйлестіріп, мейлінше шыншыл етіп суреттей алған. Бұл үйде Нұржан шал мен бәйбішесі Меруерт бар. **Алайда, Құрымбай үшін олар қызық емес. Екі көзі – сұлу қыздары Күләшта. Арманы да, аңсары да сол.**

**Түн болады. Төсек салынады.**

**Құрымбай енді түн төсегінде қарап жатсынба қызға ысырылып жақындайды. Онысы елден таса, жұрттан жасырын әрекет те емес. Тіпті, ауылнайдың өзі де осыған тілеуқор. Алайда, жасынан ерке, еркін өскен қыз – осы Күләш. Ақылы да барынша толысқан қыз. Ол Құрымбайды балағаттап, тулап, айқайға басып, у-шу жасамайды. Тек қыз ақылына салып:**

**– Мен тілемеймін, – дейді.**

**– Сіз менің сөзіме түсінбей жатырсыз. Мені елдегі жабайы жігіттің бірі деп ойлайсыз. Оныңыз қате, – деп, Құрымбай қыз жүрегін жаулай түсіп: «мен іс адамымын, мен әйел затын теңгеруге қарсы емеспін...» деп соғады. Қыз оны осы сөзінен ұстайды.**

**– Жұмыс адамысыз ғой, ұйқыңыздан қалмаңыз, барып жата қойыңыз, – деп Күләш жігітті сөзбен матап тастайды.**

**Жігіт жеңілді. Өз ісінің әбес екенін түсінді. Кері қайтты. Ауылнайдың:**

**– Іс бітті ме? – деген сауалына:**

**– Болмады, – деп күрсіне жауап береді.**

**Ең қызығы – ертеңіне үй малын есепке алып жатқанда, ауылдағы дәулетті Кәрім, Дәуіт дегендерді тізімге жазбай, Нұржанның (Күләштың әкесі) екі-үш қойына шұқшияды.**

**Жол жүрейін деп жатқан кезде Күләш Құрымбаймен бетпе-бет кездесіп қалады. Қыз:**

**– Түндегіге ашуландыңыз білем, – дейді.**

**– Жоқ, ашуланған жоқпын.**

**– Ашуланбасаңыз, айып алуыңыздың жөні қалай?**

**– Қайдағы айып?**

**– Айып емей немене, байлардың жүздеген қойын көрмей, біздің үйдің екі қойын жазып кетіп отырсыздар,**

**төрелігіңді былай қоялық, мұның тіпті жігітшілігіңе лайық емес қой, – деп, қыз жігітті ұялтады.**

**Арбаға отырып, елден ұзап бара жатқан Құрымбай «ну, маладец қыз екен, эттең оқымай қор болған екен» дейді.**

**Әңгіменің соңында ауданнан салық қағазы келгенде, дәулетті Дәуіттің 15 қойына да салық салынғаны белгілі болады.** Әкесінен осы жайлы естігенде, шәй құйып отырып Күләш та іштей: «қалай да жігіт екен, жарады» деп риза пішін байқатады. Осы әңгімені егжей-тегжейлі баяндап отырған себебіміз – мұндай ауыл қызының санасының өсіп, ер жігіттермен терезесі тең болып сөз-уәжден жеңілмей, еркін сөйлесуі өте нанымды әрі тартымды суреттелгенін ашып айта кету еді. **Әдетте, біз теңдік туралы сөз қозғағанда қыздың еркекті беттен алып, аузына не келсе, соны сөйлеуі деп ұғамыз. Ол, тіпті де, дұрыс емес. Тең болу деген – ерлер мен әйелдердің ақылының таразы басына түсуі деп ұғу қажет. Егер, әйел ақылды болса, еркекті парасат-пайымымен-ақ өзіне табындырады.**

Біздіңше, Күләш – сондай бейне. Ол тіпті төсек үстінде жатып та ынтығып, үздігіп ұмтылған сері жігітті сөзімен тоқтатты. Тіпті, оны айтасыз, сол Құрымбайға ақыр соңында өз базынасын да орындатты.

«Күлшара жеңгей» әңгімесінде бәйбіше-тоқал мәселесі қозғалады. Бірақ, мұндағы оқиға басқа әңгімелерден өзгеше. Күлшараның Бақа қайнысы (Жексенбай) араға түсіп, күйеуі өлген жас жесірді тоқал болуға көндіреді. Өзіне емес, әрине. Ана Күлшара жеңгесінің байына, яғни, ағасына...

Сондағы Күлшараның айтатыны:

– Байым алмаймын десе, «мен зорлап алдырдым»...

Әңгімені оқу барысында түсінгеніміз- әлгі алаяқ Жексенбай тоқал алып беретіні үшін Күлшараның үйінен бір сиыр, «әкімдердің аузын алуға» деп тағы 50 сом жымқырған.

Ең соңында тоқал мен бәйбіше арасында айқай-шу шығып, көзі көгерген тоқал ауылнайға шағым түсіріп жатады.

Қазақ даласында ежелден келе жатқан бәйбіше-тоқал мәселесі болса да, мұнда «өзі келіссе де» бәрібір екі әйелдің басы «бір қазанға сыймайтынын» ұғындырғандай болады. Мұның арғы жағында тағы да махаббат, сүйіспеншілік деген асыл сезімдер қылаң береді. Ондай сезімдер жұмыр басты пенде үшін қашанда аса қымбат қазына екендігін паш етеді.

***

**Өз дәуірінің тамыршысындай болған Бейімбет Майлиннің әйел теңдігі тақырыбын қозғайтын ең сүйекті шығармасы – «Раушан-коммунист» деген повесі. Біз бүгінгі заманда даурыға айтып, мінбелерден көтеріліп, қайта-қайта тілге тиек етіп жүрген «гендерлік саясат» шаруасын Бейімбет жазушы сол XX ғасырдың бас кезінде-ақ көтеріп, көркем дүниесі арқылы оқырманына ой сала білгені байқалады.** Сол замандарда, әрине, Раушандар аса көп болған жоқ. Раушан – азшылық. Алайда, заман ондай белсенді, өткір, өз пікірін дәлелдеп шыға алатын білімді қыздарды да сахнаға шығарды.

**«Раушан-коммунист» қазіргі кезде кейбір сыншылар айтып-жазып жүргендей, тек қызыл саясатты жырлаған, коммунистік режимді көрсетуге арналған көркем туынды емес. Оның астарына тереңдей үңіле білген кісі жазушының жасырын емеурінен байқай алады. Мұнда қазақ әйелінің еркіндікке ұмтылуы, өз абыройы мен беделін қорғау жолындағы талпынысы, қысқасы, қоғамдағы әйел адамдардың да өз орны бар екенін ашық та айқын суреттеген. Әрине, шығарма сол кезеңдерде жазылғандықтан да ара-тұра саясатқа жығыла сөйлеу, кей тұстарында әйел қараңғылығы һәм еркектердің зорлық-зомбылығы сияқты көріністер де қылаң беріп отырады.** Ал, тұтастай алғанда – «Раушан-коммунист» айтары бар сүбелі шығарма. Жазушының бұл туындысы туралы аз жазылған жоқ. Әйтсе де, талдап-таратып айтылар тұстары да жетерлік.

**Ғашық болу ғаламаты**

(Қаламгердің хикаяттарындағы сүйіспеншілік сипаты)

**Бейімбет Майлин – қазақ прозасын-**

**дағы өзіндік жазу тәсілі бар, ешкімге де ұқсамайтын, айтары айшықты, ойы орнықты қаламгерлердің бірі. Кісі өмірінің сан-салалы қатпарларын молынан ашуға өз туындыларында барынша күш салды. Сондай өрнекті де өзекті сала-жігіт пен қыз арасындағы сүйіспеншілік мәселесі.**

**Жазушының бұл тақырыптағы алғашқы шығармаларының бірі- «Шұғаның белгісі».**

**Бұл өзі өте шағын, бас-аяғы жұп-жұмыр, айтар ойы анық қысқа повесть. Ең қызығы – Бейімбет осы шығармасын Кеңес төңкерісіне дейін-ақ жазып қойған. Содан да болар, мұнда қызыл саясат жоқ, партия жоқ, қазақ елінің мамыражай өмірінің жанды суреті дерсің!**

Қаламгердің осы туындысы екі кісінің арасындағы әңгіме түрінде өрбиді. Салт аттының бірі – жас жігіт те, екіншісі – егде кісі, әңгіме айтушы адам. Әңгіменің тақырыбы – өзінің бір кездері досы болған Әбдрахман деген оқыған жігіт пен сұлу қыз Шұға арасындағы махаббат. Өзі ауқатты жерден шыққан Шұға сұлу жасы он алтыға толғанша ешбір жігітке көз салмай, ешкімді менсінбей жүрген бұла мінезді қыз. Міне, осы қыздың тыныш өмірі қаладан келген білімді жас – Әбдрахманды көріп, нілдей бұзылады. Неге? Өйткені, оны шын сүйіп қалған болатын-ды. Осы жағдай ел ішінде құлақтанып, ақыр аяғында іс насырға шабады. **Әбдрахман Шұғаны шын сүйді. Бірақ, ел арасындағы пысықай, өзі өсек-аяңға өте құмар Айнабай деген алаяқ өз қызын сол Әбдрахманға бергісі келеді екен. Өзінің қызына көз салмай, танысы Есенбектің қызы – Шұғаға ынтыға қалғаны Айнабайға ұнамаған. Ақыры дегеніне көндіре алмасын сезген соң Айнабай Әбдрахманның үстіне ауданға арыз жолдайды. Сылтауы: «Түріктерге жасырын ақша жинап жүр...»** Әбдрахманның күйіп-жанған жүрегі мұндай бықсық әрекеттерге назар аударып, көңіл тоқтатып қарауға мұрша берер емес. Ақыр аяғында сол арыз себеп болып, Әбдрахманды жоғары жаққа айдап әкетеді. Бұны естіген Шұға төсек тартады. Барлық ақ-қарасы тексереліп біткенше, арада біраз уақыт өтіп, Әбдрахман қайтадан оралғанша Шұға ішқұсалықтан ауруға шалдығады да, ақыры қайтыс болып кетеді...

Үзілер алдында Шұғаның жазып қалдырған хатында мынадай өлең жолдары бар:

*– Жолыңа құрбан қылып ем жан мен тәнді,*
*Дариға, айтылған серт болмай қалды.*
*Көре алмай ақтық минут дидарыңды,*
*Арманда жан тапсырған мен бір зарлы!..*

Осылайша, сұлу Шұға құсалықпен өмірден өтті де, артында махаббат аңызы қалды. Ал, жерленген жерін мұндағы ел «Шұғаның белгісі» деп атап кетті. **Осы шығармасын жазған кезде жазушы Бейімбет небәрі 21 жаста екен. Былай қарасаңыз, әлі жап-жас, тіпті ақыл-ойы толысып та үлгермеген деуге болады. Алайда, мына повесті оқып отырсаңыз, ол ойыңыздан айнисыз. Бейімбеттің ерте есейгеніне куә боласыз. Тіпті, шығарма ішінде жазушының өте байқампаз екенін, кейіпкерлер мінезін дөп басып жаза білетінін, ол аз десеңіз шын сүйіспеншілік дегеннің қаншалық қымбат әрі асыл сезім екендігін де аңғарта алған.** Жалпы, Бейімбет шығармаларына тән ерекше қасиет – ол өмірдің өзін сол қалпында көшіріп отырғандай әсерде боласыз. Онда өтірік қосу, қиыннан қиыстыру һәм жоқты бар деп айту секілді әдет мүлде жоқ. Сосын да, қай тақырыпты қозғаса да, ол шынайы, таза әрі шыншыл болып шығады.

**Біз сөз етіп отырған шағын повестегі негізгі мәселе – Шұғаның ішқұсалықтан өлуі емес. Екі жастың – Әбдрахман мен Шұғаның жаңа өмірге, өзгеше тірлікке ұмтылуы шынайы көрсетіліп қана қоймайды, мұнда ескі мен жаңа тартысы айшықталады. Оны тағы да замана тұрғысында, тіршілік жағдайында емес, адамның ішкі жан дүниесіндегі жаңару бейнесінде көрсете алғандығы.** Ғашықтық тақырыбы, әрине, атам заманнан бері қарай қай ақынды да, қай жазушыны да толғандырған, бұл салаға қалам тербегендер кемде-кем болар. Әйткенмен, Бейімбеттің өрнектеуіндегі махаббат пен ғашықтық ойынды қозғайды, кеудеңе ыстық сезім ұялатады, жан дүниеңді дел-сал етеді. Бұл, әрине, шынайылықтан!

***

**Қаламы жүрдек суреткер сомдаған**

**Раушан бейнесі («Раушан-коммунист») өзінедейінгі ешбір көркем шығармадағы образдарға ұқсамайтын, басқаша кестеленген, ойлы да тартымды тұлға! Жазушының осы туындысын әлдебір жазбаларда біздің бірқатар сыншыларымыз атүсті атап, ылғи да Кеңестік дәуір ықпалымен туған дүние ретінде қарастырумен келеді. Расында солай ма? Біздіңше, жоқ.**

Көлемі шағын бұл повесті Бейімбеттің отызға тақаған шағында қағазға түсірген екен.

Негізгі оқиға – Раушан мен Бәкен арасында өтеді. Екеуі әу баста бір-бірін ұнатқан, жарасты отбасын құрған адамдар. Өмірлері де жап-жақсы басталыпты. Алайда, жаңа Кеңестік уақыт келе ел ішіндегі қатын-қалашты өкімет ісіне тарту жайы қолға алынады. Әйелдерді жинап, жиын өткізіледі. Белсенділерді сөзге тартады. Қысқасы, әйел мен еркек арасында теңдік орнауы тиіс. Ол теңдік тек отбасында ғана емес, қоғамдық жұмыстарда да көрініс табуы қажет. Өзі ұнатып қосылған жары болған соң Бәкен Раушанның жиналысқа қатысқанына қарсы емес. Тіпті, өзі алып барып жүреді. Сондай бір жиында Раушан аяқ астынан көзге түсіп, ауылнай болып сайланып шыға келеді. Міне, бар тартыс пен даудамай сосын басталады.

Қатыны ауылнай болған соң, мөр де осы үйде. Ауылдың шал-шауқаны енді Бәкенді оңашалап сөйлесіп, өтірік һәм жалған қағаздарға мөр бастырып алуды көздейді. Тіпті, Бәкеннің намысына тие:

– Қатыныңа айтқаныңды өткізе аласың ба? – деушілер де табылды. Солардың бірі – ауыл ақсақалы Демесін. Ол Бәкенді айналдырады. Үстінен Итемген деген біреу арыз жазыпты, қызын малға сатты депті. Соны жоққа шығару қажет. Демесіннің бұл сөзіне аңқау Бәкен иланып, «көмек беремін» дейді. Ол ол ма, күйіне сөйлеп:

– Қатынның қойнындағы мөр сіздің керегіңізге жарайтын болса, бастырып берейін. Сізге қызмет қылмағанда кімге қылмақшымыз, – дейді.

Міне, осы тұстан бастап, тайталас өрбиді. Әрине, өкімет сеніп тапсырған жұмысты Раушан барынша таза, адал атқарғысы келеді. Ал, Бәкен болса, еркектік намысқа шауып... Қысқасы, екеуінің арасында жоқ жерден ұрыс-керіс туындап, ең соңында Бәкен үйден кетеді. Басқа бір үйге барып, бүк түсіп жатып алады. Раушан қанша жалынса да, үйіне оралмайды.

Шығарманың соңына таман оқыған қазақ қызы Мәриямның арқасында Раушан Орынборға оқуға аттанады да, ел іші мінезі жұмсақ Бәкенді ауылнай етіп сайлап жібереді. Сөйтіп, сауатсыз еркекті алдап-сулап, әбден былыққа батырады. Ақыр аяғында Бәкен істі болып, абақтыға жөнелтіледі.

Абақтыдан оралған Бәкен енді Демесіндер бастаған ауылдағы қылмыскерлер ісін әшкерелеу үшін губернияда шығатын газет басқармасына келіп отырады. Бар ойы – бүкіл көзімен көрген былықты ашып бермек. Міне, осы жерде Бәкен баяғы оқыған келіншек Мәриямен қайта жолығады. Мәриям Раушанның оқу оқып, қайтып келе жатқанын айтады. Мұны естіген Бәкен Раушанмен кездесуге ынтыға түседі.

– Қарағым, ақтық өтінішім болсын: маған соны бір көрсетесің бе? – дейді Бәкен.

Көркем туынды Раушан мен Бәкеннің кездесіп, бір-біріне соншалық ықыласпен қарап тұрып, өткен күндерін еске алуымен аяқталады. Раушанның:

– Жүдейін депсің ғой, – деген бір ауыз сөзі Бәкеннің жан-жүрегін жылытады. Бүкіл қателігі мен кемшілігін көз алдына елестетеді.

**Осы шығарманы өте байыппен оқыған кісі мұндағы шынайылықты байқамауы еш мүмкін емес. Жазушы бұл жолы да ақиқатқа арқа сүйеген. Ауылда өскен сауатсыз қатынның – Раушанның «тар жол, тайғақ кешулі» тағдыры арқылы бүкіл қазақ әйелдерінің өмір-салтын алдыңызға тартады. Рас, қанша өсек сөзге ерсе де Бәкен ең соңында өз қателігін түсінеді. Тіпті, сол кезде Раушанды шын сүйгенін де аңғарады. Бұл – Бәкен секілді ескілікті кісілердің де рухани оянуы. Өзін-өзі тануға ұмтылуы. Қалай десек те, осы «Раушан-коммунист» повесі өз кезеңіндегі өмір көрінісін шыншылдықпен суреттеген, ойынды қозғап, қиялыңа қанат бітіретін туынды деуге әбден-ақ болады.**

***

Жазушы Бейімбет Майлин жазып қалдырған екі повесть – «Шұғаның белгісі» мен «Раушан-коммунист» идеялық жағынан бір-біріне ұқсас туындылар. Екеуінде де шынайы сүйіскен екі жас... бір-бірін қия алмайтын, қимас та сыйлас көңілдер... Әрине, солай болмаса, бұл екі туынды жазылмас та еді.

**«Шұғаның белгісіндегі» Шұға, расын айту керек, күрескер қыз деңгейіне көтеріле алмаған. Жалған жаламен ұсталып кеткен Әбдрахманды іздеу, күту орнына ішқұсалыққа ұрынды. Жанын азапқа салды. Сөйтіп, кесел жамап, ақыры көз жұмды. Тіпті, Әбдрахманның өзі де солай. Шұға үшін күресу орнына, тым тартыншақ, тым үркек. Өмірдегі кішкене қиындыққа бола мойып қалады. Беті қайтады. Ал, «Раушан-коммунист» повесіндегі Раушан да, Бәкен де олай емес. Бұлар жаңа заманды түсініп, өз деңгейінде қабылдай алғандар. Раушан оқу қуып, Орынбор барып қайтса, ал, қателігі үшін түрме көріп оралған Бәкен де енді басқа адам. Ол ашылған. Өз мінезіндегі кемшілікті өзі түсінген. Ендігі бар ойы – кінәлі топтың бар айла-әрекетін әшкере қылу.** Бұл ретте біз жазушы Б.Майлиннің әр жыл сайын өсіп, қаламы ұшталып, барынша шеберлене түскенін байқай аламыз. Ең бастысы – Бейімбет жастар арасындағы махаббатты, сүйіспеншілікті шынайы суреттей алады. Оны боямасыз көрсетеді. Өмірдің өзіндей етіп баян ете біледі. Мұндай шеберлік күні бүгінге дейін өміршең. Қазіргі қаламгерлеріміз әлі де үлгі аларлықтай өнеге. Әсіресе, тағы бір елеп айтарлығы – осы екі хикаятта да махаббат, сүйіспеншілік тақырыбы алдыңғы кезекке шығып, оқырманды соған ынтықтырып отырса да, тереңнен ойлап қараған кісіге жазушының тағы да өз кезеңіндегі асыра сілтеу, кісіге жасалатын қиянат һәм асып-төгілген артық мінез кемшіліктерін алдыңызға тартады. Біз қазақ даласындағы әртүрлі ылаңды, байлар мен кедейлер арасындағы әділетсіздікті, тіпті, пенденің пысықтығы мен пасықтығы іспетті өмірі бітпес таласт-тартыс жайын молынан аңғара түсеміз. Сөздің тоқ етер түйіні-жазушы Б.Майлиннің шығармаларындағы келісті сала тағы да іштей үндестік пен сүйіспеншілікке келіп тоғысып жатады. Ол адамдарды жан дүниедегі ізгі ойларға, ізгі сезімдерге құлақ асуға үгіттейді.

**Түйін**

Сөз зергері Б.Майлиннің артында қалған мол көркем мұраларын қайтадан парақтау кезінде біз байқаған ерекшеліктерді енді санамалап айтып кетелік.

**Ең алдымен,** жазушы Бейімбет – өмірді әсірелеп, көркемдеп жатпай-ақ сол мөлдір, тап-таза қалпында көшіре салудың асқан шебері бола білді. Алайда, оның осындай шыншыл, табиғи жазу әдісін кейбір сыншылар мінеп көрсетіп, «қарабайыр дүние» деп жазғаны да рас. Дей тұрсақ та, бұл Майлинге тән жазу мәнері болып қала бермек. **Екіншіден,** оның шығармаларын оқып отырып, өзі өмір сүрген кезеңнің шынайы келбетін, таза табиғатын көз алдыңызға бірден елестете аласыз. **Үшіншіден**, жазушының жеңіл, ойнақы әзілдерінің өзі замананың ащы да ауыр жүгін арқалап тұр деуге болады. **Төртіншіден,** Майлин сол аласапыран уақыттың тамыршысы, сыншысы, мінеушісі, былайша айтқанда барша қоғамдық кеселді ащы мысқылмен сын садағына алушы. **Бесіншіден,** Бейімбет шығармаларының өте қарапайым тілмен жазылуы халықтың жүрегіне жақын, түсінуіне оңай, тіпті ел ішіндегі шындықты «өз тілімен» баян еткендей әсерде боласыз. **Алтыншыдан,** ол әйел теңдігі мен махаббат - сүйіспеншілік жайынан сөз қозғағанда біржақты кетпейді, көзді жұмып алып, тамсана бермейді, әрбір оқиға-суретті баяндау сәтінде астарлы келеке, жеңіл юморға да кезек беріп отырады.

Ең бастысы – Бейімбет қаламгер шығармалары біз үшін дәуір шындығын, уақыт үнін һәм қоғам қателіктерін де безбендеуге барынша көмек бере алатын құнды дүниелер. **Олай болса, ендігі жерде біз Бейімбет Майлин шығармаларына қайта үңіліп, басқаша көзқараспен оқуымыз қажет. Солай еткенде ғана Бейімбеттің тығылып жатқан құпия тылсымы өз сырын аша түспек.**

Біздің әзірге түйген ойларымыз осы!



# МІНУАРДЫҢ ЖАН ӘЛЕМІ

**Төреғали ТӘШЕНОВ,**
**ақын, ҚР Мәдениет қайраткері**

**2003 жылы Бақыт Сарбалаұлы басшылық ететін «Қазақ Елі» газетіне қосымша жұмысқа тұрғам. Өмірінің соңында осы газетте жұмыс істеген ақын Нұрлан Мәукенұлы таяуда қайтыс болған-ды. Мен келгенде редакцияда көзге жас көрінгенмен, елуді еңсеріп қалған Қалбай Әділ мен пайғамбар жасындағы марқұм Шаншархан Төрегелдиев бар екен. Алдында жарық көрген екі-үш мақалам көңілінен шыққан болса керек, танысқан бетте Қалбай жылы қабақ танытты. Шаншархан ағам «өзіміздің қаратауец екенсің ғой» деп, бірден әңгімеге үйіре жөнелді.**

Ал, осы газетте төрт-бес жылдан бері қызмет ететін үшінші адам – ақын Мінуар Әкімханов, атын естігенім болмаса, көрмеген кісім. Бірге қызмет ететін болсақ та, біраз уақытқа дейін көре алмай жүрдім.

Бір күні күткен кісім де келді. Түр-келбеті қазақтан гөрі татарға келіңкірейтін, бой-басын таза ұстайтын, үсті-басы таптұйнақтай, алпысты алқымдаған ақсары кісі екен. Таулы өлкенің адамы – Нарынқол, Кегеннің қазағы болып шықты. Басында ылдым-жылдым, қушикештеу көрінген, таныса келе байқағаным, шымшыма тілі болғанымен, қарапайым, табиғаты момындау кісі болып шықты. Бәрінен де шынайы күлкісі ұнады. Марқұм Шаншархан ағам таңдай жібіткісі келгенде кейде шындап, кейде шым-шымдап отырып қалтаңның түбін қаққызбай тынбайтын, Мінекең болса бір күні оңашада майдалап отырып-ақ мезірет жасатқызды. Содан бері де, міне, бақандай он жылдан асып кетіпті.

**Талант топырағына тартып туады деседі. Мінекең туған, өсіп-өнген Сарыжаз – жері көркем, саясы салқын, аласа таудың қапталы қалың қарағайлы, дәрілік өсімдіктің түр-түрі өсетін өңір. Бұрынғы Нарынқол (***қазіргі Райымбек***) ауданының Сарыжаз ауылын айтып отырмыз. Бұл ауылдан Нұртан Төлепбергенов, Райхан Мәженқызы, Серікжан Қажи, Ғалымжан Мұқанов марқұм шыққан. Бесеуі де Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, бірнеше кітаптардың авторлары. Өмір бойы колхоздың қойын бағып өткен әкесі Әкімханның сүйегі осы ауылда жатыпты. Жасы 80-нен асып бақилық болыпты жарықтық. Ал, анасынан... бар болғаны екі жасында көз жазып қалыпты. Өң-түсін есіне түсіре алмайды. Мінуар ақынның көздерінен кейкейде айықпастай мұң сезілетін, сол мұң белгісіз бейнедегі анаға деген сағыныш дерті екен де. Өзімнің әкем Әліп те бес жасында әкесінен айырылған, суреті де қалмаған. Сондықтан, ондай сағынышмұңды жан-жүрегімізбен болмаса да, сырттай сеземіз.** Айтпақшы, Мінекеңнің түр-келбетінің татарға ұқсайтынындай бар екен, жастай кеткен анасы татар қызы болып шықты.

***«Көрмедім түр-түсіңді ес білгелі,***
***Даусың да «ұлым» деген естілмеді.***
***Жатырсың жат өлкенің***
***топырағында,***
***Басыңа апармады ешкім мені.***
***Тұрағың бүгін мүлдем қалды бұрыс,***
***Орнатты көкірегіме қайғы қуыс.***
***Қарайып қырда жатқан қабіріңе,***
***Салмадым топырақ та жалғыз уыс.***
***Жетпіске желіп ұрып, келдім кеше,***
***Қым-қуыт қиындықты жеңдім неше.***
***Осынау ұзақ жолда жолықпадың,***
***Жүрсің сен қай жерінде жердің, шеше?»*** – дейді ол аяулы анасы Ұлманға арнаған өмірлік өлеңінде.

Ағалардың аялы алақанын көрген ақындар қандай бақытты десеңізші. Мұқағали мен Төлегенге жыр абызы Әбділдә Тәжібаев көп қамқорлық көрсеткен. Ал, сол Мұқағали туған мұзарт өлкеде ат жалын тартып мінген Мінуар ақынның қасиетті қара өлеңге тұшынып, жыр пырағының жалына бекем жармасуына дүлдүл ақын Әбу Сәрсенбаевтың ықпалы зор болыпты. Өзі оны былай өрнектейді:

***«Жұмыс құрып қалғандай өзге қылар,***
***Болғанымды қарашы сөзге құмар.***
***Ах, ұрып, нені армандап өткенімді,***
***Ойымнан қағаздағы сезген ұғар.***
***Өткендей сүзгісінен жез қалбырдың,***
***Артыма біразырақ сөз қалдырдым.***
***Аралап өскен жердің өр-еңісін,***
***Дүниенің қызығына көз қандырдым.***
***Мықтыға жүрсең де дос теңгелі,***
***Ағынға қарсы жүздің деме мені.***
***Есімнен кетпейді әсте жыр жарыста,***
***Аяулы Әбу ақын демегені».***

Әбу ақын туған әкесіндей аялап, жоғары білім алуына, «Тұңғыш» атты жас ақындардың жыр жинақтары сериясы бойынша алғашқы кітабының жарық көруіне септесіпті. Сонау 1965 жылы басталған аға мен інінің достығы Әбу ақын о дүниелік болған 1995 жылға дейін жалғасқан екен. Бірі – ауылда, бірі – Алматыда тұрса да, шынайы сыйластық жібі ешуақыт үзілмеген.

***«Ақынмен бірге өтседе аз-ақ жылым,***
***Есімде «Ұлым» дейтін ғажап жылы үн.***
***Жұлдыз боп тас төбеңде тұрады Әбу,***
***Байытқан өшпес оймен қазақ жырын»,*** – дейді ол тағы бір өлеңінде әкесіндей Әбуге. Бұл да ақындардың бәріне бұйыра бермейтін бақыт.

Мінуар ақын – қазақ поэзиясына сонау жетпісінші жылдары келіп қосылған буынның өкілі. Ол заманның қолына қалам ұстағандарының бәрі Қасым ақынды пір тұтып өскен. Мінуарға да өктем үнді Қасым ақын жасынан жақсы таныс болды. Өлеңдерін айтып отырмыз. Шоқ шайнаған дауыл Қасымның соңынан адуын Мұқағали ағасы шықты. Өзінің жерлесі. Кезінде Мұқағалидың өзі қолтаңбасын жазып берген екі бірдей кітапты 40 жылдан астам уақыт жеке мұрағатында сары майдай сақтап келеді. **«Қарлығашым, келдің бе?»** кітабын ақынның үйіне барғанда, ал, **«Мавр»** кітабын ауруханаға халін сұрай барғанда қолтаңбасымен беріпті. Мұқаң «Маврды» ұсынарда: **«Әй, қызталақ, арқанды тос»,** – деп, кітаптағы қолтаңбаны Мінуар інісінің арқасына қойып тұрып жазып беріпті. Сол Мұқағали қызмет еткен аудандық «Хан тәңірі» (*бұрынғы «Советтік шекара»)* газетінде Еркін Ібітанов ағасымен бірге бұл да көп жылдар қызмет істеді. Талай жасты жазу өнеріне машықтандырды, талай тағдырларды танып-білді.

Тоқсаныншы жылдардың соңында, ер жасы елуден асқан шағында Алматыға қоныс аударды. Ауылда жүріп шығарған **«Тұңғыш», «Шалқия», «Жырға сапарға»** Алматыға келген соң **«Жалғыз арша», «Айғайтас», «Қош келдің, қоңыр күз», «Нарынқол нақыштары», «Кеусен»** атты жыр кітаптары қосылды. 2003 жылы Райымбек ауданының Құрметті азаматы атанды. Осы жерде Мінекеңнің қаламдас ағаларына тигізген пайдасын айта кетелік, ол – марқұм жазушы Нұрқасым Қазыбеков пен көзі тірі қаламгер Эрнест Төрехановтың Райымбек ауданының құрметті азаматы атануына қол ұшын бергені. Аталған ауданның сол кездегі әкімі Қаһарман Күдеров пен мәслихат хатшысы Мәдениет Ұнасбаевпен ұзақ жыл сыйлас болып еді, өтінішін жерге тастамады. Нәтижесінде қос қаламгер атақ алып, мерейленді.

**Ендігі аз сөз, Мінекеңнің поэзиясы жөнінде. Артық айтты демеңіз, қай кітабын парақтасаңыз да тұнып тұрған таза, мөлдір көркемдікті кездестіресіз. Әсіресе, табиғат суреттерін кестелі жыр тілінде сөйлеткенде, ақындық өрімдері тіл үйірілтеді. Көк тіреген Хан Тәңірінің етегінде табиғатпен туғаннан етене өмір сүрген ақын сол тұмса табиғаттың өзіндей кіршіксіз тазалыққа, сулулыққа, қайсарлыққа, асаулыққа ынтық. Содан да қаламы көсіліп сала береді. Соңғы жылдары жиі кітабы шығып жүрген ақынның қай жинағынан болсын оқырман көңілін нұрға шомылдырар, жауһар болмаса да жауһарға жетеқабыл жырлардың жиі куәсі боласыз. Сөйтіп, Мінуар ақынның уақытын бекерге жырға жұмсамағанын, қасиетті Өлең бағында өзіндік орны бар екенін**

**бағамдайсыз.** Енді ше, махаббат туралы өлеңдері мазмұнды, табиғат туралы толғаныстары тебіреністі. Дала мен қала өмірінің қалтарыс-бұлтарысы, тіршілік-тынысы. Адам жанының тұңғиық жұмбақ сыры, жүрегінің лүпілі. Соның бәрі балталасаң бұзылмайтын шымыр ұйқастармен өрілген. Мәселен, **«Нарынқол нақыштары»** кітабында туған дала көрінісін, зеңгір көк аспанын, қарағайлы орманын, тау-тасын, өзен-өзегін, сай-саласын, қырат-ойларын, жықпыл-жыраларын, қысқасы саңлақ суретшінің түрлі-түсті бояуының реңімен сызылған көрінісін көз алдымызға жайып салады. **«Шалкөде», «Айғайтас», «Жалғыз арша», «Шалқия»** сынды қасиетті Хан-Тәңірі баурайының көрікті, сұлу жерлерін тамаша поэзия тілімен тегіс түгендеп шығады. Бір деммен оқылатын **«Сені іздедім»** өлеңі бар-жоғы он шумақтан тұрады. Он шумақ осы өлеңде жиырма шақты жер-су аттары кездеседі. Ақын атауларды құр тізбектеп шықпаған. Өлең:

***«Жан едің ғой ой бөлісер бір сенген,***
***Дедім дәйім, күліп бірге жүрсе елмен.***
***Тау мен тасты араладым армансыз,***
***Нарынқолда жоқсың қазір білсем мен!*** – деген әдемі түйінмен аяқталады. Туған жерінің ой-қырқасын жалаң суреттемей, алағызған сезіммен еліктіре, астастыра, ойнақы әрі ықшам түрде суреттеп шығуы – Мінуар ақынның құйылып түскен семсердей өтімділігі, шеберлігі. Әрине, шағын мақалада ақын поэзиясын талдап шығу мүмкін емес. «Теңіз дәмі тамшыдан білінеді» дегендей, там-тұмдап болса да шынайы ойымызды айттық. Терең қамтып, толық талдау – болашақтың еншісінде. Ол сол келер уақытқа төтеп беретін ақын.

Біздер алғаш танысқалы да он жыл заулап өте шығыпты. Мінуар ақын да 70 жастың қыр арқасына мініпті. Өзі айтқандай, жетпістің отын аман жаққан ақ самайлы, күміс терін өлеңге төккен ақын сеңгірлі сексенді жат санамас та, жасқанбас та. Алда да шалқар шабыстан танбай, мәуелі поэзия бағының жыр жемісін теріп жей беріңіз Мінеке, дегіміз келеді.

● *Сіз білесіз бе?*

## Мұрагерлік бұйырмаған әлемдегі ең бай адамдардың балалары

***Бай болған соң қайырымды болу қиын емес. Бірақ... Бүгін сіздердің назарларыңызға балаларына енші бөлуден бас тартқан әлемнің ең бай адамдарын ұсынамыз.***

**Джун Симмонс.** Америкадағы ең нәтижелі, табысты музыкалық жобалардың бірі болып саналатын «KISS» тобының басисті. Израилда дүниеге келіп, ер жете шешесімен бірге Куинске қоныс аударған. Сол жерде 28 алтын табаққа қол жеткізген өзінің жеке тобын құрады.

Өсіп келе жатқан екі баласына, Ник пен Софияға әкесінің өнерін жалғастыруға кеңес беріпті:

«...*Мұрагерлік пен ақшаға келетін болсақ, онда оларды барлық жағынан қамтамасыз етемін. Бірақ, ешқандай артықшылық жасалынбайды. Олардың өздері төсектен тұра салып, сейсепті жинап, жұмысқа бару керектігін түсіну керек. Және бұдан басқа жол жоқтығын. Өз өмірлік жолдарын өздері қалыптастырады*» -дейді.

Симмонстың өлген соң үш жүз миллион доллары қайырымдылық шараларға аударылмақ.

**Бернард Маркус.** Маркус Нью-Джерси штатында орыс қоныс аударушыларының отбасында дүниеге келген. Сонда ер жетіп, өсе келе «Home Depot» атты компаниясын құрған. Үй материалдарын сату оған 1,5 миллиард доллардың үстінде табыс әкеліпті.

Қайырымдылық шаралардың әр қырында аты қалып жүрген жан. Мәселен, Атлантадағы әлемдегі ең үлкен аквариумды соғудан бастап, өзінің жеке қайырымдылық қорын құрғанға дейін игі істерге ат салысып келген.

Өзінің бүкіл табысын балаларына қалдырып кетпейтін болып отыр. Олардың өздерінің болашағы үшін тиімді деп санайды. Одан гөрі физикалық және ақылы кеміс жандарға, мүмкіндігі шектеулі адамдарға оқыту мақсатында өзі құрған қорға бүкіл ақшасын салмақ.

**Найджелла Лоусон.** Сыншылардың тарапынан әр түрлі бағаларға ие болып жүрген үлгерімді жазушы әрі тележүргізуші. Ол өзінің алғашқы миллиондарын бақуатты, қалтасы қалың коллекционер, өнертанушы Чарльз Саатчиге тұрмысқа шықпас бұрын тапқан екен.

Лоусон тұрмысы жақсы отбасында дүниеге келіп, ешқандай қиындықсыз өскен қыз. Алайда, балаларына бұл мүмкіндікті шектеп отыр:

«*Балаларыма ешқандай көмек көрсетпеймін деп түпкілікті шештім. Өз еңбегімен таппаған нан адам баласын аздырып жібереді*» - дейді.

**Билл Гейтс.** «Microsoft» компаниясының иесі және әлемдегі ең бай адам. Бірақ, осыншама көлкөсір байлықты жұбайы Мелинда екеуі баларына бөліп бермек емес:

«*Бүкіл байлығымды балаларыма беріп кеткеннен маған да, оларға да ешқандай пайда жоқ*» – дейді.



**Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ,**
**филология ғылымдарының докторы, ҚазҰУ-і филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің деканы**

# ЗАҢҒАР ЗАСУРСКИЙ

Қазақ мемлекеттік университетінің үшінші курсын бітірген жылы мен МГУ-дің журналистика факультетіне ауысып кеттім. Ол кезде қанша дегенмен, Мәскеудің аты Мәскеу ғой, ондағы оқу жүйесі бізден сәл басқашалау еді. Факультеттің өзі жеке бір ғимаратты түгел алып жатыр. Баспасөз, телерадио, халықаралық, баспа және әдеби редакциялау бөлімдерінен тұратын, бір курстың өзінде 300-350-дей адам білім алатын факультетте сан-алуан шетелдік студенттерді айтпағанда, орыс тілінде, Одақтас республикалар тілінде, шет тілінде жазатын «кеңестік» жастар журналистиканың қыр-сырын меңгеретін.

**Жалпы, дәрістік сабақтарды бірге тыңдап, лабораториялық және іс-тәжірибелік сабақтарды мамандыққа сай бөлек оқимыз. Кейде топтардың бөлшектелгені соншалық, бес-алты баладан аспай қалады. Арнаулы курстарды таңдаған пән, таңдаған профессорыңнан оқисың, «анаған бар, мынаған бар» деп еркіңнен тыс жіберіп жатқан ешкім жоқ. Екі-үш суденті бар оқытушы азырқанбай, он бес-жиырма студенті барлар көпсінбей, оқыта береді. «Мақсат – сапалы білім беруде» деп біледі. Факультет деканы Ясен Николаевич Засурскийді мүлде көрмейсің десе болады. Анда-санда жасыл «Жигулиден» түсіп, не мініп жатқанда сыртынан көзіміз шалып қалады. Жарықтық өзі бір қызық кісі еді. МГУ-де оқыған үш жылда ол кісі үстіне киіп жүрген қоңырқай сұр костюм, қара шалбар, қара туфлиін бір ауыстырған емес. Қайда жүрмесін, қай жиында болмасын көйлегі мен галстугін ауыстырса, ауыстырар, қалғаны өзгере қоймайтын. Тек ғылыммен айналысатын, ұстаздық қызметіне берілген қарапайым кісі еді.**

Өзі Мәскеуде мектепті 14 жасында экстерн бітіріп, одан соң Мәскеу педагогикалық институтының ағылшын тілі факультетіне түскен. Оны аяқтасымен, «Иностранная литература» журналына редакторлық қызметке алынып, содан МГУ-дің журналистика факультетінің шетел әдебиеті мен журналистикасының тарихы кафедрасына 1953 жылы келген екен. Декандық қызметті 1965 жылдан бастапты. Содан 2007 жылға дейін аттай 42 жыл декан болды. 2007 жылдан журналистика факультетінің президенті. Өз ісіне әбден берілген, әрі істің көзін табатын жан болмаса, осынша ұзақ жыл басшылықта болар ма еді? Және бір орында бастық болып тапжылмай қырық жылдан астам тұру кез-келгеннің қолынан келе бере ме? Біз оқып жүргенде ол кісі факультетке қатысты жалпы мәселелермен ғана айналысып, студентке қатысты барлық мәселені төрт орынбасары әрқайсысы өз саласы бойынша шешіп жататын. Факультеттің өзіндік жеке оқу бөлімі бар, кез келген мәселе сол бөлімдегі инспектор қыздардан да аспайды. Сондықтан, сен керек емес Засурский саған керек болсын ба?.. «Аш бәледен қаш бәле», «Сен тимесең, мен тимен бадырақ көз» деп, ол кісіден алыстау жүретінбіз. Әйткенмен де, бір жайтпен ол кісінің қабылдауына сұрануға тура келіп қалды.

Мәскеу университетінде жыл сайын 17-ші қарашада студенттер күнін қарсы алатынбыз. Сол күні бүкіл факультет студенттері Қызыл алаңға жиылып, басшыларымыз бен белсенділеріміз сөз сөйлеп, Кремль қабырғасында «Шындықты жазатын журналист болуға ант беретінбіз». Одан соң Ленин мавзолейіне барып, ұлы көсемге тағзым етіп қайтатынбыз. Ең соңында факультет Мәдениет үйінде қоғам-мемлекет қайраткерлері, өнер жұлдыздары қатысқан үлкен жиын өтіп, соңы мерекелік кешке ұласатын. Біз үшін аса қызықты жайт, сондай кездесулерге жыл сайын екі-үш космонавтың келуі еді. Ол заманда космонавт деген шын мағынасындағы «аспаннан түскен адаммен» бірдей еді ғой. Көрсек болды, айналсоқтап қасынан шықпаймыз, тірі космонавт көргенімізге сенерімізді де, сенбесімізді де білмейміз.

**1980 жылғы жиынның ресми бөлімінен кейінгі сәттердің бірінде әйгілі космонавт, екі мәрте Кеңестер Одағының батыры Олег Григорьевич Макаровтың қасынан табыла қалмасым бар ма?!. Оның себепкері, сол студенттер сарайында қосымша жұмыс істейтін, Мордовиядан келген орыс жігіті, курстасым Володя Анисимов болатын. Менің Қазақстаннан екенімді есіткен соң, Олег Григорьевич маған бір түрлі іш тартып қалды. Ол кезде космонавт біткен Байқоңырдан ұшып, Жезқазғанға қонып жатушы еді ғой, соның әсері болу керек. Ананы-мынаны сұрап тіл қатысып қалдық. Дене бітімі шымыр келген, кішкенелеу кісі екен. Аңқылдаған аққөңіл, жаны жайсаң жанның адамды өзіне тартып тұратын қасиеті бардай көрінді маған. Бір үйіріліп қалсаң, арбалғандай қасынан кете алмай қаласың.**

Олег Григорьевич Макаров космонавтарды дайындаудың алғашқы күнінен бастап-ақ конструкторлық бюрода істеген, Королевтің сүйікті серіктерінің бірі ретінде космос корабльдерін жасауға өлшеусіз үлес қосқан азамат қой. Ол космос әлеміне 25 адамнан кейін реттік саны 256-шы болып ұшып, оны тағы екі рет қайталап, үшеудің екіншісінде апаттық жағдайға түсіп қалып, Лазарев екеуінің қалай тірі қалғанына космонавтикаға қатысы бар адамдар қатты таңқалған ерекше адам. Әңгіме үстінде ол кісі маған: **«Сіз маған оқу корпусына баратын ішкі жолды көрсетіп, шығарып салмайсыз ба, менің мына лабиринттерден адасып қалатын түрім бар, қайтуым керек еді»** дегені. «Аспаннан сұрағаның жерден табылып тұрса», қайтіп жоқ дерсің, «Ләппай» демеске, амал қане?! Ол кісі мені деканға ертіп барды да, **«Ясен Николаевич, мына жігіт мені шығарып салады, асығыс екенімді бағана Сізге айтып едім ғой, қайта берейін, Сізге кедергі келтірмейін, қонақтарыңызбен бола беріңіз»**, деді. Ясен Николаевич менің қай курста, қай топта оқитынымды, аты-жөнімді сұрап алып, рұқсатын берді.

Мен Макаровты ішкі иір-шиыр жолмен оқу корпусына алып келдім. Сырт киімі Засурскийдің кабинетінде екен, хатшы қыз есікті ашып, сонда кіргізді. Құдайақы, МГУ-де екі жыл оқып жүргенде, деканның кабинетін алғаш көруім. Айнала әйтеуір кітап, газет-журналдардан көрінбейтін шағын ғана кабинет екен. Маған бір түрлі жұпынылау көрінді. Көп тұруға уақыт жоқ, Макаровтың сырт киімін киіндіріп, космонавты сыртта тұрған көлігіне дейін шығарып салдым. Қайта келіп, Засурскийге шығарып салғандығым туралы «есеп» бердім. Ол кісі: «Жақсылап шығарып салдыңыз ба?», – деп сұрап алып, зиялы адамға тән үйреншікті әдетпен, «Рахмет» деді де, ары қарай қонақтарына айналып кетті. Мен де өз жөніме кеттім. Осы оқиғадан соң, анда-санда Ясен Николаевичті көре қалсам, арнайы сәлем беретін, әдет пайда болды. Ол кісі де бұрынғыдай емес, бірді-екілі сөзбен жай сұрап қалатын. Сөйтіп жүргенде, қысқы семестрден соңғы демалыста ауылға барғанда, шешем қатты ауырып жүр екен. Сол кісіні Мәскеуге апарып, қаратсам ба деген ой келді. Бірақ, қайда жатқызам, мен жататын студенттік жатақханада жатқызбайды. Бұл ойымды анама айтпай, Мәскеуге келген соң,

сондағы білмейтіндері жоқ, пысық шешен жігіттерімен сөйлессем, таныс дәрігер таба алатындарын, ал жатын орынға шаруашылық жөніндегі проректорға арыз жазып, рұқсатын алу керектігін, сонда өзім жататын жатақхананың *(мен онда Дом Аспирантов и Студентов деген қысқартып айтқанда, ДАС аталатын Шверник көшесіндегі жатақханада тұратын едім)* астындағы қонақ үйлік бөлмелерден орын алуға болатындығын айтты.

Мен проректор Чебировке бірден барсам, орын берер-бермесіне сенімім болмай, көз таныс болып қалған Засурскийге барғым келді. Оның үстіне сол кезде ол кісі бізге «Критика теории и практики буржуазной журналистики» деген жалпы пәннен дәріс оқып жүрген болатын. Кем дегенде аптасына бір рет көріп тұрамыз. Сабағынан қалмайтын едік.

**Полиглот кісі ғой, шетелдің көптеген газеттерінен сан түрлі мысалдар келтіре отырып, сабағын өте қызықты өткізетін. Әр сабаққа артынан жандайшаптары еріп келіп, оқыған дәрісін қолмен де, магнитофонмен де, біз білмейтін бір кішкентай құралдармен де (оның шағын диктофон екенін кейін білдік ғой) зырылдатып жазып алып жататын. Соңынан әлгі оқыған дәрістер МГУ-дің Хабаршысына, басқа да ғылыми журналдарға мақала болып шығатын. Иә, Ясен Николаевич Засурский мамандығының шыңына шыққан шын мәніндегі ғалым, шебер дәріскер еді. Оның оқыған дәрістерінен іліми де, рухани да байып шығатынсың. Кейін Алматыға келген соң, осы пәнді кім оқитынын біліп, «Қашан да қор болып жүретін қазақтың балалары-ай» деген өкінішті ой көкейден кетпейтін. Ол пәннен шетел тілінен мақұрым адамның дәріс оқығанын көргенде, өкінбеске амалың қанша.**

Сонымен, бір күні ойға алғанды іске асырмақ болып, Засурскийдің қабылдауына бардым. Дәл қазір есімде жоқ, аптаның бір күні түстен кейін қабылдау уақыты болатын. Қабылдау бөлмесіне кірсем, сонда Алматыда бізге қоғамдық мамандық пәні бойынша сабақ берген журналистика факультетінің кафедра меңгерушісі Тауман Салықбайұлы Амандосов отыр. Көзіме оттай басылды. Бірден бұрынғы ауыз жыбырлатып сәлемдескенді қойып, жүгіріп барып қол беріп сәлемдестім. Шырамытып, қасынан орын ұсынды. Қайдан жүргенімді сұрады. Осында ауысып келгенімді айтып едім, **«Ә, дұрыс болған екен мамандығың басқа болғанымен, жалпы Мәскеу білімнің кені ғой, көп нәрсе үйренесің»**, – деп қоштап қойды. Сөйткенше ішкі жақтан Засурский шықты. Ол кісі қабылдауында отырған кісілермен сол күтіп отырған кіреберісте амандасып, келген мәселесінің жайын сұрап, жауабын бірден беріп, шешетін істі сол жерде реттеп тастайды екен. Таукеңе келгенде, **«Сіз отыра беріңіз. Сізбен артынан жеке сөйлесеміз»**, – деді. Маған келгенде, мен **«Сізде жеке айтатын шаруам бар еді»**, – дедім. **«Онда күте тұрыңыз»** – деп, ары қарай басқаларды сұрастыра бастады. Отырғандардың 95 пайызының шаруасын шешіп, сонан-соң маған бұрылып, «Сіз жүріңіз» деп, мені кабинетіне ертіп алып кетті. Мен өз жағдайымды айтқаннан кейін, бірден Чебировқа қоңырау шалып, өтінішін айтып, келісімін алып, шаруамды тез арада шешіп берді. Ертесіне Чебриовтың атына өтініш жазып барып, қонақүйден орын алатын болдым ***(бірақ бұл мәселе шешемнің жағдайына байланысты шешімін таппай қалды).*** Мұндай қуанбаспын, кабинетінен қалай шыққанымды білмеймін. Ясен Николаевич менімен ере шығып, Таукеңді өзі қолтығынан ұстап, кабинетіне қарай алып кетті.

Осы әңгіменің шындығына Мәскеуде менен екі курс бұрын оқыған, қазір ҚазҰУ-де ұстаз, доцент Жетпісбай Бекболатов куә. Темірбек Қожакеевті университеттен қуып шыққан 86-ның қаһарлы қысынан кейін, мерейлері тасыған Козьменко, Сопкин, Соволардың іскерліктері оянып, ойда-жоқта Мәскеуден, туысқан республикалардан ғалымдар шақырып, аяқ астынан халықаралық конфереция

ұйымдастыратын болды. Соған Ясен Николаевич Засурский де келді. Ертең ерте ұшып келіп, кешке қайта ұшып кетті. Бірер сағат қасында болдық. Ол кісілер конференцияға кешігіп келді де, бірден президиумға көтеріліп кетті. Үзіліс сәтінде Козьменко бастаған орыс тілді бірнеше «білімділер» Ясен Николаевичті қоршап алып, өздерінше біздің кіммен жүргенімізді көрдіңдер ме дегендей, өзгелерді жолатпауға тырысты. **Желтоқсанның ызғары бет шайлықтырып тастаған қазақтар шетке ысырылып, аналарды қызықтаумен ғана тұрды. Мен Жетпісбайға: «Ұстазымыз ғой, жүр барып сәлемдесейік, неміз кетеді, таныса-таныр, танымаса-танымас, шапанымызды шешіп алып қалмас» – дедім. Екеуіміз қоршап тұрғандардан өтіп барып, сәлемдесіп едік, Ясен Николаевич бірден таныды. Қасында 1971-1989 жылдардағы деканның оқу ісі жөніндегі орынбасары Алексеева Марина Ивановна бар. Олар бізбен оңашаланып, біздің хал-жағдайымызды сұрап, түскі асқа бірге барып, оңаша столда бізбен бірге отырды.** Дастархан басындағы әңгімеде Ясен Николаевич Жетпісбайды жыға танып отырғанын, ал, мені жақсы білетіндігін, оның себебі, жоғарыда әңгіме болған нәрселер екенін сөз арасында айтып қалды. Жетпісбай екеуіміз асыл ұстаздың зердесінің соншалық мықтылығына таңғалдық. Бұл кезде менің оқу бітіргеніме 6 жылдай уақыт болып қалған-ды. Ал, Жетпісбайға кем деген де 8 жыл. Содан кетер кеткенінше Ясен Николаевич, Марина Ивановна екеуі бізбен бірге жүрді. Ясен Николавичті ортаға алып түскен сурет әлі сақтаулы. Содан кейін қадірлі ұстазымызды ұзақ уақыт көре алмадық. Былтыр жаңа жылдың алдында кездесудің сәті түсті.

2012 жылдың 22-27 желтоқсаны аралығында МГУ-ді бітіріп кеткеннен соң табаны күректей 30 жылдан кейін Мәскеуге жол түсті. Алдымен Санкт-Петербургтағы А.С. Пушкин атындағы Орыс әдебиеті институтындағы (Пушкин үйі) ғылыми семинарға қатысып, сонда екі күн болып, ҚазҰУ-дегі әріптесім Шоқан Шортанбаев інім екеуміз Мәскеуге пойызбен кеттік. **Менің МГУ-ді, көп айта бергенімнен Засурскийге асығып келе жатқанымызды сезген Шоқан поездан түсісімен МГУ-ге баруға үгіттеді. Таңертең сағат тоғызда Кремльдегі Қызыл алаңның қарсысында, В.И. Ленин атындағы кітапхананың жанындағы МГУ-дің алғашқы корпусында орналасқан журналистика факультетіне келсек, әлі ешкім келмепті. Күзеттегі жігіттер мұндағы қызметкерлердің 10-нан кейін келетіндігін айтты. Ғылыми-педагогтік еркіндік деген осы-да. Бізде ондай жоқ. Ясен Николаевичке келетіндігім туралы хабар бергенмін. Сол жерде бірден қоңырау шалдым. Ол кісі корпусқа 12-де сынақ алуға баратынын айтты. Құр отырғанша деп, біздер қала аралауға кеттік. Талай жүрген жерлер Қызыл алаңды, ГУМ-ді, МГУ-дің 32 қабаттық бас ғимаратын аралап, күндізгі сағат 12-де келсек, Ясен Николаевич сынақ алуды бастап кетіпті. Амандасып, сәлпәл әңгімелескен соң, бірге сынақ алуға шақырды. Біраз қасында отырдым. Қартайып-ақ қалыпты Қайран Ұстаз. 83- жас деген оңай ма? Бүгілтіп-ақ жіберіпті. Баяғыда, біз оқып жүргенде қандай еді. Уақыт бедерін салмай қоя ма? Ол кісі түгілі осыдан 35 жыл бұрын студент болған бізде шал болдық. Келер жыл алды да алпыс тұр асқарадан қарап. Өмірдің заңы осындай оған не шара бар?! Абай: «Жоқ-тумақ, жасқартаймақ, туған – өлмек,// Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек. // Басқан із, көрген қызық артта қалмақ, // Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек» дегенді осындайға қарата айтқан-ау.** Анда-санда көз қиығымды Ясен Николаевичке салып қоям. Дәл баяғыдай бізден сынақ алғандағы кейпі. Аспай-саспай, әр сұрақты тәптіштей сұрап, білгендеріне тиісті бағасын қойып, білмегендерін құлатып жіберіп жатыр. Біздерде сынақ, емтихан дегендерді алудың жағдайы баяғыда-ақ өзгеріп кеткен. Бәрі басқаша.

Менің сәл зеріге бастағанымды байқады-ау деймін, ұстаз біраздан соң: **«Өзің оқыған корпусты аралап көр, не өзгеріс бар екен. Мен сәлден соң, босаймын»**, – деді. Біз корпусты аралап, кей жерінде суретке түсіп, Шоқанға кейбір естеліктерді айтып, қайта оралсақ, Ясен Николаевич бізді күтіп отыр екен. Кафедрасынан шығып, өзінің кабинетіне қарай алып жүрді.

Ол кісі 2007 жылдан бері МГУ-дің журналистика факультетінің президенті. Оған дейін 42 жыл декан болған адамды, ұжымы қимаған болу керек осындай қоғамдық қызмет беріпті. Әрі «Шетел әдебиеті мен журналистикасының тарихы» кафедрасының меңгерушісі. Жолай әр кафедра, кабинеттерге кіріп, «Біздің түлегіміз қазір Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің деканы» деп таныстырып жатыр. Маған әйтеуір шәкіртіне деген ризашылық сезімі бар құсап көрінді. Кабинетіне бардық. Өзінің декан кезінде отырған кабинетін қалдырған екен. Баяғыда бір рет қабылдауында болған кабинет көзге оттай басылды. Сол күйі сақталған. Мына заманда бір түрлі жұпынылау көрінді. Президенттің кабинеті Шоқанға да ұнай қоймады. Ол Ясен Николаевич бір декандар жаққа шығып кеткенінде **«Япырымай, осындай адамның кабинеті мынадай деп ойламап едім. Мынаның ішінен іздеген затын қалай табады»**, – деп күліп жатыр. Сөйткенше болмай, Ясен Николаевич келіп, маған керек бір құжатты іздеп, көмекшісін шақырып, тез-ақ тауып алды. Шоқан маған еппен жымиып қойды. **Ұстазбен біраз сыр шертісіп әңгімелестік. Көбіне өткен күндерді әңгіме еттік. Орта Азия, Қазақстандық студенттерінен есте қалғандарын әңгіме етіп отырды. «Сіздің елден бізде оқыған студенттерден екі министр шықты» деп Алтынбек пен Дарханды мақтанышпен атап, шәкірттеріне деген ризашылығын білдірді. Алтынбек өлімін үлкен аянышпен еске алды.**

Менің журналистика факультетіне декан болып келгеніме өз шәкірті ретінде қуанатынын айтып, факультетте журналистика мен әдебиеттің сабақтастығын қалыптастырудың өзекті мәселелерін алға тартты. **«Сіз әрі журналист, әрі филологсыз. Осы екі саланы жақындастыруға күш салу керек. Біздегі кафедралардың аты егіздес болып келеді. Мәселен, «Орыс әдебиеті мен журналистика тарихы», «Шет ел әдебиеті мен журналистикасының тарихы» дегендейін. Электронды БАҚ, интернет журналистика қанша басымдық алып бара жатыр дегенмен, жалпы журналист болам деген адамға әдебиеттің орны өте зор. Осыны бағалай білу керек. Талдамалы журналистика баспасөз бетінде кеңірек көрініс табады. Ал ол аса қажет нәрсе. Бізде кейінгі кезде осы сәл де болса қалып бара жатыр», – деген сияқты ойларын жеткізіп, бізбен ой бөлісті.**

Ясен Николаевич факультет деканы, өзінің шәкірті Елена Леонидовна Вартанованы шақырып алып, екі факультет арасындағы байланысты жандандыру қажеттігін ортаға салды. Е. Л. Вартанова екеуіміз жеке кездесіп, факультеттерге қатысты көп мәселені әңгімелесіп, келісімшартқа қол қойдық.

Ұстазбен кешкі сағат 6-7-ге дейін бірге болып, қимай-қимай қоштастық. Іздеп келгенімізге шын көңілден рахмет айтып ұстаз қала берді. Мен түнделетіп «ДАС»-қа соқтым. Мәскеуде оқығанда 3 жыл бойы қысқаша «ДАС» аталып кеткен 12 қабаттық аспиранттар жатақханасында жатқан едім. Үш жылдық өмір өткен құтхана ғой, соқпай кетсем обал-ды. Сөйтіп, Мәскеуге таңертең түсіп, түнделетіп қайта Санкт-Петербургқа қайттық. Алматыға сол жақтан ұшу керек. Іштей «Қош Мәскеу! Қош ұстаз!», – деп қайта-қайта қоштасып, поезға отырдық. Енді қашан жол түсерін кім білсін. Мен шынымды айтсам, осы іс сапарға МГУ-ді, сондағы ұстазымды көруге ғана шыққан едім. Әйтпесе, Мәскеудің қақаған қысында адам іссапарға бара ма?! Сонымен «Заңғар Засурскиймен тағы бір жүздесуді Алла жазсын!» – деген тілекті іштей тілеп, Алматыға қайттық.



# ДАРЫНДЫ ҒАЛЫМ-ЗАҢГЕР, ҚАЙРАТКЕР, ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ

Дарынды ғалым, ұлағатты ұстаз, құқықтану ғылымының іргелі саласы өкілдерінің бірі академик Салахиден Сәбікенов – 75 жаста. Дарынды азамат болу оңай емес және ондай биікке көтерілудің өзі екінің бірінен келе бермейді де. Жаратушымыз Сакеңе салауатты ақыл, терең білім, сезімталдық пен сергектік берген. Жүрегі жылы, ойы ұшқыр, ең әуелі қара басына қатаң талап қоя білетіндігінің арқасында ол ірі ғалым дәрежесіне көтеріліп, ізденістер мен қиыншылықтарға толы күрделі жолдан сүрінбей өтіп, биік тұлғалы қазақ зиялыларының қатарына қосылды. Адал еңбегі мен алғырлығы, таланты мен дарындығы арқасында Сакең суырылып алға шығып, ең жоғары ғылыми атақ – ҚР ҰҒА-ның академигі атанды.

Салахиден Нұрсарыұлы Сәбікенов отандық ғылым мен жоғары білімнің дамуына ат салысып келе жатқан ірі ғалым және көрнекті педагог. Ол өзінің шығармашылық қуатын, өміріндегі негізгі істеріне адал бола отырып, барлық күші мен білімін туған еліміздің дамуы үшін, өсіп келе жатқан жеткіншек ұрпақтарға беруге арнап келеді.

Ол ең әуелі заңгер ғалым. Жалпы алғанда, әртүрлі мүдделілігіне қарамай, қоғамдық ғылымдар бір-бірін толықтырып отырады, өйткені олар белгілі бір мәселені, оқиғалар мен құбылыстарды жан-жақты қарастырып, оны барынша байытып, тереңдетуге мүмкіндік береді.

Қасиетті Атырау облысы топырағында дүниеге келген Салахиден Нұрсарыұлы жасына өмірдің өрелі жолын таңдай білді. Орта мектепті бітірісімен, 1959 жылы С.М.Киров атындағы (қазіргі әл-Фараби) Қазақтың мемлекеттік университетінің заң факультетіне оқуға түсті. Университетте студент С.Сәбікенов Қазақстанның сол кездегі көрнекті заңгер ғалымдарынан сабақ алады. Олар жас студенттің ғылыми-зерттеу жұмысына деген ынта-жігерін арттыруға көп ықпал жасайды. Оған факультет деканы, доцент М.Ваксберг, доценттер С.Сартаев, А.Дюков, М.Хангалов, заң ғылымдарының докторы, профессор Я.Бельсон, заң ғылымдарының докторы, профессор С.Булатов, заң ғылымдарының докторы, профессор А.Мамутов, заң ғылымдарының докторы, профессор Е.Котов сынды тағы басқа да көптеген ғалымдар елеулі ықпалын тигізді.

Студент кезінде ақ С.Сәбікенов ғылыми-зерттеу жұмысына белсене атсалысты. ҚСРО-ның Мәскеу, Вильнюс, Ташкент және тағы басқа қалаларында өткен студенттердің бірқатар республикалық және бүкілодақтық ғылыми конференцияларына қатысып, ғылыми баяндамалар жасады. Студенттердің ғылыми қоғамының ғылыми үйірмелерін басқарды. Факультеттің осы ғылыми қоғамының төрағасы болып сайланды. Жас студент С.Сәбікенов жазған «Социалистік қоғамдағы құқық қатынастарының кейбір теориялық мәселелері» атты диплом жұмысына сол кезде-ақ оның ғылыми жетекшісі, заң ғылымдарының кандидаты, философия және құқық институтының аға ғылыми қызметкері М.А.Биндер, рецензент, заң ғылымдарының кандидаты, ҚазМУ-дың доценті М.С.Сапарғалиев жоғары баға бере келіп, оны студенттік диплом жұмысы шегінен шығып кеткен шағын ғылыми зерттеу деп мойындаған болатын. Әрине, осындай ірі ғалымдармен біте қайнасып, араласу Салахиденнің ірі ғалым және ғылым мен білім саласында ұйымдастырушылық қабілеттерінің шыңдалуына жол ашады. Міне, студенттік кезден басталған ғылымға деген құштарлық жоғары білімді жас маман С.Сәбікеновты үлкен ғылымның даңғыл жолына жетелейді. Университетті бітіргесін ол жолдама бойынша Маңғыстау облысының Ақтау қаласында мамандығы бойынша екі жылдай еңбек етіп, 1966 жылы С.Сәбікенов Қазақстанның Ғылым Академиясының философия және құқық институтының «Мемлекет және құқық теориясы» бойынша аспирантурасына түседі. Бірақ, бір жылдан кейін ҚСРО Ғылым Академиясының Мәскеудегі

Мемлекет және құқық институтына ауыстырылады. Осындай іргелі ғылым орталығында жас ғалым С.Сәбікенов 1969 жылы «Кеңес құқығында қоғамдық және жеке мүдделердің сәйкестірілуі» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады.

Үлкен ғылым жолына түскен Салахиден Сәбікеновтың жас ғалым ретінде қалыптасуына, шарықтап өсуіне Қазақстандағы философия және құқық институтының аспирантурасында оқып жүргенде туған еліміздің С.З.Зиманов, М.Т. Баймаханов, В.А. Ким,Ғ.С.Сапарғалиев,С.С.Сартаев,М.Т.Имашев, У.Д. Құдайбергенов, М.С. Сахипов, Е.Ж. Жанабілов, Е.Б. Баянов секілді және басқа да көрнекті ғалым-заңгерлер елеулі ықпал етті. Мәскеу қаласында жүрген кезінде С.Н. Сәбікенов ҚСРО-ның А.А. Пионтковский, Н.П.Фарберов, С.М.Строгович, Р.О. Халфина, В.М.Чхиквадзе, В.С. Нерсесянц, В.Т. Казимирчук, Е. Лукашева, Ю.А.Тихомиров, Д.А. Керимов, А.В.Патюлин, Г.В. Мальцев, Л.И. Загайнов, Д.В. Шутько сынды және басқа да көптеген аса ірі ғалым-заңгерлерінен іргелі аспиранттық дайындықтан өтті. Үлкен ғылымның жолына түсіп, оның алғашқы сатысын игерген Салахиден Сәбікеновтың қажыры мен қайратының арқасында өрлеу баспалдақтары биіктей береді. Білім мен біліктілікті жадына тұтқан Салахиден алғашында бір жылдай Қазақ ҚСР Ғылым Академиясының философия және құқық институтында ғылыми қызметкер міндетін атқарады да, одан кейінгі бар ғылыми және ұйымдастырушылық өмірінің негізін еліміздің Ішкі істер министрлігінің қарамағындағы Қарағанды жоғары мектебінің қабырғасында өткізеді.

Академик С.Н. Сәбікеновтың сан қырлы ғылыми және педагогикалық қызметі осы Қарағанды жоғары мектебімен тікелей байланысты. 1970 жылы С. Н. Сәбікенов Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің ұсынуымен Қазақстанда алғаш құрылған жоғары оқу орны – КСРО ішкі істер министрлігінің Қарағандыдағы жоғарғы мектебіне ғылыми-педагогикалық жұмысқа жіберіледі. Онда ол бұл институттың барлық қызмет баспалдағынан өтеді: аға оқытушы, доцент, профессор, мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының бастығы, ғылымизерттеу редакциялық-баспа бөлімінің бастығы, жоғары милициялық мектеп бастығының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары. Осы жоғары оқу орнында еңбек еткен кездерде 1970-1993 жылдарда С.Н.Сәбікеновтың ұйымдастырушылық қабілеті айқын байқалды. Ол өзін дарынды ғалым, жоғары шеберлігі бар педагог, үлгілі офицер ретінде көрсете білді.

С. Сәбікенов өзінің ғылыми жұмысын педагогикалық жұмысымен де ұштастырып отырды. Е.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті заң факультетінің кафедра профессоры бола қызмет етіп, бірнеше рет Мемлекеттік емтихан комиссиясын да басқарып жүрді. Ғылыми және педагогикалық жұмыстарын жемісті атқара жүріп, Салахиден Сәбікенов Қарағанды қаласы халқының құқықтық білім беру ісіне өз үлесін қосты, ол қалалық «Мемлекет және құқық» халық университетін ұйымдастырып, оны ректоры ретінде басқарды, облыстық «Білім» қоғам басқармасының мүшесі де болды. Белгілі ғалым-ретінде С.Н.Сәбікенов КСРО Ғылым Академиясының Төралқасы жанындағы «Мемлекет, басқару мен құқықты дамытудың заңдылығы» Бүкілодақтық ғылыми-үйлестіру Кеңесінің мүшесі болып сайланды, мемлекет және құқық теориясының келелі проблемалары бойынша өткен көптеген бүкілодақтық, халықаралық конференцияларда ғылыми баяндамалар жасады.

КСРО Ішкі істер министрлігінің Қарағандыдағы жоғары милиция мектебінде 1979-1987 жылдары, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Алматы жоғары милиция мектебінде 1993-1995 жылдары бастықтың ғылыми іс жөніндегі орынбасары қызметіндегі іскер басшылығы мен ұйымдастырушылық қабілеті арқасында бұл оқу орындарын ғылыми күш-қуаты едәуір артып, ондағы ғылыми және редакциялық-баспа жұмыстары жолға қойылды. Оның тікелей басшылығымен және редакциялауымен 500 баспа табақтан аса баспа өнімі басып шығарылды. Профессор С.Н.Сәбікеновтың басшылығымен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жүйесіндегі жоғары оқу орындарында ғылыми мектеп құрылды, қазір оларда құқық қорғау органдары және заңдылық қызметі мен проблемаларының жаңа бағыттары белсенді де жемісті зерттеліп отыр. Профессор С.Н.Сәбікеновтың бастамасы бойынша Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жоғары оқу орындары жанынан алғаш рет күндізгі және сырттай адъюнктура, докторантуралар құрылды. Ол Ішкі істер министрлігінің Алматы жоғары мектебі жанынан «120009 – Қылмыстық іс жүргізу, криминалистика», «120011 – Прокурорлық қадағалау, адвокатура, сот және сот ісін жүргізу» мамандықтары бойынша

кандидаттық диссертация қорғау жөнінде мамандырылған Кеңес құрды.

Қарқынды ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесінде 1986 жылы С. Н. Сәбікенов Қазақ ҚСР Ғылым Академиясының философия және құқық институты жанындағы мамандырылған кеңесінде «Кеңес қоғамында құқық және әлеуметтік мүдделер: теориялық арақатынасы мәселелері» атты тақырыпта докторлық диссертациясын ойдағыдай қорғап шықты. Ресми оппоненттер, аса көрнекті ғалым-заңгер академик С.З.Зиманов, КСРО Ғылым Академисының корреспондент-мүшесі, Әзірбайжан КСР Ғылым Академиясының академигі Д.А.Керимов, Россия Федерациясының ғылымға еңбек сіңірген қайраткері, заң ғылымының докторы, профессор В.П.Казимурчик С.Н.Сәбікеновтың диссертациясына жоғары баға берді. Бұл докторлық диссертация республиканың ғылыми өмірінде айтарлықтай оқиға болды. С. Н. Сәбікеновтың заң ғылымына сіңірген еңбектері жоғары бағаланып, ол 1994 жылы Жаратылыс тану ғылымдар Академиясының академигі және оның Төралқа мүшесі болып сайланды, сонымен қатар 1995 жылы осы ғылым саласын дамытуға қосқан салмақты үлесі үшін заң ғылымдарының докторы, профессор С.Н.Сәбікенов Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі болды. 2003 жылы заң ғылымдарының докторы, профессор С.Н. Сәбікеновтың ғылымға қосқан сүбелі еңбегі жоғары бағаланып, ғылым жүйесіндегі ең жоғары атақ – Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының толық мүшесі – академик болып сайланды. Ғалым-заңгер ретінде академик С.Н.Сәбікеновтың үзбей еңбек етіп келе жатқан үлкен арнасы – мемлекет пен құқықтың жалпы теориясы, конституциялық, халықаралық құқық салалары. Ол осы салалардың дамуына қомақты үлес қосқан ірі ғалым. Академик С.Н.Сәбікенов біздің республикамызда ғана емес, ТМД елдерінің, алыстағы шет елдердің ғылыми-педагогикалық жұртшылығына да кеңінен таныс, құрмет пен беделге ие болған оқымысты.

Академик С.Н.Сәбікенов – еліміздегі мемлекет пен құқықтық жалпы теориясы саласындағы жетекші ғалым-заңгер. Оның ғылыми шығармашылығында айқын көзге түсетін ерекшелігі –зерттеу тақырыптарының жан-жақты, кешенді түрде болуы және терең талдануы. Академик өзінің ғылыми еңбектерінде Одақта алғашқылардың бірі болып, құқық пен әлеуметтік мүдделердің өзара ықпал етуінің теориялық проблемалары, заңды және заңға қайшы мінез-құлық факторлары жүйесіндегі мүдделер, мемлекетте жеке адамның өзара жауапкершілігі, мемлекеттік егемендік, қоғамда бой көрсететін мемлекеттік-құқықтық режимнің заңдылығы және халықаралық құқықтық, конституциялық құқықтың өзекті мәселелерін, басқа да маңызды проблемалар секілді заң ғылымындағы іргелі мәселелерді зерттейді. С.Н.Сәбікеновтың зерттеулерінің ішінен 80-жылдары кең тараған «Құқық және қоғамның әлеуметтік мүдделері» (1986 ж.) атты монографиясын ерекше атауға болады. Монографияда теориялық-әдіснамалық мәселелерді күн тәртібіне қойып, сыни көзқараспен жазылған бұл монография өзінің ғылми-практикалық құндылығымен қазір де ерекшеленеді.

Ғалымның ғылыми жетекшілігімен және авторлық қатысуымен жарық көрген «Қоғамдық ғылымдардың методологиялық проблемалары» (1987ж.), «Құқықтық мемлекеттің тұжырымдамасы (тарих, теория және практика)» (1995 ж.), «Салыстырмалы мемлекеттік құқық» (2000 ж.), т.б. атты монографияларына ғылыми жұртшылық, билік пен шаруашылық өкілдері аса қызығушылық танытты. Оның қаламынан 200-ге жуық ғылыми зерттеу жарық көрді. Ол жариялаған ғылыми еңбектерінде демократиялық, құқықтық мемлекет ретінде Қазақстан Республикасының қалыптасуы, оның жаңа ұлттық құқықтық жүйесін құру үшін ғалым зерттеп жүрген проблемалардың қазіргі жағдайда кезек күттірмейтін тұжырымдық мәні бар.

С.Н.Сәбікенов тек қана ірі ғалым, ұлағатты ұстаз ғана емес, ол туған елінің қоғам жұмысына белсене қатысып жүрген қоғам және мемлекет қайраткерлерінің бірі. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен С.Н.Сәбікенов 1995-1998 жылдары Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің мүшесі болып тағайындалып, еліміздегі конституциялық құқықтың іске асуына өз үлесін қосты. Одан кейін 1999 жылы Қазақстан Республикасы Жоғары Соты жанындағы ғылыми-конституциялық кеңесінің мүшесі болып, сот саласында да жемісті еңбек етті. С.Н.Сәбікенов заңгер-ғалым ретінде тәуелсіз еліміздің алғаш Конституциясын жасауға белсене қатысқан тұлғаның бірі. 1989-1994 жылдары Қазақ ҚСР-нің сайлау және халық депутаттарын кері шақырып алу жөніндегі Орталық сайлау комиссиясының мүшесі болды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің халық депутаттарының

және Қазақстан Республикасының тұңғыш Президентінің алғаш сайлауларын дайындап, өткізуге тікелей белсене атсалысты, сол үшін Қазақ КСР Жоғары Кеңесі мен Қазақстан Республикасы Президенті талай рет С.Н.Сәбікеновты ынталандырды. С.Н.Сәбікенов жоғары білікті заңгер кадрларын даярлауға бедерлі үлес қосуда. 1993 жылы заң ғыымдарының докторы, профессор С.Н.Сәбікенов Қазақстанда алғаш құрылған заң ғылымдары жөніндегі Жоғары аттестациялық комиссияның сараптау кеңесінің ғылыми хатшысы, 1999 жылы оның төрағасы болып сайланды.

С.Н.Сәбікенов көп жылдан бері Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының Мемлекет және құқық институты жанындағы докторлық диссертация қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің мүшесі болды. Сонымен бірге, С.Н.Сәбікенов Қазақ гуманитарлық заң университеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті және Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университеттерінің жанындағы докторлық диссертация қорғау кеңестерінің мүшесі болды.

С.Н.Сәбікенов Алматы қаласында жабық акционерлік қоғам түрінде құрылған Халықаралық құқық және Нарық экономикасы академиясының ректоры болып қызмет атқарды. Академияны дамытудың стратегиясын, оның болашағын айқындап беріп отырды. Академияда оқытушы-профессорлар мен студенттердің құрамының ғылыми-зерттеу жұмыстары жолға қойылған. Халықаралық құқық және Нарық академиясы күндізгі және сырттай оқыту бөлімдерінде жоғары мамандандырылған экономистер, заңгерлерді даярлады. Оның бастамасы бойынша күндізгі-сырттай оқыту аспирантурасы, ізденушілік ашылды, ғылыми-зерттеу және редакциялық-баспа бөлімі, кітапхана, компьютер сыныбы ұйымдастырылды, академияның барлық жұмысы осы заманғы компьютер техникасымен жабдықтандырылған.

С.Н.Сәбікенов Қазақстан ғылымын көптеген елдерде үлкен абыроймен танытқан ғалым. 2008 жылы академик С.Н.Сәбікенов халықаралық құқық Ресей ассоциациясының мүшелігіне сайланды және ол РФ Үкіметінің жанындағы салыстырмалы құқық және шетел заңдары институты журналының редакциялық коллегиясының мүшесі болды. Қазақ – Швейцар саммитінде кіршіксіз абыройлы іскерлігі үшін академик С.Н.Сәбікенов алтын медальмен марапатталды (Женева қаласы, 2004, 20. 12). XX1 ғ. ғылым, мәдениет, білім аясындағы Лидерлер саммитінде академик С.Н.Сәбікенов қазіргі қоғамға интеллектуалдық өз үлесін қосқаны үшін Сократ атындағы халықаралық медальмен марапатталды және ол қазіргі заманның көрнекті жеке тұлға ретінде халықаралық тіркеуге (регистрге) енгізілді (Оксфорд университеті, Ұлыбритания, 2007. 23. 03).

С.Н.Сәбікенов мемлекет және құқық теориясы, конституциялық және халықаралық құқық ғылымдар жөнінен 40 жылдан астам бойы шеберлік ұстаздық жұмыс атқарып келеді. Студенттер мен магистранттар оның қазақ және орыс тілдеріндегі лекциясын ынтыға тыңдайды, әрбір лекциясы теориялық тереңдігімен, түсініктілігімен, нақтылығымен тыңдаушысына тез ұялағыш тәрбиелік ұғыныңқылығымен көзге түседі. Ғалымның алдынан өткен, дәріс алған мыңдаған студенті мен тыңдаушысы қазір практикалық жұмыста – құқық қорғау органдарында, әкімшілік-басқару аппаратында,Қазақстан Парламентінде, республиканың жоғары оқу орындары мен одан тыс жерлерде ойдағыдай еңбек етіп келеді.

Ғылым және қоғамдық қызметте сіңірген айтулы еңбегі және заң ғылымын дамытудағы үлкен үлесі үшін С.Н.Сәбікенов және білім беру саласындағы еңбегі үшін «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» белгісімен, «Ерен еңбегі» медалімен, т.б. марапатталды.

Салахиден Нұрсарыұлы, сөз жоқ, көшбастар көшелі азамат, заманға лайық тұлға. Ол – ғылымға жан-тәнімен берілген, бойындағы оған деген мол дарынын, қарымды қабілеті мен қажыр-қайратын, айтулы таланты мен тәлімді тәрбиесін, бар ықылас, ынта-жігері мен ой-ниетін өзі қалаған осы бір киелі де қастерлі өмір жолында жанқиярлығымен аянбай жұмсап келе жатқан, алған бетінен таймаған, ары таза, кемеңгер жан. Ол Қазақстан тарихында өз орны бар ардагер азамат. Ел өмірінің негізгі саласының бірі – оқу мен білімін өркендетуге елеулі үлес қосып келе жатқан білікті маман ретінде ел құрметіне бөленіп келеді. Салахиден Нұрсарыұлы Сәбікенов өзінің 75 жылдық мерейтойын шығармашылық күш-қуаты кемелденген, әлі де жүзеге асыратын мол ойлар мен идеяларға толы кезеңде қарсы алуда.

**Раушанбек ӘБСАТТАРОВ,**
**ҚР Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі,**
**философия ғылымдарының докторы, профессор;**
**Әміржан ШАЛТЫКОВ,**
**саяси ғылымдарының докторы, профессор.**



# ПЛАЗМА ФИЗИКАСЫНЫҢ АТАСЫ

... Алматы. Тау бөктеріндегі екі қабатты коттедж. Темір дарбаза пультпен басқарылып, жылжи ашылып, көлік аулаға кірді. Шағын алма бағы көз арбайды. Қоңыр-қызыл апорт мәуелі жемісімен қызықтырады. Аясына түрлі сәкі, тербелісті орындықтар қойылған екен, нәті немерелердің ойын көрігі қызатын алаңқай осы болса керек. Ұйыса өскен көк шөбі үлкен-кішінің делебесін қоздырып, жалаңаяғын қытықтай жөнелетіндей... **Осы қызықтың бәрінің иесі – отағасы Фазылхан Бәйімбетовтің жоқтығы сезіліп, ой ауырлап, көңілді мұң торлай бастағанда, іштен елу жылдай отасқан зайыбы Роза Сүлейменқызы Жәкежанова көрінді. Бәкеңді бір кездері ғашық еткен, шаңырағын мейірім шуағына бөлеген, жарының ғылыммен алаңсыз айналасуына жан-жүрегімен дәнекер болған, бүгінгі байсалды да сүйікті әже Роза. Сыңарынан айырылған аққудай жанарынан сағыныш жасы мөлтілдеп, сынсығандай болды... Үнсіз егіледі... Ерін жоғалтқан бес айдан бері сылынып, жүдеу жүзі солғынданып, көз нұры бәсеңсіп, орны енді еш толмайтын ардағын жоқтауға біржола мойын ұсынғаны, тас-түйін бекінгені сезіледі... Басу айттық. Төрге өткенімізде, Фазылхан ағамыз тірі жандай боп, үлкен портретінен жайдары жымиысымен көріне қалдыау... Анасы Мәкіш кейуананың суреті де ұлымен жанастырыла қойылыпты... Әке бейнесі де бұлдырайды...**

Кешегі дәурен сүргендер – бүгін жоқ! Жансыз бейнелер. Суреттен ғана ишара жасайтындай. Ата-ана үш ұл өсірді: Назархан, Фазылхан және Сағынған. Соңғысы Астанада тұрады. Әкеден ерте айырылғандарды әулет үлкені боп қалған Назархан қара еңбегімен қыбырлап жүріп, оқытты, адам қылды. Фазылхан бауыры әлемге әйгілі оқымысты болды. Көзі жұмылғанша інісінің абыройымен масаттанып жүруші еді. Бәкене денелі, бойы кішкене, шалт қимылды шымыр жанның мал баққаннан басқа кәсібі болмайтын. Үн-түнсіз еңбегін істеп, адал терін төгіп, төлді құнттап өсіріп, ел байлығын еселегенін екінің бірі біледі. Мұнысын міндет қылмайтын. Биліктен ештеңе дәметпепті. Еңбегі жанып, бауырлары аман болса, соған тәубәшіл еді, басқа есепті білмейтін. Сұраншақтығы жоқ. Тіпті, маңдай ақысы – ақшаның мөріне қарап жатпайтын, шешесіне бере салады. «Фазылхан миымен жұмыс істейді ғой. Қуған ғылымы ауыр деседі, соның қажетіне жаратшы»,– дейтін анасына. **Анасы Мәкіштің қолынан не жұмыс өтпеді. Иілмейтін еменді көріп, сол кісіні ойлаңыз. Күні-түн тізе бүкпей жүріп, шиеттей балаларын ер жеткізді. Әрқайсысы өз биігін алыпты. Малшы, ғалым және есепші... Бәрі де керек мамандық. Мына дүниенің қабырғасына кірпіш боп қалана білген.**

Туған жерден бірі елі ажырамай еңбек еткен Назарханның қоғам малын баққан кешегі Алтынсарин атындағы кеңшар (Қостанай облысының Жанкелдин ауданы) жекешелендіріліп, берекесі қаша бастаған тұста Фазылхан інісі ауылға бара қалады. Мәкіш ана сандығын ашып, кішігірім той жасайды. Марқұм шешіліп, шешен сөйлейтін, ой тамызығы әманда маздап жанып тұратындай тапқыр, ақылгөй, арғы-бергіні саралап түйіндеп, қажеттісін ұстанымына лайықтай қоятын нағыз кесімді кісі екен. Фазылханның оңашадағы әңгіме ауанына қарап отырып: **«Түбі бұл жер иесіз қалады ғой, көшіп жатқандар көп. Ата-баба аймағын өздерің ұстап қалыңдар»,** – дегенде, ұлының онсыз да үлкен көзі шарасынан шығыңқырап, ана сөзін басын изеп құптап қойған. **Ана дөп айтыпты, ұлы сол ақылды кейін іске жаратыпты. Сол атамекенінде Фазылхан қора соқтырып, мал өсірткізіп, егін еккізе бастаған еді. Туған жерінің түтінін қайыра түтеткен. Әттең, демі үзілді... Аманаты ұрпағына ауысты. Қалада өскен ұлы Нұрлан әлгіндей жұмыстың барлық тауқыметін өзіне меншіктеп алыпты.**

Ақырғы демі таусыларда қайран Бәкең тынысы тарылып, көзі алақ-жұлақ етіп жарқылдап, Айгүл, Нұрлан, Баян балаларының

аттарын атап, еміреніп жатыпты... **Сенесіз бе, сенбейсіз бе, өзі тәрбиелеп жүрген шәкіртінің ғылыми атағын қорғағанын көре алмаймын-ау деп өкініпті, жарықтық. Бәлкім есіне Розасына бірер күн бұрын күбірлеп ескерткен өтініші де санасын найзағайдай осып өткен болар? Ауыз бармайтын емеурін еді. Бірақ, өмірмен түбі қоштасарын сезген ақылман, асыл жаратылыс ішінде бүгіп қала алмапты. Өзін емес, анасын асқақтатқысы келген шығар. «Жазып алшы» деп қиылыпты Розасына. Жарының да жанын сыздататынын білсе де, айтпауына болмапты.** Үзік-үзік етіп жаздыртыпты. Бастапқыда басын ала қашқан зайыбы көнген. Әр әріптің тікенін жүрегіне кірш-кірш сұғып отырып жазыпты: **«Еңбек – өмір, негізің, Деген ұлы фәлсафа. Сүтіменен анамның, Сіңді менің қаныма!» «Фазылхан дерсің. Құлпытасқа жаздыртшы, сәулем!..» Ортақ өксік! Махаббат өксігі! Анасының сүтінен қанына тараған ұлы еңбекқорлық қасиетіне соңғы табынуы екен. Отанын тек жасампаз Еңбек көтеретініне сенгендігінің ишарасы екен... Қарапайым еңбекке ғұмыр бойы малынып өткен есті жанның, ғалымдық атағы мен абыройын әлемге жайған сол Еңбекке деген соңғы құрметі мен табынуы болыпты-ау, бұл өсиеті.**

...Қытайдан жасаттырған құлпытаста бедерленіп, Ана мен Еңбектің мәңгі дәріптелуі тұр! Өмірден еңбексіз мән іздемеген Ғалымның ересен қайраты мен ыстық жүрегінің тіршілікті қимаған лүпілі де Кеңсай самалымен араласып, бетті ызғырығымен қаритындай... Рухы оның бір төмпешікке симайды ғой, енді қайтіп көрінбесе де ап-анық бейнесі көңілден кетпес... 72 жас ғұмырында өшпестей із қалдырып кеткен екен. Ондаған мемлекеттің ғалымдары өксік буған қаралы сөздерін Фазылханның отбасына тегіннентегін жолдады дейсіз бе?

**Бәкең туралы өткен шақпен сөйлеу, әрине, ауыр. Бір жеңілі – оның жарқын өмірі, ғалымдық күрделі жолы, ұстаздық байсалды келбеті, отбасылық махаббатқа бөленген өнегесі, фәни дүниеге ақын көзімен қарап, жүрегінен жыр шоғырын ұшырған таза да пәк көңілі, бәрі-бәрі ұмыттырмай, сағынышымызды еселей түспек. Атағы жер жарғандай екен-ау. Сонда да қарапайымдылығымен елеусіздеу жүруге тырысқан екен. Көкірек кермей, кішіпейіл күйінде өтіпті. Мақтанбапты. Марапат күтпепті. Бізде кейде бәрі керісінше болып жатады ғой. Кеуде соғып, көзге түскісі келмегендерді күресінге лақтырып тастап кете баратын келеңсіз әдет бар. Әйтпесе, оның кеудесіне ең болмағанда бір үкіметтік медальдің қадалмағанын қалай түсінерміз? Әйтеуір, тәуелсіз «Тарлан» сыйлығын алыпты. Осы сыйлықтың парқынан-ақ Бәкеңнің барлық болмысы аңғарылып тұрғандай: жалған ешнәрсеге дәмеленбейді, еңбегін сатпайды, таңдаған ғалымдық тура жолы бар, бұрысты дұрыстау үшін күреседі, әділдікті ту етіп жүрегіне тіккен тұлға еді.** Өзіне жақпаған, негізсіз пайым естіді ме: «А-а!», – деп аңтарыла өткір, ұялы көзін алайтып жіберіп, жан-жүрегінің қарсылығын лезде сездіріп, айылын тез жия қоятын қайталанбас болмысты ерен мінез иесі екендігін танытатын. **Жәбірленгеннің жанын жадыратуға ұмтылатын. Жазықсызға араша түсер болса, дөкейіңнен де ықпай, жөнсіздігін бетіне басып, ұялтып тастайтын. Ондайда сөзі де уытты, шыншыл, тауып айтып, ретсіздікті шідерлейтін. Осы лауазым иесі түбі пенделік бір шаруамды тындырып берер-ау, дейтін бақай есептен мүлде ада болатын. Ол әдепсіз, әкіреңдегіш жан екен, сазайын тартқызатын. Ал, көңілін терберлік жайтқа баладай қуанып, тілек қосып, бір жылы сөзге көзінің жасы мөлт етіп келіп қалатын нәзік иірімді құбылыс еді-ау!** Дос-жарандарының тойына бір жапырақ өлеңсіз бармайтын. Шабыттанып оқып бергенде, көзінен жалын ұшқындайтын. Өзгенің қуанышын өзінікінен артық бағалауының көрінісі еді ғой.

**Сөйткен, Бәкең қазақтың көрнекті ғалым-физигі екен. Еліміздегі плазма физикасы мектебінің негізін қалаушы, атасы болыпты. «Бәйімбетов формуласы» деген атпен оның ғылыми жаңалықтары, дербес модельдері шет елдерде нақты көрінісін тауып жүр. Қазіргі уақытта АҚШ, Германия, Франция, Жапонияның бірнеше университеттерінде және ғылыми ұйымдарында, Ф. Бәйімбетов пен оның шәкірттері алған жүйе бөлшектерінің әсерлесу моделі негізінде тығыз плазманың қасиеттерін теориялық және компьютерлік модельдеу арқылы зерттейтін ғылыми топтар жұмыс жасайтынын ескерген абзал. ҚР ҰҒА академигі, физика-математика ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, тек осы оқу орнында 38 жыл еңбек еткен кезінде оның жетекшілігімен 50-ден аса докторлық, кандидаттық диссертация қорғалыпты. Оның Т.С. Рамазанов, Н.Ғ. Жұмамұхамбетов, Ю. В. Архипов, Б.М. Ыбыраев, А.Е. Дәулетов сынды шәкірт-ізбасарлары бүгінде ұстазы бастаған ұлағатты істерді одан әрі табыс-**

**ты жалғастыру үстінде. Ол өз ұжымында және Қазақстан жоғары мектебінің кең қоғамдастығында үлкен абыройға ие болып, елімізде және шетелде плазма физикасы саласының ірі маманы ретінде танымал болған. 300-ден астам ғылыми еңбектің авторы, олар халықаралық рейтингтік журналдарда жарияланған. Көптеген беделді әлемдік симпозиумдар мен конференцияларда баяндама жасап, сана мен ақылдың тереңдігіне тамсантты.**

Ұлы жаратылыстың ұлы да мінсіз бастаулары болады. Сондай сарабдал жолға түсе біліпті Фазылхан. Тағдыр тектіні таңдай біледі. Иығына батпан жүк артады. Иілмейтіндеріне ғана илігіп, пейіл білдіреді. Әйтпесе, ту-у Торғайдың түкпіріндегі мектепті үздік бітіргендердің санатында Алматыға келіп, ҚазПИ-ге түсіп, 1959 жылдың күзінде үшінші курсты бастағанына бір ай шамасында Фазылхан өзіне өзгеше таңдау боларын ойлады дейсіз бе. Есіл-дерті оқуға ауған шәкірттің білімге деген сусынын қандыру басқа жақтан бұйырып тұр екен. Ресейдің Новосібір қаласында КСРО Ғылым академиясының Сібір бөлімі жанынан университет ашылып, соған әр елден үздік оқитын студенттерді тарту жұмысы басталғанда, мұндағылар еш ойланбастан 9 баланың қатарында Фазылханды ұсынған ғой. Сөйтіп, ел намысын қорғайтын аса дарындылар жаңа оқу орнында бір курс төмен түсіп, білім жарысына белсене кірісіп кеткен еді. **Новосібір университетінде білім алған уақытын ең бақытты кезең ретінде бағалайтын Фазылхан КСРО ғана емес, бүкіл әлемге танымал оқымыстылардан дәріс тыңдағанын әрдайым айтып жүретін. Қайсыбірін жіктерсің – М.А. Лаврентьев, С.Л. Соболев, С.А. Христианович, В.Л. Конторович, Ю.Н. Работнов, т.б. Бұлардың алдын көргендер ғылымға басыбайлы құмартпауы мүмкін емес деген қағида қалыптасқан екен. Солай болып шықты. Университет тарихында тұңғыш Лениндік стипендиат атанған ол оқуын үздік дипломмен тәмамдады.**

Бір ақжарылқап әңгіме кезінде Бәкең атағынан ат үркерліктей ұстаздарынан алғашқы эмтиханда «5» бағасын қалай алғанын айтқаны бар. Алты сағат бойы сынақ үстінде отырады. Емтиханды 2-3 профессормен қоса 5-6 көмекшісі алып, әрқалай сұрақ қойып, есеп шығарттырып, жалпы білім деңгейін әр әдіспен безбендеп көріп, әбден «тартқылайды» екен. Кезегі келгенде жауап беріп, мүдірмей екпіндеген ол, бір кезде шым ете қалған оң жақ самайын сұқ саусағымен баса қойғанда жұққан қанды көріп шошып кетсе де, байқатпауға тырысады. Бірақ, оны-сын разылықпен баға қойып жатқан ұстазы сезіп қалып, таңғалғаннан жымия беріпті... Өзіне шамадан тыс күш түсіріп, зорығып кетіпті... Содан бері еңбектен – ләззат соруды өмірінің басты шарты етіп қойғандай, ол. **Өмірден озғанша еңбекке ықыласын жоғалтпай, әлсіз күйімен қызметіне барып, ұстаздық парызына барынша адал болған ақиық аға еді. Түнгі сағат үшке дейін кабинетінен шықпайды екен. Жұмысқа кеттім дейді, оралады. Тағы ой еңбегіне түсіп кетеді. Тіпті, зайыбы Роза: «Мұншама шетелге қалай іссапарға шығып үлгерген», – деп таңғалысын жасырмайды қазір.**

Ф. Бәйімбетовтің ғалымдық жолындағы ерекшеліктер сан қилы. Ол 1965 жылы Тбилиси мемлекеттік университетінің аспирантурасына теориялық физика мамандығы бойынша қабылданып, 1969 жылы кандидаттық, ал, 1985 жылы докторлық диссертациясын сәтті қорғап шықты. Ол кездегі Грузияның ғылыми әлеуеті бүкіл әлемді дірілдетіп тұрғанын ескерсек, қазақ баласының ондағы қандай сынақтан да кеуделеніп, қасқайып шыққанын әлі талай мақтан ете берерміз. Ғалымның екі үлкен белесінің қорғалған тақырыптары былайша аталады: **«Әлсіз турбулентті плазмадағы тасымал құбылыстар» (кандидаттық жұмысы) және «Тығыз газдардағы және плазмадағы тасымалдау процестері мен релаксациялық құбылыстар» (докторлық жұмысы).** Диссертацияның негізгі қағидалары мен нәтижелері алдын ала КСРО-дағы осы саланың білікті мамандарымен талдауға салынып, бүкілодақтық конференциялар мен ірі ғылыми орталықтардағы ғылыми семинарларда баяндалған болатын. Зерттеліп жатқан мәселенің маңыздылығын және оның керемет нәтижелерін ғұлама ғалымдар келісіп, мойындайды.

**Жылына 800, 900 (шетелде 200 сағаттан аспайды) сағат педагогикалық жүктемені қалтқысыз орындай жүріп Бәкең ғылым өріне талмастан қанат қағыпты. Қаншама қызметтік сатылардан абыроймен өткен. 1973 жылдан бері аталған университетте доцент, профессор, оптика және плазма физикасы кафедрасының меңгерушісі, физика факультетінің деканы, оқу жұмысы жөніндегі проректор, ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор болып, зор беделге бөленді. Бәкең туралы өткен шақпен сөйлеудің қиындығы уақыт өткен сайын сезіле түсуде. Амал нешік? Тек оның**

**ғылымдағы өшпес іздерінің даңғылдана түсетінін ойлағанда, көңіл сәл-пәл жұбаныш табады. Туған үйіндей болып кеткен университеті 175 орындық үлкен аудиторияны Ф.Бәйімбетовтің есімімен атамақшы. Қазір безендіру жұмыстары қолға алынғанының куәсі болдық. Ол туралы деректі бейнефильм түсірілмек. Өмірі мен қызметі баяндалатын естеліктер кітабы жарыққа шықпақ. Басқа да ұйымдастыру шаралары қызу шешімін тауып жатқаны көңіл марқайтады. Демек, күллі саналы ғұмырын ғылымға арнап, лайықты ізбасарлар дайындаған, сөйтіп өз елінің жарқын болашағына қалтқысыз қызмет етудің ерен үлгісін танытып кеткен тау тұлғалы оқымыстының бейнесі әрдайым жадта сақталмақшы.**

Қазақ ғылымының жарық жұлдызы Ө. Сұлтанғазиннің зайыбы Райхан апай Бәкеңнің өмірден өткеніне 40 күн толғанда көкірегі айырылып тұрып: **«Өмекең Фазылханды данышпан дейтін. Мұндай сөзді екінің біріне айта бермейтін. Көзі жетіп, шынайы бағасын білгендіктен айтатын»,–** деп сыр ақтарғанда, «өмірден кім озғанын білеміз бе?» дегендей, аңтарылып қалысқандарды көріп отырғанбыз.

**Адамгершілігі мен ғалымдығына сызат түсірмей, екінің бірі армансыз өте алар ма екен, бұл жалғаннан. Ол туралы «нағыз азамат еді ғой» дейді күрсініспен. Ол туралы «нағыз ғалым еді ғой» дейді тамсанып. Белгісіздеу жүріп көп тындырған екен. «Белгілінің» тындырғандарын белден буып, намысын басатын дуалы ауыз екен. Ғылымның тазалығы үшін нақты өнегесімен бітіспес күрес жүргізіпті. Шынайы ғалымның жоғары оқу орындарында табысты ұстаздық етумен бірге тәжірибелік ісін тастамай, ұдайы зерттеу еңбектерін жазуы қажеттігін ескертіп отыратын. Қазір ше? «Құрметті» акедемиктер көбейді. Қалталы шенеунік-ғалымдардан аяқ алып жүре алмайсыз. Ғылыми тақырыбына зер салсаңыз студенттің рефераты секілді, қынжылтады. Тіпті, компьютер арқылы тапсырыс берсеңіз, ғалымдық меженізден шығады екенсіз. Орындаушы тап-түйнақтай етеді. Бәрін ақша шешкен заман. Бәкең бірде кейбір ғалымдардың өздерінің зерттеген тақырыптарын естен шығарып алғандай, енжар, немкетті жүретініне налыған болатын. Интернеттен мақала «құрастырып», ғылымға «сүбелі» үлес қоспаққа тыраштанып жүргендерін сезгенде, жүзіне әжуә, мысқыл ойнап шыға келетін. Туралықты, әділдікті сүйетін ол әлгіндей күйкі тірлікке төзбеуші еді.**

Әсілі, ғалым шыншыл болмай, ғылым шыншыл болмайтынын өнегесімен дәлелдеп кеткен сирек талант иесі еді біздің Факең! Осындайда: **«Ғылым адамды, мамандығы бойынша болса да, шындыққа тәрбиелейді. Себебі: табиғатты алдау мүмкін емес», –** деген даналық сөз еске түседі. Айқай-сүреңсіз, өзін-өзі дәріптеусіз де ғалым атанаудың өнегесін көрсетіп кетіптіау! Нағыз еңбек сырт көзге елеусіздеу әрі белгісіз, жанын түлеткендей жүйелі, сол азабына орай өнікті болатынын ол нақты ісімен дәлелдепті. Бұл – өзгелерге сабақ болатын ғажап өнеге. **Қазір өзінің ғылымға сіңірген еңбегін – жалаң марапат пен мадаққа айналдырып, әсірешілдік дақпыртымен ізденісі мен үлесін сап тиып алғандар, ойланса, қанекей. Осынша бедел, атақпен билікке жағынып, адам салып, медаль, орден сұрап алу қолынан келмеді дейсіз бе? Марапатқа аңсары ауғаннан гөрі, мархабатты бір іс тындырғанды қолай көрген ғой. Еңбегі сіңбей абырой алғанша, еңбек сіңіріп аталмай қалғанын күйттеген екен.** Ол өзінің бүкіл саналы ғұмырында сүйген ісін жүрегіне салмақ түсіріп, жан-тәнімен атқара білген, соңына жарқын ғылыми жаңалықтар қалдырған аса ірі ғалым болатын. Біртуар ойшыл еді. Ғылымды өмірінің мазмұны мен мақсатына балап, тер төкті. Ғылым оған тіршілік нәріндей аса қажет болды. Жан құмарына айналды. Енді, ғылымы Ғалымын әспеттеп, көтеретін екінші өмір, қымбат сәт туды. Сол рухани өршіл кезең, сағынта түсетін сәт ұзағынан болғай!

...Фазылханныңқарашаңырағынансыртқа шықтық. Сүйікті жұбайы Роза биік басқышта қаздиып тұр... Өтпестей болған, қос аққудай қимас ғұмыр кешкен сол бір есіл уақыт бастарынан қалай шапшаң ысырылғанына аң-таң. Армансыз да тәтті күндері жағаны шапшып ұрғылаған асау толқындай кері жылыстап кетіпті... Роза тұр. Жалғыз тұр! Көңілі астанкестен... Дауыл алдындағы сәл тыншыма ма? Ұрпақтарының есендігін тілеген бәйтеректей бәйбіше қасиетті босағасынан қайғы бұлтын серпіп тастап, қуаныш пен қызыққа, бақытқа үміттеніп аттады... Еңбекпен керегесі керілген үйде ақ тілек, періштенің құлағына шалынады-мыс!

**...Үндемей жүріп, үнін алғы ғасырларға асырған ғалым екен ғой, нағыз қазақ – Фазылхан Бәйімбетұлы!**

**Қайсар ӘЛІМ,**
**жазушы, ҚР Президенті**
**сыйлығының лауреаты**



# МИЛЛИОНЕР ДІНМҰХАМЕД ЫДЫРЫСОВ ӨЗІНІҢ БИЗНЕСІН ҚАЛАЙ ОРНЫҚТЫРДЫ

«Бақытыма қарай менің өз өмірімде досты немесе бизнесті таңдау деген болған жоқ. Біздің өз ұстанымымыз: «Егер, біреумен іс жасасаң, ондағы ең маңыздысы істің өзі емес, оны кіммен жасайтындығында», – дейді «Ордабасы» тобының басшысы.

Дінмұхамед Ыдырысовтың қабылдау кабинеті итальяндық шеберлер қолымен жерорта теңізінің сән-салтанаты сәнімен жасалынған. Тосында қисынға келместей тоздыға келді – импрессионистік **Шарденовтың** еңбегі елестейді. Бұл осыдан алты жыл бұрын тамаша да әдемі кескіндеме суреттер коллекциясын жинақтаумен әуестенген, атақты «Ордабасы» тобының негізін қалаушының және акционердің сүйікті суретшісі болып табылады екен. Жалпы, зауыттардың, банктердің, мұнай кеніштері мен коммуналдық жүйелердің иегерімен жеке таныстық барысы кезінде іскер ортаға қарағанда оның неғұрлым бетке ұстар академиялық саяси элитаға жақын адам екендігі туралы пікір туындатады. Өзіндік іс мәнерінде сөйлейді, өзіндік әзіл-қалжыңқойлығы да бар. Көбіне парасаттылыққа бейім. Дінмұхамед Ыдырысовты білетін жандар ол өзін қоршаған маңғаз да дәрежелі кісілерге қарағанда жеке атрибуттық мәртебесіне немқұрайдылығымен ерекшеленетіндігін жақсы біледі. *«Ол кез келген істі жасанды, мақтану мақсатымен жасамайды және қоршаған ортасына үнемі ықыласын төгіп, бар зейінімен көңіл бөледі. Ал, мұндай игі қасиеттер оның деңгейіндегі іскерлерде сирек кездеседі. Жұмыста әртүрлі жағдайлар, тіптен, тік мінез көрсетуге де тура келетін кездер де болады. Ондай келеңсіз жағдайлар өз басында орын алып жатса, Дінмұхамед оны соңынан жуып-шаюға бар»,* – деп, онымен 15 жыл бірге жұмыс істеп келе жатқан **Ержан Достыбаев** өзінің аға серіктесіне осындай мінездеме береді.

Осы жақсы қасиеттері Ыдырысовтың Көлікжолдар қатынастары институты кафедрасында зертханалық қызметтен ғылым кандидаттығына дейінгі барлық өткен кезеңінен (ҒЗИ-ның аспирантурасында оқып жүрген кезінде құрылыс материалдары жайына терең үңіліп, ашқан бірнеше жаңалықтарына патент алды. Олардың басым бөлігі Қазақстан мен Ресей зауыттарында өндіріске енгізілді) жалғасып келе жатуы да мүмкін. Десек те «өміріне бастау бола білген» – Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданындағы (компанияның аты да осыдан) ауыл мектебінде мұғалім және директоры болған көп балалы отбасынан алған тәрбиесінен де болар. Оның қол жеткізіп отырған жетістіктерінің ең бастысы және бәрінен жоғарғысы ағарту саласы айдынында алған білімі мен «дұрыс» тәрбиесінен де екендігі даусыз.

### Бартер бойынша жүргізілген «Нефтянка»

«Тастарды шашып тастау уақыты» келген кезде, жалпы ғылым сияқты құрылыс ғылымы да іздемпаз әрі тынымсыз жас ғалымның барлық күшін салатын орнықты орнына айналмады. Ыдырысов іскерлікті 90-шы жылдардың басынан оқытушылықпен қатар алып жүрді.

*«Әлбетте, ол кезде таңдау да, ерекше түсінік те болмады, жағдайларға байланысты жүріп жатты. Барлық сатып алу және сату – аяқ киімнен бастап компьютерге дейін, бөлшек саудадан шағын көтерме саудаға дейін жетті. Артық бөлшектер Ресейден жеткізілді. Соңынан*

*оның барлығының көлемі барынша өсіп, бірқалыпты оқытушылық жұмысқа уақыт та жетіспейтін болды. Одан кетуге де мүмкіндік болмады – институттан жібермей қойды»,* – деп еске түсіреді еліміздің ең ықпалды да бай іскерлерінің бірі.

Қазір «институт жібермей қойды» деген сөз таңданарлықтай болып естіледі. Бірақ, ССРО елінің адамдарына ол кезде қаншалықты кеткің келгеніңмен басшылар орнына істейтін адамды іздеп таппайынша «жұмыс орнын» тастап кетпеу табиғи заңдылық еді. Әйткенмен, жағдай көмектесті. 1996 жылы теміржол мен көлік қатынастары жолдары институттары біріктіріліп, оқытушыларға – жұмыстан шығуға және қабылдауға (мұның өзі жұмыс беруші демалыс күндеріне жәрдем ақы төлеу қажеттілігінен қашқақтау үшін) екі өтініш жазу ұсынылды. Бірақ, ол екіншісін жазған жоқ.

Міне, сол уақытта «Алма Ойл» ЖШС-гі тіркелген болатын.

*«90-шы жылдардың орта шенінде біз жүйелі түрде жұмыс істеп, ірі сұраныстарды орындай бастадық. Бірде, «Қазақойл» мұнай кеніштері құрал-жабдықтарына арналған артық бөлшектерді жеткізіп бердік. Олардың ақшалары болмады да бізге оның орнына мұнай өнімдерін айырбасқа алуға ұсыныс жасалды. Бізге еш байланыссыз жағдайларға сәйкес осылайша мұнай базарына кіру сәті түсті. Бірнеше жылдан соң барып, маржинальды және тез дамушыға айналдық»,* – деп Д. Ыдырысов үлкен бизнестегі алғашқы өзінің қадамы жайында әңгімеледі.

Барлығы да ерекше бір шапшаңдықпен өсе түсті. Жыл өткен соң-ақ, бір ғана ЖШС-гі шеңберінде жұмыс істеу оларға тым тар бола бастады. Сонымен, тағы бір компания – «Ордабасы» өмірге келді. Табыстан түскен ақшалар өндіріс жасауды қаржыландыруға құйылды. 90-шы жылдардың соңына қарай мемлекет импорттың орнын толтыру бағдарламасын қабылдады. Өңдеуші секторлар преференция ала бастады. Д. Ыдырысов серіктестіктерімен бірлесе отырып алғашында Өскемен арматура зауытын сатып алды, одан соң ресейліктермен біріге отырып (кейінірек олардың үлестері сатылып алынды) Ақтөбе мұнай құрал-жабдық зауытын салды. Соңынан Өскемен арматура зауыты сәтті сатылып жіберілсе, Ақтөбе зауыты осы уақытқа дейін «Ордабасы» құзырында.

### Адамдар және іс

Дінмұхамед Ыдырысов «достарыңмен бизнес жасама – не бизнесіңді, не достарыңды жоғалтасың» ұстанымының таралуымен келіспейді. «Алма Ойлда» да, «Ордабасыда» да әріптестері мен серіктестері арасында достары, курстастары, Автожолдарда бірге қызмет жасаған әріптестері, тіптен, бұрынғы студенттер де баршылық.

*«Бақытыма қарай, менің өмірімде – досты немесе бизнесті таңдау деген ешқашанда болған жоқ. Мүмкін бұл жағынан менің жолым болған шығар, – деп езу тарта отырып, Ыдырысов әңгімесін одан ары қарай былайша жалғастырды: – Біздің ұстанымымыз: «Егер, біреумен іс атқаратын болсаң, онда бастысы істің өзі емес, ең маңыздысы кіммен жұмыс істеу». Сондықтан да, кіммен істес болсам да, олармен (оның ішінде мемлекеттік қызметке немесе өзінің бизнесіне кеткендермен де) осы уақытқа дейін жақсы қарым-қатынастамын.*

Егер де «Алма Ойл» Қазақстандағы барлық алғашқы компаниялар сияқты (социалистік өнеркәсібі «ескерткіштерінен» басқасы) «қолдағы барымен сомдала түссе», соның ішінде жақсы табыстармен ақша таба бастаған «Ордабасы» компаниясы өз жұмыстарын одан ары қарай да «дұрыс» бизнес ұстанымы бойынша құруды шешті. 2000 жылдың басында стратегияға қосылып және оның ішінде шетелдік «үлкен төрттіктен» кеңесшілер жалдады.

*«Әрине, біздің өзімізге де көп оқып-үйренуге тура келді. Мұнда ғылыми машықтық та айтарлықтай пайдасын тигізді, – деп көңілдене әңгімесін одан әрі жалғастырды Ыдырысов. – «Алма Ойлда» бізді толығымен жағдай басқарды. Ал, «Ордабасыда» жағдайды өзіміз басқаруға және тек өзіміздің стратегиямызға сай жұмыс істеуге тырыстық».*

### Шымкент және шиналар

Дегенмен, стратегия шеңберінде «Ордабасыда» орын алған аса белгілі «қателік» ол - Қазақстанда заманауи шина жасау өндіріс орнын құруға жасалған әрекеттерден жібе-

рілді. Компания банкроттық жағдайдың алдында тұрған, кезінде өздерінің өнімдерімен бір заманда Ресейдегі Горький автозауытын қамтамасыз еткен белгілі Шымкент шина зауытын сатып алды. Кеңестік зауыттар кең масштабты жұмыс істеуді жақсы көретін, оның ішінде Шымкент өндірістік корпусы да 160 гектар жер көлемін иеленген еді.

*«Біз несие алдық, **$30 млн.** көлемінде өз жеке қаржымызды салдық, өндірісті тірілтіп... және үш айдың ішінде барлық қоймаларды толтырдық. Сапасы шетелдік аналогтан еш кем болмаса да тұтынушылар біздің өнімді сатып алғылары келмеді. Бағасы екі есеге дейін арзандады, – деп есіне түсіреді «Ордабасы» қожасы. – Сатып алушылар сапасы аса жоғары тауарды қажет ететіндігін, бұл істі біз алып жүре алмайтындығымызды, ескірген технологияны ауыстыру үшін оған орасан зор инженерлік және ғылыми жұмыстар талап етілетіндігін, маркетинг қажеттігін түсіндік. Сөйтіп, әріптестер іздестіре бастадық».*

Белгілі Nokian Tyres концерні әріптес болды. Финдер келіп, барлығын аралап көрген соң бұл Шымкент шина шығару орнын түгелімен ысырып алып тастауды ұсынды. Олай болмаған жағдайда 160 гектар жер астындағы тозығы жеткен коммуникациялармен тиімділікке қол жеткізу мүмкін емес еді. Жаңа зауытты Астанада тұрғызуды шештік. Онда салықтық жеңілдіктерге сәйкес СЭЗ-і бар болатын. 2007 жылдың 19 қазанында Ordabasy – Nokian Tyres кәсіпорнымен бірлесе отырып жеңіл автокөліктерге арналған шина шығару зауытының құрылысын салу туралы келісімге қол қойылды. Фин компаниясының үлесі **10%** құрады. Оны **50 % дейін** көтеру мүмкіндігі қарастырылды. Келісімшартқа сәйкес Nokian Tyres СП ноу-хауға беруі тиіс болатын. Концерн үшін Nokian және Nordman маркаларын шығару және сонымен бірге арнайы талданған жаңа өнімді өндіріп, содан соң Қазақстан мен Орталық Азияға, сонымен бірге Ресейге, Шығыс Еуропаға сату жоспарланған. Nokian Tyres өзі толық қуаттылығы бойынша өнім шығару мерзімін **(жылына 4 млн. шина)** 2013 жылға белгілейді. Ал, алғашқы бес жылда резервтің **35-65%**-дық қуаты пайдаланылады деп күтілген.

Бірақ, ол жүзеге аспай қалды. Осы мерзімге тура бір ай қалғанда АҚШ-та ипотекалық көпіршік жарылып кетті. Өздеріне салынатын айып пұлға қарамастан финдердің Азиядағы жаңа жобаға қарауға еш мүмкіндігі болмады.

Жуырда Шымкенттегі 160 гектарда алғашқы жеке индустриялды аймақ іске қосылды. Ыдырысовтың сөзіне қарағанда бұл қызметке сұраныстар баршылық. Аланның **50%** қазір өз иеленушілерін тапқан. Әйткенмен, салынған қаржының қайтарымын ұзақ күтуге тура келеді.

### Үлкен мұнай

«Ордабасының» ең сәтті де үміт күттірер ойдағыдай жобасы мұнай болды. Матен кенішін өңдеген компания 2005 жылы **$200 млн.** сатып алынған болатын. Сомасы бәсекелестер ұсынғаннан айтарлықтай көрнектілеу еді, – деп мойындайды Ыдырысов.

*«Бұған барғанда бізде тәжірибе де, кадрлар да жеткілікті, жобалау институтымыз да бар болатын,* – деп әңгімелейді ол. – *Қажетті ақшаны жинау үшін (несиеден басқа), барлық жылжымайтын мүліктерімізді, жерімізді, қажет болғанда жұмыс істейтін кеңселерімізді де сатып жібердік».* Жылжымайтын мүліктен **$100 млн. жуық** жинадық. Бір жылдан соң бұл активтер **$20 млн.** құрады.

Мұның барлығы да «Алланың құдыретімен» келген, сәтін салған көл-көсір табыс еді, деп есептейді Ыдырысов: *«Сатып алуды бастағанда бір барель мұнайдың бағасы ауданда **$50** тұратын. Келісім 2006 жылы аяқталды. Осы жобамен тікелей айналысудың нәтижесінде команда екі жылдан соң бұл істі абыроймен жүзеге асырып, жоғары шыңға шықтық. Мұнайдың бағасы шарықтап **$147 дейін** өсті».*

2014 жылдың басында **95%** сату қытай-нидерланд Sino-Science Netherland Energy Group «Матен Петролеум» келісімі **$535 млн.** сомамен аяқталды. «Ордабасы» командасының үлесіне **5%** пен компанияны басқаруға қатысу мүмкіндігі қалды.

*«Біздің стратегия – бизнесті ең жоғары деңгейге (максимум) жеткізіп, бұл максимум бірнеше жылға жалғасатын фазаға жеткенде сату»,* – деп түсіндірді Ыдыры-

сов. Бірақ, бұл жолдың болу факторын қайта өзгертпейді: бұл Украина дағдарысына және мұнай бағасының жүйелі түрде құлдырауына дейінгі уақтысында болды.

Түскен ақшалар бірнеше жаңа жобаларды қаржыландыруға жұмсалды, оның бірі, әлбетте, мұнай саласы болып табылады. Маңғыстау облысындағы «Аңсаған петролеум» шағын компаниясы сатылып алынды. Жылдың соңына қарай өнімді игеруді бастайтындықтарына сенімді. Мұнай бағасының құлдырауынан Ыдырысов қауіптенбейді: *«Ең жоғары шыңға тек екі жылдан соң ғана шығамыз, ал, ол уақытқа дейін барлығы да орнығатын шығар деп ойлаймын».*

### Банктер мен «Алма ТВ» арасындағы ортақтастық деген не?

Дінмұхамед Ыдырысов пен оның серіктестерінің мұнайдан басқа өзгешелігі екі жаңаны – бұрындары «еуразиялық үштікпен» аффилиренген RBK Банкін және **Дариға Назарбаева мен Нұралы Әлиевке** тиесілі «Алма ТВ» кабельді операторын **100%** иеленіп, бақылау жасауы үлкен тербеліс тудырды. Осы уақытқа дейін Ыдырысов пен және онымен аффилиренген адамдармен бірге Сенім Банкке (соңынан ол Qazaq banki деп аталды) бақылау жасауды сатып алған болатын. Бір мезетте банктер мен кабельді теледидар сияқты осыншама әртүрлі активтерге қызығушылыққа түсіндірме жоғарғы жақта жатыр.

*«Кез келген дағдарыстан соң өрлеп-өсу болады,* – дейді Ыдырысов. – *Біз баға түскен кезінде негізінен өзіндік баға құнымен, ал, кей жерлерде одан да төмен бағамен сатып аламыз. Және бұл банктерді дамытуда өзіміздің көріп, байқайтынымыз бар. Болашақ – интернет-банкингте, сондықтан да, біз барлық инфрақұрылымды осыған қарай жасаймыз. Бұрынғы инфрақұрылымға ондаған миллион долларды салған үлкен банктерге қайта құрылу өте күрделі. «Алма ТВ» кабельді теледидардың ең ірі операторы, сондықтан да қаржыны кең тілмелі интернетке құятын боламыз. Кабельдік теледидардың бұл жағынан мүмкіндігі өте жоғары. Мобильді интернет қымбат және әркезде сапасы жақсы бола бермейді, жер серіктерінің жылдамдығы ауа райының жағдайына өте тәуелді. Кабельді интернетте мұндай кемшіліктер жоқ, ақпарат қас-қағым сәтте және өте сапалы беріледі. мұның барлығы да банктерге тікелей байланысты».*

RBK бойынша жоспар – екі жылдың ішінде алғашқы ондыққа кіру. Оны Qazaq bankiсіне қосу жоспарда жоқ. Дамыту стратегиясында жеңіл-желпі ерекшеліктер бар. екі банк те әмбебабты болады. RBK-ны сатып алған кезде жеке капиталға бағдарланған еді. «Алма ТВ» бойынша сома келісімін Ыдырысов ашып айтпады: *«Айтарым, бағасы бізді де және сатушыны да қанағаттандырады,* – дей келе мынаны қосты: - *Онда бізден басқа да сатып алушылар болды. Шынын айтсақ, біз аздап кешіктік – осыдан екі-үш жыл бұрын интернет-байланыс нарығына іс жүзінде бәсекелестік болмай тұрғанда шығуымыз керек еді».*

### ККС және сақтандыру: болашаққа деген есеппен

Корпорациядан басқару компаниясына айналу «Ордабасының» барлық бизнестері үшін, оның ішінде Қарағандыда, аздап ОҚО коммуналдық қызмет көрсетумен айналысатын «Қазақстандық коммуналды жүйелер» ЖШС стратегиялық жағынан жақсы деп есептейді Ыдырысов. Олар бұл бизнестік салаға қаржылық көмек көрсетілмей, салықтар төленбей, тұралап қалған 2000 жылдары енді.

*«Мұндай бизнестің өсетіндігін біз 90-шы жылдардың соңына қарай білгенбіз,* - деп түсіндіреді Ыдырысов. – *Ия, тарифтер төмен болған, қарыздар көлемі өте зор, банктер қаржыландырғысы келмеді. Олар түскен табыстар мен кірген кірістерге мән берді. Осыған қарап-ақ коммуналды сектордың қандай жағдайда болғандығын және табысын пайымдауға болар еді. Бірақ, бағаға бәрібір уақыт өте бір реті келетіндігіне біз сенімді едік және өз қаржымызды салдық. Пайда қазір де түсіп отырған жоқ, бірақ капитализация өсуде».*

Соңғы жылдары ККС ауқымды жаңғырту жүргізуде. Нәтижесінде АСКУЭ барлық төрт деңгейді енгізген еліміздегі жалғыз энергетикалық «Қарағанды Жарық» компаниясы ешқандай да коммерциялық шығынға батқан жоқ.

ККС-те 12 мың қызметкерлер жұмыс

істейді, бұл – барлық топтағы қызметкерлердің жартысынан астамы.

Елімізде сақтандыру бизнесінің (СК Amanat Insurance) болашағы (перспективасы) сәулетті, деп есептейді Ыдырысов:

*«Біз әлі де болса сақтандыруды дұрыстап бастай алмай келеміз. Мысалы, шет елдерде санэпидстанса мейрамханаға бармайды. Сақтандыру компаниясы сақтандырылған мейрамханалардың стандартқа сәйкестігін, мысалы, тамақтың сапасына және қауіпсіздігіне деген талап қоюшылардың (клиенттердің) талаптарына ғана сай бақылайды. Мұның өзі сыбайлас жемқорлықты төмендетеді. Біз де бұған жетеміз, олай дейтінім қазақстандық сақтандыру нарығы жыл сайын **20-25%** өсіп келеді».*

Құрылыс та жандана (Дінмұхамед Ыдырысов бірнеше құрылыс компанияларында ірі көлемдегі үлеске ие) түскен. *«Мұндай бағалар әрине, дағдарысқа дейігідей емес, бірақ, табыс қайтарылып келеді»,* – деп нақтылай түсті ол.

2013 жылы «Ордабасы» тобы көлемі **$195 млн. астам** салық төледі.

### БТА-мен болған оқиға

Әрине, Мұқтар Әблязовпен болған жанжал әңгімесі «Ордабасының» негізгі акционерлерін айналып өткен жоқ. Оның банкісі мемлекет меншігіне айналдырылған соң олигархтардың органы «Республика» газетінде «Ордабасы» БТА Банкін лақтырып кетті» атты материал жарияланды. Онда корпорация банкке **$150 млн.** көлемінде зиян келтірді деп айтылған. Анықталғандай, 2007 жылы «Ордабасы» БТА Банкісіне $180 млн. депозит салған және іле-шала сол сомаға жылына **13,5%** несие алған. Соңынан 2009 жылдың 2 ақпанында БТА Банктің жаңа басшылары осы операцияның барлық кепілдік құжаттары «жоғалды», БТА ақшалай қаржы кепілдігі евробондыға ауыстырылып, қайтарымы 2015 жылға дейін белгіленген, сол кездегі белгіленген баға 20% көп емес болатын, міне бұл аталған банкке айтарлықтай шығын келтірді, деп жазылған. Ал, Ыдырысов тіптен де бұлай емес (ол бұл тақырыпқа алғаш рет түсініктеме беріп отырған сияқты) деп сендіреді:

*«Біз ол кезде арабтармен бірге қор аштық (ол қор осы күнге дейін жұмыс істеп келеді), ақшаны көрсету үшін БТА Банкісіне **$160 млн.** салдық. Ал, менімен аффилиренген девелоперский компаниясы осы уақытқа дейін банкпен табысты жұмыс істеп келген. Дағдарыс болған кезде оның кепілдіктері бағасызданды. Банк сол депозиттегі **$180 млн. жуық** несиені (кредитті) біздің жабуымызды қалады. Егер, біздің депозит осы компаниямен қалайда байланысты болса, онда оны банктік қызмет заңына сәйкес автоматты түрде алып қояр еді. Ондай байланыс болған жоқ. Біз бұл несиені жабу үшін **$83 млн.** қаржыны жаратып **$200 млн** БТА еуробондысын алып банкіге бердік. Ал, девелопер компаниясы **$67 млн.** оған дейін банкіге төледі. Бұдан соң еуробонды тағы да көбірек құнсыздана түсті. Банктің жаңа командасының қысымымен қарыз алушы тағы да $30 млн. төлеп және барлық кепілдігін беріп, банкротқа ұшырады. Сонымен, ол компания баршаның пікірі бойынша басқа қалған қарыз алушыларға қарағанда БТА Банкімен жақсы есеп айырысты». Ал, бұл бондылар несиешілердің дауыс беруі кезінде қайта құрылып отырған банктің пайдасына шешілуіне бірден бір ерекше рольде ойнады.*

### Келешекке жұмыс істеу

Дінмұхамед Ыдырысов қазақстандық өңдеуші өнеркәсіптің болашағына сенеді. Жуырда топ «ҚазАзот» компаниясының үлесін сатып алды.

*«Дағдарысқа дейін елімізде «голландық сырқаттың» барлық түрлері көрініс берді. Мысалы, бізде электросақтауыш шамын шығаратын кішірек зауыт болды. Ол жылына небәрі **$200 мың** пайда келтіретін, әйтсе де жұмыс істеді. Бірде бізге келіп, осы зауыт тұрған жерге **$4 млн**. ұсынды. Зауыт сіздікі, оны тарқатып, шығарып өздеріңмен бірге алып кетулеріңе болады деді олар. Қазір еліміз дағдарыстан шығып келеді. Өңдеуші сектор үшін преференциялар бойынша мемлекет дұрыс саясат жүргізіп келеді деп ойлаймын мен. Біз инвестицияға жағдай жасау жөніндегі жаңа бағдарламаға мұқият көңіл аударамыз, Дұрыс бағыт тапқан кезде оған міндетті түрде қатысамыз»,* – деп уәде етті Ыдырысов.

Бизнесменнің пікірі бойынша бұған Кедендік Одақ та, әлемнің жетекші өндірушілерімен іскерлер Одағын құру мақсаты да ықпал ететін болады. Оны толғандыратыны тек аумақтағы ұзаққа созылған геосаяси қарбаластығы мазасыздандырады.

*«Қазір кім не айтпасын, бірақ, санк-*

*ция әрине, әсер ететіндігіне Ыдырысов сенімді. – Менің түсінігім бойынша біз экономикалық одақты экспортқа бірге шығу үшін құрдық. Ал, Ресейде басталған оқшауландыру мақсаты әрине зиянын тигізеді. Ірі бизнесті қаржыландыру проблемасы («Ордабасының» кейбір жобалары ресейлік мемлекеттік банктерден несиеленеді) басталып та кетті. Егер де, мұнай бағасы қатты құлдырап кетсе, онда барлық бизнеске қиын болады».*

Мұнай бағасы $80 баррельден төмен түсіп кетсе, ең қиыны сол болмақ, деп есептейді Ыдырысов.

Ол сонымен қатар, білім күшіне өте сенеді және «Болашақ», Назарбаев Университеті мен зияткерлік мектептері өте жақсы. – Мұның барлығы да еліміздің болашағы үшін мемлекетіміз жасап жатыр, – дейді ол. Дінмұхамед Ыдырысов – жеті баланың әкесі және олардың оқуымен өзі тікелей айналысады. Үлкен ұлы мен қызы студент, АҚШ-та, екі қызы Сингапурде, кішісі екі ұлы – Haileybury Almaty оқиды, (ең кішісі біржарым жаста).

### Неге Сингапурде?

*«Онда қауіпсіз және білім беру деңгейі жоғары. Мұндай дәрежедегі оқу орнына түсу өте қиын, бірақ осыған қарамастан бірнеше Қазақстандық жоғары сынып оқушылары (бұрын мұнда негізінен тек қытайлар мен үнділер оқитын)»,* – деп бізбен сұхбаттасушы өзінің мақтанышын жасыра алмады. Оның сөзі бойынша біздің оқушылар дайындықтың жоғары деңгейін көрсете алған. Келесі жылы да сингапурлықтар Қазақстанға қабылдау комиссиясын арнайы жібермек.

Есімі кеңінен танымал іскер Ыдырысовтың ермегі (хоббиі) – отбасы. «Жұмыстан соң үйге асығамын – балаларыммен көбірек бірге болғым келеді», – деп мойындады ол. – Бұл тек құр сөз емес, – деп мақұлдайды Ержан Достыбаев. – «Ордабасыны» құрушы қазір де өзін босаңсытуға жол бермейді. Іс сапарға шыққан кездерден басқа күндері ертеңнен кешке дейін кеңседе болып, жұмыс күнін толығымен қызметіне арнайды.

**Ардақ БӨКЕЕВА,**
**«Forbes Kasakhstan» журналының рейтинг бойынша редакторы**

*• Білгенге – маржан*

## Елімізде ең үлкен жалақыны кім алады ?

**2013 жылғы қарашада бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы 107 317 теңгені құрады. Атаулы жалақы индексі 2012 жылғы қарашаға 106,4%, ал, нақты жалақы индексі 101,6% жетті. Бұл туралы ҚР Статистика агенттігі хабарлады.** Салалық құрылымда ең үлкен жалақы кәсіби, ғылыми және техникалық қызметте - 212,8 мың теңге (орташа республикалық деңгейден 2,0 есеге асады), кен өндіру өнеркәсібі мен карьерлерді қазуда - 200,6 мың теңге және қаржы және сақтандыру қызметінде - 199,2 мың теңге (1,9 есе) көлемінде белгіленді. Ең төменгі жалақы ауыл, орман және балық шаруашылығы қызметкерлерінде белгіленді - 62,5 мың теңге, бұл ел бойынша орта көрсеткіштен 41,8%-ға төмен. Өңірлік бөліністе ең жоғарғы жалақы Атырау облысында тіркелді - 186,2 мың теңге, бұл орташа республикалық көрсеткіштен 1,7 есеге асады. Солтүстік Қазақстан облысында мұның шамасы 73,5 мың теңгені құрады, бұл ел бойынша орташа деңгейден 31,6%-ға төмен.

## Зейнетақы туралы не білеміз?

**Алғаш зейнетақы жүйесі XV ғасырдың екінші жартысында XI Людовиктің патшалығында болған. Ал алғаш рет барлық жұмыскерге ортақ мемлекеттік зейнетақыны ресми түрде Германия канцлері Отто фон Бисмарк енгізді.** Бұл 1889 жыл болатын. Кейіннен, 20 жылдан соң зейнетақы жүйесінен хабардар болған көбі өз мемлекеттеріне енгізіп жатты. Олар: Ұлыбритания, Австралия, Америка Құрама Штаттары. Олар Германияға қарағанда бұл жүйені мемлекеттеріне кеш енгізді. Яғни бұл елдер XX ғасырдың 30 жылдарында зейнетақы жүйесін толық кіргізді. Ал Қазақстанға зейнетақы жүйесі Кеңес Одағы арқылы жетті. Ресейге бұл жүйені әкелген I Петр болатын. Бұрындары зейнетақы елге жасаған ерлігі үшін әскери шені бар адамдарға берілсе, кейіннен бұл заңға өзгертулер енгізіліп, 1918 жылдан бастап зейнетақы мүгедек жандарға берілетін болған. 1923 жылдан бастап кәрі большевиктерге, 1928 жылдан бастап, тау-кен ісі мен тоқымалық өнеркәсіпте еңбек ететіндерге беріле бастады. Ал 1937 жылдан бастап, барлық қаладағы жұмыскерлер мен қызметкерлердің де қолына тиді.

Қазір әлемнің көптеген елдерінде зейнетке шығу жасы 65 жас болып саналады. Европа мен АҚШ-та 2060 жылдары зейнетке шығу жасын әйелдер үшін де, ерлер үшін 70 жасқа жоғарылату көзделіп отыр.

**Ал қазіргі уақытта әлемдегі ең жоғары зейнетке шығу жасы – 70 жас.**

**Әлемдегі ең мардымсыз зейнетақыны Грузия халқы алады.** Ол жерде зейнетақы құны бар болғаны 40 долларды ғана құрайды.

# ЖАСАНДЫ ТҮРДЕ, ҚОЛДАН ЖАСАЛЫНЫП ОТЫРҒАН МӘЛІМЕТ МЕМЛЕКЕТТІ АЛДАУ, КӨЗБОЯУШЫЛЫҚ

## немесе Ауыл шаруашылығында мемлекеттік бақылау өз деңгейінде болуға тиіс

Мемлекетіміздің егемендік алғанына жиырма үш жылдың жүзі болып барады. Енді, етек–жеңімізді түріп, есімізді жинап, болып жатқан оң өзгерістерге өң беріп, жақсысын асырып, жаманын жасырып, саннан гөрі сапаға көңіл бөлетін, аз да болса, саз болатын өнім өндіруге, бел шешіп кірісетін уақыт жетті деп ойлаймын.

**Мен бұл салаға елу жылдан астам уақыт қызмет жасап келемін. Мемлекеттік бақылау саласында да аз қызмет жасамадым, тәжірибем жеткілікті. Сондықтан да, осы саланы да қалай жақсартуға болады деген мәселенің төңірегінде, көпшілік қауымға ой тастап, келелі ойларыммен бөлісіп, қайтсек ауыл шаруашылығының өнімін көбірек өндіріп, сапасын арттыруға болады деген мақсатта, қолыма қалам алып, ойларымды өрнектеп, дәлелдеп, осы саланы басқарып отырған басшылардың назарын аудара алсам, онда аздаған еңбектің зая кетпегені деп ұғар едім. Мәселен, кейінгі кездері, кіші кәсіпкерлікті дамыту, оны аяғынан қою мақсатында, оларды жиі тексеріп мазаларын алмау үшін, бірнеше рет маротория жарияланып, бақылау, қадағалау жұмыстарының санына шектеу болды. Маротория, әрине, өте құптарлық жағдай, шын мәнінде, біздердің бақылаушылар, «шаш ал, десең бас алып» кәсіпкерлердің тұрақты, тиянақты жұмыс істеулеріне, көп кедергілер жасады. Бұл ащы да болса, шындық. Біздерде кейінгі кездері, заңды бұрмалаушылық, жемқорлыққа жол берушілік аяқ алып, кеңінен қанатын жайып, қалыпты жағдайға айналып кетті, яғни, үлкен қатерге әкелді. Алайда, осы жолмен кете берсек, онда біріншіден өнімнің саны азаяды, екіншіден сапасы күрт төмендейді. Қазірдің өзінде, біздер көп нәрсені жоғалттық, саннан да, сападан да.**

Енді, не істеу керек? Біздерде салалық түрлі заңдар қабылданған, өте сапалы, нақтылап жазылған баптары да жеткілікті. Жетіспейтіні, сол баптардың талабының іс жүзінде орындалмай жатқандығы. Осы саланың төңірегіндегі фактілерге жүгінер болсақ: **«Тұқым шаруашылығы туралы», «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» осыдан он жылдар бұрын қабылданған жақсы заңдар бар. Өкінішке орай, осы заңдар өз дәрежесінде іске асырылмай жатыр, орындалуы өте нашар. Егерде, осы бағытпен кете берсек, осы күндерге дейін қол жеткізген көрсеткіштерімізден айырылып қалатынымыз, бәсенеден белгілі. Қазірдің өзінде, егіннің өнімі жылдан жылға төмендеу де, сол сияқты мал өнімдері де күрт төмендеген. Ал, статистикалық мәліметтерге талдау жасап көрсеңіз, керісінше, жылдан жылға аздаған пайызбен ілгері жылжу көрсетіліп отырады, бұл жасанды түрде, қолдан жасалынып отырған мәлімет екендігін екінің бірі біледі. Бұл мемлекетті алдау, оның ар жағында халықты өтірік ақпармен арбау, ақымақ ету, нағыз көз бояушылық. Бұрынғы Одақтың кезінде, мұндай іс–әрекеттер үшін, партиядан шығарылып, қызметтен босатылушы еді, қазіргі кезде мұндай «батырлар», «белсенділер», керісінше мадақталып, жылдан жылға қызметке**

**көтерілуде. Мұндай келеңсіз жағдай, төменгі сатыдағы, әкімсымақтардан бастап, жоғарғы сатыдағы мемлекет қызметкерлеріне дейін жетті. Дәл осы қарқынмен кете берсек, бір күні омақаса жарға жығыларымыз хақ.**

Егерде, заңда көрсетілген мемлекеттік бақылаулар тұрақты жүргізіліп отырмаса, онда егіншілікте сапалы тұқым дайындалмайды, сапасыз тұқымнан сапасы сын көтермейтін төменгі өнім өндіріледі, тауары жарамсыз, экспортқа шығармақ түгілі, өзімізде пайдалануға жарамсыз болады. Мал шаруашылығында да, осыған ұқсас жағдайларға тап боламыз. **Асыл тұқымды мал өсіру, болмаса сапалы тұқым өндіру тек қана тұрақты, жоспарлы түрде мемлекеттік бақылауды жүргізудің есебінен ғана іске асырылады. Бақылау осалдаған жерден тиісті нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес. Ол өмірде бұрыннан дәлелденіп қойылған, аксиома.** Мәселен, асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бақылау тәуекелдер дәрежесін бағалау критерийлері (өлшемдері), **«Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы»** және **«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы»** Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленген. **Осы критерийлерде келесі ұғымдар қолданылады:**

1. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы тәуекел – асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субьектілердің қызметі нәтижесінде малдардың тектік қорына немесе бағалы тұқымның жоғалуына келетін зиянның ықтималдығы, мұнда оның салдарының ауыртпалдығы есепке алынады;

2. Мемлекеттік бақылау субъектілері – облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) уәкілетті органымен аттестатталған асыл тұқымды мал шаруашылығындағы жеке және заңды тұлғалар, шаруашылық жүргізуші субъектілер.

3. Мемлекеттік бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелеріне жатқызу алғашқы бөлу кезінде – обьективті, кейінгі бөлу кезінде – субъективті өлшемдер негізінде жүзеге асырылады.

**Алғашқы бөлу кезінде мемлекеттік бақылау субьектілері 3 түрлі тәуекел дәрежесіне бөлінеді:**

– жоғарғы тәуекел дәрежесіне – асыл тұқымды мал зауыттары мен асыл тұқымды шаруашылықтар жатқызылды;

– орташа тәуекел дәрежесіне – асылдандыру орталықтары және дистрибьютерлік орталықтар жатқызылды;

– төменгі тәуекел дәрежесіне – табынның өсімін молайту бойынша қызметтер көрсететін жеке және заңды тұлғалар жатқызылды.

**Мемлекеттік бақылау субьектілерін кейіннен бөлу бар кемшіліктерді ескере отырып, келесі балдарды бере отырып жүзеге асырылады:**

1. Асыл тұқымды мал зауыттары мен асыл тұқымды шаруашылықтар үшін :

– асыл тұқымды зауыттар мен шаруашылықтар мамандарының қатысуымен ғылыми ұйымдар ғалымдары әзірлеген малдармен селекциялық–асыл тұқымдық жұмыстар жүргізу жоспарының жоқтығы – 5 балл;

– малдардың өнімділігінің сандық көрсеткіштерінің малдардың тиісті тұқымдары мен түрлеріне арналған стандарттардың талаптарына сәйкес келмеуі – 5 балл;

– малдардың өнімділігінің сапалық көрсеткіштерінің малдардың тиісті тұқымдары мен түрлеріне арналған стандарттардың талаптарына сәйкес келмеуі – 5 балл;

–асыл тұқымды малдарды толыққанды және теңгерімді азықтандырмау – 5 балл;

– асыл тұқымды малды күтіп–бағумен, өсірумен, пайдаланумен және азықтандырумен байланысты тиісті зоогигиеналық талаптардың сақталмауы – 5 балл;

– асыл тұқымды малдың шығу тегін, өнімділігін және сапасын растайтын белгіленген нысандар бойынша есептің

5 жыл ішінде тиісінше жүргізілмеуі – 5 балл;

– малдарды өзінің өнімділігі және ұрпағының сапасы бойынша (***асыл тұқымды зауыттар үшін***) мақсатқа сай бағалаудың жоқтығы – 5 балл;

– асыл тұқымды малдардың сапасын бағалаудың мерзімі мен кезеңділігінің сақталмауы – 5 балл;

– жыл сайын сатылатын асыл тұқымды мал төлінің міндетті сертификаттаудан өткізілмеуі – 5 балл;

– малдарды өзінің өнімділігі және ұрпағының сапасы бойынша (***асыл тұқымды зауыттар үшін***) бағалау жөніндегі бақылау–сынау аулалары мен пункттерінің жоқтығы немесе жұмыс істемеуі – 5 балл;

– асыл тұқымды төлді бағытталған өсірудің жоқтығы (***асыл тұқымды зауыттар үшін***) – 5 балл;

– бірдейлендіру рәсімінен өтпеген малдардың болуы – 5 балл;

– малдарда ветеринарлық паспорттың болмауы – 5 балл;

– шаруашылық мұқтаждықтарға арналған аумақтарды, мал шаруашылығы үй–жайларын, сондай–ақ, басқа да құрылыстардызоогигиеналықталаптарға сай келмейтін жағдайда ұстау – 5 балл;

– тиісті білімі бар (***зоотехниялық немесе ветеринарлық***) мамандардың жоқтығы – 5 балл;

– ауданның бас ветеринарлық инспекторы берген, жануарлардың жұқпалы аурулардан саулығы туралы ветеринарлық–санитарлық қорытындының жоқтығы – 5 балл;

**2) Асыл тұқымды орталықтар үшін:**

– өсірілетін тұқымдар бойынша асыл тұқымды зауыттың селекциялық–асыл тұқымдық жоспарының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін жұмыс жоспарының жоқтығы – 5 балл;

– сәйкес келмейтін материалды–техникалық база (***типтік өндірістік үй–жайлар кешені***) – 5 балл;

– тұқымдық малдардың ұрығын төмен температурада мұздатуға және сақтауға арналған арнайы зертхананың жоқтығы – 5 балл;

– ветеринарлық объектілердің жоқтығы – 5 балл;

– зертханалық және криогенді жабдықтың жоқтығы – 5 балл;

– өсірілетін тұқымдардың өнімділігі жоғары асыл тұқымды тұқымдық мал–жақсартушыларының қажетті санының жоқтығы – 5 балл;

– өзінің өнімділігі мен ұрпағының сапасы бойынша тұқымдық малдардың асыл тұқымдық құндылығын айқындау бойынша жұмыстардың жүргізілмеуі – 5 балл;

–жыл сайын сатылатын асыл тұқымды өнімнің (материалдың) міндетті сертификаттаудан өткізілмеуі – 5 балл;

– асыл тұқымды малдарды зоогигиеналық талаптарға сәйкес келмейтін жағдайда күтіп–бағу, пайдалану және азықтандыру – 5 балл;

– асыл тұқымды малдарға бірдейлендіру жүргізбеу – 5 балл;

– асыл тұқымды малдарға ветеринарлық паспорттар рәсімдемеу – 5 балл;

– асыл тұқымды аталық малдарды толыққанды емес деңгейде азықтандыру – 5 балл;

– ұрықтар мен эмбриондарды алудың, жинаудың, сақтаудың есебін тиісті емес деңгейде жүргізу – 5 балл;

– асыл тұқымды материалды асыл тұқымдық куәлік бермей сату – 5 балл;

– тиісті білімі бар *(зоотехниялық немесе ветеринарлық)* мамандардың жоқтығы – 5 балл;

– жануарлардың жұқпалы аурулардан саулығы туралы ветеринарлық–санитарлық қорытындының жоқтығы – 5 балл;

**3) Дистрибьютерлік орталықтар үшін:**

– асыл тұқымды зауыттар мен шаруашылықтардың селекциялық–асыл тұқымдық жұмыстар жоспарына сәйкес келетін жұмыс жоспарының жоқтығы – 3 балл;

– сәйкес келмейтін материалды–

техникалық база (***стационарлы био-қоймасы бар өндірістік үй–жай***) – 3 балл;

– зертханалық жабдықтың жоқтығы – 3 балл;

– криогенді жабдықтың жоқтығы – 3 балл;

– ұрпағының сапасы бойынша бағалаудан өтпеген аталық малдардың ұрығын сатып алу және сақтау – 3 балл;

– асыл тұқымдық куәлік бермей ұрықтар мен эмбриондар сату – 3 балл;

– аталық малдар ұрығы мен эмбриондардың түсуі мен сақталуының есебін тиісінше жүргізбеу – 3 балл;

– аталық малдар ұрығы мен эмбриондардың сатылуының есебін тиісінше жүргізбеу – 3 балл;

– тиісті саладағы білікті мамандардың жоқтығы – 3 балл;

– жануарлардың жұқпалы аурулардан саулығы туралы ветеринарлық–санитарлық қорытындының жоқтығы – 3 балл;

**4) Малдардың өсімін молайту бойынша қызмет көрсететін жеке және заңды тұлғалар үшін:**

– тиісті білімі бар мамандардың жоқтығы (заңды тұлғалар үшін) – 3 балл;

– малдардың өсімін молайту бойынша қызмет көрсететін жеке және заңды тұлға мәртебесі берілгені туралы аттестаттың жоқтығы – 3 балл;

– зертханалық үй–жайдың жоқтығы – 3 балл;

– бақылау–өлшеу құралдарының жоқтығы – 3 балл;

– аспаптардың жоқтығы – 3 балл;

– технологиялық жабдықтың жоқтығы – 3 балл;

– тиісті білімінің жоқтығы (жеке тұлғалар үшін) – 3 балл;

– ұрықтар мен эмбриондарға асыл тұқымдық куәліктің жоқтығы – 3 балл.

4. Жүргізілген тексерулер нәтижесінде есептелген балдардың сомасына байланысты мемлекеттік бақылау субъектілері төмендегідей болып бөлінеді:

– жоғары тәуекел дәрежесі – 20 және одан да жоғары балл;

– орташа тәуекел дәрежесі – 11 ден 20–ға дейін;

– төменгі тәуекел дәрежесі – 10–нан көп емес;

5. Бір тәуекел деңгейіндегі субъектілерді тексеруді жоспарлаудың басымдығын айқындау үшін:

– жинақталған балдардың ең жоғары сомасы;

– бұрынғы тексеру барысында анықталған кемшіліктерді жою нәтижесі (***нұсқаманы орындауы***);

– соңғы тексеру күні негіз болып табылады.

Тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бақылауды тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторлар жүзеге асырады және ол Қазақстан Республикасының тұқым шаруашылығы туралы заңнамасының, тұқым шаруашылығы саласындағы ұлттық стандарттар мен өзге де нормативтік құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған.

**Тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бақылау:**

1) сорттық және тұқымдық бақылауды;

2) аттестатталған тұқым шаруашылығы субъектілерінің қызметін олардың уәкілеттік орган белгілеген біліктілік талаптарына сәйкестігі нысанында бақылау;

3) ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттарын мемлекеттік сынауды бақылау.

Тұқымдарды өндіру, дайындау, өңдеу, сақтау, өткізу, тасымалдау және пайдалану жөніндегі іс–шаралардың жүзеге асырылуын мынадай:

– тұқым себу;

– ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің вегетациясы;

– жинау;

– тұқым құю;

– тұқым сақтау;

– өткізу (***тұқымдардың өткізуге дайындалған және өткізілген партияларын, оның ішінде экспорт және импорт кезінде, олардың сапасының растаушы құжаттарға сәйкестігіне тексеру***) кезеңдерінде тұқым

шаруашылығы ережелері мен нормаларын сақтау нысанында бақыл.

Белгіленген тәртіппен аттестатталған тұқым өндірушілердің тұқым өндіруін бақылау, ол мынадай кезеңдерді қамтиды:

– тұқым себуге дайындалған егістіктерді тексеру – тұқым себудің алдында жылына бір рет;

– вегетация кезеңінде сорттық егістерді тексеру – жылына үш рет;

– сорттық және гибридтік егістерді байқау және егістік зерттеуді бақылау – байқау кезеңінде бір рет;

– тұқымдарды жинау (**жинап алу**), тасымалдау, өңдеу (**тазарту**) және сақтауды, тұқым қоймаларының дайындығын бақылау – бақылаудың әрбір түрі бойынша жылына екі рет.

2) **Аттестатталған тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханалардың тұқымдардың сорттық және себу сапасына сараптама жүргізуін, олардың тұқым шаруашылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен стандарттарды сақтауын:**

– тұқым сапасын сараптау кезеңінде жылына екі рет, сондай–ақ бақылау тәртібімен тұқым сапасын сараптау жөніндегі қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде;

– тұқым өндірушілерге шағым жасалған, сондай–ақ аттестатталған тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханалар берген тұқымдарды сорттық және себу сапасына зерттеулердің нәтижелерімен келіспеген жағдайдағы бақылауды;

3) байқаудан өткізу кезеңінде байқаудан өткізушілердің жұмысын, сондай–ақ тұқым өндірушілердің осы Заңның 14–бабы 2–тармағының нормаларын сақтау нысанасына оларды тексеруді;

4) тұқым шаруашылығы субъектілерінің тұқым шаруашылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, стандарттар мен өзге де нормативтік құжаттарды сақтауын бақылауды қамтиды.

4. Тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

5. Тексеру «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осындай Заңдарға сәйкес жүргізіледі.

**Міне, осындай салалық заңдар, техникалық бақылау, астық шаруашылығы, карантин және өсімдік қорғау салалары бойынша да қабылданған. Қойып отырған талаптарыда дұрыс, жазылуыда жаман емес, ал, орындалуы қалай? Өкінішке орай, осы заңдардың орындалуы өз дәрежесінде емес. Түрлі кедергілерге тіреліп, атқарылмай жатыр. Бірде мароторияға, сілтейді, бірде қаражатқа тірейді, кейде басқа себептер табылады. Әйтеуір, осы сияқты сылтаулардың салдарынан бақылау жұмыстары өте төмендеп кеткен, жоқ деседе болады. Ал, мемлекеттік бақылауды өз дәрежесінде іске асыру үшін, құзыры, міндеттері заңмен шегеленіп, нақтыланып қойылған мемлекеттік мекеме болу міндетті. Ондай мекеме, Ауыл шаруашылығы министрлігі қарамағында құрылған, негізгі міндеттері айқындалып қойылған еді, кейінгі кездері, бұл мекеменің қызметі осалдап кетті, тіптен, шашыратылып, тарап кеткен деуге болады.**

Егерде мемлекет сапалы өнім өндіріп, оның экспорттық әлеуетін арттырамыз десе, халықты сапалы өзіміздің отандық тауарлармен толық қамтамасыз етеміз десе, онда ауыл шаруашылығы саласында да, мемлекеттік бақылауды нығайтып, қабылданған Заңдарға сәйкес тұрақты, қалыпты жағдайда, өз дәрежесінде жүргізіп отыруға міндетті. Сонда ғана өнімнің саныда болады, сапасыда артады.

**Нұрмахамбет АЙТУҒАНОВ,**
**Қазақ мал шаруашылық және мал азығын өндіру ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері**



**Құдияр БІЛӘЛ,**
**Ақпарат саласының**
**үздігі**

# ДӘСТҮРЛІ ДІН ТАҒЫЛЫМЫ

Патша – Алланың жердегі көлеңкесі. Бұл – хадис. Алайда, аталмыш хадис мәніне қарапайым халықты былай қойғанда, діндарлардың өзі бойлай бермейді. Егер, көпшілік қауым соны жете түсінсе, онда сол елде қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман орнар еді. Қай мемлекеттің де көксегені сол. Ол елдің Қазақстан болатындығы күмәнсіз. Себебі, біздің дәстүрлі дініміз бен ұлттық санамыз осы хадис мәніне байланысты қалыптасқан. Сондықтан да, біз патшаны, бодандықта ұстаған отарлаушы ел патшасының өзін «Ақ патша» деп аяқ-қолын жерге тигізбей дәріптегенбіз. Өкінішке қарай, ежелден келе жатқан сол ұғым-түсінік Ақ патшаның тақтан таюымен бірге көмес тартты. Алайда, өшкен жоқ. Бізге жоғарыда айтылған хадис арқылы қалыптасқан сол таным-түсінікті қайта жаңғырту қажет. Гәп атауда емес. Оны патша, президент, елбасы деп атағанымен хадис мәні өзгермейді. Оның үстіне бұл – мәңгілік ұғым.

**Қазіргі шенеуніктердің сөздік қорында «Елбасының тапсырмасы», «Елбасының арқасы» деген сөз тіркестері бар. Алайда, олар Елбасыға қаншалықты адалмыз дегенімен Елбасы мен Алланы бір ұғым деп қабылдай алмайды. Ондай түсінік әлгі хадисті күнде сан рет қайталап отырған діндарлардың да ойына кіріп шықпайды. «Елбасының пәрмені – Алланың пәрмені» десең, қайсысы да «Аллаға серік қоспау керек» деп шыр ете қалады. Біз оларға жоғарыдағы хадисті негізге ала отырып, «Қазақстандағы еңбектеген бала мен еңкейген қарияға дейін, ұшқан құс, жүгірген аң, Қазақстан аумағынан өткен ұшақ пен өзге де техника Елбасының арқасында тыныс алып, тіршілік етеді, өсіп-өнеді, шаруаларын жайғайды» деп айтсақ, олар бізді қабылдамай, ағаш атқа теріс мінгізген болар еді. Алайда, бұл – ақиқат. Жалпы, Қазақстанда Елбасы құзырынан пайдаланбайтын, Елбасы құзырына мұқтаж емес, Елбасы құзырынан тыс ешнәрсе болмайды. Біз оны түсінейік, түсінбейік, қалайық, қаламайық бәрібір соған тәуелдіміз. Себебі, ол – Аллаға тәуелділік. Өйткені Патша – Алланың жердегі көлеңкесі.** Сондықтан, Патшаға қарсы шыққан адамның өзінің ғана емес, жеті атасына дейін иманы күйеді. Патшаның кәпір, не мұсылман болуы шарт емес. Соны білгендіктен де біздің ата-бабаларымыз Ресей патшасы құзырында болған кезде оны «Ақ патшам» деп дәріптеген. Өкінішке қарай, Құдай аузымызға салған сол сөзді біз Елбасына қарата айта алмай жүрміз.

Енді айтпағымызды **«Патша қалайша Алланың жердегі көлеңкесі бола алады?»** деген сауал төңірегінде өрбітіп көрелік. Дін ғұламалары жалпы патшалықты төртке бөліп қарастырады. **Бірінші** – Алланың патшалығы, **екінші** – Пайғамбарымыз нұрының патшалығы, **үшінші** – рухани патшалық, **төртінші** – материалдық патшалық. **Бұл төрт патшалық бір-бірімен үндесіп, тұтасып тұрады. Солардың ішінде біздің**

**білетініміз – материалдық патшалық. Оның өзін де толықтай ұғынып, түсіне алмаймыз. Түсінсек, «Ақ патша» дегенді біз де айтар едік.**

Діни ұғымда Аллаға қарата айтылатын **«Бар да өзіңсің, барлық та өзіңсің, Патша да өзіңсің, патшалық та өзіңсің»** деген түсінік бар. Осы түсінік қалған патшалықтарға да тән. **Айтылар әңгімені өзімізге жақын түсінік бойынша саралasақ, Патша – Президент, патшалық – президенттің өкілеттігі. Мәселен, Қазақстан – мемлекет. Мемлекетті басқаратын қалыптасқан жүйе бар. Жүйені іске қосатын тетік – өкілеттік. Ал, ол өкілеттіктің иесі – Президент. Өкілеттік материя емес, ол – рухани күш. Осы рухани күш жоғарыдағы хадисте айтылатын «Алланың жердегі көлеңкесі». Алайда, онда материалдық көрініс болмағандықтан, біз оның иесін соның өзі деп қабылдаймыз.**

Рухани қуат, яғни өкілеттік Қазақстанды толтырып тұратындықтан, Қазақстанда болып жатқан іс-әрекеттің барлығы сол өкілеттікке тәуелді, әрі мұқтаж болады. Ұшқан құс, жүгірген аң сол өкілеттік арқылы қорғалады. Ал, оның материалдық көрінісі – қабылданған заңдар. Алайда, қай заң да өкілеттік иесі қол қоймайынша күшке ие бола алмайды. Яғни, өкілеттік өздігінен басқарылмайды. Табиғат белгілі бір заңдылықтар бойынша өзін-өзі басқарады деу – атеистік түсінік. **Өкілеттіктің болуы, оны басқаратын президенттің болуы бізге Алланың бар екендігін және барлық нәрсенің соның құзырында (өкілеттігінде) тұратындығын әйгілейді. Сондықтан, Қазақстанға аяғы тиген әр жан Президент өкілеттігі құзырына келіп кіреді, әрі содан пайдаланады. Басқасын былай қойғанда, кім де болсын жұтқан ауасы үшін де сол өкілеттік алдында борышты болады. Себебі, Президент өкілеттігі Қазақстандағы экологиялық ахуалды саралап, ауа тазалығы үшін де қызмет етеді. Әрібергі көліктер қатынасы, жарық пен газ, адам құқығының сақталуы, тіпті, жайлы жатып, жақсы тұрғанымыз үшін де біз Президент өкілеттігіне борыштармыз. Мемлекетті басқару жүйесінің әр тетігін іске қосатын – сол өкілеттік. Ал, соны іске асырушы әр сала қызметкерлеріне олардың құзырына орай өкілеттікті беруші – Президент. Сондықтан, кім де болсын сол өкілеттік құзырына мойынсұнбаса, жоғарыда айтқанымыздай, өзінің, әрі жеті атасының иманын күйдіреді. Себебі, Президент өкілеттігінің бір күнгі қызметін өмір бойы намаз оқып өтей алмайсың. Жалпы, Президентке деген оппозициялық көзқарас, оған берілген өкілеттікті түсінбеуден келіп шығады. Бұл – Адам атаға берілген өкілеттікті түсіне алмаған шайтандық кердің бүгінгі көрінісі.**

Енді, осы айтқандарымызды діни тұрғыдағы түсінікпен үндестіре өрбітейік. Жоғарыда келтірген Аллаға қарата айтылатын **«Бар да өзіңсің, барлық та өзіңсің» деген түсінікті тағы да қайталайық. Сонымен, бар – Алла, ал, барлық – соның өкілеттігі. Ал, енді, сол өкілеттікте Алладан басқа біреу билік құра ала ма? Әрине, жоқ. Себебі, ол өкілеттіктің иесі – Алла. Кәлима шаһадаттың «Алладан басқа тәңір жоқ» деген алғашқы жолы осыдан келіп шығады. Бұл – иман. Біздің жоғарыдағы мемлекетке қатысты айтқан түсінігіміз де тура осы тәрізді. Мәселен, мемлекет – Отан. Ал, хадисте айтылғанындай, Отанды сүю – иманнан. Мәселе мәніне бойлаған сайын бәрінің бір нәрсе екендігіне кімнің де болсын көзі жете түседі. Сонымен, Алла өз өкілеттігінде 18 мың әлемді жаратты. Өкілеттік деп отырғанымыз – Пайғамбарымыздың нұры. Бұл тұрғыда Пайғамбарымыздың «Алла әуелі менің нұрымды жаратты» деген хадисі бар. Кәлима шаһадаттың «Мұхаммед оның құлы, әрі елшісі» деген екінші жолы осыдан келіп шығады. Мұндағы құлы – өкілеттік те, расулы – өкілеттік иесінің материалдық көрінісі. Бүгінгі тілмен айтқанда, Адам атамыз сол өкілеттікке ие тұңғыш пре-**

**зидент. Алла тағала періштелерге Адам атаға сәжде жасатты. Себебі, Адам ата өкілеттік иесі. Ал, өкілеттік Аллаға тән. Демек, Алла сәждені өз өкілеттігіне, яғни, өзіне жасатты. Өкілеттіксіз, яғни, Алласыз ешнәрсе жүзеге аспайды.** Барлық нәрсе сол өкілеттіктің ішінде тұрады. Бір сөзбен айтқанда «Құдайсыз қурай да сынбайды». Солай бола тұра, атеистер ғылыми тұрғыда дәлелдегендей, мына әлемге Алла араласпайды. Себебі, өкілеттіктің ендігі иесі – Адам ата. Бұл – Алла қалауымен рухани әлемді басқарудың қалыптасқан жүйесі. Руханият – мәңгілік әлем. Ол ешқашан иеліксіз, яғни, басқарусыз қалмайды. Бәрі бір нәрсе деп ұғынғандықтан мұны мемлекет басшылары ауысқанымен басқару өкілеттігі өзгермейді деп түсінген жөн. Пайғамбарлардың алмасып келуі де сол сияқты. Мұсылмандар күткен Махти да сол рухани әлемнің иесі. Ал, оның қалай басқарылатындығын біз материалдық ойлау деңгейімен таразылай алмаймыз. Мәселен, Президент өкілеттігі Президент жарлығы арқылы материзацияланады. Оның жарқын көрінісі – Астананың бой көтеруі. Астанада бой түзеген әсем ғимараттардың бір кірпіші, не бір шегесі Президент өкілеттігінсіз қағылып, қаланбайды. Ал, оны өкілеттік иесінің білуі шарт емес. Рухани әлемнің басқарылуы да тап осы сияқты.

**Пайғамбарымыздың нұры – өкілеттік, ал, «Бол!» деген Алланың әмірі. Сондықтан, мына әлемге Алла араласпайды дегенді Президент Астана құрылысын өзі келіп жүргізбейді деген сияқты түсінген жөн. Бірақ, солай бола тұра, бәрін жасап жатқан соның Өзі. Біз бұл жерде Өзі деп Алланы және оның жердегі «көлеңкесін» қабат айтып отырмыз.**

Бүгінгі ғылым рухани әлемнің қалай материзацияланатындығына көз жеткізе бастады. Олар рухани әлемнен бөлініп шыққан біртұтас тоғыз элементтің нөлдік деңгейде сыңғырлаған дыбыс арқылы заттық форманы түзейтіндігіне көз жеткізіп, бұны «Струн теориясы» деп атады. Олардың пайымдауынша, бұл – кез келген заттың негізі. Аталмыш теория діни тұрғыда былайша түсіндіріледі: сегіз элемент – Алланың сегіз сипаты, тоғызыншы – Пайғамбарымыздың нұры, ал, әуез – Алланың «Бол!» деген әмірі (*Осы жерде Пайғамбарымызға уақидың сыңғырлаған әуез арқылы келетіндігін қаперге алған жөн*). Нөлдік деңгей дегеніміз – жоқтық әлем. Діндарлар аузынан жиі айтылатын «Мына әлем жоқтан бар болды» дегенде осы «Струн теориясы» негізге алынады. Жалпы, дінде ақиқат деп танылған нәрсе дәлелдеуді қажет етпейді. Біздің Пайғамбарымыздың нұры, руханият, өкілеттік деп отырғанымыз да осы тоғыз элементтен тұрады. Бұл тоғыз – тұтас бір нәрсе. Ол – біздің жанымызға да тән. Біздің жанымыз Алланың хаят, құдірет, ілім, көру, есту, сөз, қалау, жарату сипаттары бар Пайғамбарымыздың нұрынан жаралғандықтан біздің ДНК болып ана құрсағына түскеннен кейін жасушалар арқылы өзіміздің тәнімізді түзуіміз, өмірге келгеннен кейінгі естіп, сөйлеуіміз, көруіміз, өзге де іс-әрекеттерімізге «Струн теориясы» бойынша түгелдей иелік ететін бөлінбейтін осы біртұтас тоғыз элемент болып шығады. Оны біз жан деп қабылдаймыз. Діни пайымда, «Струн теориясы» дәлелдегендей, жансыз зат болмайды. Бұдан бүкіл жаратылыстың негізі бір екендігі мәлім болады. Осы айтылғанның бәрін ислам діні «Алладан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед оның құлы, әрі елшісі» деген кәлима шаһадаттың ішіне кіргізіп жіберген. Қазақтың дәстүрлі діні осы түсінікке негізделген. Мұны түсініп, қабылдай алмаған елдер діни қақтығыстардан ешқашан арылмайды. Сондықтан, жоғарыда айтылған жайттарды басқа бір қырынан тағы да саралай кетейік.

Біз мұсылман болғандықтан сөз басын аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймыз. Себебі, бізге Алладан берілетін нәрсе тек рахым мен мейірім. Ол бізге руханият, яғни, жан дүниеміз арқылы келеді. Ұғынықтылық үшін біз ол мейірімнің атын «Ана» деп

атаймыз. Сонымен, Алладан келетін рахым мен мейірімнің аты – Ана. Сәби дүниеге келгенде осы рахман нұры оның әке-шешесіне беріледі. Соның әсерінен ананың баласына деген шексіз махаббаты оянады. Ананың жан дүниесін кернеген сол бір алау сезімді ешнәрсемен теңестіре алмайсың. Бір сөзбен айтқанда, ана баласы үшін отқа да, суға да түсуге дайын. Солай бола тұра, еш ана баласына берген мейір-шапағаты мен жасаған жақсылығын міндетсімейді. Қайта баласын одан да әрі биікке самғата алмағанына өзін кінәлі санап, өмір бойы баласына бәйек болады да жүреді. Себебі, оған Алладан берілген аналық мейірімде жаманшылық болмайды. Алланың рахман нұрынан тек жақсылық төгіледі де тұрады. Байыбына барсақ, ол рахман нұр ана атаулының табиғатына тән емес. Ол оған берілген. Егер ол ананың табиғатына тән болса, онда ананың бәрі өзге балаларға да тап солай мейір-шапағатпен қараған болар еді. Міне, осы анаға берілген мейір-шапағат – біз жоғарыда айтқан өкілеттікке тән. Біз оны екінші қырынан мейір-шапағат деп танығандықтан «Ана» деп атадық. Ол ешқашан түгесілмейтін мейір-шапағатқа толы энергия. Бүкіл жаратылыс соның шапағатына шомып тұрады. Демек, ол да ана. Мәселен, біз Отанды да анаға балаймыз. Отан ананың да өз азаматтарына беретін мейір-шапағаты шектеусіз. Сәби шыр етіп дүниеге келгеннен бастап, Отан ана оны өз қамқорлығына алады. Дәрігер бақылауында ұстайды, бала-бақшада тәрбие, мектепте білім береді. Үй-жай әлеуметтік жағдайы, бәрі түгелдей Отан ананың құзырында болады. Отан ана да өз азаматтарына бергенін міндетсімейді. Қайта қанша берсе де, оны аз көріп, көңілі еш көншімейді. Мемлекетіміздің дамыған алдыңғы қатарлы 50 елдің, одан кейін 30 елдің қатарына кіреміз деп ылғи алға ұмтыла беретіндігі сондықтан. Ал, материалды, яғни, сіз бен бізден қайтатын жақсылық өлшеулі болады. Мәселен, бір әкенің он баланы асырай алатындығы, ал, он баланың бір әкені асырай алмайтындығы шындық екендігін ешкім де жоққа шығара алмайды. Себебі, әкенің қамқорлығы – рухани болса, балалардағы – материалды. Әкенікі – өлшеусіз, балалардікі – есепке құрылған. Олардың қай-қайсысы да әкелеріне қалай жақсылық жасағанын, не беріп, не қойғанын жіпке тізіп жүреді. Өздері ұмыта бастаса, әйелдері естеріне салады. Отан анаға деген біздің қарым-қатынасымыз да тап осы сияқты. Отан ананың бізге бергені – рухани, біздікі – материалды. Сондықтан, біз де Отан анаға бергенімізді міндетсіп, соның қарымтасы қайтпады деп ұдайы кіржиеміз де жүреміз.

Біз мысалға келтірген осы үш ананың негізі бір. Ол негіздің «Струн теориясы» бойынша қалай материзацияланатындығын жоғарыда айттық. Ол теория бойынша барлық жаратылыстың негізі бір. Осы теорияны діни тұрғыда сараласақ, жәннат та содан келіп шығады. Хадисте айтылатынындай «Жәннат – аналардың аяғының астында» делінетіндігі сондықтан. Құран Кәрімде Алла әке-шешеге жақсылық қылып, Өзіне және әке-шешеге шүкіршілік ету қажеттілігін айтқан. Біз осы аятты және жоғарыда айтылғандарды түсінсек те, түсінбесек те «Аллаға шүкір» дейтіндігіміз сондықтан. Алайда, біз осы шүкіршіліктің ішінде руханиятқа, Отанға, әке-шешеге деген шүкіршіліктің де тұратындығына мән бермейміз. Құдайшылығын айтсақ, мән бермейтіндер негізінен дәстүрлі дінімізді мойындамайтындар. Сирияға жиһадшылап кеткен жүз елу отандасымыз «Патша – Алланың жердегі көлеңкесі», «Жәннат – аналардың аяғының астында» деген хадистер мәніне бойлай алғанда ондай қадамға аттап баспаған болар еді. Патшаның, Отанның, ананың ризашылығын алмаған адам ешқашан жәннатқа кіре алмайды. Өйткені, ол ризашылықтарда Алланың ризашылығы тұрады. Дұрысы – Өзі тұрады.

Бір ауыз сөзбен руханиятты, өкілеттік пен үш ананы әруақ деп атаймыз. Ал, оны тек сопылық таным-түсінік арқылы ғана танимыз. Біздің дәстүрлі дін деп отырғанымыз да сол.



# «БАЛЫҚ АУЫЗ, БАҚА ТІЛДЕС» ТІЛІ ШҰБАР, ДІЛІ ЖЕТІМДЕР БҰНЫ ТҮСІНЕ МЕ?

**Мұқият ҚОЙШЫБАЙҰЛЫ,**
**Арқалық қаласындағы Дала өлкесі тарихы облыстық өлке тану мұражайының ғылыми қызметкері**

**Адымын ауылда ашып, ат жалына жармасып, сағым қуалап өскен адамды қаланың бір қалыпты сүреңсіз тірлігі кейде жалықтырып жіберетіні шындық. Бітіріп жатқан түгің жоқ. Алайда, қарбаластықтан мұрныңа су жетпей, шапқылайсың да жүресің. Аракідік жұмыстан соң қасыңа жұбайыңмен баланды ертіп, кешкі серуенге шыққаныңмен оның да жаныңа силайтын ләззаты шамалы. Күнде көріп көзің жауыр болған тас қала. Жатып кеп ауылды аңсайсың. Ауыл басқа, қала басқа. Ауыл шіркін алтын ұя ғой. Ауылда кімнің үйіне барам, – деп бас қатырмайсың. Көрші-қолаң, бәрі туысқаның сияқты. Қалаған уақытыңда кіріп шығасың. Әйтеуір, уақыт талғамайсың. Бала біткен, тіпті, үй бетін көрмейді. Адымы жеткен жерге сүрініп жығылып, сол үйге түнеп шығады. Ал, қала да ше? Бәрі керісінше. Түс таныстарыңмен амансәлемің дұрыс. Көршіңнің үйінің өзіне шаруаң болғанда ғана бас сұғасың. Онда да кінәлі адамдай есігін еппен қағып, рұқсатын аласың. Бейберекет есігін қағуға дәтің бара бермейді. Е-е, Қашанғы көршіңнің есігін қаға бересің?! Содан келіп не істейсің?! Баяғы үйдегі теледидарға телміресің. Ондағы түрік пен орыстың сериалдарынан жалығып, жаңалық қараған боласың. Оның да шекесі қызып жатқаны шамалы. Қырып кетіпті, ақша жеп қойыпты, өртеніп өліпті, зорлап кетіпті, асылып ана дүниеге аттаныпты, – деген жаңалықтардан құлағың жауыр болады. Жағаңды ұстайсың. Көңілге болмаса құлазып қаласың... Содан соң, кешқұрым қалалықтардың жайлауы балконға шығасың. Үйіңнің алдынан арлы-берлі өткендерге назарың ауады. Ата сақал ауызына біткен, мешіттердегі жамағаттың санын көбейтіп, үйдегі бала-шағаға ақылшы болатын ағаларымыздың өзі шолақ шалбар киіп, есінеп-құсынап теңселіп бара жатады. Алтынға оранған шашы бұйра, жалаңбас әжелер... Оларды айтпаған күннің өзінде, әсіресе, жастарға қарап қарның ашады. Көрші қыз-қырқын, жігіт-желеңнің әрекеті ойыңды қамшылайды. Олар болса үлкендер барау, – деп те қымсынбайды. Қолына ілінгенін үстіне іліп, ойына келгенін істейді. Жастықтың желігі шығар! – дейін десең, бізде бозбала болған сияқты едік. Бізде көршінің қызына ғашық болғамыз. Алатаңға кірпік ілмей бармақ тістеп ойланып;**

*Көрші бойжеткен,*
*Сенде бір сұлулық бар бойды еріткен.*
*Күндіз көрсем түнімде тұрып алдың,*
*Көз алдымда көлбеңдеп көк көйлекпен,*

– деп өлеңде шығарғамыз. Бірақ, бүгінгі жастар сияқты жұрт көзінен қымсынбай айқаса кетпеуші едік. Сол жазған өлеңдерімізді кейіпкеріне оқып бергенше асық болып, соларға жолығудың оңтайлы сәтін күтіп, жұрт көзінен таса жерлерді торуылдаушы едік. Ондай сәтте ол шіркіндер

де келе қойса ғой. Зарықтырып, сабырың таусылғанда келіп, қолынан бір ұстатып кеткені біз үшін айға бір барып келгенмен барабар еді-ау! Ал, қазір ше?! Бәрі өз бағасынан айрылған сыңайлы. **Менің қылықты қарындастарыммен талғамсыз бауырларыма бәрібір сияқты. Болашақ ұрпақтардың ата-анасы болатындардың бүгінгі жағдайы осындай. Ішің ауырмай қайтсін. Тіпті, жақын көршім ана бір қарындастың қылығы менің жынымды келтіреді. Намысымды жер етеді. Түр десе түр, бой десе бойы бар. Сымбатты, қарақат көздері мөлдіреген, әп-әдемі сұлу қыз. Қазақтың қара домалағы құрып, не болмаса қырылып қалғандай, қашан көрсең қайдағы бір басы көзін жирен сақал басқан орыс жігітінің құшағында өміріне риза балқып тұрады. Қолдан келер шара жоқ. Егер, оның орнында қара домалақ қазақ жігіті болғанда сыртынан сүйсініп, ішімнен соларға бақыт тілемес пе едім.** Ал, мына көріністі көріп қаным басыма шабады. Өзіммен-өзім бұлқан-талқан боламын. Менің мұндай қылығымды көрген әйелімнің жүйкесі сыр беріп, – жұртта шаруаң қанша? Жайыңа жүрмейсің бе, – деп шамданады. Кейде сол үшін жазығы жоқ ол байқұсты ұрсып, өкпелетіп те аламын.

**Бала күнімнен қазақылық бойына сіңген менің ұстанымыма қайшы келген мына қара көз қарындасымның болашағын ойлап кейде түнімен дөңбекшимін. Мүмкін, біреулер ойлайтын шығар! Осының жұртта жұмысы қанша? Сіңген тамағын ішіп, жайына жүрмей ме екен, – деп. Кешірерсіздер! Мен өйте алмаймын. Қазақтың әрбір қара көзі менің қарындасым! Болашақ ұрпақтарымның анасы. Ертең елге тұтқа болатын ұлдарымның сүйікті жары. Сіз осыны түсінуге тиіссіз...** Ой Құдай-ай, ана қыздың ата-анасы, ағабауырлары сонда қайда қарап отыр?! Байқамай қалды дейтін емес, күнде көрем. Сонда не, көрседе көрмеске салып, шаршаған үкі құсап көзін жұмып отыра бере ме?! Жарайды, махаббат, бауыр еті баласының талғамы деген күннің өзінде ертең «Менен тарған тұқым еді», – деп, өзге бір ұлттың қуыршағын құшағына алып, қалай мейірленбек. Қалай басынан сипап, ықыласын аудармақ. **«Қанымның тазалығы, арымның тазалығы»,** – деп шырылдаған болаттай берік ата дәстүрім қайда қалды? Мен осыны түсіне алмаймын. **Ұзақ ойға шомып, өткен тарихыма көз жүгіртемін. Бабаларыма қиянат жасап жүргендей күй кешемін. Әрі-беріден соң мына бір тосын жағдай көз алдымды кес-кестей береді...**

Иә, осыдан бірнеше жыл бұрын. Яғни, Қытай халық республикасы Іле қазақ автономиялы облысы Текес дейтін ауданда орын алған оқиға еді. Мен сол жылы 11-сыныпты тәмамдайтын кезім болатын. Ал, негізінде осы ауданнан екі жүз шақырым ауылда өмір есігін ашқан қара домалақтың бірімін. Бірақ, осы ауданда тұратын апа-жездемнің үйінде жатып оқимын. Біз тұратын шағын ауданда көршілеріміздің басым бөлігі өзге ұлттың өкілдері. **Арасында жиырма түтінге жетер-жетпес қазақтар тұратын едік. Біз аз болғасын да қазақтар бір-бірімізбен туысқандай жақын араласамыз. Бір күні көршіміздің менен екі, үш жас үлкен қызы күйеуге қашып кетіпті, – деп естідік. Қанша дегенмен қарға тамырлы қазақпыз. Құтты болсын айтып, барған жерінде бақытты болсын! – деген ізгі тілекпен сол үйден төбе көрсету әуелден қанымызда бар қасиет. Ести салысымен апа-жездем сонда кетті. Неге екенін барғандарынан, келгендері тез болды. қабақтары түсіңкі, түрлері бір түрлі абыржулы. Көңілге болмаса сасып қалдым. Көп бөгелместен жездемнен не болғанын сұрай бастадым. Жездем аз-кем маңдайын ысқылап тұрды да, – Балауса бәрімізді жерге қаратты, – деді күрсініп (ол қыздың аты Балауса еді). Мен үнсіз сұраулы көзбен жездеме қарадым. Жездем сөзін қайта сабақтады. Түрінде ашудың табы байқалады. – Ана шүйке бас қазақтың**

**баласы құрып қалғандай Қытайға тиіпті! – деді жерге қарап. Менің де өзегім солқ ете қалды. Ашуым өксік болып алқымыма тығылды. Орнынан қозғалып бара жатқан жездемді тоқтатып:**

**- Масқара, енді не болады? – дедім жыламсырап.**

**Жездем: – Не болатынын өзің ет құлағымен естисің! – деді де жұмысына кетті.**

Арада бір, екі күн өткенде көршіміз барлық көрші-қолаңдарын үйіне шақырды. Апа-жездем мені де алып барды. Үй толы адам. Жақын маңдағы иісі қазақтың бәрі шақырылған. Туыс-туған, аға-бауыр, қайын жұрты, нағашы-жиен атаулының барлығын қалдырмаса керек. Ес білген бала-шағаның да қарасы көп. Дауыл алдындағы тыныштықтай ешкімде үн жоқ. Әркім өз ойымен арпалысып отыр. **Бұл тыныштық көпке бармады. Жас шамасы елудің жуан ортасына ілінген, осы ауданда беделді қызметте отырған Балаусаның әкесі, көрші ағамыз орнынан тұрды. Әдетте жаны жайсаң, түрі жылы адам сияқты еді. Бірақ, қазір түрінен ондай белгі байқалмайды. Сұрланып алыпты. – Айналайын ел – жұртым, өздеріңізде естіп жатқан шығарсыздар. Мені тірідей өлтіріп кетті. Мен ғана емес-ау, сіздерді де жерге қаратты. Бәрімізідің намысымызды қорлады (***Неге екенін қызының атын аузына алмай әңгімесін осылай бастады***). Жастайынан үлдемен-бүлдеге орап өсірдім. Бетінен қақпадым. Бар айыбым әліппені Қытай тілінде танытып едім. Онда да жаман оймен Қытайша оқытпадым. Қатарынан қалмасын, болашақта өз нанын қиналмай тауып жесін деп едім. Қайдағы бір базарда доңыздың етін сатқан Қытайға тисін демеп едім. Әттең, бәрі керісінше болды. Соның жемісі, міне, бүгінгі жағдай. Бұл кешірілмеуге тиіс. Мен мынадай шешімге келдім. Араларыңызда менің барлық жақын-жанашырларым отыр. Сондай-ақ, молдамызда осында. Біз ақылдаса келе ол баланы шіріген жұмыртқа деп таныдық. Бұдан былай бізден тараған ондай тұқым жоқ. Сіздердің де ондай қыздарыңыз жоқ! – деп санаңыздар. Ешкім де босағасынан аттатпасын. Көшеде көрсеңіздер бетіне тура қарамаңыздар. Ата-бабасының ардақты дәстүрімен алтын дініне түкірген адамды ешқашан аяуға болмайды. Мына бала соған лайық. Амал не, қолдан келсе атып-ақ тастар едім. Оған мына елдің заңы жол бермейді. Сондықтанда, осындай шешімге келдік.**

Жұрт біткен үнсіз. Менің өнебойым мұзап барады. «Тірі өлік» – деп әлденеше рет ішімнен күбірледім. Отырғандардың барлығы осы өкіммен келісетін сияқты. Мектепте мұғалім болып жұмыс істейтін Балаусаның анасының да қабағы қатулы. Түрінен ешқандай қобалжу байқалмайды. Қара тастай қатып отыр. Көрші ағамның соңғы сөзі қатылдау шықты. Тағы да мүлгіген тыныштық орнады. Кіріп-шығып жүрген келіншектер дастархан жәйді. Дастархан жайыла салысымен сыбызғының үніндей қоңыр дауысын көтеріңкіреп, молда ағамыз аруақтарға бағыштап құран оқыды. Құран оқылып болғасын шәй құйыла бастады. Шәй ішіп отыр деген аты болмаса «У» жұтып жатқан сияқтымыз. Жиналған жұрттың бәрі өздерін кінәлі сезінгендей, бірінің бетіне бірі қарай алмайды. **Қоғамның түсініксіз тұстарын енді-енді көре бастаған менің бала жүрегім қарс айрылып барады. Көрші аға-тәтемді аяғаным соншалық аяқтарын құшақтап зар еңірегім келді. Амал не? Міне, бұл жағдай менің есімнен кетпек емес. Әлі күнге санамда. Ойлаған сайын рухым артып, бойыма ұлттық намыс нұр болып құйылады. Әлемдегі әр қазақ ата-дәстүріне осылай қараса, бізді ешқашан жау алмас еді-ау! Бірақ, арамыздағы «Балық ауыз, бақа тілдес» тілі шұбар, ділі жетімдер бұны қайдан ұқсын!!!**

# ТЕЛЕСЕРИАЛДАРДЫҢ ТӘЛІМІ ҚАНДАЙ?

Телесериал профессор М.Барманқұловтың айтуы бойынша бас-аяғы бүтін жеке-жеке фильмдер топтамасы. Олардың әрқайсысы белгілі-бір оқиғаға құрылады. Оларды ортақ кейіпкерлер біріктіреді,оқиғалар мен сюжеттер бірінен-біріне жалғасып жатады. **Онан соң әрбір серия тақырыптық желіге байланып, үлкен бір идея сомдайды. Мұндай шығармашылық теледидар табиғатына да қолайлы. Себебі, сериалдың хронометражы 30-40 минут шамасында болатын жеке фильмдерін телебағдарламаның кез-келген жеріне ендіруге болады. Екіншіден әрбір фильм, оқиғасы шиеленіскен, қызықты жерінен бітіп қалады да көрермен соның жалғасын күтуге мәжбүр болады. Мұның өзі көрерменді тарту тәсілі болып шығады. Бүгінгі күні теледидардың басым көрсетілімі телесериалдар болатыны осыдан болса керек.**

Әлем елдеріндегі сияқты, қазақстандықтар да шетелдік фильмдерді қарауды күнделікті өмір дағдысына айналдырған. Әсіресе, түрік сериалдары немесе корея телехикаялары өз ұлтымыз көрермендеріне майдай жағып, судай сіңіп келе жатқанын жасыруға болмай қалды. Ол дұрыс та. **Өйткені, Корей халқының үлкенді сыйлау, кішіге ізет, досқа адалдық дейтін адами қасиеттерді жағымды да шынайы көрсете біледі.Сонымен қатар, фабуланы көп боямаламай шынайы етіп көрсетуге тырысады. Яғни, кинодраматургтер көркем фильмнің сценарийін өмір шындығына барынша жақын етіп жазған.** Осының өзі Корей сериалдарының құнын көтеріп тұрады. Ал, Түрік киношығармашылығы тектілік пен ұлтты ұлықтайтын биік идеяларды жырлайды. Мұнда да шындықты ту ету тенденциясы бар. Демек, бұл елдердің телетуындыларынан қазақ көрермендері игі әсер алады.

Соңғы кездері үнді картиналары да қазақ көрермендерінің жан сарайына тереңдеп бара жатқандай. «Келін» десе екі қазақтың үшеуі ішкен асын жерге қоя салып, сол фильм туралы әңгімеге қызу кірісіп кетеді. Мұның асып бара жатқан ағаттығы жоқ. Қайта құптарлық себептері бар. Ол еларалық ұғынысқа бастайтын ойсалар кинобаян эпизодтарының әсерлілігі. Онан соң, қоныс-өрісі мүлде бөлек халықтардың қарапайым тірлігінің ұқсас жақтары да жоқ емес. Олардың жанымызға жақын салт-ғұрыптарына, бізге беймәлім менталитетіне зер салып, өзіміздің танымдық көкжиегімізді кеңейту мүмкіндігі болғаны әрине жақсы. Сонымен, үнді киносы қазақ жұртшылығына көптен таныс екенін білеміз. Бірақ, бұрынғы киноленталар үлкен экранға арналғандықтан оны халық кинотеатрлардан көретін. Содан ба, әлде, сол заманның кино жасау мектебі мықты болды ма, әйтеуір, сол үнді киносына тайлы-таяғымыз қалмай баратынбыз. Меніңше, екіншісі дұрыстау болар, ол кездің киноиндустриясы күрделі болғанымен, шығармашылық құндылығы, идеялық ұстанымдары жоғары еді. Қалай болғанда да ол кездегі көрермендердің әсерленуін бүгінгімен мүлде салыстыра алмайсыз.

**Ия, баяғы «Господин -420» (Бродяга) картинасынан басталатын адамның жүрегін сыздатып, жанарынан жас сорғалатын, лирикалық шиеленісті сюжеттерге құрылған, үнді шедеврлерін қазақ қариялары әлі ұмытқан жоқ. Ал, қазіргі көрермендер сол бір аға-аталары, әже-апаларының сезім сәттерін бастан кеше ала ма? Жоқ! Оның екі себебі бар. Біріншісі бүгінгі жастар «боевик» көреді, «үрей» сериалдарын тамсана тамашалайды. Бұл енді бала-немерелеріміздің еншісіне жазылған. Десек те, үнді киноларының кешегісі мен бүгінгісінің арасы жер мен көктей екенін айтпасқа болмайды. Көркемдік жағынан да, идея көтеру жағынан да екі басқа дүниелер. Мұны талдап түсіну қажет-ақ. Е**нді, осы қазіргі үнді картиналарының шығармашылық болмысына зер салайық. Ой елегінен өткізер болсақ, өмiртаным тұрғысынан алғанда бұл кинотуындылардың өнегелі жағынан гөрі кереғар ықпал-әсерлері басым. **Алысқа бармай-ақ, осы қазір жалғасы жүріп жатқан «Келінді» саралап көрейік. Сценарлық жүйе бойынша, кей жерлерінде образдардың сомдалуы сенімге сыймай қалады. Яғни, кинокейіпкер болмысы, өзінің өмірдегі прототипіне ұқсауы жағынан күдік туғызады, дәлірек айтқанда өмірде дәл сондай адам кездесуі мүмкін бе деген дүдәмал ойға қаласыз.** Әңгімелеп отырған фильм драматургиясының қазығы – Каляни-кемпірдің түрі өзгермесе де, мінезі теріс айналып шыға келетін сәттер бар. Біздің ұғымымызда немереден артық жан болмайды емес пе!? **«...Жан беруге көнер ем, сен аман бол немерем»,** – деп жүрген халықпыз.

Қандай халық болса да, немеренің тәттілігін жоққа шығара қоймас. Ал, мына, фильмде бала кезінен бауырына басып, бүкіл бұзық қылықтарын, еркелікке балап, кешіре жүріп, ешкімге кейітпей, қорғаштап келген немересі Жәгиштен бір сәтте ат құйрығын шорт кесіп теріс айналады да, Ананди-келінге жан-жүрегімен құлап түседі, қайран қаласыз! Жарайды бұл сценарий авторының **«Даналық пен әділдік қариядан тарайды»** деген ұлы идеяға кино желісін желкеден тартып иіп әкелгені делік. Ендеше, мұның несі үлгі. Біздің қазақты баласы мен немересінен бездірмек түгіл, оларды жамандап көріңіз!.. Екінші бір эпизодта Жәгиштің екінші әйелі, дәрігер-студент бола тұра өз бетімен ота жасайды. Мұның өзі үлкен бір шиеленісті жағдай ретінде көрсетіледі. Алдымен, оны аурухана басшылары «ит талаған терідей» етеді. Ол дәрігерлік этиканы бұзған болады, ұстаздарын ұятқа қалдырып, аурухананың атына кір келтірген, аса тәртіпсіз студент деп таныстады. Тіпті, оқудан шығару мәселесі қойылады... Келесі бір эпизодта ол нағыз адами дәрігер болып шыға келеді! Мұндағы себеп, студент-дәрігердің ота жасаған адамы сол аурухананың қамқоршысы (біздіңше құрылтайшысы) екен. **Оқиға желісі бойынша, әлгі құрылтайшы науқас ауруханаға түскенде, жұмыс орнында бірде-бір маман-хирург болмай қалады да, студент ота жасауға мәжбүр болады. Сонда, өз қамқоршыларына көмек көрсететін ешбір дәрігер табылмай қалып, тағдыры студентке қарап қалуы– мүлдем күлкілі. Жарайды мұны да елемей-ақ қояйық. Қызық болғанда, кеше ғана «оқудан шығарамыз!» – деп зілдене зіркілдеген дәрігерлер, енді, сол студент-дәрігердің алдында құрдай жорғалап қалады. Қоғадай жапырыла жампарсып құрметтеп жарыса мақтағандарын қайтерсіз! Жоқ, бұл біздің кинодраматургия талаптарына сай емес. Осы эпизод арқылы фильм авторлары аурухананың дәрігерлерін тура мағынада мазаққа айналдырады. Бұл да сценарий авторының өрескел қателігі деп бағалаймын.**

Үнді кинематографияны сынап талдауды осымен тоқтатайық. Енді, өзіміздің киномыз туралы айтар болсақ, біздің кино мектебіміз олардан әлдеқайда озық екені даусыз. **Жақында «Алдар-көсе» сериалы телеэкранға шыға бастады. Оған тартылған актерлар құрамы жастар екен, өз рөльдерін жақсы алып шыққан.** Әсіресе, бозбала – Алдардың ролін сомдаған актердің түр-әлпетінен қуақылық нышаны көрініп тұрғаны – режиссер (Д.Махаматдинов) талғамының тамаша жемісі десе болғандай. Жас таланттың актердің (Д.Серғазин) қуақы бетқұбылту шеберлігі жақсы қабылданады. Жүріс-тұрысы да қазақ даласында өскен баланы меңзейді, аңыз жанрына жарасып-ақ тұр... Телеэкранға жарқ етіп шыққан жас талант деп айтуға әбден болады. Мұның өзі режиссерлық топ жасаған кастингтің сәтті шыққан нәтижесі. Жалпы, фильмнің режиссурасы тәуір... **Десек те, біз әңгімелеп отырған бала Алдар туралы фильмдер тізбегінің айтпасқа болмайтын әттеген-айы да жоқ емес. Фильмдегі екі эпизод қарныңды аштырады. Біріншісі – Алдар жаюлы тұрған өз жейдесін өзі атып салады да, әйеліне ішінде өзім болмағаныма шүкір, деп көрер көзге Қожанасыр болып қалады!? Алдар мен Қожанасырдың болмыстары да, ақыл парасаттары да екі бөлек емес пе? Алдар ақылды қу, Қожанасыр аңқау, бірақ, ақылды, сөзден ұтқыр жан. Рас, екеуі де халықтық персонаждар, содан да екеуі де адал парасат иелері. Бірақ, бұл екеуінің іс-әрекеттері бірдей не ұқсас деуге құқық бермейді. Ал, киноэкран арқылы екеуінің әрекеттерін бұлай алмастырып көрсету ауыз әдебиетіне қиянат жасау болып шығады!**

Онан соң, тағы бір эпизодта – Алдар көсе Райымбек деген байды алдап кетеді. Жарайды Алдар алдамаған бай аз шығар, бірақ, халқымыздың атақты батыры, ардақты ақылгөй әулиесінің атын ақымақ байға бергені қалай?! Фильм авторларына қазақтың қыруар аттары жетпеген бе? **Шындап келгенде бұл екеуі қазақ киносының беделін белінен шойрылтатын мәселелер. Өйткені, киноның өзі ақылшы, үлгі өнеге таратушы екенін ешкім жоққа шығармайды. Осы себептен де аталмыш сериалдың авторы ма, редакторы ма, қайсысы болса да, оларды қазақ фольклорынан бейхабар, ұлттық рухымызға жаны ашымайтын шығармашылар деп айтпасқа амалым жоқ!**

**Қосылған ӘБЖАНОВ,**
**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті,**
**филология ғылымдарының**
**кандидаты**

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

**1. М. Барманқұлов. «Деньги или власть» Алматы 1997 ж.**

**2. З. Қабдолов. «Сөз өнері» Алматы 1992 ж.**

**3. Kinoidia.org/Load/indijskij_serial_kelin_nevestka_anandi_onlajn_besplatno/1-1-0-1.**

**4. thefilmkz.net/komedia/2728-aldar-kose teleserial-2011-2012.html.**

# ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ ЖҮЙЕСІНІҢ РУХАНИ ЖӘНЕ ЭТНОМӘДЕНИ АСПЕКТІЛЕРІ

Бүгінгі күнде мамандардың кәсіби дайындығын гуманистік аспектісіз, тұлғаның рухани дамуының маңыздылығын ескермей, бір жақты қарастыруға мүлдем болмайды. XXI ғасырда ЮНЕСКО-ның пікірінше, жетекші ғылым психология, яғни адамның жаны туралы, оның өзіндік санасы мен өзін басқаруы туралы ғылым болуы керек. Көріп отырғанымыздай, адамның ақыл-ойына емес, оның жанына кездейсоқ баса назар аударылып отырылған жоқ. Әлеуметтанушылардың мәліметтеріне сүйенсек, қазіргі кезде көптеген жастар адамның ақылын, интеллектісін басқа құндылықтардан артық көреді. Заманауи «білімді адам – тек маман немесе тек тұлға ғана емес, ол мәдениетті және өмірге дайын адам. Қарапайым әдеттегі өмір мен жолға қойылған өндіріске ғана дайын емес, сонымен қатар сынақтарға, күнделікті өмірдегі ауысуларға, өзгерістерге дайын» [1]. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Бізге ендігі жерде «жинақталған» экономикалық өсуді жай пайдалану емес, осы өсуді нақты басқаруды үйрену, сөйтіп оны сапалық жаңа деңгейдегі экономикалық дамуға ұластыру керек», – деп атап көрсетті [2]. «Әлемдік шаруашылық байланыстарына белсене кіріккен барлық осы заманғы бақуатты мемлекеттер «парасатты экономикаға» сүйенген болатын. Ал ондай экономика жасақтау үшін, ең алдымен, өз қарауымыздағы адами капиталымызды дамытқанымыз жөн» [3].

Білім беру негізіне нарықтық модель жеке белсенділік пен даралылық принципін енгізеді.

Бүгінгі күнде білімге көзқарастың өзгеруін атап өту керек. Меншіктің жетекші формасы зияткерлік меншік болып табылады. Басынан бастап біртұтас, әмбебап білімге қойылым ұстанған университеттік білімге ден қою қуанарлық жағдай. Мұндай білім беруге жаңа, тұтас, әмбебап, партикулярлық дүниетаным әдіснамасынан тыс тұрғыдан карауды қажет етеді. Демократиялық мемлекет құру жағдайында мәдениет пен білім беру жаңа статусқа иеленеді, мәдениет білім беру базисіне айналады, ал білім қоғамның модернизациялану факторының бірі болып табылады.

Осылайша білім көмегімен қалыптасқан адам ғана XXI ғасырда қоғам модернизациясының субъекті бола алады. Заманауи білім беру адамның бойында рухани және материалдық, сезімдік және рационалды үйлесімділік тұрғысынан, адамның космоспен, табиғатпен органикалық бірлігі тұрғысынан қарастырылатын біртұтас философиялық дүниетаным негізінде құрылуы керек. Қаншалықты таңданарлық, қаншалықты жалықтырған болса да, мысалы 1994 жылы Қазақстан Республикасында гуманизация және гуманитаризация туралы заң қабылданды, ол туралы көп айтылып және жазылып жүр, алайда, гуманизация – ол XXI ғасырдағы білім беруді адамзаттың бүкіл мәселелерін шешудің маңызды құралы етуге көмектесетін негіз.

Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында: Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы», – деп атап көрсетті. Қазіргі кезеңде білім берудің түпнегізі ұлттық «Мәңгілік Ел» идеясы болып табылады [4].

Заманауи білім беру үрдісі міндетті түрде нақты халықтың, нақты бір елдің этнопедагогикалық ерекшеліктерімен байланысты болуы қажет, бұл қоғамдағы интегративті, коммуникативті үрдістің оның бөлігінің толық жойылуы емес, этноұлттық даму байлығы арқылы көрінетін жалпыадами коммуникацияның бар екендігін дәлелдейді. Әр халықтың педагогикасы халықтың жинақтаған, екшеленіп, тексерілген оқыту мен тәрбиелеудің тәсілдері мен әдістерін өз жадында сақтайды. Сондықтан кез-келген мемлекеттік білім беру және тәрбилеу жүйесі этноұлттық педагогиканың озық үлгілері негізінде құрылуы тиіс.

Ыбырай Алтынсарин – қазақ педагогикасының классигі. Ол қазақ халқының этникалық ерекшеліктеріне негізделген педагогика теориясын құрған және оны практикада қолданған XIX ғасырдың алғашқы кәсіби мұғалімі болды. Педагогтың өз оқушысына деген шексіз махаббаты, оған жақсылық тілеу, оның білімді, ақылды адам болуын тілеу осы қазақ халқының педагогикасының негізінде жатыр. Ы. Алтынсарин осының негізінде арнайы оқыту технологиясы – материалдық күрделілігін, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру және т.б. оқыту мен тәрбиелеу жүйесіне үйлесімді, органикалық тұрғыдан енетін білімді жеткізу әдістері қалыптасатынын көрсетті. Ы. Алтынсарин өзінің оқыту, оқулықтар құрастыру тәжірибесіне сүйене отырып, пән логикасын емес, оқушы логикасын ұстануы қажет деген тұжырымға келді.

Ы.Алтынсариннің пікірінше, оқыту және тәрбиелеу барысында халық шығармашылығын пайдалану балаларды ұлттық салт-дәстүрлерді құрметтеуге үйретеді, адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына көмектеседі. «Қазақ баласы ортаны ғылыми танып-білмеді; алайда ол өзін қоршаған табиғат құбылыстары туралы көп білді, Сарыарқа даласында жақсы бағыт ала білді; ол атқа жақсы шапты, садақтан дәл атты, аңшылыққа, ақындар айтысына қатысты, ертегішілерді тыңдады. Қазақ баласы ұтқыр мақалдарды, ертегілерді, жұмбақтарды, ойындарды, адамгершілік үйретулерді қабылдап, естерінде сақтады».

Көптеген ғасырлар бойы Қазақстандағы дәстүрлі білім беру әдістері этноұлттық ерекшеліктерді ескере отырып қалыптасқан. Ең алдымен халықтық педагогика туралы сөз болып отыр. Кеңес Одағында 70-ші жылдары жеке халықтардың шаруашылық қызметтерінің ерекшеліктері ескеріле отырып, ұзақ уақыт бойы көшіп-қонып жүретін мал шаруашылығында жұмыс істейтіндердің балалары үшін арнайы дайындық факультеттері құрылды. Мұндай талапкерлер категориясына 2-3 жыл қатар үзіліс болғандықтан, әскери дайындықтан өткен жастар да қосылды. Бір жағынан бұның жағымды жағы да болатын, себебі жоғары оқу орнына түсетін барлық азаматтарға бірдей жағдай жа-

салынды. Екінші жағынан, білім берудің жаңа сатысына көшу үшін белгілі бір мәселелер туындады.

Қазіргі жаһандану кезеңінде қазақ халқының жарық жұлдыздарының бірі Мағжан Жұмабаевтың: «Қазақтың тағдыры да, келешек ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, берік, жанымызға қабысатын, үйлесетін негізде құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады» деген сөздері өзектілігін жойған жоқ. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Қазақстанның геосаяси орны, ана тіліміз бен ұлттық мәдениетіміздің кеңестік дәуір кезіндегі және қазіргі жай-күйі, еліміздің полимәдениеттілік, көпконфессиялық сипаты халқымыздың ұрпақ тәрбиесіндегі даналығынан, рухани құндылықтарынан, ұлы педагогтарымыз бен ғұлама гуманистеріміздің философиялық ой-толғауларынан, яғни тереңге бойлаған түп-тамырларымыздан нәр алып, үнемі және үздіксіз қанығып отыратын шынайы, тәуелсіз ұлттық білім жүйесін құруды талап етеді [5].

Осы бағытта Л.П.Буеваның пікірі шындыққа саяды: «Бізді ұлттық мінез емес, ұлттық дүниетаным қызықтырады, психология емес, былайша айтқанда гносеология, ұлттық көркем логика, ойлау ерекшелігі қызықтырады: аталмыш халық қандай «координаталар торы» арқылы әлемді сезеді және сәйкесінше оның көз алдында қандай космос (көне мағынада: әлемнің құрылымы, әлемдегі тәртіп) құрастырылады. Аталмыш халықтың болмысында бейнеленетін осы ерекше «бұрылыс» ұлттық әлем бейнесін құрастырады [6]. Алайда Қазақстанда Ы.Алтынсарин атымен байланысты қалыптасқан заманымыздың үлкен жетістігі этнопедагогика орта және сол сияқты жоғары білім беру жүйесі болашақ білім алушылардың контингентін міндетті түрде ескеру керек және осыны ескере отырып білім беру үрдісі құрылуы тиіс. Осы инновациялық технологиялардың қатаң талаптарынан ауытқымай, керісінше осы технологиялар жер шарының түпкір-түпкірінде белгілі бір ерекшеліктері болмауы мүмкін еместігін атай кеткен жөн. Ғылыми-техникалық прогресс білім берудің тұрақты серігі болып табылады, осы білім беруде белгілі бір принциптерді талап етуі, болашақ мамандарды даярлауда кері әсерін тигізуі мүмкін болатын оқыту техникаларын да ұсынуы мүмкін. Кеңестік дәуірдің өзінде-ақ жоғары білім беру жүйесінде «техникаға – иә, техницизмге – жоқ» ұраны тасталған болатын. Сол кездің өзінде-ақ техника, технологиялардың білім беру үрдісіне шектен аса енуі білім алушының осы машинаға қоса практикалық іс-әрекет субъектісіне айналуына әкеліп соғатынына ден қойылды. Техника басым сфера ретінде қарастырылып, адам техниканың бұйрығын ғана орындаушы ретінде болады деген ойдың туындауына әкелуі мүмкін екендігіне нейрофизиолог Наталья Бехтерева көңіл бөлді. Осыған байланысты білім беру үрдісіне оқытудың адамгершілік принциптерін енгізу қажет.

Шәкәрім Құдайбердіұлы осы мәселеге байланысты адамды тәрбиелеу барысында ар білімін енгізу қажеттігін айтты. Бұл туралы ғалымдар ойлануы керек деп есептеді. Осы орайда Шәкәрім: «Ұждан-совесть жанның тілегі екеніне нанған кісі қиянат қылғанына қатты кейіп, жақсылық қылғанына жете қуанса керек. Олай болса нанбай ұждан-совесть құры ғана көрініс үшін адамдыққа лайық деген кісіге жақсылық қиянаттың көп айырмасы жоқ болса керек... Мен ұждан қайдан шығып тұр десем оған жауап жоқ сияқты. Меніңше, совесть-жанның тілегі. Неге десеңіз, жан жоғалмайтын нәрсе. Сондықтан тезірек жоғарылауға себеп керек қылады. Мәселен, таза дене, толық мінез, ой істер керек қылады. Соның қатты бір керегі совесть-ұждан. Оны осы өмір үшін керек қылмайды, соңғы өмір үшін де керек қылады. Себебі, егер бұл өмір үшін ғана керек болса, ол не пайда, не мақтан үшін болады. Мәселен, атым қалсын, пәленше мені сондай кісі деп халық мені жақсы көрсін деген болады. Онан басқа жоруы жоқ. Себебі, ол совестің иесі жан жоқ, артқы өмір жоқ деп отырса, соқыр табиғаттың жансыз жаратқан бір машинасы совесімен іс қылды не, қылмады не?» – деп жазды [7].

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келіп, қазақстандық білім беру моделі «техникаға – иә, техницизмге – жоқ» қағидасын ұстанатындығын айта кеткен жөн. Ол осылайша барлық кезде адам машинаға жәрдемшіге айналмай, бүкіл өзгерістердің субъектісі болып қала беретіндей құрылады. Осы қағиданың орнығуына оқу-тәрбие үрдісінде субъект-субъект қарым-қатынасының орнығуында әмбебап, біртұтас дүниетанымның бір түрі ретінде қазақ философиясының алатын орны зор. Қазақ философиясының негізгі қағидасы рухани және материалдық әлемнің органикалық тұтастығы және материалдықтан руханилықтың үстемдігі білім беру үрдісінде технизациямен күресудің, XXI ғасырдағы білім берудің моделін құрастыруда дүниетанымдық-әдіснамалық негізі болып табылады.

**К. БЕГАЛИНОВА,**
**ҚазҰТУ, философия ғылымының докторы, профессор**
**Г. ҚАСЫМБАЕВА,**
**ҚазҰТУ, техника ғылымының кандидаты**

## ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Розин В.М. Философия образования: предмет, концепция, основные темы и направления изучения Философия образования для XXI века. – М., 1992.
2. Назарбаев Н.Ә. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы Егемен Қазақстан, 2007 жыл 1наурыз.
3. Розин В.М. Философия образования: предмет, концепция, основные темы и направления изучения Философия образования для XXI века. – М., 1992.
4. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы Егемен Қазақстан, 2014 жыл 18 қаңтар.
5. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның болашағы қоғамның идеялық бірлігінде. – Алматы: Қазақстан, 1993.
6. Буева Л.П. Человеческий фактор: новое мышление и новое действие. М.: Знание, 1988. – 64 б.
7. Шәкәрім. Үш анық. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 118 б.

# ТҮРКІ-ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ТАРИХИ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ҚОЖА АХМЕТ ИАССАУИ ДАНАЛЫҒЫ

Кемеңгерлік қасиет Алла Тағаланың адамзат баласына беретін сыйы. Сол қасиетті қадірлеп, оның өрісін кеңейту тұлғаның қасиеті. Тұлғаның өз қасиетіне жауапкершілігі алдымен халықтың, ұрпақтың өміріне қажет нәрсе. **Өзінің бойындағы қабілеті, қасиеті, даналығы халықтың игілігі үшін дарығандығын түсінген адам Алланың сеніміне ие адам. Сондықтан да, ата-бабаларымыз дін мен ғылымның құндылығын, оны халық бойына таратып отырған зиялы адамдарын құрметтеген, олардың идеяларын пайдаланып отырған.** Ал, халықтың сенімінен шығып, елдің ұйытқысын сақтап, рухын көтерудегі тұлғалардың түсінігі, өмірлік ұстанымдары діннің талабынан, ұлттың қалауынан аспаған. Ұлттың қалауы дегеніміз – мемлекеттің мүддесі деңгейіндегі ұлт қажеттіктері, ұрпақтың рухани қажеттіліктері. Бұл түркі-қазақ мәдениетінің өрісіндегі зиялылықтың рухын, тарихи дәстүрін салмақтай түспек.

**Кемеңгерлер рухы қоғаммен қатар өмір сүрсе ел мұратына жетеді. Себебі, кемеңгерлік қасиет жоғарыда айтып өткеніміздей халықтың ізгі өмірі үшін адамның бойына беріліп отырмақ.** Тарихи уақыттың қатаң талабы мен қиын жолын таразылап, ізгіліктің мәнін түсіну, соған қарай бағыт алу бұл тұлғалардың болмысы.

**Түркі-қазақ топырағындағы ізгі қасиеттердің үлгілеріне толы даналықтың дара құбылысын қалдырған тұлғалардың бірі Қожа Ахмет Иассауи. Сол тарихи уақыттан, бүгінгі, біздің заманымызға жетіп отырған, қасиетті бабаларымыздың жазып қалдырған рухани мұраларының атауының өзі ұлтымыздың өмір сүру дәстүрінің рухын бейнелейтін мәндерге толы. Ұлттың рухы оның дүниетанымы мен өмір тәжірибесін тарихи және мәдени ұғымдарда. Мәдени ұғымдар ұлттың тұлғалану болмысының көзіне айналып отыратын тұлғалық идея. Тұлғалық идея кемеңгердің ізгі қасиеті, даналығы арқылы келеді. Ізгі қасиеттер негізінде, даналық өрісінде орын алған бабалар сөзі ақиқат рухын негіздеп отыратын дүние. Қазақтың өмірінде игі істің бағытына айналған дүниетанымдық ұғымдардың идеялық желісі осында.**

Қожа Ахмет Иассауи бабамыздың мұраларына тоқталсақ онда діннің, сол арқылы адамның, ұрпақтың рухын сақтап отыратын ақиқатты дүниелерді танимыз.

*Мінажат қылды міскін Қожа Ахмет,*
*Иә, Алла, бар пендеңе рақым ет.*
*Сорлы Ахмет сөзі әркез көнермес,*
*Жер астына кірсем де мен, ол өлмес.*
*Әм қор болмас қара жұртта*
*қалып та-ай,*
*Әспеттеген оқыр оны жалықпай.*
*Оқығанды жебер рухым киелі,*
*Қиямет күні шапағатым тиеді.*
*Құдай маған нәсіп етсе жұмағын,*
*Құлық қойған жұртқа шапқат*
*қыламын* [1, 20].

**Кемеңгерлік, тұлға бойындағы ізгі қасиеттер тарихта мәңгі адамзаттың мұрасына айналады. Алла Тағаланың құдіретінің ақиқаты тұлға бойындағы әулиелік қасиет әр кез ұлттың өмір сүру жолында ұрпақ өмірінің мәні мен мазмұнын реттейтін күш. Халықтың арман тілегі, өрісті, талғамы биік түсінігі, ізгілігі, елдігі тарихта әулие, кемеңгер адамдардың дүниеге келуіне себеп болып отырса керек.** Халқының ізгі өмірін, ұрпақтың игілігін ойлаған бабаларымыздың тұлғалық деңгейлері олардың өмірінде.

*Дұғада боп жүрсе үнемі бұрыннан,*
*Өлген кезде беріледі нұр иман.*
*Хикметтерім кетті тарап жалғанға,*
*Кім естімей өлсе – сол жан арманда.*
*Өйткені, ол дертке дәрмен күш берер,*
*Ден қоймаған кісі бармақ тістелер.*
*Даналығым – дүниеге жыр дастан,*
*Дарқандансам, гүлге оранар сырласқан.*
*Мендік ақыл – өсиет сөз қаласа,*
*Білмегеннің ой - өрісі аласа* [1, 21].

Даналық адамның жан азығы, ақыл-ойдың қуаты. **Даналығын бүкіл ғаламның иесі Алланың ақиқатынан бастап өрбіту ол Пайғамбарымыздың және оның Сахабаларының ізгі қызметі. Адамзат өміріндегі қасиетті адамдардың ізгі қызметі игілік болып сақталады. Рухани мұраның игілігі мәңгі ұрпақ ырысына, ұлт болмысының рухани өрісіне жарап отырады, оның мәңгі өмір сүруі рухани мұраның ақиқатпен жазылуында, ақиқатпен өлшеніп отыруында.** «Құранның қасиеті» оның бойында барлық жаратылыс бар, жаратылыстың ақиқаты бар. Сондықтанда, Алла Тағаланың құдіреттілігін, жаратылыс бойындағы даналықты біліп, оның ұрпақ түсінігіне жеткізудегі әулие бабаларымыздың қасиеті, ғалам жаратылысының иесі Алланың адамзатқа берген ізгілігінің қасиетін ұрпақ түсінігіне жеткізіп отыруында.

**Ислам діні түркі жұртына өзінің ізгілігін таратты. Исламның ізгілігі адамзат мәдениетінің дамуына ықпал етті. Түркі әлемінде ислам дінінің өкілдері қасиетті тұлғалар әулиеліктің рухын қалдырды. Ислам дінінің халық бойына тегістей тарап, оның ұлт мәдениетінің одан әрі дамуына ықпал етуіне себеп болып отырған ұлттың бойындағы**

**рухани қасиеттер. «Тәрбиесіз өскен талантқа амал жоқ»** – деп түркі ғұламаларының өздері жазып кеткендей, бірер ғасырдың шеңберінде ұлттың бойындағы қасиеттер мен діннің қасиетін қатар ұғынып және сақтап отырған, оның болашағына да қызмет ететін мұраларды қалдырған ойшылдар қазақ топырағында кезекпенен дүниеге келіп отырды.

**Рухтың тірегі рух, кемеңгерлік даналықтың көзі. Зиялылықтан күш алған қоғам өмірінде рух пен парасаттылықтың, сана мен ойдың, сенім мен білімнің ар-намыстың рухы сақталады. Сондықтанда, Алла Тағаланың құдіреті жаратылыс ақиқатын, діннің қасиетін насихаттайтын әулие адамдар тарих алдындағы борышын адал атқарады. Олар ұрпақтың жан әлеміне азық болуы үшін рухани мұраны келер уақыт ішінен дүниеге келетін ізгі адамдарға табыстап отырған**:

*Хикметтерім – шәкірттердің ырысы,*
*Кірмес миға, болса кімнің кір іші.*
*Кереметім – келген пәрмен Сұбханнан,*
*Ұлы түбін Құран десін ұққан жан.*
*Тағылым сөзім сұлтан ғой бұл ғаламға,*
*Тақыр шөлді гүлбақ қылар табанда* [1, 21].

**Алла Тағала адам баласын жаратқанда оған өзін, халқын, ұрпағын ізгілікке бастап, қауымына қуаныш әкелетін игілікті иеленуге көп мүмкіндік берген. Соның негізгісі әулие адамдар. Бұлар Алла Тағаланың өз құлдары үшін жаратқан адамдары. Осындай құдірет иесінің жолымен жүріп отырған әулие бабаларымыздың өмірі, олардың өмір сүрген қоғамы өз қасиетін тарихта мәңгі сақтап отырмақ.**

Адамның өмірінің философиясы, ұлттың тағдырынан туып отырған даналық, бұл қасиетті «Құран сөзінен» алынған білім. Жаратылыс ақиқатын дұрыс танып білу, адам рухын дұрыс қадірлеп отыру, «Құран» білімі арқылы ғылымды дұрыс игеру өмірдің даналығын қалыптастырады. Жаратылыс рухын, құдірет ілімін, «Құран» даналығын ұғыну үшін өмір болмысындағы құдіреттілік даналығын ұғыну бар. Бұл дегеніміз білім арқылы ақылды жетілдіру.

**Діннің даналығы ұлтты сақтайды, ұлттың сақталуы адамзаттық құндылықтардың сақталуы. Дін даналығы арқылы ұлттың сақталып отыруы діни тұлғалардың тарапынан өмір мәндік құндылықтардың насихатталып отыруында. Түркілердің түсінігінде өмірдің мәні ерлікте, ал, ерлік дегеніміз отанды қорғау, өзіңнің бойыңдағы жақсы қасиеттерді тани білу. Ерлік пен жалғасатын ұлттың өмірі, аға ұрпақтың өнегесі халықтың өмір мәндік түсінігі.** Ислам дінінің түркі халықтарына тарауы, ұлттың өмір мәндік идеясының мәнін тереңдетіп, өрісін кеңейте түскен. Соның бір мысалы Қожа Ахмет Иассауи бабамыздың даналығы:

*Хикметімді жайсаң ғашық жаранға,*
*Айтың ділі Әминадай адамға.*
*Қайда көрсең қу менен сұм жалақтап,*
*Пәк таппадым жеті ықылым адақтап.*
*Хикметімді аңғарғанға айтыңыз,*
*Қара қылды қақ жарғанға айтыңыз* [1, 21].

**Адамның рухани өмірінің, болмысының мәнін айқындап, рухын сақтап, қадір-қасиетін арттыратын имандылық. Рухани адам халқын сүйіп елін құрметтейді, баласын елдікке тәрбиелеп, діліне адал болады. Ол адамгершіліктің түп қазығы ділінде деп түсінген елдің дәстүрі. Бұндай қоғамда жеке адамды да, халықты да тұлғаландыратын қасиеттер ел мен ердің тұтас ұлттық мұратынан бастау алып отырады.**

**Ұлттың мұраты – тәуелсіз ел болу. Ал, тәуелсіздіктің басы ұлттың, ұлт өкілі жеке адамның рухының таза, ой өрісінің кең, сенімінің түзу болуында. Түркі кемеңгерлерінің рухани мұралары осы бағытта жазылған.** Қожа Ахмет Иассауи бабамыздың өзі де айтып кеткендей, қасиетті мұра ол ұлттың қазынасы, халықтың игілігі үшін жазылған дүние. Сондықтанда, оның ең басты қызметі ұрпақ ішінен зиялылар рухын оятып, оларды ел мүддесіне қызмет етуге бағыттап отыруында.

**Зиялылық адамның бойындағы рухани қасиеттерінің көрінісі, сол рухани қасиеттерінің халықты әділеттілік жолына, игілікке бағыттап жетелеп отыратын идеяға, адам қызметінің тұтас негізіне айналуы. Ар-иманға ұйыған адамның рухы, өмірдің мәнін ислам діні арқылы түсініп, кемеңгерлердің өсиетінен білім алатын адам зиялылықтың қасиетін дұрыс түсініп, талабын тани білмек.** Зиялылықтың ақиқатын дұрыс тану, бұл адамның ұлт алдындағы, игілік жолындағы тазалығы, жауапкершілігі. Сондықтанда, хикметті түсіну ол адамнан рухани тереңдікті талап етеді.

**Адамгершіліктпен келген білім, имандылықпен мақсатына жететін адам нағыз зиялы адам. Зиялы адам болу үшін зиялы өмір қажет. Зиялы өмір ол «Құран сөздері», пайғамбарымыздың өсиеті, дінге адал сахабалардың өнегесі.** Бұл жөнінде Қожа Ахмет Иассауи бабамыз былай деген:

*Нағыз ғалым тас тесекте байланар,*
*Жиһанға ілім жайса, көңілі жайланар.*
*Өзін білсе – Хақты біліп баққаны,*
*Құдайдан қорқып, ынсап-ұят тапқаны.*
*Өсиетімді өңшең дана дұр біліп,*
*Мақсатына жетсін сөзін жыр қылып.*
*Хикметім – ісім менен сөзім шын,*
*Еске тұтсам, Алла, есіркер өзіңсің* [1, 23].

Рухани мұра алдымен халықтың жан дүниесіне жақын, оның өміріне қызмет етіп отырады. Түркілердің рухы оның дүниетанымында, өмір сүру салтында және оның ғалымдарының кемеңгер болуында. Шынайы ғалым болудың басты шарты, түркі зиялыларының ақиқаттың мәнін діннен танып білуінде. Алланың берген мүмкіндіктерін дұрыс пайдалану ғылым, сол ізгілігі мол жолға ғалымның өзін өзі дұрыс бағыттай білуі, халықтың ұғымды

білім алуына жағдай жасай алуы. **Адамның ой өрісінің де шегі бар, біздің көзіміз қанша ұзақтықты қамтыса, адам ойыда адамзаттық кеңістік пен уақыттан аспайды. Бүкіл әлем болмысының табиғатын, ақиқатын қамтитын ой, ақиқат «Құран сөзі». Қасиетті «Құран» сөзінен сабақ алған түркі кемеңгерлері ғылымның адамзат игілігіне ортақ қызметін дұрыс пайдаланып отырған. Ғылым дамуы үшін рухани ортаның маңыздылығын көрсете білді.**

Ұлттың рухани ортасын қалыптастыратын дін, сол діннен білім алған, ғылым мен ілімді қатар меңгерген кемеңгер адамдардың ізгі даналығы Қожа Ахмет Иассауи бабамыздың мұрасының басты қасиеті де тарихи мәніде осында:

*Алла деп алып білім, тәлім көрдім,*
*Анадан қайта туған сәби болдым.*
*Арылып күнәсінен пәни жолдың,*
*Адалдық мақамына қайттым міне* [1, 29].

Кемеңгерлер, батыр бабаларымыз жауапкершілікті өздерінен жоғары ұстап, сол жолда рухани тазалыққа, тереңдікке қол жеткізе алған адамдар. Рухани тазалық адамның қасиетін сақтап, кемелін арттырады, рухани тереңдік халыққа да, ұрпаққа да екі өмірдің игілігіне жол ашатын дүние.

**Адамның жер бетіндегі тіршілік атаулысының ішінде жаратушы иесіне жақын болуының себебі, оның бар күші, бар қасиеті жан әлемінде болуында, адам жанының мәңгілігінде. Адамның адамгершілігі, имандылық, рухани байлығы, зиялы әрекеті алдымен өз жанының өміріне де жағдай жасай білуі.** Ол қайырымды болу, ізгі өмір сүру, халқыңмен бір болу, имандылықты өзіңнің, ұлтыңның, адамзаттың тағдырын шешетін білім көзі екендігін ұғыну. Ислам діні жаратылыс ақиқатын, адам өмірінің мәні туралы идеяларды нақты түрде таратып, түсіндіру үшін адамзат баласына жіберілген ең соңғы дін екендігін осыдан да ұғына аламыз. Әулие бабамыз хикметтерінде былай деген:

*Басында әркімнің бұл жалған өтер,*
*Баянсыз – жатпай жиған малда бекер.*
*Қарындас, атаң-анаң қайда кетті?*
*Ағаш ат әлі-ақ бір күн саған жетер.*
*Хақты сүй, пендешілік қамын жеме,*
*Кісінің, қыл көпір тұр, малын жеме.*
*Қарындас қатын - бала кімнен қалмас,*
*Қожа Ахмет, сынды, сорлы сағың неге?!*
*Белгісіз қалды енді қанша ғұмырың,*
*Берік бол, жалғыз Хақты барым де де.*
*Адамның асыл тегі су мен күл ғой,*
*Күл болмақ қайта айналып жалын дене?*
[1, 50].

Дүниеқұмарлық, алааяқтық, жалқаулық бұның бәрі неден шығады және адамның өмірін неге әкеліп соқтырады? Өмірдің бар қызығы байлықта деп ұғу түптеп келгенде адам санасын билейтін нәрсе. Бұндай жағдайда адамның рухы әлсірейді, бірлігі ыдырайды, түсінігі тайыздап, көзқарасы өзгеріп отырады, түптеп келгенде адам өзінің адами қасиетінен қол үзіп алуы мүмкін. Сондықтанда, адамдық мән оның жан дүниесінің негізінде. Қазақ зиялысы Жүсіпбек Аймауытов айтқандай, «**Әр жұрттың қанына біткен өзімшілдік, тұрған жерін, өскен елін, өз тұқымым басқадан артық болса екен деген құрғақ тілек, құрғақ сезім ең төменгі дәрежедегі надан адамда да бар. Бұл қасиетті сезім емес; жерін, үйірін сағыну, жеріне тарту хайуанда да бар. Үйренген тамақ, жеген жерін жақсы көру – табиғаттың еріксіз каноны. Ұлтты сүюдің ең төменгі дәрежесі осы**» [2, 3].

Ата бабаларымыздың елді қорғаудағы, ұлтына, адамзат баласына ортақ игілігі мол мұраларды қалдырып отырудағы деңгейі рухани қызметінің терең әрі өрісті келуінде. Оған бірғана себеп болатын нәрсе, тарихтағы ұлттың тұлғалық қасиеттерінің сақталып отыруы және ислам дінінің пайда болуы, тарихи өмір мен діннің шарттарын үйлестіре алған кемеңгер тұлғалардың өмір сүруі. Түркі ойшылдарынан, қазақ билері мен жырауларынан қалған даналық дүниелер ұлтты сақтап отырды.

**Интеллектуалдық өріс адамның діни сауаттылығында, діни сауаттылықтың халыққа тигізер пайдасы адамның қай өмірде болсада имандылықтың қасиетін тани білуінде. Адам өмірінің мәні дүние болмысының заңдылығы арқылы реттеліп өлшеніп отырады. Әулие бабаларымыздың қасиеті өмірдің мағынасын, дүниенің болмысының өлшемін даналықпен түсіндіруінде.**

Түркілік дүниетаным өрісі өзінің терең мағынадағы жан-жақты қырларымен ерекше, мифологиялық, діни, ғылыми және философиялық білімдерге, мәдени жәдігерлерге толы. Ата-баба рухын құрметтеп, оның дәстүрін жалғастыру түркілердің ұлттық мәдениетінің белгісі. Ұлы тарихты жасаған түркі батырларының, ғұлама ғалымдарының, әулие ойшылдарының дүниелері, түркілік философияның қалыптасу негіздері мен даму өрісін сақтап отырған.

**Үмбетхан СӘРСЕМБИН,**
**Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің, Әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының меңгерушісі.**

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Иассауи Қожа Ахмет. Даналық кітабы. Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2009. – 312 бет.

2. Жүсіпбек Аймауытов. Ұлтты Сүю // Ақиқат №6, Маусым, 2013.

# «АҚИҚАТ» ЖУРНАЛЫНДА 2014 ЖЫЛЫ ЖАРИЯЛАНҒАН МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ТІЗІМІ


**ЗАМАНХАТ**

**Міржақып ДУЛАТОВ**. Латын қарпіне көшу туралы....1-3
**Алдан ӘЙІМБЕТОВ**. Бізге намыс жетпей тұр..............2-3
**МАДИЯР**. Қош келдің, Наурыз!........................................3-3
**Мұстафа ШОҚАЙ**. Ұлттық еркіндік және азаттық жолы..................................................................4-3
**Әлихан БӨКЕЙХАН**. Қазақтың Қазақстаннан басқа Отаны жоқ.......................................................5-3
**Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ**. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады.......................................................5-3
**Міржақып ДУЛАТҰЛЫ**. «Боламыз» деген соң болуға аянбай қам қылу керек...............................................5-3
**Ғалалдин МАМИКОВ**. Біздің қазақ баласына не қылғанда басқа жұрттарға теңелуі хақында біраз кеңес.....................6-3
**Мұстафа ШОҚАЙ**. Көрнекі тағылық..............................7-3
Тіл туралы заң қабылданар алдында..................................8-3
Қазақ жайы............................................................................9-3
**Мұстафа ШОҚАЙ**. Ресейдегі ұлттық мемлекет мәселесіне орай...................................................................10-3
**Жүсіпбек АЙМАУЫТОВ**. Қазақтың өзгеше мінездері.....11-3
**Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ**. Қазақ өкпесі...........................12-3

**ЖОЛДАУҒА – ҚОЛДАУ**

**Мұхит БЕКМЫРЗАҰЛЫ**. Мәңгілік ел – жайдан-жай айтыла салған сөз емес..................................................3-9
**Сқақ НҰРМҰХАНБЕТОВ**. Білім биікке самғатады...3-10
**Марат НАДЫРОВ**. Келешегіміз кемелді болмақ........3-10

**ҰЛЫТАУДАН ӨРГЕН ҰЛАҒАТ**

**Жаңабек ЖАҚСЫҒАЛИЕВ.** «Қазақ тарихын сүю – қазақ халқын сүю!».............................................................11-5
**Ғарифолла ЕСІМ.** Ұлытау – билік ордасы................12-10
**Көпсекбай ТӨЛЕБАЕВ, Д. ЖАЙНАҚОВ, Ш. ӨТЕПБЕРГЕН.** Халыққа қарата айтылған сөз....12-16

**ЕЛБАСЫ ЖӘНЕ ЕЛМҰРАТЫ**

**Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ**. «Қазақстан-2050» Стратегиясы: бейбітшілік, руханият және келісім мәдениеті...................5-5
**Н. НАЗАРБАЕВ**. Ұлытау төріндегі толғаныс.....................9-5
**Н. НАЗАРБАЕВ**. Ел алдында еңселі міндеттер тұр.....10-5

**МЕМЛЕКЕТШІЛДІК – САНА СТРАТЕГИЯСЫ**

**Жарас СЕЙІТНҰР**. Қазақ мәдениетін кім зерттесе тиімді болмақ?...................................................................6-65

**ІЗГІЛІКТІ ҚОҒАМҒА БАРАР ЖОЛДА**

**Н. НАЗАРБАЕВ**. Тәуелсіз Қазақстанның жеті қазынасы......1-5
**Н. НАЗАРБАЕВ**. Еуразиялық одақ идеясынан – Еуразиялық интеграцияның кемелденген көкжиегіне.............................6-4
**Алик АЙДАРБАЕВ**. Еліміздің дамуы мен халық тұрмысының сапасын көтеру – ортақ мүдде................................9-10
**Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.** Нұрлы жол – болашаққа бастар жол......................................................................12-4

**ҚАЗАҚСТАН 2050: МӘҢГІЛІК ЕЛ**

**Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ**. Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ....................................2-5
Қазақстан халқы Ассамблеясының ел азаматтарына үндеуі.....2-14
**Самат ЕСҚАЛИЕВ**. Ұлы мақсаттарға жетелейтін Жолдау...2-15
**Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА**. Қазақстандық «электронды демократия» мәселелері және болашағы............................2-17
**Серік ПІРӘЛИЕВ**. Ұлт болашағының ұлы жолы..........3-4
**Х. ӘБЖАНОВ**. Ұлттық идея – кемел келешектің кілті......4-5
**Бақтияр СМАНОВ**. Ұлт болып ұйысу әйел – анадан басталады.............................................................................5-10

**ЖАҢА ӘЛЕМДЕГІ – ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН**

**Сон Чхи КЫН**. Корея мен Қазақстанның жақындығы және екі жақты қарым-қатынасты дамытудың келешегі.............8-4

**ҚАЗАҚ ЕЛІ – МӘҢГІЛІК**

**Досмұхамед КІШІБЕКОВ, Тимур КІШІБЕКОВ.** Отан ең биік, қасиетті құрылым........................................................9-13

**ҰЛЫ ЖЕҢІСТІҢ 70 ЖЫЛДЫҒЫ ҚАРСАҢЫНДА**

**Мақұлбек РЫСДӘУЛЕТ**. Жамбылдықтар: бәрі майданға....5-81

**КЕЛЕЛІ КЕҢЕС**

**Жания ӘБДІБЕК**. Екінші кезең: Еуразия Одағы Қазақстанға не береді?..................................................................................1-8
**Жания ӘБДІБЕК**. Дін және дәстүр................................2-22
**Жания ӘБДІБЕК**. Қазақ отбасы: Кеше, бүгін және ертең...3-11
**Жәния ӘБДІБЕК**. Ұлттық тарихты зерттеу методологиясы мен ғылыми ұстанымын жаңғырту жолдары....................4-12
**Лазат ҮКІБАЕВА**. «Қазақ ғылымы» және «Мәңгілік Ел»....6-12
**Жания ӘБДІБЕК**. Қазақ медицинасы: даму бағыттары мен болашағы...................................................................................7-7
**Жания ӘБДІБЕК**. Қазақтың досы кім?.........................8-10
**Жания ӘБДІБЕК**. Әлемдегі Исламофобия кімге тиімді?.....11-10
**Ж. ӘБДІБЕК.** Ақпараттық кеңістікті қалай қорғаймыз?.......12-17

**КЕЛЕЛІ КЕҢЕСКЕ ОРАЙ**

**Аманхан ӘЛІМҰЛЫ**. Еуразияда қазаққа орын бар ма?.....1-18
Тағы да Еуразия жайында.................................................1-21
Балықтың тілін бақа біледі немесе Дугиннің досы кім?........1-24
Еуразия идеясы мен Еуразия Одағы екі басқа түсінік........1-26
**Зікірия ЖАНДАРБЕК**. Салт-дәстүр ұлттың генетикалық коды .......2-30
**Мекемтас МЫРЗАХМЕТҰЛЫ**. Отбасы тәрбиесін ұлттық дәстүр негізінде қалыптастыра алмадық............................3-19
**Әбдірашит БӘКІРҰЛЫ**. Бедел – ұлттық және отбасы тәрбиесінің өзегі..........................................................3-23
**Айман СЕЙІЛБЕКҚЫЗЫ**. Түтінің түзу шықсыншы.....3-27
**Ғани ҚАРАСАЕВ**. Отарланудың тақсіреті....................4-23
**Ғани ҚАРАСАЕВ**. Отарланудың тақсіреті....................6-26
**А.АЛМАТЫҚЫЗЫ**. Жер-су аттарына мән беріп жүрміз бе?..............................................................................6-33
**Мақсат ӘБДІҚАДІРҰЛЫ**. Шетелдік мамандарға неге әуеспіз?................................................................................7-11
**Айзат РАҚЫШЕВА**. Жалған әулие жағалап адаспайық, ағайын...................................................................................7-14
**Қарашаш ЕСЕНБАЙ**. «Саңырау» деген лақап атты емші.......................................................................................7-18
**Айдос САРЫМ**. Қазақтың досы шетелдегі қазақ диаспорасы мен зиялы қауымы.............................................8-19
**Жарылқасын БОРАНБАЙ**. Доссыз дүние бос...........8-22
**Амангелді АЙТАЛЫ**. Ислам феномені және Исламофобия..............................................................................11-20
**Бақытжан САТЕРШИНОВ**. Ислам фобиясы және стереотиптер......................................................................11-25

Исламофобия туралы Фейсбук әлеуметтік желісіндегі оқырмандар пікірі...........11-30
**Қуандық ШАМАХАЙҰЛЫ**. Ақпараттық қауіпсіздік, кибер соғыс және БАҚ жауынгерлері...........12-23
**Айдос САРЫМ.** Ақпараттық кеңістіктің бұйдасын бос жіберу – қазақ элитасы үшін үлкен күнә...........12-28

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ
**С. МҰСАТАЕВ**. Қандастарымыз қағыс қалған жоқ па?......1-38
**С. МҰСАТАЕВ**. Батыстық сарын басып бара ма, қалай?....8-36
**Өмір ШЫНЫБЕКҰЛЫ**. «Иқан шайқасы» шындығын бұрмалау кімге керек?...........10-38

МӘНІ ЖОҒАЛМАҒАН МАҚАЛА
**Сапабек ӘСІПҰЛЫ**. «Қазаққа да бір Колпаковский керек»...........1-47
**Мархабат БАЙҒҰТ**. «Беретінін бермесең...»...........2-57
**Марат ҚАБАНБАЙ**. Бұл зиялы – қай зиялы?...........5-20
**Айтан НҮСІПХАНҰЛЫ**. Айтматовқа хат...........7-24
**Аманхан ӘЛІМҰЛЫ**. Үрей...........7-28
**Марат ҚАБАНБАЙ**. Ақмолаға көшкін, ағайын!.........8-39
**Аманхан ӘЛІМҰЛЫ**. Масанов – камердинер емес пе, осы?.....8-42
**Айтан НҮСІПХАНҰЛЫ**. Бізге керегі – ұлтшылдық болар....9-27
**Аманхан ӘЛІМҰЛЫ**. Ұлт боламын десең «Руыңмен у ішпе қазақ!»...........11-45
**Секен ДОРЖЕНОВ**. Дүниеқорлық: жақсы ма, жаман ба?...12-41

ЕРКІН ОЙ МІНБЕРІ
**Әбдірашит БӘКІРҰЛЫ**. Коррупция «өзін-өзі басқару» деңгейіне жеткен бе?...........1-55
**Жарас СЕЙІТНҰР**. Ұлттық элита қандай болуы керек?.....2-49
**Жарылқасын БОРАНБАЙ**. Тарих таразыланбай таным түзелмейді...........3-60
**Аманхан ӘЛІМҰЛЫ**. Ұлттық интеллигенция және ұлттық идея...........4-46
**Аманхан ӘЛІМҰЛЫ**. Тағы да сол желауыз Жириновский........4-51
**Серік ӘБДІРЕШҰЛЫ**. Рух. Элита. Буржуазия...........5-27
**Әбдірашит БӘКІРҰЛЫ**. «Оян, қазақ» – ұйқы дұшпан.....5-29
**Әбдірашит БӘКІРҰЛЫ**. Тағы да «қазақ миссиясы» туралы...........7-20
**Әбдірашит БӘКІРҰЛЫ**. Бізге «ұлтшылдардың билікке келуі» емес, «билік жүйесінде ұлтшылдық принциптерінің басымдыққа ие болуы» керек...........8-24
**Қуандық ШАМАХАЙҰЛЫ**. Қазаққа қауіп қайдан?...8-28
**Сейілбек МҰСАТАЕВ**. Азаматтық – саяси-мемлекеттік, ал, ұлт – саяси-халықтық сипаттағы ұғым...........9-16
**Зікірия ЖАНДАРБЕК**. Қазақ тарихын кім, қалай жазу керек?...........9-20
**Сейілбек МҰСАТАЕВ**. Қазақтың ұлттық намысының құны қанша?...........10-10
**Айнұр ТӨЛЕУ**. Намысты жоқтау...........10-15
**Әбдірашит БӘКІРҰЛЫ**. Ұлтшылдар – ұлтшылдар емес, мемлекетшіл қауым...........10-18
**Сейілбек МҰСАТАЕВ**. Қазақтың жаны қандай?.......11-32
**Сейілбек МҰСАТАЕВ.** Қазақтың «Біздікі» және «өзгенікі» деген ұстанымы неге соқтырады?...........12-33

ҰЛТТАНУ
**Жарас СЕЙІТНҰР**. Ресейдегі орыс ұлтының мүддесін Путиннің өзі қорғауда...........1-27
**Ербол ТІЛЕШОВ**. Қазақ ұлтшылдығы қашан, қалай қалыптасты? ...........1-31
**Тұрсынжан ШАПАЙ**. Қазақтың жаны...........2-82
**Жаңабек ЖАҚСЫҒАЛИЕВ**. Тектілік феномені........3-29
**Жаңабек ЖАҚСЫҒАЛИЕВ**. Тектілік феномені........4-36
**Сайын БОРБАСОВ**. Қазақ ұлтшылдығының мақсаты: Ұлттық эгоизмге жол бермей, ұлт қалыптастыру...........5-14

АЗАТТЫҚ ҮШІН АЙҚАСҚАНДАР
**Александр ШУЛЬГИН**. Мұстафа Шоқай би Шоқайұлын еске түсіру...........7-58

САРАПТАМА
**Сейілбек МҰСАТАЕВ**. Геосаясат – күшті елдердің көкпар тартысы...........2-39
**Ербол ТІЛЕШОВ**. Саяси және рухани идеологияға айналған ұлтшылдық...........3-37
**Жақан МОЛДАБЕКОВ**. Мәдениеттілікті мәйектеу – ұстаным ба, саясат па?...........3-42
**Хасен ҚОЖА-АХМЕТ**. Қазақ музыкасы қалай космополиттенді?...........4-63
**Хасен Қожа-АХМЕТ**. Қазақ музыкасы қалай космополиттенді?...........5-50
**Сейілбек МҰСАТАЕВ**. «Табиғи ресурстар қарғысы» және қазақ жалқаулығы...........6-36
**Тоқтар ЕСІРКЕПОВ, Жандар ЕСІРКЕПОВ**. Халықты қалай акционер етуге болады...........6-43

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ, ОРАМДЫ ОЙ
**Сейілбек МҰСАТАЕВ**. Қазақ ғылымы мен білімі қалың қалай?...........4-29
**Мырзан КЕНЖЕБАЙ**. Әннен – репет, сөзден – берекет кетті...........7-31
**Құлбек ЕРГӨБЕК**. Тағдырлар толғамында тосырқау болмас еді...........7-36
**Хасен ҚОЖА-АХМЕТ**. Есер музыка есті алып біте ме?.....9-40
**Жанғали ЖҮЗБАЙ**. «Нота жазуы қазақ күйіне нұқсан келтіріп, дәстүрлі күйшілікті бұзды...»...........9-52
**Нұрмахамбет АЙТУҒАНОВ**. Жасанды түрде, қолдан жасалынып отырған мәлімет мемлекетті алдау, көзбояушылық.....12-92

ОЙТОЛҒАҚ
**Әсия БАҒДӘУЛЕТҚЫЗЫ.** Мағжанның молалық лирикасы...........8-98
**Дулат ТҰРАНТЕГІ**. Көркем аударма және ақын талғамы...9-83
**Ақжол ҚАЛШАБЕК**. Әдебиет жайлы жазбалар........9-94
**Аманхан ӘЛІМҰЛЫ**. Талант тағдыры...........9-99
**Жарылқасын БОРАНБАЙ**. Энциклопедиялар – ұлттық ұлағат ұясына айнала алды ма?!...........10-27
**Серік ЕРҒАЛИ.** Ұлт пен ру және шаңырақ...........11-39
**Әбдірашит БӘКІРҰЛЫ**. Қазақтың ұлттық зиялылығының дағдарысы...........12-45

МӘДЕНИ МҰРА
**Бақтияр СМАНОВ**. Тарихи жырдың тағылымы........1-95
**Аян-Сейітхан НЫСАНАЛИН**. Махаббаттың ғажап әні.....3-93
**Уахит ШӘЛЕКЕНОВ**. Асыл текті Әйтеке Байбекұлы.......8-72
**Бақтияр СМАНОВ.** Сүйінбай, Майлықожа және Молда Қошық датқа...........10-55

ТАНЫМ
**Қуандық ОРАЗБЕКҰЛЫ**. Наурыздағы ырымдар......3-90
**Бауыржан ӘЛІҚОЖА**. Әл-Фараби трактаттарындағы түр мен түс категориясы...........5-85
**Серік ЕРҒАЛИ**. Тоғызқұмалақ – түркілердің логика дамыту ойыны...........10-64
**Герольд БЕЛЬГЕР**. Тіл туралы тезистер...........10-69
Ұлылардың таңғажайып түстері: Ол – ақиқат па, әлде аңыз ба?...........10-71
**Мұстафа ШОҚАЙ**. Түркістандағы басмашылар қозғалысы...........10-55
**Әлімғазы ДӘУЛЕТХАН.** Бүкіл Қытайды үш ғасыр билеген мәжурлар және дағұр-Солұндардың (Евенкілер)

аянышты тағдыры.................................................................12-49
**Арман ӘУБӘКІР.** Ғұрыптық кешендердің тарихи кезеңдердегі этносемантикалық сабақтастығы................12-54

### ДҮНИЕТАНЫМ ДИАЛЕКТИКАСЫ
**Шыңғыс ЕРГӨБЕК**. Интеграция тәуелділік пе тиімділік пе?.....2-63
**Досмұхамед КІШІБЕКОВ**. Зиялы адам кім?................7-4

### КӨКЕЙТЕСТІ
**Сайын БОРБАСОВ.** Басқарушы элита ұғынбай жүрген жайлар не?...........................................................10-22

### ТАРИХТАН ТӘБӘРІК
**Ислам ЖЕМЕНЕЙ.** Әмір Темірдің әмірі әлемге әсерін тигізді ме?................................................................9-35
**Жанғара ДӘДЕБАЕВ.** Айдынды Орақ.......................10-44

### АҚТАҢДАҚТАР АҚИҚАТЫ
**Хасен Қожа-АХМЕТ.** Әміре неліктен «Қыз Жібек» операсына қатыстырылмады?...........................................8-45

### ЗАМАНА ЗАПЫРАНЫ
**Болат ЖҮНІСБЕКОВ.** 17 = 32 + 37X немесе Үрей формуласы...........................................................................8-58

### ЗАМАН ЖӘНЕ ЗАУАЛ
**Қуандық ТҮМЕНБАЙ**. Көзбояуы жоқ көріністер.....1-65
**Сабырбек ОЛЖАБАЙ**. Ала сиыр, Аққыз әжем және тұлып..........................................................................1-70
**Нұрлыхан ҚАЛҚАМАН**. Қазақ неге қырылды?.........2-54

### АЩЫ ДА БОЛСА...
**Қожа Мұхтар БАХАДЫРҰЛЫ**. Ясауи кесенесінің жағдайы алаңдатарлық.......................................................5-39
**Жанғали ЖҮЗБАЙ**. Шалақазақтық күйге де келді.....7-48
**Мырзан КЕНЖЕБАЙ**. Бұл Ер Төстік емес.................8-62
**Дандай ЫСҚАҚҰЛЫ**. «Қостілділік», «үш тұғырлы тіл».....10-35

### ШЫМБАЙҒА БАТСА ДА...
**Ораз ҚАУҒАБАЙ**. Мәңгүрттік сана, келеңсіз көрініс....3-88

### ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ
**Қуандық ШАМАХАЙҰЛЫ**. «Кембридж білім бергенімен, Құдай бермеген дарынды дарыта алмайды».....................1-50
**Досай КЕНЖЕТАЙ**. Дін және мемлекет қатынасы өтпелі жел емес...................................................................2-67
**Амангелді АЙТАЛЫ**. Дін және ұлттық дәстүр...........3-50
**Бейбіт ЖӘЛЕЛҰЛЫ**. Қостілділік пен қағазбастылық зардабы.................................................................................7-52
**Серік АБАС-ШАХ**. Ел басына күн туса не істер едік?.......11-50

### ДІНТАНЫМ
**Амангелді АЙТАЛЫ**. Қоғам – біртұтас организм, оны сырттан басқару мүмкін емес..................................1-60
**Зікірия ЖАНДАРБЕК**. Уаххабиліктің ТМД аумағындағы халықтарға таралу тарихы.....................................................3-55
**Батыр АЙТЖАНОВ**. Ислам және білім мен ғылым....6-55
**Бахтияр АЛПЫСБАЕВ**. Қазақтың ұлттық дүниетанымында Исламның орны қандай?........................................11-73

### ИМАНДЫЛЫҚ ИІРІМДЕРІ
**Мейрам ОМАРОВ.** Тұрсынбай датқа туралы............8-101
**Құдияр БІЛӘЛ.** Діни ауытқушылық – ұлт жадына кері әсер етеді.....................................................................9-30

### НАРЫҚТЫҢ ЖҮГІН НАР ТАРТАР
**Бақытжан ЖАҚСЫМБЕТОВ.** Қай салада жүрсем де, жақсы мінез бен еңбекқорлығымнан таңған емеспін......8-95
**Ардақ БӨКЕЕВА**. Миллионер Дінмұхамедтің бизнестегі біліктілігі...................................................................12-86

### ТҰЛҒА
**Дидахмет ӘШІМХАНҰЛЫ.** Профессор. Редактор. Корректор...........................................................................2-75
**Гүлбиғаш ОМАРОВА.** Қазақ өз Толағайынан айырылды.....2-77
Шындықты «Казахская правда» айтсын.........................2-79
**Берік АТАШ.** Ғұмар Қараштың дін мен ағартушылықтың арақатынасы хақындағы тебіренісі....................................3-67
**Жанат БАЙТЕЛЕСОВА.** Ұлттың ұстазы...................3-72
**Жарылқасын БОРАНБАЙ**. Осы жұрт Бабажановты біле ме екен..........................................................................5-42
**Сабырхан СМАҒҰЛОВ.** Бауыржан Момышұлы және Отан тарихының мәселелері................................................7-74

### БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН – 120
**Жолтай ӘЛМАШҰЛЫ.** Бейімбеттің биігі...................12-61

### ОРНЫ БӨЛЕК АҒАЛАР
**Жұмат ӘНЕСҰЛЫ**. Есімдері аңыз болған...................4-84
**Мінуар ӘКІМХАНОВ**. Қарымды қаламгер еді...........5-69
**Бердалы ОСПАН**. Майлықожа, Мұхтар Әуезұлы, Сабыр Рақымов...................................................................6-77
**Зухра ЕРМАҒАНБЕТОВА**. Ұлттық ұлағат ұйытқысы.....7-78
**Ө. ҚЫРҒЫЗБАЕВ**. Сөзжасаушы – Ісләм Жарылғапов.....7-81
**Клара ҚАБЫЛҒАЗИНА**. Тағылымды тұлға..............7-87

### КЕЛБЕТ
**Сағатбек МЕДЕУБЕКҰЛЫ.** Ғылымның тыңына түрен салған тұлға..............................................................3-75
**Жанат АХМАДИ.** Қызыл тіл жанның мияты...............3-79
**Бәзілжан АСЫЛЖАНҰЛЫ**. Суреткер музасы...........5-72
**Қыдыралы ҚОЙТАЙ.** Тауларға табынған ақын.......11-77
**Раушанбек ӘБСАТТАРОВ, Әміржан ШАЛТЫКОВ.** Дарынды ғалым – заңгер, қайраткер, ұлағатты ұстаз......12-78
**Қайсар ӘЛІМ.** Плазма физикасының атасы................12-82

### МЕНІҢ ҰСТАЗДАРЫМ
**Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ**. Алаштың Амандосовы....4-76
**Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ**. Тәлімі терең, тәртібі темір – Темекең...................................................................................5-60
**Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ**. Сөз өнерінің зергері........6-83
**Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ**. Алаштың арда ұлы..........7-68
**Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ**. Ғұлама..............................8-65
**Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ**. Ұлы ақын, ұлық ұстаз – Қадыр Мырзалиев.............................................................9-58
**Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ**. Алма апай.......................10-80
**Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ.** Ұстаздардың ұстазы.....11-81
**Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ**. Заңғар Засурский...........12-73

### ЖАҚСЫНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫН АЙТ
**Бақтияр СМАНОВ.** Аялы алақандағы аяулы жүректің иесі..........................................................................................6-89
**Сағатбек МЕДЕУБЕКҰЛЫ.** Ақын ұлын асқар тауы жоқтайды............................................................................8-75
**Көпжасар НӘРІБАЕВ.** Алтал азамат, білікті басшы...8-82
**Рабат ЖӘНІБЕКҰЛЫ.** Тұғырынан таймаған тұлға...9-78

### ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ
**Ә.ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ.** Қоғам, мемлекет және мәдениет қайраткері..........................................................................1-104
**Әшірбек АМАНГЕЛДІ.** Секеңдей ұлтжанды қазақ некен-саяқ............................................................................6-60
**Ораз ҚАУҒАБАЙ.** Төзім және табандылық...............10-88
**Қ. ШАМАХАЙҰЛЫ.** Алтай шыңындағы өшпес із....10-96
**Зәкір АСАБАЕВ.** Өндерімен де танылған...................11-91

**ӘРІПТЕС ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕ**

**Талғат АЙТБАЙҰЛЫ**. Күйінгенде де шығады-ау ащы сөзің............2-91
**Ділдәр МАМЫРБАЕВА**. Біз білетін Толымбек...........3-86
**Мырзахан АХМЕТОВ**. Тынымсыз ізденіс, жанқияр еңбек иесі............6-95
**Нұргүл ЖАНАҚОВА**. Кенжебаев феномені................6-98
**Берік СӘДУАҚАСОВ**. Қаламгер туралы сыр..............8-91
**Тұрғанжан ТӨЛЕБАЕВ**. Талғамы терең тарихшы...10-74

**ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІ**

**Есенғали РАУШАНОВ**. Жұмсақ...................1-73
**Сәрсен Бек САХАБАТ**. Ақжелең...................1-79

**ӘДЕБИЕТ СЫНЫ**

**Аманкелді МҰҚАН.** Актер – уақытын «жоқ драматургтің», «жоқ режиссердің» қойылымдарына жұмсауда................5-33
**Жанат АЙМҰХАМБЕТ**. Көне түркілік танымның қазіргі қазақ поэмаларындағы көркемдік-эстетикалық қызметі...11-63

**СЫН**

**Д. ТҰРАНТЕГІ**. Талғам мен таным таразысы (эссе)...1-82

**ТЫЛСЫМ ДҮНИЕ**

**Қуандық ОРАЗБЕКҰЛЫ.** Тылсым жағдайларда бәрін жақсылыққа жору керек............4-94

**АШЫҚ ӘҢГІМЕ**

**Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ.** Ібілістің бірінші көмекшісі – космополиттер............4-58

**АҚЫН ТУРАЛЫ СЫР**

**Думан РАМАЗАН**. Асығы алшысынан түскен ақын.....2-94
**Темірхан МЕДЕТБЕК**. Өткеннің өкінішінен де рух іздеген............9-104
**Төреғали ТӘШЕНОВ**. Мінуардың жан әлемі...........12-70

**СЫН СИПАТЫ**

**Ақжол ҚАЛШАБЕК**. Модернизм мәні........................2-83
**Гүлзия ПІРӘЛІ**.Қазіргі қазақ прозасы және Әуезов дәстүрі............2-87

**ТАҒЫЛЫМ**

**Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ.** Алаш зиялылары дінге қалай қарады?............4-54
**Айзат ҚАДЫРАЛИЕВА.** Пірімжанов неге ұмытылып барады?............8-86
**Ораз ҚАУҒАБАЙ.** Қонаевтың атасы Қонай батыр кім?....9-65
**Гүлзат КӨБЕК.** Шәкен Айманов әлемі........................9-69
**Жандарбек ҚАРАБАСОВ.** Ноғайбай шешеннің Абаймен кездесуі............9-73

**ЖАҢА КІТАП**

**Шахан МАХАНБЕТОВ.** Әсіре көріністен ада – кітап...3-113
**М. САДЫРОВА**. Әлеуметтану туралы жаңа оқу құралы......7-97
**Әбсаттар қажы ДЕРБІСӘЛІ.** Даланың дана перзенті......8-112

**ҚҰНДЫ КІТАП**

**Бейбіт ҚОЙШЫБАЕВ.** Тіл білімі антологиясының алғашқы кітаптары жайында............4-99

**ПІКІР**

**Д. КІШІБЕКОВ.** «Жас тұлпар» жайлы ой..................1-115

**ЛЕБІЗ**

**Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА.** Гуманист профессор....10-91

**ЕКІ МАҚАЛА – БІР ТАҚЫРЫП**

**Амангелді АЙТАЛЫ.** Ұлтшылдық у ма, бал ма?.......2-32
Қазақ ұлтсыздығы............2-34

**ЕСКІРМЕГЕН ЕСКІ ХАТ**

**Б. МОМЫШҰЛЫ.** Қазақ тілі туралы пікір.................2-44

**БІЛГЕНГЕ – МАРЖАН**

**Серік ЕРҒАЛИ.** Түркілік жыл маусымдары................2-99

**ҒАЛЫМНАН ҒИБРАТ**

**Абдул-Хамид МАРХАБАЕВ.** «Миллион мәселелі» ми....4-89

**ҚҰҚЫҚ ПЕН ТӘРТІП**

**Қайрат ДӘЛБЕКОВ.** Қоғамдық тәртіп тірегіміз.........4-93

**БІЗ ТУРАЛЫ**

Сайт оқырмандары не дейді?............4-98

**ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНЕ 70 ЖЫЛ**

**Сәуле МЕРЕКЕ.** Ұлағатты орданың даңқты қыздары....4-105

**БҮГІНГІ БІТІМ**

**Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ.** Қазақ болмысы..................6-46

**ЗЕРТТЕУ, ЗЕРДЕЛЕУ...**

**Гүлфайруз ДАЛБАҒАЙ, Аманкелді МҰҚАН**. Қазақ халқының дәстүрлі музыкалық аспабы: кенжелеп қалу себебі неде?............6-72

**БІЛІМ МЕН БІЛІК ҰШТАССА**

**Мақсұт ДАУТБАЕВ**. Ғылымға үлес қосқан – білікті білім ордасы............6-103

**ДОСТЫҚ ДАСТАНЫ**

**Ғабит ЗҰЛХАРОВ.** Зерделі Зелинский......................9-108

**БАУЫРЛАС ӘДЕБИЕТ ӨКІЛІ**

**Патигул МАҚСАТОВА.** Халықтың қамын ойлаған қаламгер............10-93

**ӨЗ СӨЗІМ ӨЗІМДІКІ**

**Игілік ӘЙМЕН.** Кімнің – қай отанның соғысы? «Кімнің – ненің» жеңісі?............9-34
**Игілік ӘЙМЕН.** Проза және прозаиктер....................11-94

**ЖОЛЖАЗБА**

**Тұрсын ЕЛЕУСІЗҰЛЫ.** Италия туралы аңыз бен ақиқат.....11-98

**СЫРЛЫ ӘЛЕМ**

**Ранжит ДЕСАИ.** Ақсарай аңызы................................11-104

**БОЯМАСЫЗ ӨМІР**

**Иген ӘЙМЕН.** Көкейдегі қалың ой...............................2-70

**Мұқият ҚОЙШЫБАЙҰЛЫ.** «Балық ауыз, бақа тілдес» тілі шұбар, ділі жетімдер бұны түсіне ме?.....................12-101

**ТОСЫН ОЙ**

**Құдияр БІЛӘЛ.** Дәстүрлі дін тағылымы.....................12-97

**КӨЗҚАРАС**

**Қосылған ӘБЖАНОВ.** Телесериалдардың тәлімі қандай?...12-104

**ҚАЗ ҚАЛПЫНДА**

**Сабырбек ОЛЖАБАЙ**. Шал. Шырылдауық шегіртке және шіріген жұмыртқа............7-91

**ҒАЛЫМ МІНБЕРІ**

**Мүбәрәк ҮМБЕТАЕВ**. Абаймен замандас ақындар...1-108
**Б. ИМАНБЕКОВА.** Қазақстан – 2050 стратегиясының

саяси мәні....................................................................................1-111
**Ж. ҚОБЛАНОВ.** Плутарх – грек әдебие-тінің көрнекті өкілі ...................................................................................1-113
**Сәуле НҮРКЕЕВА.** Мұғалім шеберлігі – оқушы жеңісі...2-101
**Күлімхан ЖӘЙШІБЕКОВА.** Отбасы тәрбиесінің өзекті мәселелері..........................2-102
**Бақытгүл АҚШАЛОВА.** Қазақ тіліндегі кейбір экономикалық терминдердің қолданылу аясы.....2-104
**Берік КУДИНОВ**. Қазақстанның қаржылық-несие жүйесі.................................................................................2-107
**Мақпал АСАНОВА**. Инновациялық педагогика қызметін ұйымдастыру......................................................................2-110
**Бағдат БЕЙСЕНОВ**. Жастар және діни сана...3-97
**Р. БЕРДІБАЕВ**. Әлеуметтік желілер жөнінде не білеміз?...3-99
**Кәмила ТАЛИЕВА.** «Алпамыс» эпосындағы үйлену сарыны..............................................................................3-101
**Ұлжан ТҰРБЕКОВА**. Тілді оқытудың ақпараттық маңызы..............................................................................3-104
**Ғания НОҒАЙ.** Қазіргі кезде жеке репертуарды саксофонда ойнаудың өзіндік тәсілдері.................................................3-107
**Анар БҮРКІТБАЕВА.** Маңғыстау ақындарындағы элегиялық сарын.............................................................................3-109
**Баян ҚОНЫСБЕКҚЫЗЫ.** Қазақ – жапон мәдениеттеріндегі табу феноменi: культурологиялық анализ.......4-108
**Елдос ТОҚТАРБАЕВ.** «Түрме шығармашылығы» түңілер түсінік пе?.............................................................................4-109
**Баршын ЕСБЕРГЕНОВА.** Қолөнерді жалпы білім беретін мектептерде қолданудың маңызы.........4-111
**Айман ДАРМЕНОВА**. Киімді шығармашылық жобалаудың оқушы санасына әсері............4-113
**Айбын ТӨРЕХАНОВ.** Отандық ғалымдар заманауи технологияларға ілесе алуда ма?..........................................5-90
**Қуандық ШАМАХАЙҰЛЫ.** Socil media – ақпарат көзінің қандай түрі?.............................................................................5-93
**Әди БАТИЗА.** Қазақ мәдениетіндегі кескіндеме..........5-95
**Фариза БОРАНТАЕВА.** Діннің қоғам өміріндегі рөлі....5-97
**Гүлнар ОБАЕВА.** Фольклор мен әдебиет байланысының теориялық бастаулары........5-99
**Лейла МЕКЕБАЕВА, Шәйгүл РАМАЗАНОВА**. Ж. Аймауытұлы әңгімелері және замана шындығы?..........5-102
**Кажмукан ТУЛЕМАГАНБЕТОВ.** Исламдағы «әулиелік керемет» ұғымдарына талдау.............................................5-105
**Айдана БӨДЕНЕЕВА**. Қазақстан Республикасы кадрлар саясатын жүзеге асырудың ғылыми-әдістемелік негіздері.......5-107
**Г. ХУДАЙБЕРГЕНОВА. А. РЫСБЕКОВА.** Көркем әдебиет арқылы бала тілін дамытудың мүмкіндіктері.........5-109
**Жанар ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА**. Қазақстан – Түркия: ортақ құндылықтардың қайта жаңғыруы...Түрік қағанаты.....6-106
**Бота АЙТУАРОВА**. Түрік қағанаты............................6-108
**Маркиза БАЗАРБАЙҚЫЗЫ**. Өлең сөзде өз ізі бар ақын....6-110
**Құлмұхаммед МАХАНБЕТ**. Құран Кәрімдегі астарлы мажаздар............................................................................6-111
**Рахымжан ӘКІМБЕКОВ**. Имам әл-Матуриди дәуіріндегі діни ахуал..................................................................6-113
**Жанетта ИМАНКУЛОВА**. IELTS...............................6-114
**Жетпісбай БЕКБОЛАТҰЛЫ**. Польшадағы медиалық білім.....................................................................................7-99
**Қуандық ШАМАХАЙҰЛЫ**. Ым-ишара, қимыл-әрекеттердің телеэфирде қолданылуы.............................7-101
**Құралай ЖАНҰЗАҚОВА, Гүлназ ӨМІРБЕКОВА**. Қ. Жұмаділов әңгімелеріндегі кейіпкерлер жүйесі.....7-104
**Құралай МЫРЗАХАНҚЫЗЫ**. М. Әуезовтің жиырмасыншы жылдар публицистикасындағы әдебиет және ұлт фольклоры жайлы ой-толғамдары.....................................7-107
**Арайлым ӘМІРБЕКОВА**. Көркем фильмді сабақта қолданудың тиімділігі............................................................109
**Назым ИСАЕВА.** Киіздің заманауи киім дизайнында жандануы..........................................................................7-110
**Сейітбек ҚҰТЫШЕВ**. Қауам ад-Дин- әл-Итқани – фиқһ ғалымы......................................................................7-112
**Клара ҚАБЫЛҒАЗИНА**. Гендер – жаһандық үдеріс......8-106
**Үмбетхан СӘРСЕМБИН**. Қоғам дамуының тарихи кеңістігіндегі ұлттық интеллигенция феномені..............8-109
**Құралай МЫРЗАХАНҚЫЗЫ**. М.Әуезовтің ұлт фольклоры мұрасын жинау, жариялау және насихаттау саласындағы еңбектері жайлы бірер сөз................................................9-112
**Жанетта ИМАНКУЛОВА**. Ағылшын тілін қалай жақсы меңгеруге болады...............................................................9-115
**Зәбира ЖӘКІШЕВА**. Әлкей Марғұлан еңбектеріндегі музыкалық археологияға және көне музыкалық аспаптарға қатысты жазбалар.............................................................10-101
**Үмбетхан СӘРСЕМБИН**. Қазақ ғалымының тұлғалық бейнесі.............................................................................10-104
**Б. РУСТЕМБЕКОВА, Г. ҮРІСТЕНБЕКОВА**. Медиамәтіндегі сөз жанрларының прагмастилистикасы, қалыптасуы мен дамуы..........................................................................10-108
**Зәмзагүл ҚИЯБАЕВА.** Математика сабағындағы зерттеу жұмыстары.....................................................................10-109
**С. САРСЕНОВА**. Физикалық ұғымдар мен терминдердің е рекшеліктері......................................................................10-112
**Зәріп САБЫР.** Бауыржан Момышұлының есімі жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеу құралы..............11-110
**Сералы ПАРМАНОВ, Серік ТАДЖИБАЕВ.** Исмаилиттердің Орта Азияға таралуы.....................................11-111
**К. БЕГАЛИНОВА, Г. ҚАСЫМБАЕВА.** Қазақстандық білім беру және тәрбиелеу жүйесінің рухани және этномәдени аспектілері.....................................................12-106
**Үмбетхан СӘРСЕМБИН.** Түркі-қазақ мәдениетінің тарихи кеңістігіндегі Қожа Ахмет Иассауи даналығы.........12-108

### ОҚЫРМАН ХАТЫ

**Есбол ҮСЕНҰЛЫ**. Нәпсі мен нала.............................2-113
**А. СЕЙІЛБЕКҚЫЗЫ**. «Жаналғыш» жаңалықтар....5-112
**Ықылас ОРАЗБАЙ**. Ақпараттың кімнің қолында, Алаш баласы?.................................................................................7-95

### ҚАЛАЙ БОЛСА СОЛАЙ

**Толымбек ӘЛІМБЕКҰЛЫНЫҢ** әзіл-оспақ беті....2-115, 3-114, 4-114, 5-114, 7-114, 8-114, 10-114, 11-114

# СОДЕРЖАНИЕ

**Ахмет БАЙТУРСЫНУЛЫ**. Обида по-казахски.
**Нурсултан НАЗАРБАЕВ**. Нұрлы жол – путь в будущее.
**Гарифолла ЕСИМ**. Улытау – центр власти.
**Копсекбай ТУЛЕБАЕВ, Даулет ЖАЙНАКОВ, Шаймурат УТЕПБЕРГЕН**. Слово, обращенное к народу.
**Жания АБДИБЕК**. Как защитить информационное пространство?
**Куандык ШАМАХАЙУЛЫ**. Информационная безопасность, кибервойна и воины СМИ.
**Айдос САРЫМ**. Держать информационное пространство вне контроля является большим грехом для казахской элиты.
**Сеилбек МУСАТАЕВ**. К чему приведет казахское деление на «наш» и «чужой».
**Секен ДОРЖЕНОВ**. Меркантильность - это хорошо или плохо?
**Абдрашит БАКИРУЛЫ**. Кризис казахской национальной интеллигентности.
**Алимгазы ДАУЛЕТХАН**. Плачевная судьба мажуров и дагур-Солунов (Эвенки) которые правили Китаем три века.
**Арман АУБАКИР**. Этносемантическая взаимосвязь традиционных комплексов в исторических периодах.
**Жолтай АЛМАШУЛЫ**. Высота Беимбета.
**Торегали ТАШЕНОВ**. Духовный мир Минуара.
**Омирхан АБДИМАНУЛЫ**. Выдающийся Засурский.
**Раушанбек АБСАТТАРОВ, Амиржан ШАЛТЫКОВ.** Талантливый ученый - правовед, деятель, образцовый педагог.
**Кайсар АЛИМ**. Родоначальник плазмы физики.
**Ардак БОКЕЕВА**. Компетентность в бизнесе миллионера Динмухамеда.
**Нурмахамбет АЙТУГАНОВ**. Предоставлять недостоверные, вымышленные сведения – это обмануть государство и ввести его в заблуждение.
**Кудияр БИЛАЛ**. Учение традиционной религии.
**Мукият КОЙШЫБАЙУЛЫ**. Поймут ли это те люди, которые не владеют своим родным языком?
**Косылган АБЖАНОВ**. К чему учат телесериалы?
**К.БЕГАЛИНОВА. Г. КАСЫМБАЕВА.** Духовные и этнокультурные аспекты Казахстанской системы образования и воспитания.
**Умбетхан САРСЕМБИН**. Историческое пространство тюркско-казахской культуры.
Список материалов, опубликованных в журнале «Акикат» в 2014 г.
Содержание журнала на русском и английском языках

# CONTENT

**Akhmet BAITURSYNULY**. Kazakh resentment.
**Nursultan NAZARBAYEV**. “Nurly Jol – Path to the Future”.
**Garifola YESIM**. Ulytau is the power center.
**Kopsekbay TULEBAYEV, Daulet ZHAYNAKOV, Shaymuratov UTEPBERGEN**. The word addressed to the nation.
**Jania ABDIBEKOVA**. How to protect the information space.
**Kuandyk SHAMAHAIULY**. Information security, cyberwar and Mass media warriors.
**Aidos SARYM**. It is a big sin to keep the information space out of the control for the Kazakh elite.
**Seilbek MUSATAEV**. Where will take Kazakhs' breaking down into “our” and “not our”?
**Seken DORZHENOV.** Mercenary: is it good or bad?
**Abdrashit BAKIRULY**. The crisis of the Kazakh national intelligence.
**Alimgazy DAULETKHAN**. Deplorable fate of Majeurs and Dagur- Soluns (Evenki) who ruled China for three centuries.
**Arman AUBAKIR**. Ethno semantic relationship of traditional complexes in historical periods.
**Zholtay ALMASHULY**. Beimbet's height.
**Toregali TASCHEN**. The spiritual world of Minuar
**Omirkhan ABDIMANULY**. Outstanding Zassourskiy.
**Raushanbek ABSATTAR, Amirzhan SHALTYKOV**. Talented scientist: lawyer, public figure and exemplary teacher.
**Kaisar ALIM**. The founder of Plasma Physics.
**Ardak BOKEYEVA**. Competence of millionaire Dinmukhamed in business.
**Nurmakhambet AITUGANOV**. Submitting unreliable and fabricated information is deceiving the government and fraud.
**Kudiyarov BILAL**. Teachings of traditional religion
**Mukiyat KOYSHYBAYULY**. Are those people who do not speak their native language going to understand it?
**Kosylgan ABJANOV**. What can soap operas teach?
**K. BEGALINOVA**. Spiritual, ethnic and cultural aspects of the Kazakhstan education system.
**Umbetkhan SARSEMBIN**. Historical space of Turkic Kazakh culture.
List of articles published in the magazine “Akikat” in 2014.
Table of contents of the magazine in Russian and English languages.

**Редакцияның мекен-жайы:** 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй, 6-қабат.
**Байланыс телефоны: 394-42-63. Факс: 8 (7272) 394-37-62. электронды адрес: akikat1921@mail.ru www.akikatkaz.kz**

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2006 жылғы 4 маусымда № 7347-Ж куәлігі берілген. Журнал айына 1 рет шығады.

Басуға 25. 11. 2014 ж. қол қойылды. Көлемі 70х108 1/16. Қағазы газеттік. Офсеттік басылым. Есептік б. т. – 10.15. Таралымы Тапсырыс ?

Журнал редакцияның компьютерлік орталығында теріліп-беттеліп, «Дәуір» ЖШС-нің Республикалық полиграфиялық баспа комплексінде басылып шықты. Мекен-жайы: Алматы қаласы, Гагарин даңғылы 93 а. Тел: 394-39-27, 394-39-24.

**КОМПЬЮТЕРЛІК ОРТАЛЫҚ:** *Техникалық редактор* – Гүлжан ОРАЗБАҚҚЫЗЫ, *Корректор* – Айгүл МАҚАТАЕВА, *Компьютер операторы* – Эльмира ЕРҒАЗИНА.

**КЕЗЕКШІ РЕДАКТОР** – Әбдірашит БӘКІРҰЛЫ.

Мұқабаның бірінші бетінде: Тәуелсіздік күні.

*Жекелеген авторлардың журналда жарияланған мақалаларындағы пікір-ұсыныстары редакцияның түбегейлі көзқарасын білдірмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, кері қайтармайды.*
*Журнал материалдары басқа басылымдарда көшіріліп басылса, «Ақиқатқа» сілтеме жасау міндетті.*